
Әңгімелер



КЕШҚҰРЫМ

Кереге көктеп отырған Жұмағұл селт ете түсті де, таспасын соза тартқан күйінде қалт бөгелді. Серікбайдын үй-іші қызымыз бүгін-ертең келеді деп дайындалып жатқанымен онын көңілінде күдік бар еді: кім білсін, оқып далада өскен бала, теңін тауып көңіліне жаққан біреумен сол жақтан жүре беруі де ғажап емес; ана Сейітбек ақсақалдын қызы оқуын бітірмей, тіпті, кәрі әке-шешесінен рұқсат сұрап бата да алмастан қайдағы бір қиырға кетті, жастарға сенім жоқ қой... Міне, Жанатжан келіпті, ақылды, көргенді бала, әлдекім емес, даладан кететін... Жұмағұл кемпірінің бетіне қарады, жүзінде қуаныш пен масаттық табы бар еді.

«Қыз бала емес», деп бұрынғылар бекер айтқан ба, тылтиған шалбар киген қу аяқ біреуді ерте келіпті. Бірге оқыпты дейді, сабағымызды бітірген соң қосыламыз деп уағда байласқандарына талай жыл болса керек. Енді осында той жасамақ. Құда-құдағилар да келген көрінеді. Бәсе, Серікбай ту бие әкеп, пәленбай жәшік арақ алып соншама неге бүлінді десем, ішінде осындай бүкпесі бар екен ғой... Қыз — бала ма, тәйірі. Серікбай сорлыны шығынға белшесінен батырады да кетеді, көз көріп, құлақ естімеген бір жерге...

Жұмағұл үшін бұл жаңалық еді. Қуаныш та, реніш те емес, бейжай бір күйге түсті. Қыздың жат жұрттыққа жаратылғаны рас, әйтеуір бір кетеді — атаққа шығып, сөзге ілінбей тұрғанда құтты орнын тапқаны да жөн. Тек баланың бағы ашылсын де... Талайына қандай адам кездесті екен? Кемпірінің айтуына қарағанда күйеу бала алды-артын ойламайтын жеңілтектеу жігіт болды... Е, көп сөзінің бірі де, қандай жан екенін сыртынан тани қойды деген! Әйтсе де кімді кім білген... Тек артының қайырын берсін...

Жұмағұлдың ойын кемпірінің шаңқ еткен даусы үзді:

— Неменеге аңырып қалдың, жон ана қу ағашыңды! Сені мен маған енді содан басқа не қалды. Өстіп екеуеңекеу қуарып отырып бір күні өлеміз. Сүйегімізді көміп, басымызға құран оқитын да адам табылмас...— Сөйлеген сайын даусы бәсеңси берді де, аяғы кемсеңдеуге айналды.— Құдай маңдайымызға сондай шашы сербиген бір жаман қызды да жазбады ғой, тескентаудан өтіп кетсе де бір жерде ұрқымыз бар деп көңілге медеу тұтып жүретін...

Теріс айналып, жаулығының шетімен көзін сүртіп жатқан кемпіріне қарады да Жұмағұл ауыр күрсінді. Құдай қыз емес, қос ұлды қабат берген. Екеуі де өрімдей еді. Өзінің аудан көлемінде ғана әкім болып, одан жоғары көтеріле алмай жүрген себебі — оқуының кемдігінен екенін біліп, екеуін де оқытты. Үлкен адам болсын, мен көрмегенді осылар көрсін, мен жетпегенге осылар жетсін деген. Не пайда... Екеуі де қыршындай кетті. Үлкенінен, Жомарттан қара қағаз келді де, Таңат мүлде хабарсыз жоғалды. Жұмағұл әлі де үміт етеді. Кім білсін, мүмкін бір шетте қалып қойған шығар, қазір заман түзелді, бір күні жалт етіп жетіп келуі де ықтимал. Әйткенмен, бұл — сәулесіз үміт еді, «үмітсіз — шайтанның» кері. Жомартының да, Таңатының да келмеске кеткенін жақсы біледі, бірақ не істемек, екі кәрі болмашыны үміт қып болмашыны алданыш етіп өстіп селбесіп өмір сүре береді.

Әйткенмен, Жұмағұлдың көңіліне медеу ететін бірдеңесі бар. Құбас қалдым демейді. «Қыз — бала емес». Неге бала болмасын. Қазіргі кезде айырмасы бар ма. Қайта, Жомарт пен Таңаттың бірі қыз болса күні бүгін көз алдында жүрмес пе еді. Қой, өзіңді өзің қажай бергеннен ештеңе өнбейді, жазмыш солай шығар. Әлі де жерге қарап отырған жоқ. Жат біреудің тәрбиесінде жүргені болмаса, мұның да баласы бар... Мейлі, білмей-ақ қойсын, әйтеуір өз ұрқы ғой. «Тұлпар түбін табады» деген... Жұмағұл кемпірін аяп кетті, бірақ үндемеді.

Күні шала-шарпы қырылған қатпа көк таспаға манадан

аузында тұрған суын бүркіп қалды да жұмысына қайта кірісті. Бұл істеп отырғаны — әлгі жаңадан көшіп келген зотехнік баланың үй жабдығы. Бітуге жақын. Алдында жатқан бір қанат керегені көктеп шықса болғаны. Содан соң ертең өзен бойындағы тоғайға барып киіз үйдің сүйегін жасауға қолайлы сұңғақ талдардан таңдап қияды да, жұмыска қайта кіріседі. Қарап отыруға болмайды, күн көру де керек. Жұмағұл қой баға алмайды, қолынан келмейді. Бар білері осы ағаш басу...

Ақтарды қызылдар жеңген кезде ол бала жігіт еді, үйші әкесіне көмектесіп мор салысып, кереге, уық басысып қана жүретін. Содан соң аласапыран басталып кетті. Жұмағұл байларды кәмпескелеуге қатысты, белсенді болды. Сарыала киініп, үкіметтің үлкен қызметтерін атқарды. Бірақ дәурен кімнің басынан болмасын өтеді екен, бұдан да өтті. Өзінің фамилиясын әрең жазатын Жұмағұл уақыт асқан сайын төмендей берді де, ең аяғында осы колхозға бригадир болып бір-ақ шыққан. Қолайына жақпай одан да түсіп қалды, ендігі отырысы мынау.

Осының бәрін ойлағанда Жұмағұлға істеп отырған ісінің ешқандай қызығы қалған жоқ. Сылбыр қимылдап біраз машақаттанған соң кенет қолындағы үскісін тастай салып, үстін қаға-маға атып тұрды да құралып бітіп қалған керегені жинады.

— Бәтшағар, жын қуып келе жатқандай мұрнымнан шаншылып... Бүгінге осы да жетер, күн де еңкейіп қалыпты, ертең бітірермін қалғанын.

Үйге кіріп, төр алдына созылып жата кетті. «Жанатжан нешеде екен қазір? Жиырма... жиырма бір... жиырма екіде!... Содан бері жиырма екі жыл өтіп кеткені ме?! Кеше ғана сияқты еді ғой. Жанат жиырма екіде. Ол кезде Зайраның өзі де осы шамада-тын. Жоқ, отызға келіп қалған. Бірақ әлі өңі қайтпаған, аса көрікті еді. Үркек тайлаққа ұқсас болатын. Көзі жаудырап тұратын...» Зайраның жасқа толы жанары Жұмағұлдың көз алдына келіп тұра қалды... Күн көтеріліп қалған шақ. Су жиегі. Өзенді бойлай өскен қалың ағаш бұларды әудем жердегі бес-алты киіз үйден жасырып тұрды. Бірақ таңертеңгі тымық ауада иттердің үргені, балалардың шулағаны, қазан-аяқтың сылдыры — бәрі естіледі. Зайра су алуға, Жұмағұл ат суаруға келген.

Зайра иін ағашын мойнынан түсірмеген күйі кебісінің ұшымен құмды сызғылап, көздері мөлтеңдеп тұрып-тұрып: «Мен сенен жүкті болып қалдым... Қосыламыз дегенің қайда? Жат біреудің төсегін күзетіп жүре берем бе!?— деген де жылап жіберген.— Не істеймін енді?! Ал ол сорлы қуанып

жүр...» Зайрамен арадағы қатынасын бозбалашылық желік деп қана қарайтын Жұмағұл тебірене қоймаған. Жас келіншектің мұңды жүзін көргенде көңліне біреу бірдене сезіп қалмады ма екен деген қауіп келген. Аманшылық екен. Жұмағұл мырс етті. «Жыламаса қатын бола ма!» Содан соң сабырсыз қимылмен белінен орай құшақтап өзіне қарай тартып, жасқа толған екі көзінен кезек-кезек сүйді де, құлағына бірдеңе деп сыбырлады. Қабақтарының арасы ашылыңқырап, жүзінде күлкі ойнай бастаған Зайра өз құлағына өзі сенбегендей тіксіне қарап еді, Жұмағұл басын изеп күлді де, оны қалыңға қарай жетелемек болды.

Осы кезде Зайра Жұмағұлдың ойын жаңа түсінгендей селк етті де, қалт бұрылып, су алуды ұмытқан бойында шелектерін салдырата тұра жүгірді. Жұмағұл орнында тұрып қалған. Осыдан соң бұлардың аралары ажырады.

Енді міне, сол Зайраның көзі Жанат оқуын бітіріп келіп отыр. Жұрт Серікбайдың баласы дейді. Ұлым да, қызым да осы деп, шешесін жоқтатпай мәпелеп, ерке қылып өсірген де сол. Көңілі күдіксіз. Бірақ аллаға аян... Қой, бүйтіп жата бергенше Серікбай шалға той қайырлы болсын айта барған болып, Жанатжанды, күйеу баланы көріп қайтқан жөн шығар. Тойлы үйге барсам деген ойын кешкі асты дайындап, күйбеңдеп жүрген кемпіріне білдіріп еді, «барарсың,— деді ол,— балалар жолдан шаршап келді, тынықсын деп бүгін ешкімді шақырмаған көрінеді, ертең де күн бар ғой».

Әйткенмен, Жұмағұл байыздап үйде отыра алмай сыртқа шықты. Күн ұясына кіріп кетіпті. Алакеуім болып қалған. Ілгеріде, ауылдың қарсы бетінде бойында сирек біткен тал, қайыңы бар жарқабақты өзен қарауытады. Сол тұс. Бірақ айналаның бәрі өзгерген. Сондағы киіз үйлер тігілген жерде қазір шағын село. Жыл сайын көктемде жүретін тасқын өзеннің арнасын да өзгерткен. Ауыл таяу тұрған соң қиып алып отынға пайдаланғандықтан талдары да сиреген. Тек кез келген жерінен атпен кешіп өтуге болатын асты тастақ, қайран, жағасы құмдақ, арқырамай, алас ұрмай тыныш ағып жататын мөлдір су ғана сол баяғы қалпында сияқты.

Қазіргі Жұмағұл бұрынғы бар өмірі алда тұрған, бойында жастықтың қызуы мол жігіт Жұмағұл емес. Алпысқа ілінбесе де қаусаған шал. Бірақ сол бір кез көз алдынан әлі кетпейді. Кеше ғана өткен сияқты. Ерекше шаршаған, не бағзы қызық күндер бойын құрсаған кездерде сол оқиғалардың бірден-бір куәсі кәрі өзеннің жағасына келіп жалғыз өзі отырар еді. Жаны тыныс тауып, денесі рахаттанып қалатын. Бүгін де біраз отырып қайтпақ болып солай қарай беттеді.

Өзенге жақындап қалғанда аяғын ауыр алып жайлап басып келе жатқан Жұмағұлдың көзі бері шыққан екеуге түсті. Қыз бен жігіт. Өздерімен өздері, үнсіз. Алақөлеңкеде екеуі бір-ақ дене сияқты. Кібіртіктеп қалған Жұмағұлды бұлар дәл қарсы алдына келгенде ғана аңғарды. Аралары ажырап, құшақтары ебедейсіз жазыла берген. Жұмағұл да сасып қалды. Қыз — Жанат еді. Бірақ олар аяқтарын тезірек алып ұзаңқырап кетті. Былай шыға бере қайта табысты.

— Ұят болды-ау!— деді қыз.

— Сонша үңіле қарағаны несі?

— Біздің ауылдың адамы.

Жігіт бұл сөзге оншама назар аударған жоқ.

— Жастығы есіне түсті ғой деймін,— деді жымиып.

— Мүмкін, басқа бірдеңе ойлаған шығар?

— Сенше қарсы алдынан құшақтасып, сүйісіп келе жатқан қыз бен жігіт шыға келгенде кәрі кісі не туралы ойлауы керек? Кейін жастарды көргенде біз де осы күндерді көзіміз жасаурай еске алатын боламыз.

— Сонда, біз де...

— Қартаямыз.

— Ой, қандай жаман...

— Бірақ оған дейін көп жылдар бар.

— Бәрібір емес пе,— деді қыз,— ерте ме, кеш пе соған жетеді екеміз.

— Бәрібір емес.

— Бәрібір. Менің қартайғым келмейді.

— Жарайды,— деді жігіт жұбатқандай, қызды өзіне қарай икемдеп,— сенің қалауыңша-ақ болсын. Біз қартаймауға тырысамыз. Біз осы жас күйімізде қаламыз.

— Шын қартаймаймыз ба?

— Шын...

Екеуі осы жерде бөгеліңкіреп қалып еді.

Батыс жақтағы қазбауыр бұлттарды көмкерген соңғы қызыларай шапақтар да өшуге айналды. Қараңғылық қоюланып келе жатты. Өмірлері енді ғана басталған екі жастың артынан қарап қалған Жұмағұл, олар көзінен таса болып кеткенмен сол орнында, көшкен малды ауылдың жұртындағы жинаусыз ұмыт қалған қарақшыдай қалтиған күйінде әлі тұр еді.

Кім білсін, жастығы есіне түсті ме...

1961

◇

ӘЙЕЛ МАХАББАТЫ

— Иә... шын сүйе алатын тек әйелдер ғана.

Мопассан.
«Орындық тоқушы әйел».

— Құдай-ау, біз көріспегелі он шақты жылдан асып кетіпті ғой!

— Иә, Бәтимаш, ол кезде біз қыз едік...

Бес биенің сабасындай толық, етженді келген қараторы әйел Бәтима өзінің бір кезде қыз болғанына шынымен таңырқағандай сәл аңырып қалды да, диванда шалқайып жатқан күйінде, сағынып көріскен досы Зияны құшағына қыса түсті.

— «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады» деген осы екен-ау, қазіргі түріміз мынау,— деп қойды.

— Сені айтпаймын,— деді аздан соң Зияға күле қарап,— бойың өсіп, бет бейнең ашаңданып, денең толысынқырағаны болмаса, сол уылжыған қалпың, әлі көп қыздан артықсың. Мектепте жоғарғы кластарда оқып жүргенде өзімізді бойжеткен санаушы едік, бала екенбіз онда. Студенттік жылдар ғой, шын дәурен сүрген кезіміз. Бір қалада оқымағанымызды айтсаңшы... Сенімен бірге осы Алматыға келмегеніме әлі өкінем.

— Онда Бекене кездеспейтін едің ғой,— деді Зия ойнақылана.

— Солай екен-ау. Бірақ Бекең болмаса Секең кездеспес пе еді?

— Кім дейсің?

— Секең... Әйтеуір біреу дегенім ғой.

Аз үнсіздіктен соң:

— Қалжың ғой бәрі де,— деп қосып қойды Бәтима ақталған түрмен.

Мектепте он жыл бойы бірге оқып, құлын-тайдай бірге ойнап, бірге өскен құрбылар енді он екі жыл өткен соң бірақ кездесіп, осы азғана уақыттың ішінде соншама өзгерендеріне іштей таң қалысып, бірінен бірі көз айыра алмай ұзақ отырды. Кеше ғана тұлымдары желбіреген қыз еді-ау екеуі де. Енді міне...

Құшақтасып, күлісіп, біраз мауқын басқан соң екі әйел үй, тұрмыс, тіршілік жайын сөз етіп кетті. Екеуден-екеу отырып қою шайды тартып алған соң әңгіме тіпті қыза түсті. Таусылар емес.

— Зия,— деді бір кезде Бәтима кенеттен, көптен көкейінде жүрген сұрағы есіне жаңа түсіп,— осы сен күйеуіңнен неге айырылыстың? Қанша сұрасам да хаттарыңнан ештеңе біле алмадым. Анығын айтшы?

Зияның жүзіндегі күлкі лезде тарады да, бет пішіні ойлы, қамрықты қалыпқа ауысты.

— Мінезіміз үйлеспеді,— деді көзін бір нүктеден алмаған күйі.— Келісе алмадық.

— Тағы соныңды айтып. Түсінбедім сені. Естуімше, ол соншама ағақты адам болса да, жібектей есілген биязы, үлкенді аға, кішіні іні деп тұратын мейірбан жан көрінеді. Білетіндердің бәрі солай дейді. Ал сен тіпті бала кезіңнің өзінде аса ұстамдытынсың. Тұрмыстарың да жаман болған жоқ. Сонда неменеге келісе алмадыңдар?

— Келіспедік,— деді Зия Бәтима айтқан сөздерді естімегендей, қимылсыз күйінде.

— Той қарсаңындағы хаттарың менде әлі сақтаулы, не деп жазып ең сонда! «Өмірлік серігім болатын адамға кездестім! Бақытымды таптым!» деп...

— Бәтима!— деді Зия жалынғандай дауыспен.— Мені тағы азаптағың келіп отыр ма? Сенен неше рет сұрадым, осыны сөз қылмай-ақ қояйық деп...

Сағынып кездескен құрбысынан мұндай реніштi сөз күтпеген Бәтима тосылып қалды.

— Өзгергеніміз ғой,— деді аздан соң жәбірленген кейіппен.— Сыр жасырысушы ма едік бұрын... Бірақ менің анық білетінім — сен оны әлі ұмытқан жоқсың. Ұмыта алмайсың...

— Кімді?— Зия селт етіп Бәтиманың аузына қарады.

— Кімді болушы еді, Арыстанды-дағы. Сол кісіні жа-

мандаған бір адам көргем жоқ. Өзі де құдай берген жігіт қой, жұлдызы жанып-ақ тұр. Бұл — бастағаны ғана, әлі жас, отыздың ішіне жаңа енді. Доктор... профессор! Не керек, Зия, бақытыңды басқа тептің.

— Бақытымды...— Зия ауыр күрсініп алды.— Бақытымды басқа тептім ғой шынында да...

— Құдай маңдайыңа жазған қосағың емес пе еді Арыстан!

— Түу, Бәтимаш-ай, тағы да Арыстаныңды әкелдің бе!— Зия денесін суық қарығандай, құшақтасқан қолын жазып, Бәтимадан алшақтаңқырап отырды.— Сенің маңдайыңа жазылған Арыстан еді дедің бе? Айтайын енді.

Ал тыңда, кім екен...

Мен өмірімде ондай адамды көрген емеспін Ол ешкімге де ұқсамайтын. Толқынды, қалың қара шашын шалқасынан қайырып қоятын. Желкесіне дейін жететін, арты көтеріліп, күдірейіңкіреп тұратын, онысы өзіне ерекше өң беретін. Ол сұлу емес еді, бірақ сымбатты-тын. Аяғын салмақпен басып, жайымен, ойланып жүріп келе жатқанда жұрттың бәрінен еңселі көрінетін.

Оның көзі... Сен сондай көзді көргенің бар ма? Тыныш жатқан, терең қарасулар болады ғой, соған ұқсас еді, тіпті теңеу таба алмаймын. Күлмейтін, үнемі бір қалыпта, тұңғиық, селт етпеген күйінде тұратын да қоятын. Мен кейде Короленконың соқыр музыкантының көзіне ұқсататынмын. Біздің қыздардың бірі оның көзін өлген адамның көзіндей деп еді.

Рас, кейде жанарынан жылт еткен от көрініп қалатын. Онысы ерекше көңілденген кездерінде болушы еді. Әйткенмен бұрынғы қалпына тез түсетін. Оның көзі неге сондай болды екен деп жиі ойлаймын, әлде бақытсыздығынан ба, әлде үнемі ой үстінде жүргендіктен бе...

Ол консерваторияда оқитын.

Институтымыздағы көркемөнерпаздар үйірмесінің басқарушысы төсек тартып жатып қалыпты да, уақытша соның орнына келіпті.

«Аты Төлеген екен, Жібегін іздеп жүрген көрінеді»,— деп күлісті алғашқыда қыздар.

Ол композитор еді.

Жүрек толқытарлық сырлы әндері ауыздан-ауызға көшіп, жаңа тарай бастаған кезі. Атағы шықпаған, бірақ әнін естіген, өзін білетін адамдар тегіс оның болашағынан үлкен үміт күтетін.

Жүріс-тұрысымен, сөйлеген сөзімен Төлеген қыздар-

дың бәрін де баурап алды. Алғашқы күнгі ілме сөз, қақпа қалжыңдар жайына қалды. Орынсыз бірдеңе айтып қоймайық деп ойлана, имене сөйлейтінбіз. Қыздардың әркайсысы-ақ Жібек болғысы келді. Маған да ұнады Төлеген. Бірақ менде әйелдің, әлі өмірді білмейтін, әлі ләззәттің дәмін татпаған парықсыз әйелдің тәкаппарлығы бар еді. Кезекті репетициядан тараған соң қыздардың бәрі у-шу болып ананы-мынаны айтысып жатқанда мен сөздеріне көп араласпай, әрнені қиялдап, өзіммен өзім отыратынмын. Төлегеннің көзі маған алғашқы күні-ақ түсті. Мен аңғармаған, аңғарсам да елемеген қалып таныттым.

Өзің білесің, менің біраз даусым болатын. Бізде жақсы әнші қыздар да бар еді. Кейбіреулері радиодан да айтатын. Әйткенмен Төлеген басқалардан гөрі маған көбірек ілтифат білдірді. Мен ән салғанда аузыма қарайтын да қалатын. Аздан соң мұны біздің қыздардың бәрі де байқады. Сондықтан мен Төлеген масаттанбасын деп, оның әндерін оншама ұнатпайтын сияқтандым, ал басқа қыздар үйде ауыздарынан тастамайды,— өз жазғаныңды өзің қайта-қайта тыңдағаннан асқан азап жоқ деп Төлеген өз әндерін айтқызбайтын,— бірақ кейде ыңылдап қосылып кеткенімді аңғармай қалушы едім.

Бір күні Төлеген жаңадан шығарған әнін үйретті. Ән бәрімізге де ұнады, ал мен оның сөзі мен сазына елітіп мас болғандай едім. Жігіт ғашығына өзінің жүрек сырын ашатын. Қызғаныш деген сезімнің дәмін алғаш сол жерде таттым. «Сірә Төлеген бұл әнді сүйген қызына арнаған болар», деп ойладым. Төлеген: «Осы әнді сіз орындамайсыз ба?» дегенде қуанғанымнан не істерге білмедім, өзімнің сертімді ұмытып та кетіппін. Сол кезде мен шын бақытты екем, Бәтимаш. Бірақ адам бақтың қонғанын білмейді, ұшқанын біледі дейді ғой, бақ қонғанын мен де білмеппін.

Келесі репетицияда Төлегеннің әнін жеке өзім айттым. Сөзі мен әуеніне беріліп кеттім білем, ән салып тұрғанда ештенені көргем жоқ. Тек соңын қайырғанда ғана Төлегенге көзім түсті. Маған қадала қарап қалыпты. Бетіне адам көз тоқтата алмастай еді.

Сол күні киноға шақырды.

Қайтар жолда ұзағырақ жүріп қалыппыз. Түн де тамаша еді. Жапалақтап қар жауып тұрды. Жер де аппақ, көк те аппақ. Анда-санда, үстіне қонған қар салмағын көтере алмай күтір етіп сынған бұтақ даусы естіледі. Екеуміздің қалайша тез ұнасып кеткенімізді білмеймін.

Қол ұстаскан қалпымыз ақша қарды жалдап, мүлгіп жатқан көшелерді бойлай көп жүрдік. Сөйлескеміз жоқ, құр жүрдік те қойдық. Жауып тұрған кіршіксіз таза қармен қала оттары шағылысып, аспан самаладай жарық. Жоғарыға қарасаң қалбалақтап келе жатқан ұлпа, ірі қар түйіршіктері көрінеді.

Кенет Төлегенге еркелегім келіп кетті.

«Қарап тұр,— деймін, «сенге» көшіп алғанымды өзім де аңғармай,— мен қазір ана бір түсіп келе жатқан қарды қағып алам!»

«Қайсысын?»— дейді Төлеген. Жауып тұрған қар түйіршіктерінде сан жоқ. Қайсысын екенін өзім де білмеймін, бірақ:

«Әне біреуін»— деймін көкке қолымды созып. Сүйдеймін де алақанымды жайып тұрам. Менің қолыма жаңа бір түйіршік түссе балаша екеуміз де мәз боламыз.

«Үстінді қара, аппақ»— дейді Төлеген бір кезде. Қарасам, пальтомның омырауын, иығын ұлпа аппақ қар қаптап алған, Төлегеннің үсті-басы да сондай.

«Тоңған жоқсың ба?»

«Жоқ»,— деймін.

Төлеген менің бір жерімді ауыртып алмайын дегендей үстімдегі қарды жайлап, сипай қағады. Қолының жылуын бүкіл денем сезінгендей. Мен де оның иығындағы қарды түсірем. Сөйтіп тұрғанда кенет Төлеген мені қатты құшақтап алды да...

Зия сол сәтті басынан жаңа ғана өткізгендей ерні балбырап, көзі күлімдеп аз отырды да:

— Бәтима,— деді құрбысының иығына қолын салып,— алғаш сүйіскенің есіңде ме, ең алғашқысы?

— Кіммен, Бекеңмен бе?

— Жалпы дегенім ғой... Бекеңмен болса да.

— Қанша жыл өтті содан бері, қайсы бір қызықтар есте қалды дейсің.

— Немене, Бекеңе дейін де болып па еді біреуің?

— Бекеңе IV курста кездестім ғой, оған дейін қай қыз сау жүруші еді. Әйтіп-бүйтіп долбарлап ретін келтірді ғой Бекең де. Сол жас, сыптай жігіт кезінде қазіргісінен де ебдейсіз еді сорлы. Өзін онша ұната да қойғам жоқ. Әйтеуір біреумен бас қосу керек болған соң... Қазіргі кезде махаббат дегеннің өзі... Қозы мен Баянның заманы өтіп кетті ғой. Бірақ Бекеңді кейін қалай жақсы көріп кеткеніме таң қалам. Енді сол малтабарымды ешкімге айырбастамас едім.

— Балаларың да...

— Е, кімде бала жоқ дейсің. Оларды қойшы. Бекең менің жүрегімді балалары арқылы емес, өзінің көнбістігімен жаулап алды ғой. Әлі күнге сол күйінде, тұр десем тұрады, жүр десем жүреді. Суретін көрдің ғой. Қазіргіден сидалау келгені болмаса, жігіт кезінде де нағыз маубастың өзі еді. Ал сенің Төлегенің просто молодец екен. Қызды алғаш киноға шақырған күні сүйіп алу деген...

— Бұл біздің соңғы сүйісуіміз еді,— деді Зия әңгімесін қайта жалғап,— алғашқы және ең соңғы. Оның демі оттай ыстық еді, ал ерні... мені өртеп жібере жаздады. Буындарым босап, еріп бара жаттым. Сол сәтте Төлегеннің өзі қыса құшақтап тұрмаған болса құлап қалар едім деймін. Кейін, Арыстанмен бірге жүрген кездерімде мұндай ләззаттің дәмін де татқан емеспін. Бірақ өзімді өзім алдап, оны сүйем деп жүре бердім. Кейде шын солай сияқты көрінетін де. Арыстан ол кезде аспирант еді, ал Төлеген...

Төлеген тағы сүймек болғанда бір-ақ жидым есімді. Өзіме оны қаншама жақындатып алғанымды тез аңғардым. «Маскара-ай, таныспай жатып... Ақындар, өнер адамдарының бәрі жүргіш келеді дейтін, әрине, мен мұның алғашқы қызы емеспін. Сол көп қыздың біріндей етіп мені де тастап кетеді». Басыма жалт етіп келген ой осы болды. Сол сәтте мен дөрекілеу бір қимыл көрсеттім. Төлегенді кеудесінен итеріп жібердім білем, әйтеуір сытылып шықтым...

Содан бастап өзім де әлі күнге дейін анық түсінбейтін бір іс басталды. Төлеген күнара, кейде тіпті араға күн салмай келеді. Мен көбіне шықпаймын. «Уақытым жоқ» деймін, жалғыз-ақ ауыз сөз. Ал Төлеген мұңайып тұрып-тұрып кетіп қалған соң бөлмеге келем де, төсекте жатып алып оны ойлаймын: «Жаңа шықсам ғой, қазір қол ұстасып анадағыдай жүретін едік, мүмкін тағы да...» Сол сәттің қайталануын аңсаймын, жан-тәніммен беріле аңсаймын.

Бірақ, неге екенін білмеймін, үнемі өз сезіміме қарсы әрекет етіп отырдым. Кейде шығушы ем. Киноға, не театрға барамыз. Ондайда сыртта ұзақ қалмауға тырысам. Төлегенді бойыма жуықтатпаймын, тіпті, қол ұстасып та жүрмейтін болдық. Үнемі көкейімдегі сөздерді емес, басқа бірдеме айтам. Ол — әңгімеге мүлде қатыссыз болып шығады.

Төлеген менімен сырласып әңгімелескісі келуші еді. Өзінің армандарын, ойларын айтатын.

«Консерваторияны бітірем,— дейтін ол,— содан соң сен де мединститутты бітіресің...»

Ештеңе аңғармағандай ары қарай іліп әкетем:

«...Содан соң мен өзіміздің ауылға қайтам, ал сіздер атақ, даңқ алу үшін Алматыда қала бересіздер...»

«...Атақтың да, даңқтың да керегі жоқ,— дейтін ол менің бұл жолы да әңгімені басқа жаққа бұрып жібергенімді байқаған соң мұңайып,— шын мәнісінде құнды шығармалар жазсам болғаны; ал мен көп жазам, және тек жақсы туындылар ғана. Концерттер де, симфониялар да, опера да, балет те... Қазіргілерімнің бәрі жаттығу. Көп іс, өте көп іс тындырар едім, тек... сен менімен бірге болсаң...»

Ол арманшыл еді. Тіпті көп армандайтын. Кейде шалқып кететін. «Мен мықтымын,— дейтін.— Бәрінен де күштімін. Әлі көрерсің, бәрін де ұрып жығам». «Мақтаншақ!»— дейтінмін мен іштей. Ал кейде өнер жолының қиындығын әңгімелейтін. «Әй, осы менен ештеңе шықпас» деп те қоятын. Қазіргі музыка жайлы ойларын айтатын, кейде тіпті тым алысқа сілтеп, маған мүлде бейтаныс қай-қайдағы бір композиторлар жөнінде хикаялап кететін. Мұның бәрі мен үшін тым қызықсыз, іш пыстырар нәрселер еді. Ал ол табиғатында сөзге сараң болғанымен, бір шешілсе ұзаққа тартатын. Әрине, мұндайда менің көңілім басқа жақта жүретін-ді.

Біраздан соң Төлегеннің өзімді шын сүйетініне көзім анық жетті. Мен шексіз бақытты едім. Бірақ оған қанағаттанбадым. Төлегенді тағы да қинай түскім келді,— бұл маған қызық еді. Сол кездерде оның қандай күйде жүргенін ойласамшы... Өзімнің мерейімнің үстемдігін сезінген соң менің тентектігім шектен шықты. Консерватория студенттерінің жатақханасы алыс. Қаланың шет жағында, «Атты әскер» көшесінде,— қазір басқаша аталса керек. Мен Төлегенді ұзағырақ ұстауға тырысатынмын. Көбіне әдейі істеймін. Транспорт тоқтап қалған кезде талай жаяу кетіп жүрді. Өстіп кеш қайтқан бір күні жатақханаға жақындаған жерде екі-үш бұзақы жабылып, бар киімін сыпырып әкетіпті. Өзін соққыға жығыпты. Әйтеуір тірі қалған. Осы жол оған қаншалық қымбатқа түскенін кейін ғана білдім. Ол тақыр жетім еді, әкесі де, шешесі де, туған-туыс қандары да жоқ, ешкім қаражат жағынан көмектеспейтін. Және о кезде жағдай қазіргідей емес. Ақша тауып киім алғанша ай бойы жолдастарының бірінің ескі пальтосы мен костюмін киіп жүріпті.

Осы уақыттың ішінде маған бірер рет қана қатынады.

Семипалатинский технологический институт легкой и пищевой промышленности

Ұялған болу керек, тіс жармады. Бар болғаны: «Бір үлкен дүние бастадым, бітіріп тастайтын едім, жағдай келіспей, созылыңқырап барады, уақыттан да таршылық көріп жүрмін» деді.

Арыстанмен сол Төлеген келмей жүрген кездерде таныстым. Бұл екеуі дүниенің екі шеті сияқты еді. Біріне бірі мүлде ұқсамайтын. Төлеген көркемөнерге табынса, Арыстан әдебиет, музыка дегендердің бәрін еріккеннің ермегі санайтын.

«Бұрын ғой,— дейтін ол,— біздің елімізде Толстой да болды, Тургенев те, Пушкин де, Чайковский де болды. Бірақ Россия артта қалған мешеу мемлекет еді. 905 жылы жапондардан қалай жеңілгенімізді тарихтан оқыдың. Орыс армиясы мен флотын Толстой сақтап қала алмады, таза масқара болдық. Ал қазір ілгері дамыған ғылым мен техниканың арқасында Советтер Одағы дүние жүзіндегі ең қуатты, ең алдыңғы қатарлы державаға айналып отыр».

Маған Арыстанның батылдығы ұнады. Киіп-жарып жүретін. Және артық-ауыс сөз айтпайды. Қыз көңілін немен алдарқатуды біледі. Әйткенмен оны «сізден» беріге жақындатпадым. Мен Төлегенде қызғаныш сезімін тудырғым келді. Білсін дедім онсыз да өмір сүре алатынымды. Бір жексенбіге екеуін қатар шақырдым. Үнемі кешігіп жүретін Төлеген бұл жолы ерте келді. Арыстан біз есік алдына шыққан кезде бір-ақ жетті. Мен тіпті екеуін таныстырам ба деген ойға кетіп тұр едім, Арыстан бөгет жасады.

«Кешіріңіз,— деді ол Төлегенге қарап гүр етіп,— бұл кісі бізбен бармақ еді». Сөйдеді де мені қолтықтап алып жүре берді. Төлегенге ызам келді. «Неге ол да өстіп алып кетпейді?»

Бұл ойынымның істі насырға шаптырғанын кейін білдім. Бір ай бойы Төлеген көрінбей кетті. «Үлкен дүниесін» аяқтай алмай жатқан болар» деген кекесінмен өзім іздеп бармадым. Ақыры бір күні одан хат алдым.

Зия диваннан тұрды да, жатын бөлмесіне барып бір көк конверт әкеп құрбысының қолына берді. Бәтима ауызы ашық конверттің ішінен ескіріп сарғайыңқыраған төрт бүктеулі қағазды алып жазды. Арасында бірнеше жерінен сынған фото бар екен.

— Сол ма?

Бұл Зияның өз суреті боп шықты. Сол жылдардағысы. Қалың қызғалдақ ортасында тұр, шашына да, омырауына да гүл қыстырған, қолында да гүл. Сәл еңкейіңкіреген, езуінде күлкі ойнайды. Өзі де гүл рәуішті.

Бәтима суретке қарап қалған еді.

— Бұл — өмір жолы қызыл гүлге толы сияқты көрінетін кездегі суретім ғой,— деді Зия естілер-естілмес.

— Қойсаңшы, қайғы түбіне бата бермей, бетіңе әжім түсіп отырған жоқ, жассың, сұлусың. Тек ден сау болсын де, әлі қасқа мен жайсаңның талайына кездесесің.

— Білмеймін,— деді қабақтарының арасы қосылып-қырап, ойланып қалған Зия,— осы күйімде кетем демеймін, бірақ ол күндер оралу қайда... Енді мен үшін ең тәтті минуттар — өткенді қиялдаған сәттерім ғана болмақ. Жарайды, оқи ғой. Ішіңнен оқы, мен сенімен ілесіп отырам,— бұл хаттың әрбір үтіріне дейін жатқа білем.

«Зия!

Саламатпысың.

Осы сөзден кейін нүкте қойдым. Өйткені енді қайтып сенің даусыңды естімейтінімді жақсы білем. Мен кетіп барам.

Қатты соқтың ғой, не айтайын саған. Адам өз қолын өзі кесе ала ма. Саған ауыр сөз айтарлық дәрмен жоқ менде. Абайдың бәріміз де білетін бір өлеңінде қаншама тереңдік, қаншама сыр барын осы қазір ғана жүрегімменсезінгендеймін.

...Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.
Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып жақсы сөзден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табынса да.

Мен адамның ең асыл, ең асқар сезімдерін музыка ғана толық жеткізіп бере алады деп ойлаушы ем. Әрине, сөз құдыретін білем, дегенмен де. Ал мына сөз...

Шыдайды риза болып жар ісіне...

Шыдадым ғой мен де. Бақытты едім, сол кездердің өзінде. Әншейін ғана сенің даусыңды естіп тұрудың өзі маған қаншама қуаныш әкелуші еді. Қорлық пен мазағыңды көріп жүрсем де сенің сол даусыңды ести бергім келетін. Бірақ амал бар ма... Осылай болуға тиіс шығар. Мен бұдан ары Алматыда қала алмадым.

Осы соңғы айлардың ішінде сүйеніш іздедім,— таппадым. Маңдайымнан сипайтын жан жоқ. Қайғы-қуанышымды бірге бөлісе ме деп едім сені. Ал сен мені қиыншылық көріп жүргенде жебеудің орнына жерледің.

Өтіп кетті соңғы ісің. Дәл бұлай аяқтаймыз деп ешуақытта да ойлаған жоқ едім.

Сені алғаш көргенде-ақ арманым, аңсағаным өзің ғой деп ем. Сол ән саған арналған еді. Өз әнімді сенің аузыңнан естігенде төбем көкке жеткендей болып ем. Мен емес, сенің өзің шығарып, маған арнап айтып тұрғандай көрінді. Содан соң бір сәт бақыт құшқандай да болдым...

Бірақ... кеудемнен итеріп тастадың ғой... Қолыңның дағы әлі тұр. Алайда саған өкпелеуге қақым бар ма... Кешір. Қазір ойлап отырсам сол кезде үлкен бейбастақтық жасаған екем. Кешір мені...

Мені ұнатпаған шығарсың. Әйткенмен сен тым қатаңдық жасадың. Мінезің қатты екен. Неткен қызсың! Мен сені жарым дер едім, жаным дер едім. Ал сен... тасбауыр екенсің. Ән де, менің жүрегімді жарып шыққан ән де жібітпеді-ау.

Бірақ... сезімнің шынымен-ақ соншама алдамшы болғаны ма?! Сен қаншама теріс мінез көрсетіп жүрсең де ішкі бір дауыс маған үнемі сыбырлап тұрушы еді. «Сен оған ұнайсың... ол сені сүйеді» деп. Мен көңіліме қатты сендім. Сенің көзіңнен, кейбір қимылдарыңнан маған деген жылы сезімнің ұшқынын аңғарып қалушы едім. Әлде солай болып қана көрінді ме? Солай болғаны ғой, әйтпесе бүйтер ме едің.

Қатты соқтың. Қорладың ғой. Қайтейін... Бірақ алдамшы сезім құрғыр көзі көріп тұрғанға әлі сенбейді, «Зия сені сүйеді» деп сыбырлайды. Дәл бүгін онысына сене алар емеспін, осы уақытқа дейін сеніп ем. Алдандым ғой. Жат біреудің құшағында кете бердің-ау...

Қош, сау бол. Сенің шексіз бақытты болуыңды тілеймін, одан басқа не келеді менің қолымнан. Қош, сау бол, жаным. Ақ тілегіммен тілеймін тағы да, бақытың тасысын.

Артық-ауыс кеткендерім болса кешірерсің, бәріміз де пендеміз ғой, әлсіздік жасаған шығармыз.

Кешір.

Төлеген.

15. V. 1951».

Бәтима хатты оқып болған соң Зия әңгімесін жалғастырды.

— Менің басыма алғаш оралған ой «қайда кетеді, неге?» болды. Бір сұмдықтың келгенін білдім. Басым зеңгіп, айналып қоя берді. Трамвай аялдамасына жүгір-

дім. Әлі тұрмын, әлі тұрмын. Трамвай жоқ. Енді такси ұстамақ болдым. «Қырсыққанда қымыран іриді» деген ғой, такси де табылмады. Өтіп жатыр, өтіп жатыр, өтіп жатыр, бәрінде кісі бар. Ақыры біреуі тоқтады-ау. Жол бойы шоферді асықтырумен болдым. Бұл да бір жайбасар екен, ештеңемен ісі жоқ, бір қалыпты жүрісімен тарта берді. «Бұдан жылдам жүруге тыйым салынған,— дейді,— авария жасауымыз мүмкін».

Консерваторияның жатақханасы қай жерде екенін шамалағанмен, Төлегеннің қай бөлмеде тұратынын білмейді екем. Енді кіріп-шығып жатқандардан сұрауға тура келді.

«Төлеген деген жігітті білмейсіз бе,— деп сұрадым қорапқа салынған флейтасын құшақтап, тық-тық басып келе жатқан әдемі қыздан,— қай бөлмеде екен?»

«Төлеген... Ол қазір мұнда тұрмайды ғой!»

«Енді қайда?»

«Ім-м, осы жақында оны... а-а, не... пәтерде болу керек... анығын білмеймін. Жетінші бөлмеге барыңыз, бірге оқитын балалары сонда жатады».

Бір қоңқақмұрын қара жігіт шықты.

«А... Төлеген кіміңіз еді?»— дейді ол менің сұрағыма жауап берудің орнына.

«Жай... танысым еді».

«Өте өкініштi,— дейді ол, қолының сыртымен аузын көлегейлей есінеп,— кешіктіңіз. Төлеген кеше кетіп қалды».

Төбемнен жай түскендей болды. Қоңқақмұрын жігіттің бұдан соңғы айтқан сөздерін естігем жоқ, үйге қалай келгенімді білмеймін.

Ертеңіне қайта бардым. Қайда кетті екен, адресін біліп хат жазбақпын. Жеткенше не айтатынымды да ойлап алдым. «Төлеген,— дермін деймін,— өзіңнен басқа ешкімім де жоқ. Сенсің менің қалағаным». Еркелей, наздана жазғым келеді. «Төлеш, неткен төзімсіз жігітсің, менің шалдуар қалжыңымды да көтере алмағаның ба? Қызғаншақ екенсің ғой. Кім ол сенің қасыңда! Дүниедегі барлық жігітке сені айырбастармын ба!?» Қайғыны ұмытып, бір сәт бақытқа қайта кенелдім.

Есік қаққанда кешегі қоңқақмұрын қара жігіт тағы шықты.

«А,— дейді ол,— алды-артыңызға қарамай тұра жөнеліп едіңіз, қайтып келдіңіз бе?»

«Төлеген қашан кетті?»— деп сұраймын.

«Алдыңғы күні»,— дейді ол жайымен.

Осы кезде менде күман туа қалды. «Әрине, Төлеген

кеткен жоқ, оқуын тастап қайда барушы еді. Арманы емес пе еді композитор болу. Әзілдеп жазған ғой. Қазір осы бөлмеде отыруы да мүмкін. Мені сынайын деген шығар».

«Кеше кетті деп едіңіз ғой!»

Қоңқақмұрын жігіт сәл аңырып қалды да:

«А,— деді тағы, кеңсірігінен мырс етіп,— мен ол сөзді айтқаннан бері бір күні өтті емес пе».

Арқамды ызғар қарып бара жатты. «Есімнен адасатын шығармын,— деп ойладым.— Кетті деп тұр емес пе, демек кеткен...»

Әйткенмен, әлі де үміт бар еді.

«Кетсе қайда кетті?»— деп сұраймын.

«Бейхабармын,— дейді қоңқақмұрын жігіт міз бақпаған күйінде,— өзі де білмеді-ау деймін, қайда бет алғанын. Новосибирск жақтағы бір қазақ аулында ағайындарым тұрады дегенін естігенім бар. Жалпы, тұйық жігіт еді, ешкіммен сырласпайтын».

«Өте жақсы жігіт еді,— дейді менің бас-аяғымды көзімен шолып өтіп,— бірақ қиқарлау болатын, өз айтқанынан басқаны істемейтін. Соңғы кездерде шырт етпе, ашуланғыш болып кетті. Деканмен сөзге келісіп стипендиядан да алынып қалды. Қыс бойы қалай күн көргенін білмеймін, сірә, жексенбі күндері әр жерге барып қол жұмыс істеп ақша тауып жүрсе керек».

«Қабылетсіз жігіт емес еді,— дейді сәлден соң, маған қадала қарағаң қалпы.— Тек жазғандары... былай... і-і... нелеу келетін. Ақыл, кеңес ретінде достық сын да айтып көрдік. Адам бір алжасса қайрылуы қиын ғой, көкке шапшып жерге түсті... тыңдамады. Ақыры сонысы түбіне жетті».

«Сонша сұрайтындай кіміңіз еді,— дейді,— жерлесіңіз бе?»

«Жоқ,— деймін,— жігітім».

«Жігітіңіз бола тұра жайынан ештеңе білмегеніңіз қызық екен!»

Аздан соң:

«Бүгінгі кеш әдемі екен,— дейді,— кино көргіңіз келмей ме?»

Рахмет айтып кетіп отырудан басқа ештеңе қалған жоқ. Мен сөйтіп жоғалттым Төлегенді. Жоғалған нәрсе табылуы да ықтимал ғой, табам ба деген үмітте болдым. «Алматыға әйтеуір бір келер, сонда маған қалайша соқпай кетеді». Көшеде үнемі жан-жағыма қаранып жүретінмін. «Мүмкін кездесіп қалармыз». Кездеспеді. Бірде

кітапханаға бара жатқанда автобус аялдамасындағы жұрт ішінен теріс қарап тұрған біреу жылушырап қоя берді. «Төлеген!»— деп ойладым. Дауыстап жібере жаздадым. Жүрегім лүп-лүп соғып, қан басыма шапшыды. Жақындап келіп қарасам... баяғы қоңқақмұрын жігіт екен.

Өстіп бір жыл өтті... Екі жыл өтті. Азаппен үшінші жыл тағы өтті. Осы үш жылдың ішінде Арыстан менің соңымнан қалмады. Әйткенмен оған жылы шырай берген емеспін. Енді маған келмеңіз, мен басқанікімін деп талай айттым. Міз бақпайды. Көбіне сөзді басқа жаққа аударып жібереді, немесе бәрін қалжыңға айналдырады. Өзінің жолдастары, лабораторияда бірге істейтін қыздар жайлы ананы-мынаны айтып біраз тұрған соң киноға сүйрейді. Қанша дегенмен мен де қызбын ғой, бірте-бірте жіби бастадым. Төлеген саған жоқ, оны ұмыт деп өзімді өзім азғыратынды шығардым. Бірақ мұным үшін Төлеген мені қатты жазалады. Өзі жоқ болса да әндері соңымнан қалмады. Ара-тұра радиодан айтылатын. Ал жастар жағы аузынан тастамайды. Кештерде де, жиын тойларда да... Төлегеннің өзіме арнаған әнін естігенде не болып кеткенімді білмеуші едім. Өткен күндер көз алдыма келе қалатын. Қар жауса үйде отырмайтынмын. Жылы киініп алып сыртқа шығам да, баяғыда Төлеген екеуміз қыдырған жерлерге барып жалғыз өзім жүрем. Сол арман болған түнге ұқсас талай кешті өткіздім, бірақ қасымда Төлеген болған жоқ. Талай рет сол кезде Төлегенге еркелегенім есіме түсіп, аспаннан жауған қар түйіршіктеріне алақанымды тосып тұрдым, бірақ мені ешкім де құшақтап сүймеді.

Ақыры мен мединститутты бітіріп, осы жердегі Жамбыл ауданына дәрігер болып кеттім. Уақыт озған сайын Төлегенді кездестірем деген үмітім жіңішкере берген еді, енді үзілді. Бақытымды шынымен жоғалтқаныма көзім жетті. Адам неге болсын көндігеді екен, көндіктім. Көнбегенде не істейсің...

Арыстан маған жексенбі сайын автобуспен келіп қайтатын. Ақыры мен Төлегенді ұмыттым деп өзімді өзім сендірдім. Аз уақытқа ұмытқандай да болдым. Арыстанның құшағына құладым. Той аяғы тарқар-тарқамастан Арыстан кандидаттық диссертациясын қорғады да, Новосибирскіге ауыстық.

Арада төрт-бес жыл өтті. Күйеуге шыққаннан соңғы алғашқы айларда Төлегенді қайта ойлап жүрдім де бір-

те-бірте ұмыттым. Шындап ұмыттым. Арыстан жас та болса атақ, абыройы зор, мәртебесі биік. Басына бақ, мансап үйірілген ғұлама шалдардың өзі оны жоғары бағалайтын. Жас деп әлпештейді, болашағы зор деп сыйлайды. Мұны мен де мақтан ететінмін. Тек араласып жүрген, дос-жар деп есептелетін адамдардың бәрінің де Арыстанға ұқсастығы мезі еткен-ді. Бұлардың көпшілігі дүние қызығынан бейхабар, есеп машиналарынан басқа ештеңеде шаруасы жоқ, өз ісіне берілген фанатик жандар-тын.

Арыстан екеуміз бақытты сияқты едік. Жұрт қалай тұрса біз де солай тұрып жаттық. Адал жар болдым. Бір арманым сәби көру еді, тағдыр жазбаған екен. Әйткенмен, бұл — Арыстанның ойына кіріп шықпайтын. Төлеген сияқты оның да мен түсінбейтін мінезі көп еді. Бірақ бір ғажабы, нешеме жыл отассақ та, шүйіркелесіп, сырласып сөйлесе алмайтынмын. Бойында әлденендей бір дүлей күш бар сияқты, адамды езіп, жаныштап тұрады. Шынымды айтайын, мен одан қорқатын едім. Обалы нешік, екеуміз өте тату тұрдық. Шынаяқ шылдырап көрген емес. Сөйтіп жүргенде бір күні...

Сен жындыхананы көргенің бар ма? Қаланың шет жағында тұратын клиенттеріме бара жатып қасынан өтіппін. Дүниеде мұндай сұмдық болады деп ойлаған да жоқ едім. Сыртқы ағаш дуалын жинап тастап, кірпіш қабырға қалағалы жатыр екен. Аула биік шойын шарбақпен қоршалған. Ар жағында адамнан гөрі тағы аңға көбірек ұқсас, үсті-бастары алба-жұлба кісілер жүр. Біреулері отыр, біреулері киімдерін сыпырып тастап, тақыр жерде күнге қыздырынып жатыр. Көбі беталды ыржалақтап, өздерімен өздері болып жүр. Екі-үшеуі мені көріп атам заманғы частушкаларды айта бастады. Менің зәрем ұшып кеткен-ді. Осы араға жақындамай, айналып жүретін болғам. Бірақ көп ұзамай аңдаусызда тағы үстінен шығып қалыппын. Тезірек жанынан өтіп кетуге тырыстым. Кенет өзіме бүйірден біреудің қадала қарағанын сездім. Жалт бұрылып едім,— үсті-басында сау тамтық жоқ, шашы үйпа-түйпа, сабалақ біреу шарбаққа жабысып, қимылсыз сілейіп тұр екен, көзі өңменіңнен өтеді. Мен жалт қарағанда ол баж етіп, қолымен бетін басты да, теріс айналып кетті.

Ес-түсімді білмей үйге келдім де, диванға құлай кеттім. Бұл — Төлеген еді.

Дегенмен, көзіме сенбедім, анығын білейін деп үш-төрт күннен кейін қайта бардым. Бас дәрігері — қартаң

адам — менің Төлегенге келгенімді естіген соң үндемей аз тұрды да:

«Ол кіміңіз болады?»— деп сұрады. Кімім дейін, «Жай танысым еді»— дедім.

«Е, онда жөн,— деді.— Өзінің туған-туысқаны жоқ жігіт еді. Осыдан алты-жеті жыл бұрын-ау деймін, бір жамағайындары әкеп тапсырды. Шөп шауып жүргенде далада ұйықтап қалған екен дейді. Содан ай туғанда бірақ оянып... Алғашқыда айқайлап, өлең айтып тыныштық таппаған екен, кейінірек мүлде тіл қатпайтын болыпты. Осында өткізген жылдарының ішінде бір де-бір рет тентектік көрсеткен емес. Үндемейтін де. Тек кей-кейде қолын ербеңдетіп, сірә, батыс классиктерінің шығармалары болу керек, әлденедей бейтаныс әуендерді ысқырып кететін және бір бастаса, алда жарылқасын, жуық арада қоймайтын. Біздің жұмыстың жайын білесіз, бірақ оған көп күш қолдана бермейтінбіз. Сау кезінде өте ақылды жігіт болған болу керек... Дегенмен, сіз кешіктіңіз, ол бүгін таңға жақын дүние салды».

Мен теңселіп кеттім білем, дәрігер қолымнан ұстай алды.

«Бүйтіп жүргенше өлгені жақсы болды,— деді ол,— сондықтан қуануыңыз керек».

«Қапа болмаңыз,— деді тағы да дәрігер, мені бекіте түскісі келіп,— бұл фәниге кімдер келіп, кімдер кетпеген, бәріміз де өлеміз. Бірақ байғұс соңғы үш күннің ішінде қатты азаптанды. Әлдекімдерді атап шақырып, әлдебіреулермен күбірлеп сөйлесумен болды. Көптен бері қойып кеткен ескі әдетіне басып, ыңылдап әлденедей бір мелодияларға салды».

«Дегенмен,— деді дәрігер аздан соң,— танысыңызды ақырғы рет көріп қалғыңыз келсе асығыңыз, әлі жерлей қоймаған шығар».

Мен не өлі емес, не тірі емес, дәрігердің соңынан ердім.

Ол созылып тыныш қана жатыр екен. Сол баяғы күйі, сол баяғы менің Төлегенім. Бірақ түсі суық. Жағы сорайып, танауы қусырылыңқыраған, сұп-сұр. Мен жақындап, кеудесіне айқастырылған қолын ұстауға да қорықтым. Шап беріп: «Сенсің мені өлтірген!» дейтін сияқты көрінді.

Әйткенмен, Төлегеннің сүйегін алып, қолдан қоямыз деуге батылым жетті. Үйге келген соң Арыстан екеуміздің арамызда үлкен жанжал шықты. Мен өз айтқанымды істедім. Төлегенді жер қойнына тапсырған

ертеңіне өзіме осыншама бақытсыздық әкелген қаланы да, Арыстанды да тастап, Алматыға тартып отырдым.

Қаракөлеңке бөлмені меңіреу тыныштық кернеді. Екі әйел біріне бірі тығылысып, қимылсыз, үнсіз отыр. Тек қабырғадағы ағаш корапты үлкен сағаттың бірқалыпты, самарқау соққан тықылы ғана естіледі.

— Сүйегіне барғанда алдым жаңағы суретті,— деді аздан соң Зия тыныштықты бұзғысы келмегендей, сыбырға жақын үнмен.— Төс қалтасынан шығыпты. Сірә, кезінде біздің қыздардың бірінен қалап алса керек. Өзім жат біреудің құшағында жатқан кездерімнің бәрінде де суретім Төлегеннің төсінде тыныстапты. Мен арам денемді сатып, алдамшы сезімге елітіп жүргенімде оның осы жансыз суреттен басқа сүйеніш етерлік ештеңесі болмаған... Ал менде қазір көңіл жұбатуға оның суреті де жоқ. Тек бір жапырақ қағазға жазған хаты мен әні...

— Әні...— деді Бәтима сұрауға да қорыққандай тұтығыңқырап.— Ол қандай ән?

Зия сағат тықылына құлағын тігіп сәл отырды да, Бәтимаға студент кезінен бері жақсы таныс бір әнді нәзік дауыспен жайлап бастап, қайырмасына келгенде ары қарай соза алмай өксіп жылап жіберді.

1961

ЖАҢЫЛЫСУ

— Үйленіп қойған жігітті бірден танисың, — деді Ник,— сондай тоқмейіл, тоғышар кейіпте келеді өздері.
— Иә... Саудасы біткендер олар..

. . . . . .

— Құй тағы! Алып жіберейік..»

Эрнест Хемингуэй.
«Үш күндік лайсаң».

„Неткен лас жер!»—деп ойлады Омарбай мол пішілген шалбарының пілдің сирағына да сиярлықтай кең балағын сулық сыртынан көтере ұстаған қалпы жайпақ төбелісі, шатырлысы аралас бәкене үйлердің арасымен батпақтап келе жатып. Таң алдында ғана арты қар араласқан жауын өткен. «Шың жақпарлы Алатаудың дәл етегі — тобықтай тас жоқ. Аспаннан жарты ғамшы тамса-ақ миы шығып, көлкі жөнелсін деп әдейі май топырақ төгіп тастағандай. Ал мына заңғар биіктерге оралған шуда бұлттардың бір бүркіп кетпейтін күні жоқ шығар. Жыл он екі ай бойы осында тұратындар қалай шыдайды бұған?!» Табаны қатқылдау жер іздеп, енсіз қисық көшенің оң жағына бір, сол жағына бір шығып, қорғалақтай басып келе жатқан Омарбайдың алдынан аяғына бұзаутұмсық рәзеңке етік, үстіне қалың сырма күрте киген жуан сары әйел «Міне, былай жүру керек» дегендей, батпақты жан-жаққа шашырата шалп-шалп басып, көл-

денеңдеп өте берді. «Құдды асфальтпен жүргендей,— деп ойлады Омарбай мырс етіп, аяғын еркін алып ұзап бара жатқан әйелдің артынан қарап тұрып.— Төрт ай практика біткенше менің тамтығым да қалмас!»

Совхоз кеңсесінің алдында шарбаққа сүйеніп екі қыз тұр екен, Омарбай көзілдірігінің үстінен сүзе қарады да, қастарынан өте шықты. «Бойлары жып-жинақы, секретарь не машинистка қыздар болар». Құлыптаулы есікке тіреліп кері айналғанда:

— Жабық,— деді біреуі.

Омарбай «Өзім де көріп тұрмын, енді несіне айтасыңдар» дегендей, сүлесоқ көзқараспен қыздардың бас-аяғын тағы бір шолып алды да, сағатына қарады.

— Әлі ерте,— деді екінші қыз,— кеңсе ашылғанша үйіңізге барып галошыңыздың сыңарын киіп келуге де үлгересіз.

Омарбай ештеңе ұқпаған кейіпте аңырып сәл тұрды да, кенет оқыс еңкейіп, аяғына қарады: бір туфлиі галошсыз еді, сыртын қою қара балшық қаптаған, үстірт көзге екіншісінен айырғысыз. «Іс қырсықса көжеге тіс сынады», деген осы-ау, қалай байқамағанмын... Іздегенмен табылмайтын шығар, жаңасын алу керек... Мына батпақта ол да ұзаққа бармас...» Аяғына көзі түскенде амалсыз жымиды. Бағанадан бері әрең шыдап тұрған қыздар енді күлкіге ерік берді. Омарбай қысылыңқырап қалды.

— Галошыңызды...— деді жаңағы қыз күлкісін баса алмаған күйінде,— галошыңызды... тауып алуға болады... Бір жапырақ қағазға... солай да солай деп хабарландыру жазып, ана бағанаға жапсырыңыз... жоқ, абзалы, уақыт өткізбей көше-көшені аралап сұрау салыңыз... тек сөйтіп жүргенде екіншісі тағы сыпырылып түсіп қалмасын.

Мана алғаш сөйлеген қыз Омарбайдың бетіне қарады да:

— Қойсаңшы, Бибі,— деді құрбысын басып,— сонда күлерліктей не бар.— Өзі де қыстығып әрең тұр еді.

— Ой, Алмочка, не могу... Новоявленный человек в ф... ф...

Бірақ бұл жолғы күлкі тез тыйылды. Аузынан аңдаусызда шығып кете жаздаған сөзден ыңғайсызданған Бибінің өзі де, Алма да бәйек болып, жігітке шын көңілдерімен кеңес бере бастады.

— Мына галошыңызды шешіңіз де, ана скамейканың астына қоя салыңыз...

— Біреу алып кетпей ме,— деді Бибі күмәнданған

үнмен, әңгіме қолға түспес ерекше құнды нәрсе жайлы боп тұрғандай-ақ.

— Кімге керек сынар галош... Соңыра жер құрғағанда екіншісі де табылады.

— Жөн, сөйтіңіз,— деді енді Бибі де.

Ерігіп тұрған қыздардың мазағына айналғанына іштей намыстанса да сыр бермеген Омарбай өзінше тоқтамға келген. Кеңсенің алдындағы құрғақтау жердің шетіне дейін шығып, галошын екінші аяғының ұшымен артынан басып тұрып ептеп шешті де сулығының етегі далбаң етіп, бар пәрменімен ары қарай теуіп жіберді. Сыртын батпақ басқан ауыр галош төрт-бес аударылып барып, ойпаң жерге іркілген шалшық суды шалп еткізді де, бір бүйірге қисайған күйінде қайырлаған кемеше шөге кетті.

— Енді сол аяғыңызды да батпаққа батырып алыңыз, біреу-міреу көрсе ұят болар,— деді Бибі, Омарбай үлкен бір шаруа бітіргендей ырғала басып бұрынғы орнына қайтып келгенде.

— Сіздердің де жағдайларыңызды көріп тұрмыз,— деді Омарбай қыздардың аяқтарына қарап. Бұл оның алғаш тіл қатуы еді.

Қыздар үндей алмай қалды: ботыларын айтпағанда, капрон чулки киілген жұмыр балтырларының өзі шашырап жабысқан балшықтан сатал-сатал еді.

Омарбай әңгіме осымен тәмамдалған шығар дегендей бір жөткірініп қойып сағатына қарады — тоғыздан он бес минут кетіпті.

— Вечно осылай,— деді Алма сөзді басқа жаққа аударғысы келіп.— Бұлардың қай уақытта жұмыс істейтінін біліп болмайды. Кейде таң азаннан ашық, кейде түскі он екіден түн ортасы ауғанша...

— Біз қайдан білейік, совхоз да, басшылар да өздеріңіздікі.

— Біз бұл жердікі емеспіз,— деді екі қыз жарыса.— Біз практикаға келген студенттерміз!

— А... солай ма. Мен ойлап ем... Қай институттан?

— СХИ-дің электрофагінен.

— Сіз өзіңіз не істейсіз,— деді Алма,— совхоздың ақша жұмысын тексеруге шыққан ревизор емеспісіз?

— Жо... құдай сақтасын. Мен де практикаға келдім, зоотехникалық-мал дәрігерлік институттан.

Сөзге Бибі араласты:

— Ну вот, Алмочка, айттым ғой мен...— Омарбайға

қайта бұрылды.— Қанша уақытқа? Төрт ай? Біз де сонша, бірақ үш аптасын өткіздік.

Ортақ тақырып табылды. Алдымен келіп, орныгып қалған қыздар естіген-білгендерін айтып жатыр. Бай, жақсы совхоз деп жіберіп еді, орталығының түрі мынау. Күн сайын бір реттен кино, суббота сайын танцы болады. Алматыда баяғыда қойылған ескі фильмдер, танцыға жиналатын жұрт ала-құла. Ішіп келетіндер де ұшырасады екен. Биге шықпаған қыздарды ұрып кетеді дейді. Кейде өзара төбелесіп те жататын көрінеді. Өткен жолы барып, басталар-басталмастан кетіп қалдық. Жұмыс оңай, бос уақыт көп. Қазір не істерімізді білмей ішіміз пысып әзер жүрміз. Директордан төрт-бес күнге рұхсат сұрап, Алматыға барып қайтайық деп едік.

Омарбай қыздардың сөзін бөлмей, ықыласпен тыңдаған бейнеде мағнасыз бас изеп қойып тұра берді. Ойы аулақта. Соңғы сөздерді ғана аңдап қалды. «Шынында тоқсан шақырымдай-ақ жер, айына бір-екі рет барып кеп тұрған жөн. Сайра да таяу болса керек...»

— Сіз директорға не жұмыспен кіресіз?

— Мен кеше ғана келдім ғой, әлі бетін де көргем жоқ, орналасуым керек.

— Сағат...— Алма сағатына қарады.— Ой, Бибі, әңгіме бұзау емізеді.. он жарым!..

— Жарайды, қайтайық,— деді Бибі де. Директор бір жаққа кеткен ғой, енді түс аумай келмес. Сіз ше?— Омарбайға бұрылды.— Күтесіз бе?

— Сөйтерміз,— деді Омарбай аузын қолының сыртымен көлегейлей, керіле есінеп.— Сау болыңыздар.

— Бүгін-ақ кездесерміз.

— Сенің Темірің сияқты,— деді Бибі былай шыға бере.— Байсалды, ұстамды жігіт.

— Топастау-ау деймін, меңірейіп тұрысы жаман екен.

— Қойсаңшы. Ақылды емес пе!? Көзіне қарамадың ба.

— Қарадым. Көзілдірігі бар...

— Темірден басқа жақсашы осы саған. Биязы емес пе.

— Осы жігіт өзіне ұнап қалған-ау деймін, Бибіжан. Жарайды, бұртима, көрерміз әлі, қандай екенін.

...Арада екі айдай уақыт өтті. Омарбай практикасын совхоз орталығынан бірер шақырымдай жердегі фермада өткізіп жатты. Лайсаң көктем кетіп, жаз шыққан. Бой үйренгендіктен бе, әлде шынында да көрікті ме, әйтеуір бұл өңір Омарбайға күн озған сайын ұнай түсті. Институтты бітірген соң осында келем деген ойға бекінген-ді.

Бой жазу үшін жетісіне екі-үш рет орталыққа барып қайтады. Бибілерге соқпай кетпейді. Кейде екеуін кинога, не биге апаратын. Ондайда көбіне Алма «бұл картинаны бұрын да көргем, қазір қызық кітап оқып жатырмын» деп немесе басқа бір сылтау тауып, үйде қалу жағын қарастыратын. Кейде тіпті шекесін қос қолдап ұстап, басым ауырып отыр, жүре алатын емеспін деп жатып та қалатын. Ондайда Омарбай бәйік болушы еді: «Пирамидон ішсеңші. Жоқ па? Алып қою керек қой ондай дәріні. Қап, аптек те жабылып қалды-ау... Әлде көршілерден сұрастырсақ па екен? Ауылды жер, оларда да бар деймісің! Енді қайттік...» Ақыры сыртқа шыққан соң Бибіге: «Бір уақыт бой сергіту керек қой, тым бұйығы,— дейтін.— Өзі ауырғыш. Дәрігерге қаралуы қажет. Әйтпесе насырға шабуы мүмкін...»

Көзілдірік кигеннен бе, Омарбай сабырлы, маңғаз көрінетін. Шектен тыс салмақтылық жас адамға жараса бермейді ғой. Әсіресе қыз қасында. Бірақ Бибіге Омарбайдың осынысы ұнады. Жұмбақ жан тәрізденетін де, әуесқойлығы арта түсетін. Әлдебір жеңілтек жігіттердей бірден-ақ желімше жабысу, өтірік-шынды сүйдім-күйдімі жоқ, жүріс-тұрысы, сөз сөйлесі тегіс биязы. «Практикаларыңыз қалай? Не өзгерістеріңіз бар?— Кинодан шыққан соң.— Сізге ұнады ма? Жақсы фильм емес пе». Осыдан аспайтын.

Уақыт жылжып өтіп жатты. Бірақ жүріс-тұрысына, сөз әуеніне бір мысқал өзгеріс енсейші. Сол қалпы. Күн асқан сайын Бибінің көңіліндегі болмашы үмітті мазасыз күдік ығыстыра берді. Енді Омарбай оған шындап ұнауға айналды. «Әрине, ол мені сүйеді,— деп ойлайтын,— тек айта алмайды. Соншалық салмақты бола тұра қорғаншақ. Жігітке батылдық керек қой...» Көңіліндегісін Алмаға айтатын. «Білмеймін,— дейтін ол,— өзі тіпті мығым, басынды айналдырғалы жүрмесін. Қыз боп көрдік қой біз де, бұл жігіт деген қу халық, егер ойларына бірдеңе алса, айла-шарғының қандайынан болмасын тайынбайды. Байқа.— Сәлден соң:— Әй, қайдам, меңірейеді де тұрады, соныңның өзі қыз дегеннің, қызық дегеннің не екенінен мүлде бейхабар ләухи адам сияқты» деп те қоятын, бірақ Бибінің көңіліне қарап, көкейіндегі күманын тегіс айтпайтын.

Сөйтіп жүргенде бір күні кешқұрым түйін ойламаған жерден шешілді.

Күн ұясына жаңа ғана қонған алакеуім шақ. Екеуі тағы да Омарбайды әңгімелеп, селоны қақ жарып өтетін

асфальт жол бойымен, пәтер үйлеріне қарай келе жатқан.

— Мынау... сол емес пе,— деді Бибі бір кезде.

Сары сулығын қалай болса солай кие салған, алқам-салқам Омарбай анадай жердегі автобус аялдамасында жалғыз өзі тұр екен.

— Қімді айтсаң сол келеді деген-ау,— деді Алма Омарбайға қолын ұсынып жатып.— Неше күнге? Қуанғаның сондай, тіпті бізге де соқпай барасың.

— Құттықтаймын,— деді Бибі де Омарбайдың қолын ала бере жымиып.

— А... Естіген екенсіңдер ғой... Рахмет, рахмет! Кешіріңдер, тіпті асығыс болдым.

— Сізге директордың рахымы қалай түсе қалды, анада бізді босатпап еді,— деді Бибі.

— Директор жоқ екен. Күтуге мұрша қайда... Бас зоотехникке айттым да жүре бердім. Соңғы автобусқа іліндім бе деп тұрмын, білмеймін. Телеграмманың өзі де жаңа ғана тиді. Пошташы әкеп тұр...

Осы кезде гүжілдеген үлкен сұр автобус бұрылыстан ағып шыға келді де, жүрісін шұғыл тежеп, бір бүйірлей, қисая бере аялдамаға тоқтады. Қап, қоржын арқалаған, айыр қалпақты екі-үш қария түсіп жатыр.

Омарбай асықпады.

— Бір сырдың желіні ісіп, сонымен әуре боп отыр ем, пошташы әкеп тұр,— деді қолын сермей сөйлеп.— Бірден-ақ білдім. Қорқып та кеттім. Оқымасқа шара жоқ... Ашып жіберсем: «Аман-есен, ұл» дейді.— Осы жерге келгенде сәл бөгеліп ауа жұтып алды да, сөзін ары жалғастырды.— Ұл дейді. Бойы елу бес сантиметр, салмағы төрт кило үш жүз жетпіс грамм! Сонысына дейін жазыпты. Мен қуансын дегендері. Қуанбағанда ше! Шешем байғұстың тілеуі ғой. Көзім тірісінде бір немере сүйе алмай кетем бе деп, қатты армандаушы еді. Үлкен ағам,— үйленгеніне аттай сегіз жыл,— бір шикі өкпе дегенде зар еңірейді. Жеңгем де тамаша адам, ондай әйел жаралмас. Тек не керек... Тұяғы бүтін тұлпар бар ма... Кеше ғана түскен біздің Сайраның өзі бір баланың анасы боп отыр. Ұл дейді. Төрт кило үш жүз жетпіс грамм!

— Сіздер мінуші ме едіңіздер?!— деді кондуктор.

— Қазір, қазір. Келсем, директор жоқ. Күтіп отырғанды жағдай көтермейді. Жүре берсем қайтеді, кейін айтармын, ол да бақыр басты пенде ғой, түсінер деп бір ойладым, өзі мінезі қатал кісі, шатақ шығарып жүрмес пе екен деп тағы ойладым, сөйтіп амалым құрып тұрғанда бас зоотехниктің кездесе кеткені,— көпті көрген кемеңгер

адам, институтты сонау отызыншы жылдары бітірген,— телеграммамды көрсетіп ем, қауқалақтап қалды. Құттықтап жатыр. Жауабын өзім берем, бара бер деді. Тура бір аптаға босатты.

— Жас жігіт,— деді шыдамы таусылған кондуктор,— мен жүруге белгі берем!

Айтқанындай-ақ, автобустың моторы қайта гүжілдеп, күш ала бастады. Омарбай сонда ғана ақылына түсті. Бірақ сулығының етегі шұбатылып, қорбандап автобусқа мінгелі жатқан кезінде де артына қарайлап, сөзін соза берді.

— Мұндай хабарға кім қуанбайды. Аман-есен.., ұл дейді.

Автобусқа енген соң сөзін іркіп, баспалдақта тұрған қалпында кері бұрылды да ыржия күліп:

— Рахмет...— деді, «шығарып салғандарыңа» дегенін қыздар естіген жоқ, қарсы алдынан сарт етіп есік жабылып қалды.

— Семьясына адал, неткен пәк жігіт,— деді Алма аздан соң, әлі қойыла қоймаған қараңғылықта оты әлсіз жылтырап, ұзап бара жатқан автобустың артынан қарап тұрып.— Бақытты әке!

— Ақымақ,— деді көзіне жас үйірілген Бибі.— Маубас!

1961

ҚИЯНДАҒЫ ҚЫСТАУ

Едіге дәл құлағының түбінен шыққан дүбірден оянып кетті. Тасыр-тұсыр тұяқ даусы күңгірт тарта берді де, кенет пышақ кескендей тыйылды. «Омбыға түсті»,— деп ойлады Едіге. Бөлме іші жаңа ғана алакеуімденіп келеді екен. Бұрыш-бұрышта әлі қараңғылық тұнып тұр. Неше түрлі әлеміш өрнекті қалың қырау басқан төрт көзді кішкентай терезе боп-боз: сыртта таң атқан. Едіге әжесінің тұрып кетіп, өзінің жалғыз жатқанын аңғарды. Төр жақтағы төсек — көкесінің төсегі де босап қапты. Оюлы түскиіздің қақ ортасында аузы төбеге, дүмі төмен қаратыла қиғаш ілінген қосауыз мылтық қарауытады. Көкесінікі. Қандыауыз дейді. Көкесі ұсынғаны қалт кетпес мерген екен. Өзі көрген жоқ, жұрт айтады. Бірде жайлауда ауыл үстінен өтіп бара жатқан үш үйректі қатарынан топ еткізіпті. Екі оқпен үшеуін қалай түсіргенін кім білсін. Тегі рас болар. Жұрттың бәрі ұйқысын қандырып, жаңа ғана тұрған кез екен, түгел көріпті. Үйректерін мылтық даусын естіп жүгіріп келген балаларға байлапты. Жетпей қалғандарына жыламаңдар, ертең әрқайссыңа бірбір қаз әкеп берем депті. Көкесі жалған сөйлеуді білмеген. Айтса орындаған. Қолы ашық, жомарт болған. Бірде көрші ауылдың тұсынан төрт арқарды қабат атып алыпты. Төрт оқпен, әрине. Ауылды қан сасытты дейді. Аппақ май, қып-қызыл еттің астында қалыпты. Содан үйге екіақ жілік әкелген көрінеді. Нағыз аңшыға тән мінез дейді

әжесі. Бұл өңірде бұрын-соңды көкесіндей мерген болмаған. Құралайды көзге атқан дейді. Неге көзге ататынын кім білсін. Нағыз мерген екенімді жұрт көрсін дейтін шығар. Бірақ көкесі мақтаншақ болмаған. Тең құрбысының алды еді дейді әжесі. Әскерге де жұрттан бұрын аттанған. Шақыру қағаз келген соң бөгелмепті. Ол кезде Кәрмәнмен дос едік дейді әжесі. Мылтығын тастап кеткені де содан болар. Соғыс шығатынын білмеген ғой. Әскерше ойнап, ел көріп, жер көріп біраз жүріп қана қайтпақ екен. Көкең кеткеннен соң төрт айдан кейін ақпанда тудың, ал сен бір жарым жасқа толар-толмаста соғыс басталды дейді әжесі. Хат келмегелі үш жылға таяныпты. Қолы тимей жүрген шығар. Қысы, жазына қарамай, күн, түн демей, ұйқы, күлкі көрмей соғыса береді. Сайдың тасындай атпал азаматтар. Соғыса береді, соғыса береді, тіпті үйлеріне хат жазуға да мұршалары келмейді. Әжесі солай дейді. Ал апасы үндемейді. Үндемей жүре береді. Кей-кейде жұрттан жасырып жылап алатыны бар. Атасы да сондай. Жоқ, ол жыламайды. Еркек адам ғой. Өзі үлкен. Сондықтан жыламайды, тек тұнжырап отыра береді. Анда-санда қатты күрсінеді. Шаршағандықтан, әрине. Күн ұзақ мал соңында, ат үстінде жүреді, қажиды ғой. Кейінгі кезде ертегі, қисса айтқанын да қойып кетті...

Ауыз үйден быж еткен дыбыс шықты. Плитаға тасып төгілген шай. Пеш төңірегінде әжесінің күйбеңдеп жүргені аңғарылады. Ыңырси сықырлап есік ашылды: ұзыннан-ұзақ шұбатылған бірдене кіріп келе жатқан сияқты, будақ-будақ ақ аяз төргі бөлмеге ене бастаған кезде ғана жабылды. Жер еденге дүңк етіп қойылған ауыр шелектің сылдыры естілді.

— Бұлақ қатып қалыпты, әрең ойдым. Сүйменнің ызғары қолымнан өтіп кетті.

— Алда, жарығым-ай, атаңа айтпадың ба?

— Апа, арқарды көрдің бе?

— Қап, анау оянып кетіпті ғой.

— Еліктай,— деді әжесі,— пеш қызғанша жата тұр, тоңасың.

— Арқарды көрдіңдер ме деймін?!

— Е-е, арқарды күнде көріп жүрміз ғой, тіпті қазір қоймен бірге жайылатын болды дейді атаң.

Бірде атасы айтқан «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген сөз есіне түсіп, Едіге үндемей қалды. Сұрадың не, сұрамадың не бәрібір. Ауыз үй мен төр үйдің арасын бөліп тұрған үлкен жал пеш гүілдеп жанып жатыр. Едіге қолын басып көрді. Жып-жылы. Әлдене тысыр етті. Тыш-

қан. Тықыр-тықыр. Төсектің аяғын кеміруге кірісті. Тісі қышиды дейді. Едіге бір қырына аунап түсті. Тықыр тыйыла қалды. Төрде, беті зерлі сүйекпен безендірілген биік ақ төсектің тұсында ілулі тұрған қосауыз мылтық шүріппе, құлағына дейін анық көрінеді; дүм жағының сыры көше бастаған.

Тағы да есік ашылды. Әлдекім биік табалдырықтан аттап өтуге бұты жетпей жатқан сияқты. Төргі бөлмеге тағы да құшақ-құшақ аяз кірді. Аспандағы ақ бұлттардан аумайды. Үйді суытып, аңқиып ашық тұрған есіктің өзіне де ұнайтын тәрізді, сықыр-сықыр етіп әрең жабылды. Үйге кірген адам босағада аяғының қарын қаға бастады. Атасы. Елең-алаңнан қиян түкпірдегі қыстауға кім келуші еді.

— Ата, арқарды көрдің бе?

— Көрдім, Еліктай.

Едіге бас жағында тұрған жейдесін апыл-ғұпыл кие сала, төсектен сырғып түсті. Төр алдында, текемет үстінде бүктеулі тұрған, анада, бес жасқа толған күні апасы өзінің көнетоз қалың шәлісінен тігіп берген жаңа қызыл ала шалбарын шала-шарпы киген бойы ауыз үйге жүгірді. Атасы үстіндегі тонын бұрыш жақтағы өзі ұйықтайтын, белі майысып, тот басқан ескі темір төсекке лақтырып тастап, ұзын ақ бурыл мұртына қатқан шынашақтай көк сүңгіні түсіріп жатыр екен.

— Қалай көрдің?

— Бұрыштан айнала берсем, терезенің алдында тұр. Дәу қара құлжа.

— Кешегі ме?

— Иә. Бес-алты күн болды, біздің қыстауды төңіректеп жүргеніне.

— Не іздеп келеді?— деп сұрады Едіге үй-іші тегіс пеш түбіндегі шағын дөңгелек столды алқалай отырған кезде.

— Қыс созылып барады, жер аяғы тарылды, малдан қалған шөп-салам аузыма түсер ме екен деп келетін шығар. Қора ықтасын жерге салынған соң байқалмайды, таудың сыртқы беті үскірік аяз. Екі аптадай болды, терістіктен соғып тұрғанына. Ал түнде борасын борап, қалың қар жауды. Суықтан ықтап келуі де мүмкін... Бәлки, қасқырдан қашып тығылды ма. Әйтеуір біздің қораға әбден үйреніп кеткен сияқты.

— Мұрат болса, алғашқы күні-ақ атып алатын еді.

— Жоқ, Анаржан, өзі пана сұрап келген жан иесіне,— ол тіпті адам емес, тілсіз хайуанат болса да,— қастандық

жасау — қаражүректік. Мұрат ондай мейрімсіз емес-тін. Бірақ қоңыр аңды қынадай қырып еді,— атасы сәл бөгеліп, ауыр күрсінді,— ниһаятсыз көп қырып еді, қу жалғыздың сонысы алдынан шықпағай деп қорқам.

— Қой, Мәкесі... Қой, Едігенің атасы, жаман сөз айтпа. Келінің онсыз да қамкөңіл. «Қырық жыл қырғын болса да ажалсыз адам тірі қалар» деген. Жаманат жатушы ма еді. Былтырғыдай емес, түсім оңалды. Мұратым тірі. «Кебін киген келмес, кебенек киген келер» деген. Келеді күні ертең-ақ. Соғыс бітер уақ болды. Қәрмәннің жеріне еніпті ғой...

— Әй, кім білсін, неміс те кеңестің жеріне енген. Мәскеуге дейін келген. Онымен біткен соғыс жоқ, қайта қыза түсті. Теке тірес боп ұзақ алысқан екеудің бірі күш алса күрес көпке созылмаушы еді, тек содан үміт етем. Иллаһи, тез біткей... Хо-ош, күн шығып кетті, малды өргізбесе болмас.— Мамай ақсақал табақ түбіндегі түннен қалған еттен қарбытып екі-үш асап, құрт езген, аяқ толы майлы сорпаны сіміріп алды да, бірер рет ұмсынып барып, орнынан әзер тұрды.— Еліктай, күн шыңылтыр аяз, далада көп жүріп қалма, анадағыдай бет-аузың домбығып кетпесін.

— Атаңды білесің ғой, қалқам, жай сөйлегенінің өзі солай, көңліңе алма,— деді Орынкүл кемпір Анарға, Мамай ақсақал тон сыртынан түйе жүн шидем шекпенін қабаттап киіп, доғабасы алақандай көне қайыс белбеумен белін тарс буынып, аяғын ауыр алып, сыртқа шығып кеткен соң.— Қай бір жетісің жүр дейсің сорлы. Биіктеу бірденеңің үстіне шықпаса атқа да өз бетімен мініп, түсе алмайды. Бір күні далада қала ма деп қорқам. Ит жүгіртіп құс салған, жүрген жерінен жиын-той арылмаған сері жігіт еді. Кейін ел сыйлаған ақсақал болды. «Ат арыса — тулақ, ер арыса — аруақ» деген. Заманның тарылған, жасының қартайған шағында қой соңында сүмеңдеп жүргені мынау. Тек Мұратжан аман-есен қайтсын де. Бәрі көрген түстей әп-сәтте ұмытылады. Еліктай, тамағыңды неге ішпей отырсың? Бидайды майға басып же.

Едіге алдында тұрған, сыры оңып, шеті кетілген кішкентай тостағанға қарады. Лықа толы. Бүйірлері тоқ, ірі қызыл бидай. Апасы келіге жақсылап түктеген. Әжесі бақырға сап қуырған. Осы үйдегі ең сыйлы тамақ. Едігеден басқа ешкімнің аузына тимейді.

Мұндай құнды нәрсенің қайдан, қалай келетінін ерке немере білмейді. Шоланда алашаның бір енін екі бүктеп жасаған ұзыншақ сары-ала дорба бар. Қайыс таспамен төбеге көлденең байланған бақанның ұшында ілулі тұра-

ды. Іші толы бидай. Әжесі күн сайын екі-үш уысын алып, қуырып береді. Дорбаның ортадан төмен түсіп кететін кездері болады. Бірақ алыстан — осыдан үш-төрт көштік жердегі колхоз орталығынан әлдебіреулер қатынаған күннің ертеңіне ала дорба қайта толып тұрады. Оның есесіне ет ілінген бақандардың бірі әжептәуір жеңілейіп қалғанын Едіге тағы білмейді. Ала дорба оған әжесінің өзі айтатын ертегідегі сиқырлы дастархан тәрізді көрінетін.

Едіге ығынан біреудің ақырын түрткенін аңғарды. Көкдауыл. Құмай тазы. Тамақ сұрап тұр. «Берсеңші енді!»— дегендей жалынышты үнмен болмашы қыңсылайды. Аузы ашылғанда ар жағынан тозған кетік тістердің түбірі көрінеді. Тазы иттің бас қаруы — алдыңғы қос сойдақ азу атымен жоқ. Тұмсық жақтағы жүні ақбурыл тартқан — қартаң адамның тұқылдап алынған мұртына ұқсас. Құйрығының ұшы мен жауырын ортасын да ақшылтым қылшықтар қаптап кеткен. Әбден қартайған. Бір кезде қасқырды қояншa алған дейді. Көз көрім жерден қосылған түлкіні қыр асырмай ұстайды екен. Иегінің астында бір тал ақ қыл бар. Қырандығының белгісі. Мұндай нысаналы тазылар бұрын да сирек кездесетін, қазір мүлде жоқ дейді атасы. Бірақ заманында ештеңеден беті қайтпаған, қанша жүгірсе де шабысынан танбаған, талай көксоқтаны көрген тайдай арланның қазір саудыраған сүйегі ғана қалған. Әлі қарақотырланып тұрған оң жақ шұнақ құлақ соңғы айқастан — масқара жеңіліспен аяқталған айқастан қалған белгі. Көкдауылдың даңқты істерінен мүлде бейхабар, оның бір кездегі адал еңбегі арқылы жеткен атақ, абыройына бас игісі келмеген азу тісі пышақтай жас төбет Алыпсоқ өзіне сорпа-су азырақ құйылып қалған бір күні көптен іште қайнап жүрген ызасы сыртқа лап беріп, кәрі тазыны бас салған. Қызыл иек пен құр кеуде дүлей күшке төтеп бере алмапты. Түте-түтесі шығатын еді, апыр-топыр айқас дүбірін, ырс-ырс еткен, қаңсылаған дыбысты естіп жүгіріп шыққан әжесі арашалап қалды. Сорлы Алыпсоқ аз таяқ жеген жоқ. Жұрттың бәріне жексұрын көрінген. Бірақ сол күні түнде ауылды торыған топ қасқыр алып кеткенде атасы да, әжесі де малға сақшы жалғыз төбеттен айрылдық деп қатты ренжіген. Ал Едіге әжесі айтатын біреуге қастандық жасаған адамның жолы болмайды деген сөз есіне түсіп, Алыпсоқты Көкдауылдың қарғысы атқан шығар деп ойлаған да қойған. Көкдауыл бес-алты күн бойы төсек астына кіріп жатып алды. Сыртқа қажетін өтеу кезінде ғана шығады. Тамақ ішпейді. Анда-санда денесіндегі жарақаттарын ауырсынып ыңырси қыңсыла-

ған қалпы, қып-қызыл боп кеткен жанарсыз көздері мөлтеңдеп жата береді. Дәурені жүріп тұрған кезде бір қарпуына жарамайтын сасық маң төбеттен бойдан қуат тайған шақта осыншама қорлық көргеніне назаланған түрі бар. Әйтеуір әжесі солай деді. Содан бері Көкдауыл мүлде өзгеріп кетті. Дала бетін сирек көреді. Қабырғасы ырсиып, екі бүктеліп пеш түбінде жатады. Мәңгіріп ұйықтай береді.

Көкдауыл шоқиып отырған қалпы алдыңғы оң аяғын көтеріп, Едігенің иығына салды. «Қарным ашты, бірдеңе бер», дейді. Едіге тостағаннан кішкентай қолымен уыстап бір шөкім бидай алып, киіз үстіне төкті. Тазы бидайды иіскеді де, аяғымен Едігені қайта түртті. Енді Едіге дастарханда жатқан сықпалардың әлденешеуін тістеп көріп, иттің алдына ең қасаңын тастады.

— Көже жасап беретін кебек те жоқ,— деді апасы қатты құртқа тісі өтпей, қаужаңдап жатқан Көкдауылға қарап.— Ұн тартылмаған соң кебек қайдан келсін.

— Сорпа мен еттің қалғанын түгел құй,— деді әжесі.

Көкдауыл үстіне тулақ кесіндісі төселген әдемі ағаш шана сүйреткен Едігемен ере шықты. Таңғы шыңылтыр аяздың ызғары сына бастапты. Үлкен, дөп-дөңгелек, сапсары күн Қараүңгір тауына өрмелеп әрең шығып келе жатқандай. Биіктің бел ортасынан асыпты, жақпар тастардың үстінде құрық бойындай-ақ жерде ілініп тұр. Аспан мұнартыңқы. Әлсіз күн сәулесімен шағылысып, күміс ұшқынша жылт-жылт еткен сансыз қылау ауаны тазарта, көкіректі кеңейте түскендей. Төңіректі меңіреу тыныштық басқан. Аппақ, мылқау тыныштық. Табиғат ұйқысынан толық оянбаған. Қимылсыз, тілсіз, селт етпей тынып тұр. Тек түнде ғана жауған ақша қарды шиырлап тастаған қой ізі, қарауытқан жас құмалақтар және көз жетер жердегі сіресіп, тұтасып жатқан ақ әлемнің қақ ортасын ала орналасқан мыжырайған, ескі тас қора ғана осы өңірдегі тіршіліктің бірден-бір куәгерлері сияқты. Едіге бұрылып қарсы бетке — Жауыртағы жаққа қарады. Өркеш-өркеш шоқылар бірінен-бірі айнымайды. Бергі, күнгей беттері кеше қап-қара еді, енді аппақ көрпе жамылыпты. Тек жартылай қар басқан сұр жартастар ғана кеудесін керіп, андағайлап көрінеді. Едіге осындай төбесі жайпақ, қия жартастардың бірінің үстінде секиіп арқар тұрғанын аңғарды. Көкшілтім түспен мұнартқан ауада бұлдырап, көзге әрең шалынады. Едіге бажайлай қарап біраз тұрған соң оның дәл аяғының астында тағы бір арқар жатқанын, әріректе тағы екі-үшеуі құйрық түйістіре жайғасқанын көрді. Едіге бір тізерлеп отыра қалып, түйе жүн биялайын лақтырып тастап, сол

қолын алға қарай созды да, оң қолының сұқ саусағымен «шүріппені» басып-басып жіберді.

— Пух! Пух! Пух!

Бетін жып-жылы, дымқыл, жұмсақ бірдеңе сүйкеп өткендей болып еді, жалап алған Көкдауыл екен.

— Пай, ақымақ!— деді Едіге көбік қармен сүртініп жатып.— Арамтамақсың. Тым құрса қораға да үрмейсің. Аузыңа салып берген тамақты да өз бетіңмен шайнап жұта алмайсың. Ұйықтай бергеннен басқа түк бітірмейсің. Одан да тау жаққа барып, аналардың бір-екеуін соғып әкелмеймісің!

Көкдауыл ұзын, қып-қызыл тілін шығарып, өз тұмсығын өзі жалап алды да, құйрығын бұлғаңдатқан қалпы тұра берді.

— Қартайдым дейсің ғой. Атам да қартайды, бірақ қой бағып жүр. Әжем де қартайды, бірақ тізесін бүгіп тыным таппайды. Көкем келген соң таяқты жейсің әлі.

Көкдауыл: «Кінәлімін, жаздым-жаңылдым, кешіре көр, ағатай!» дегендей қынсылап жата кетті.

— А-а! Қорқамысың!? Жарайды, жалынбай-ақ қой. Одан да бір түлкі ұста. Құйрығы ұзын, өзі қып-қызыл, үлкен түлкі болсын. Көкеме тымақ істетіп қояйық. Басыңды неге иземейсің? Айтқан сөз құлағыңнан ағып кетті ғой, ә?! Адам болмайсың. Ақыл жоқ сенде. Жүр енді, шана тебейік.

Едіге ауылдан ұзамайды. Үй сыртында әудем жерде өзі «Сырғанақтөбе» деп атайтын тақиядай ғана төмпешік бар. Бұл — кесек-кесек тастан үйілген көне қорым, қазір үстін қалың күртік қар жапқан. Қақ төбесіне орнатылған ұзынша, шомбал сұрғылт тас қана көрінеді. Балбал. Иық, мойын, басы — тұтас, бет бейнесі де онша анық емес: күн күйдіріп, жел қақтап, жауын-шашын жуып, бар бедері өшуге айналған, әйтеуір адам кейпі бар. Бірақ ол Едігенің қиялына үскірік долы бораннан ықпайтын, меңіреу түн қараңғылығынан да, қасқырлардың төбе құйқаны шымырлатар ұлығаң үнінен де қорықпайтын жаужүрек батыр бейнесінде елестейтін. Енді қалың қар осы батырды жартылай көміпті: беліндегі сапысының балдағы ғана қылтияды. Бірақ оған қайғырып, қамығар түрі жоқ. Кеудесі көтеріңкі, еңсесі биік, тәкаппар қалыпта меңірейіп қалған. Қай бір жетісіп тұр дейсің, тек сыр бермейді. Едіге мүсіркеп, басынан сипады. Сұп-суық екен. Тіпті, биялайдың сыртынан білінеді. Көкдауыл балбалға назар аударған да жоқ. Ит қой, Ол үшін бұл — көп тастың бірі.

— Ал кеттік!

Көкдауыл Едігенің соңынан аяңдай бере тоқтады. Түнде жауған қалың көбік қар шананы алға аттатар емес. Сырғанақ ізін басып қалыпты. Жол үш-төрт рет түскен соң әрең ашылды. Онда да қорымның жиегінен ары таяқ тастам ғана жер жүреді. Көкдауыл шанаға байланып қалған тәрізді. Едіге төмен сырғанағанда оң жаққа бір, сол жаққа бір шығып арсаңдап, желе шауып қоса түседі, шананы сүйретіп жоғары өрлегенде тағы бірге көтеріледі.

Осы жолы шанасы бұрынғыдан әрірек барып тоқтаған Едіге Көкдауылдың ермегенін аңғарды. Бұрылып қараса, тұмсығын көкке көтеріп, құлағын тігіп, едірейіп тұр, назары Жауыртағы жақта. Едіге шанасын тастай сап, қорым басына жүгіріп шықты. Жапа-тармағай шұбырған топ арқар Жауыртағының етегіне түсіп келеді екен. Көкдауылға қарап еді, ол аң екенін, я мал екенін анық ажырата алмай тұрған сияқты. Арқарлар Қарауңгір жаққа өтер көлденең терең сайға тіреліп, алды-арты жиналып, шоғырланып тұрып қалды. Бірақ көп бөгелмеді, топ ішінен мүйізі иір-иір, тайдай құлжа бөлініп шығып, омбыға түсті, қалғандары бірінен соң бірі соның артынан ерді. Сайдың қары терең екен. Топ бастаған құлжа құрық бойы алда, қалың қарды қақ айырып, тіліп келеді. Кей-кейде шым батып кетуге шақ қалатын сияқты, шаңырақтай мүйізді басы ғана қылтиып көрінеді. Ондайда құлжа орғып-орғып алады. Ақсұр омырауы күнге шағылысып жалт-жұлт етеді, жан-жаққа сау-сау төгілген қар түйіршіктері күмісше жылтылдайды. Басшының соңынан іркес-тіркес ерген топ ала-құла: қошқар мүйіз ірі құлжалар да, көріксіз, тік мүйіз ешкілер де, мүйіздері жаңа қылтиған тоқтылар да бар. Құлжалар жайпақ, қоп-қоңыр жондары ғана қарауытып жүзіп келеді. Маңғаз. Тоқтылар мен ешкілер алға емініп, селтең-селтең, шошаң-шошаң секіреді, бірақ сонда да жүрістері өндімейтін тәрізді. Едіге саусағын бүгіп, күбірлеп санай бастады: «Біреу, екеу, үшеу... тоғыз, он...» Саусақ бітіп қалды. Ал арқарлар бітер емес. Түйелі көш сияқты ұзыннан-ұзақ созылып жатыр. Арты омбыға жаңа түсті. Міне, басшы құлжа беткейге шықты. Дүр сілкініп алып, соңынан ерген жұртына ойқастай қарап, тәкаппар, асқақ қалыпта кекірейіп тұр. Бірақ Едігелерді көрген сияқты, әлденеге мазасызданған түрі бар. Өз тілдерінде: «Тез, тез! Болыңдар енді!!» деп асықтырып жатқандай. Сайдан өткен арқарлар тоңқаңдай желіп, Қарауңгірдің қия беткейін нысанаға алып көлденең тартып ұзап барады.

Кенет Көкдауыл атқи жөнелді. Арқарлар жаққа ұмтыла ма деп еді, мүлде бір қырын, ауыл жаққа қарай салды.

Еділе жаңа аңғарды, арқарлар мен екі орта жақын болғанымен, қалың оппа, одан жуық арада өту мүмкін емес. Қуасық әкі тазы тауды бөктерлей, қары жұқа беткеймен кетті. Үлкен доға жасап, көбік қарды бората, салбалақтап шауып барады. Қауіпті сезген арқарлар да бірін-бірі итере-митере қатерлі жерден шығып, жосылып кетіп жатыр. Тапжылмай тұрған басшы құлжа ғана. Бірақ батырға да жан керек екен, басқалардан кейіндеңкіреп қалған ең соңғы екі-үш тоқты омбыдан шығар-шықпастан еменнің тамырындай қожыр-қожыр, жуан, шаңырақ мүйізін арқасына қайырып лақтырып тастап, басын көкке көтеріп алып тау жаққа тартып берді. Кезінде талай арқар соққан, әдіс-айлаға жетік кәрі тазы биікке өтер бірден-бір жол — қары жұқалтаң жонды алып үлгерген екен, құлжаның кері бұрылуына тура келді. Естері шыққан тоқтылар жамырап сайға түсті. Жан ұшырып, сүріне-қабына, бар армандары арғы бетке жету боп, жаңа ғана өздері тапап өткен жолмен қайта тартты. Бірінің үстіне бірі мінгесе ұйлығып, қылт-қылт етіп барады. Құлжа да солардың соңынан еруге беттеген тәрізді еді, бірақ онысы басын жоятынына анық көзі жетсе керек, сайға түсе бере кілт бұрылып, көлденеңдей кейін салды. Жаңа арқан бойындай жерде келе жатқан Көкдауыл осы сәтте арқармен қабаттасып қалып еді. Еділе тазының құлжаны жұқа шаптан ала түскенін көрген жоқ. Қайраты қайтпаған, қаруы бүтін кезі болса, аппақ қардың үстіне қып-қызыл қанға боялған шек-қарын ақтарылып түсер еді. Бірақ ол күн келмеске кеткен, сондықтан құлжа дір етіп көкке шапшыды да, ұзай берді. Бірақ Көкдауыл қалар емес, жонға екеуі іркес-тіркес шықты. Аралары шылбыр тастам. Еділе, жотаға жеткен соң тазы арқарды ізін баса емес, оң жақ қапталын ала қууға кіріскенін, құлжаның бірте-бірте солға қарай ойысып, Қарауңгірдің тік жартасты берік бетке қарай ығып бара жатқанын аңғарды. Сәлден соң екеуі де көзден тасаланды. Қаншама тесіле қарағанмен ештеңе көрінбеді.

Енді ойынның да қызығы қашты. Еділе төбеден екі-үш рет көңілсіз сырғанап түсті де, ойланып аз тұрып, шанасын сүйрете-мүйрете үй жаққа беттеді.

— Көкдауыл арқар әкелуге кетті,— деді тал шарбақ ішіндегі өріске шығуға жарамай қалған арық-тұрақтардың астын тазалап, жаңа шөп салып, күнделікті күйбең жұмысына кіріскен апасы мен әжесіне.

Арқарлардың сайдан өткенін, кәрі тазының әрекетін олар да көрген екен. Бірақ айтарлықтай қуаныш білдіре қоймады.

— Арқар қуам деп жүргенде ит-құс кездесіп, өзін жазым етпесе игі еді,— деді әжесі.

— Е-е, он бес қар басып, алжып отырған итке таудың тағы аңы жеткізе ме, өз бетімен далақтап жүгіре бермес, қазір қайтып келеді,— деді апасы.

— Арқарды соғып алмай қайтпайды,— деді Едіге.

Әжесі де, апасы да үндемеді. Бірақ қостамады да.

— Сирағынан шап беріп тістеп, басынан асырып лақтырып жібереді,— деді Едіге,— тамағынан ала түсіп, бауыздап тастайды. Мен атқа мініп барам да, алдыма өңгеріп әкелем.

Екеуі де лəм демеді. Жаман-жәутік тоқтылар мен ақсақ-тоқсақ қойларға шөп шашып жатыр.

— Содан соң үйдің сыртына келіп: «Әй, қайссың барсың, арқарды түсіріп алыңдар!» деп айқайлаймын. Атам жүгіріп шығады да арқарды жерге түсіреді. Сойып, етін асамыз. Бүйрегін өзім жеймін, құлағын көкеме жіберем. Көкем құлақты жеп тояды. Менің Едігем жігіт бопты, арқар әкепті дейді.

Ешқайсысы да тіл қатпады. Әжесі теріс айналып кетті. Апасы батыс жаққа қарап күрсініп алды да, тот басқан, айналдырған үш тісінің бірі сынған жаман ашаны шолтаң-шолтаң еткізіп, қимылын тездете түсті. Сәлден соң ол да сырт айналды.

— Көкдауыл жүйрік,— деді Едіге.— Төрт аяқтының жылдамы қоянның өзін екі аттатпайтын, құйрығын бұлғаңдатқан қу түлкінің өзін төбе асырмайтын дейді атам.

Үндемейді екеуі де. Теріс қарап, үндемей күліп тұрған сияқты. Апасының иығы, тіпті, селк-селк етеді.

— Көкдауыл мықты,— деді Едіге.— Атам тауды беткейлетіп қой жайсам күн сайын қасқыр жеп кеткен арқардың жаңа жемтігін көрем дейді, егер ит-құс болмаса, осы өңірде арқар мыңдап өрер еді дейді. Ал Көкдауыл сол арқар алып жүрген қасқырлардың өзін қынадай қырған. Арқар деген сөз емес Көкдауылға. Оның да талайын алған. Өздерің айтқасыңдар.

Алыстан, әлдеқайдан үрген ит даусы шықты. Тау-тасқа жаңғырығып, үзіліп-талып келеді құлаққа. Бәрі де демдерін ішіне тартып тыңдай қалды. Енді дауыс анығырақ жетті. Қарауңгірдің Көлеңкетас аталатын берік беткейі жақтан шығады. Көкдауыл. Арасын бөліп-бөліп, әлденеге ызалана үреді. Сәлден соң төңірек құлаққа ұрған танадай жым-жырт бола қалды. Өлі тыныштық. Тек тоқтылардың ши аралас селеу шөпті кірт-кірт шайнағаны, саулықтардың пысқырғаны ғана естіледі. Үлкен ешкілердің бірі сүзіп

жіберсе керек, бір лақ-текенің бақ еткен даусы шықты. Бірақ ол да қоя қойды. Едіге тырмысып, сатымен үйдің төбесіне көтерілді де, әлі де жып-жылы, буалдыр, көкшілтім леп шығып жатқан мұржаға сүйеніп тұрып, Қарауңгір жаққа ұзақ қарады. Күн шоқының ұшар басынан асып, көкке өрлеп барады. Басқа тіршілік белгісі білінбейді, дүние сілтідей тынып тұр. Төңкерілген алып тостағанға ұқсас биік таудың түсі ызғарлы: манағы көп арқарды да, аққөкірек құлжа мен Көкдауылды да жұтып алып енді нең бар, әкел бері деп тұрған сияқты. Қенет осы тыныштықты қақ жарып, үрген ит даусы естілді. Үнінен шарасыздық, жалыныш табы аңғарылады. Көмекке шақырып жатқандай.

— Байғұсты қасқыр қамамаса игі еді,— деді әжесі. Құлағын түріп сәл тұрды.— Жоқ,— деді содан соң,— ондай қатерден аман тәрізді.

— Көкдауыл сол арқарды алып тұрмасын,— деді апасы.

— Ол байғұста арқар алатындай қауқар қалды деймісің. Еліктай, кенереден аулағырақ тұр, құлап кетесің. Түсші әйтпесе, бәрібір ештеңе көрінбейді. Анар, түсіріп жіберші өзін, сатыға аяғы жетпей жатыр... Тұу, мынаның мұрны қызарып, бет-аузы бозарып кетіпті ғой. Тоңған жоқпысың? Әй, білмеймін.

Тағы да ит даусы естілді.

— Арқарды алып тұр,— деді апасы.

— Сәл-пәл күтейік, мүмкін қайтып келер,— деді әжесі.

Әжептәуір күтті. Бірақ Көкдауыл қайтпады. Сол қалпы, барлыққан үнмен үре берді. Байланып қалған сияқты.

— Арқарды жарып тастап, қасынан кете алмай тұр,— деді апасы.

— Тастан құлап мертігіп жатпасын,— деді әжесі.— Жарайды,— деді содан соң,— не болса да өзі келер түрі көрінбейді, сен барасың-ау деймін. Қорықпаймысың? Ит үн беріп тұр ғой, қорықпассың. Өзім-ақ барар едім, тізесі құрығыр шыдамайды.

— Бәкіңізді беріңіз,— деді апасы.

— Бұйрыққа дауа жоқ, кім біледі...— Әжесі белін буған басқұрды шешіп, тонының түймесін ағытты да, камзолының қалтасынан ет турайтын қара бәкіні алып берді.— Тірі жатса бауыздап жібер. Еркек жокта әйелдің қолы да адал болады. Тек пісімілдә деуді ұмытпа. Ал енді бара ғой. Қолыңа таяқ ал, әрі сүйеніш, әрі қару.

— Малға уақап болыңыз.

— Қанжығаң майлансын! Едіге, шанаңды сүйретіп сен қайда барасың? Қой, қалқам, тентек болма. Әй, түбің

шикі ғой, соңынан қалғың келмей тұр. Жарайды, қазір-ақ келеді шешең, тоңып қалдың, үйге кіріп жылынып шығайық.

...Ет пісірімдей уақыттан соң Көкдауылды ертіп Анар бос қайтты. Тазы ақсаңдап, табанын әрең басады, аяғы қан-қан; үсті-басы тоқсан ит талағандай ұйпа-тұйпа, әбден сілікпесі шығып, мүшкіл халге жеткен. Анардың көзі қызарып, бұлаудай болып ісіп кетіпті.

— Бір-ақ қарғыды,— деді ол.— Менің өзімді тапап кете жаздады.

Шарбаққа сүйеніп, ентігін басып сәл тұрған соң:

— Көкдауыл үйтаспа қамапты,— деді сөзін жалғап.— Аққөкірек зау құлжа. Кіші-гірім тайдай бар. Мұндай үлкен арқар көрген емеспін. Мүйізі үш оратылған, қатпар-қатпар, иір-иір. Тазыны жасқап, жуытпай тұр екен. Мені анадайдан байқады. Тыпыршып сәл тұрды да бір-ақ атқыды. Көкдауыл соңынан қуа жөнелді, құйрық тістесіп бара жатқан, алайда әудем жер шыққан соң құлжа жалаңаш тасты беткейге ілінді де, қарасын шалдырмай кетті. Көкдауылдың табанынан тұк қалмапты. Әрең жеттік.

— Еркек атаулыға жұт болды ғой бұл соғыс,— деді сәлден соң ешкімге қарамай, өзіне-өзі.— Ең аяғы даланың ит-құсы мен тағы аңы да басынды.

Орынқұл кемпір үдемеді. Едіге арыс кеудесі жер тіреп, бір шынтақтай жата кеткен кәрі тазының мойнынан құшақтады. «Мен ешқашан соғысқа бармаймын,— деп ойлады ол.— Бармаймын». Бірақ ол өмір жолы тынымсыз шайқасқа толы екенін, адам боп жаралған соң қаласаң да, қаламасаң да күресуің қажеттігін, жарық дүниенің берер қызығы да, тарттырар азабы да осында екенін бұлдыр сезінгендей еді.

1968

ТҮНГІ ҚОНАҚТАР

— Сәлемші болсаң төрге шық,— деді Өмірбек ақсақал қаусыра бүктелген күпісін шынтақтай жастанып жатқан қалпында.— Тек есікті жабуды ұмытпа.

— Артымда жолдасым бар,— деді қонақ. Бөліп-бөліп айтты.

— А, атаңның аузын ұрайын, байып келген екенсің ғой!— деді Өмірбек мырс етіп.— Ақлима, есікті жапшы.

Қазандағы еттің көбігін алып жатқан шынашақтай сары кемпір сырттан толқындана, жал-жал боп енген ақ тұманға белуарынан көміле, жүгіре басып барып есікті жапты.

— И-и, жарығым-ай,— деді содан соң,— тоңып қалыпты ғой, қолының икемге келмей тұрғанын қарашы. Қойшы ағасы-ау, Тоқметжанды шешіндіріп жібермеймісің. Үйге қонақ келгенде өстіп жата ма екен?!

— Жандарал келсе де тұрар жайым жоқ,— деді Өмірбек.— Өзі шешінер.

Бірақ қонақ өзі шешіне алмады. Бар киімі кептеліп қалған сияқты. Бет аузы суалған сырдың желіндей қатпар-қатпар, иығы қушиған, арық Ақлима ұзын кимешегінің етегі көлеңдеп, мейманының о жағына бір, бұ жағына бір шығып, жеңінен, жағасынан тартқылап жүріп, ақ тұлыпты әрең сыпырды. Тұлып ішінде белінен тарс буылған шолақ қара тон бар екен. Ол да шешілді. Тон ішінен жеңсіз тері желетке шықты. Ол да тасталды. Түлкі тымағының бауы да шиеленіп қалыпты, Ақлима біраз әуреленіп тұрып зорға жазды. Енді қонақ тамағына дейін

түймелеген көк кительмен ғана қалды. Екі қолын кеудесіне айқастыра, сәл иіліп:

— Ассалау-мағалейкө-өм!— деп қайта амандасып, төрге қарай аттай берді де тұра қалды. Өкшесінен басып, галошын сыпырмақ болып жатыр. Бірақ онысы сыпырыла қоймады. Тақыр жер еденге отыра кетіп, қос қолдап тартты. Сыпырылмады. Ақлима екеуі жабылып тартты. Сыпырылмады.

— Мынау шешілмейді-ей,— деді қонақ.

— Аязбен сіресіп қатып қалған ғой,— деді Өмірбек.

— Енді қайттім!— деді қонақ. Жыларман болып тұр.

— Пышақпен тіліп жібер, сонда шешіледі,— деді Өмірбек.

Қонақ қалтасына қолын салды. Бәкісін іздеген екен. Бірақ бәкі табылмады.

— Түсіп қапты,— деді қонақ.— Жеті басты тамаша бәкі еді. Тым құрмаса мына галошты тілген соң жоғалса нетті, тот жегір көк темір. Апыр-ай, енді қайттім!

— Аулыңа барған соң жаңа бәкі сатып аласың ғой, галошыңды пимаңмен қосып сонда тілерсің,— деді Өмірбек.— Ал қазір жоғары шыға бер.

— Во!! Таптым!— Өзінен өзі мәз боп қуанған қонақ пимасын толайымен шешіп, бірінен соң бірін есік жаққа қарай лақтырып жіберді де, шұлғауы шұбатылған қалпы төрге шықты.

— Куль-тура!— деді саусағын шошайтып.

— Қалай турайтыныңда, нені турайтыныңда шаруам жоқ,— деді Өмірбек.— Отыр. Құрдастың дені сау ма? Әлі тың шығар?

— Тың,— деді қонақ.— Сіздер мықтысыздар ғой.

— Мықтымыз,— деді Өмірбек,— Әсіресе мына мен мықтымын. Мықты болған соң ғой, жетпіске келсем де қой соңынан қалдырмай жүргендерің.

— Нешауа,— деді қонақ.— Таза ауада жұмыс істеген денсаулыққа пайдалы.

— Әрине,— деді Өмірбек.— Пайдасыз болса бақтырмас едіңдер ғой.— Сәл бөгелді.— Кешке аттан әрең түсем. Осы қазір өне бойым көтертпей, сүйегім сырқырап жатыр. Кейде шыдай алмай, түні бойы зар қақсап шығам. Бар жұмыс өзімнің мойнымда. Тым құрса ауылда қалатын жаман-жәутікке шөп шашатын көмекші бала бер деп едім, ұзын арқан, кең тұсаумен созып келесіңдер. Жалғыз үйміз. Бір күні өліп қалсам, қашан естіп, жеткендеріңше малдарың қорада қырылмай ма?!

— Өлмейсіз,— деді қонақ.— Тоқсаннан беріде ат басын тартпайсыздар.

— Біз тоқсанға келсек, сендер жүз отызға жетерсіңдер,— деді Өмірбек.

— Жүз отыз деген былай, нелеу... көптеу ғой... Сол сексен, тоқсан да жарайды бізге.

— Тоқсанға ойнап жүріп жетесіңдер. Одан ары мына күнде ішетін жынды суларыңның қырық градысы бар емес пе? Жүз отыз деген сол.

— Жоқ,— деді қонақ.— Жүз отызыңыз көптеу. Біздің қолға ілініп жүргені не?.. Жаман, ашыған арақ, сасық спирт. Алматыдағы мықтылар ішетін, денсаулыққа пайдалы, ешқандай қоспасыз, таза, каниак дейтін арақ бар көрінеді. Не керек, бұл жаққа келмейді. Әйтпесе...

— Ее-е, жынды атаңның аузын ұрайын,— деді Өмірбек.— Сағаң мұңымды шағып, арыз айтып отырған менде де ес жоқ. Жарайды, таңертең сөйлесерміз.

— Таңертең мен орталықта болам.

— Мына күйіңде түн қатпақпысың?! Ешқайда бармайсың. Қазір тамақ ішкен соң жатасың!

Осы сәтте есік ашылып, сырттан тағы біреу үйге кірді. Босағаға аяғының қарын шала-шарпы қағып, қорбаңдап төрге ұмтылды. Басын көтерген Өмірбектің қолын алып, қауқалақтап жатыр.

— Есен-саумысыз. Шешейдің халі жақсы ма. Қолаяқтарыңыз бүтін бе. Мал-бас аман ба. Соғым семіз, шөп мол шығар. Келініңіз босанып, ұл тапты деп естіп ем, бауы берік, ғұмыр жасы ұзақ болсын. Той жасапсыздар, көппен бірге Тілеукен де келе салсын деп шақырмадыңыздар. Не жазығым бар? Өкпелеп қалдым өзіңізге. Әсіресе шешейге өкпеледім.

— Алда, жарығым-ай,— деді Ақлима.— Бір күні кешке, таяу маңды қыстап отырған үш-төрт малшының басын қосып едік, елдің айтып жүргені сол ғой. Неге шақырмайық, қалқам, шақырамыз. Жаз шығып, жер аяғы кеңісін.

— Қалжыңдаймын, апа. Осы соңғы кезде әрлі-берлі өткен жұрт осы үйден құр шықпайтын көрінеді. Сол той асынан біз де дәм татсақ болғаны. Бірдеңе қалып па еді?

— Бар ғой, қарағым, бар. Жол үстінде отырмыз, келген-кеткен кісі ауыз тисін деп біраз алғызып едік, абырой болғаны.

— Уа, пәлі! Ал, шешіндік онда.

Қимылы ширақ. Бар киімін әп-сәтте-ақ сыпырды. Бұл да Тоқмет сияқты, тамағына дейін түймеленген көк китель, қалың сырма қара шалбар киген екен. Өмірбектің аяқ

жағына шөгіп отыра кетті. Жасы жиырма бестер шамасындағы, дене бітімі келісті еркек. Анда-санда теңселе толқып кетіп, жығыла жаздап отырған Тоқметтің қасында кіші-гірім төбедей көрінеді. Омырауы бір құшақ, екі иығына екі кісі мінгендей. Тек басы ғана жараспайды. Жуан мойынның жіңішкере келіп шорт үзілген тұқылы тәрізді. Жағынан шекесі қысыңқы, маңдайы екі-ақ елі. Тақыр басы май толтырылған жас қарындай жұп-жұмыр, аппақ. Сөйлегенде екі шықшыты бүлкілдеп тұрады екен.

— «Өтіріктің шын сөзі зая кетеді» деген осы-ау,— деді Өмірбек.— Жаңа мына Тоқмет артымда кісі бар дегенде нанбап едік, содан бері есікті таба алмай жүрдің бе?

— Жоға,— деді Тілеукен.— Аттар ашығып қалыпты. Пішен салып, жайғағанша сол болды.

— Аудан орталығына жиі барасыңдар, аялдайтын үйлеріңе екі-үш арба шөп түсіртіп қоймаймысыңдар.

— Шөп бар ғой,— деді Тілеукен.— Бірақ аттарымыз ерттеулі күйінде күн ұзаққа байлаулы тұрды. Таң қылаң бере шықпақ едік, шайға отырыңқырап қалған екенбіз, үстімізге кісілер келіп, содан біз олардың үйіне барып... Әйтеуір не керек, сайрандап жүргенде күн батыпты ғой. Сонда ғана ақылымыз кіріп, атқа қондық та, суыт жүріп жеткеніміз осы.

— Е мейлі,— деді Өмірбек.— Кеңсенің қағазы — өргізіп жайғызатын мал емес, алакеуімнен шығып кетсеңдер сәске түсте жетіп барасыңдар.

— Ертең таңертең басқарма мәжілісі,— деді Тоқмет.— Одан қалмауға тиіспін. Тәртіп керек. Басшылық нашар жерде жұмыс ақсамай тұрмайды.

— Пай, пай, Тоқаңның сөзі кітап сөзіндей ғой,— деді Тілеукен.

— Қазіргі таңда мал шаруашылығының маңызы зор,— деді Тоқмет.— Үкімет жауапты қызмет жүктеген екен, сенімді ақтауға тиіссің, жұмыс — ойыншық емес.

— Үкіметтің жұмысымен ойнауға болмайды,— деді Тілеукен Тоқметтің сөздерін қайталап.— Оның үстіне бүгін түннен қалмай жеңешемнің қасына жету керек болып тұр ғой.

— Ол да жұмыс,— деді Тоқмет.— ЗАГС-ке отырдым деген сөз — міндет алдым деген сөз. Міндет алған екенсің — орында!

— Міндет алған екенсің — орында,— деді Тілеукен ыржалақтай күліп.

— Ап-па!— деді Тоқмет.— Арағыңды әкел. Жүреміз.

— Қазір, айналайын, қазір. Шай қайнап тұр, ет те пісіп қалды.

— Ет деген ескіліктің қалдығы, апа. Немене ол ет деген. Ет әр үйден табылады. Арақ қой қолға түсе бермейтін. Тілеукен, әлгі қоржындағы бөтелкені әкелмеймісің!?

— Әкелейін,— деді Тілеукен.

— Жоқ,— деді Тоқмет.— Алдымен осы үйдің арағын таусып алайық.

— Алдымен осы үйдің арағын таусып алайық,— деді Тілеукен де.

— Ал анау — жолазыққа тұрсын.

— Иә, жолазыққа тұрсын.

— Айқай кезеңге жеткенде суырамыз ба?

— Айқай кезеңге жеткенде суырамыз.

— Шөлмектің аузынан ішеміз ғой?

— Аузынан ішеміз.

— Қылқылдатып?

— Қылқылдатып.

Еділе күліп жіберді. Манадан бері мына екеуіне онша назар аудармай, пеш алдында шоққа жылынған қалпы қимылсыз отырған. Енді амалсыз бұрылды. Мас Тоқметтің қимыл-әрекеттері ғана емес, атан түйедей зор Тілеукеннің оның ыңғайына жығыла беретіні де қызық көрінген.

— Ой, мынау әлгі құдың ұлы... то есть, қателесіп барады екем, сіздің өзіңіздің ұлыңыз екен десем, Мәкеңнің немересі... әй, құдай-ай, шатыса бердім-ау, Мәкеңнің баласы ғой!— деді Тоқмет.

— Еділе екен ғой!— деді Тілеукен.

— Қайдан жүрсің, қайда барасың?— деді Тоқмет.

— Он күндікке шықтым, үйге бара жатырмын.

— Келіп отырған беті осы,— деді Ақлима.— Қақап тұр ғой құдайдың күні, тоңып қапты. И-и, айналайын-ай...

— Он күндікке?— деді Тоқмет көзін сығырайтып.— Бүгін... бүгін жиырма төртінші декабрь. Демалысқа әлі бір апта бар емес пе?

Еділе үндемеді.

— Тәуір оқитын балаларды ерте босататын көрінеді ғой,— деді Өмірбек.

— А, солай ма. Биыл нешінші класс едің?

— Алтыншы.

— Оқу қалай?

— Жақсы.

— Төрт пе?

— Жоқ, бес.

— Түгел бес пе?

— Түгел бес.

— Ой, жарайсың,— деді Тоқмет риза болып. — Осы қалпыңнан тайма. Жақсы оқысаң мына мендей боласың.

— Мен сіздей болмаймын,— деді Едіге.

— Мен ферма бастығымын,— деді Тоқмет.— Бар мал, бар ақша менің қолымда. Не ішем, не кием демеймін... Ферма бастығы болғың келмей ме?

— Ферма бастығы болғым келмейді,— деді Едіге.

— Сонда кім боласың?

Едіге үндемеді.

— Сен оқымай, орта жолда қалдың, Едіге оқудың түбіне жетеді,— деді Өмірбек.— Кем дегенде пұркорал, атком болады.

— Ойбай, онда қойдық,— деді Тоқмет шибиген ұзын саусақтарымен қос қолдап бетін басып.— Пұркоралмен ойнап өле алмай жүр деймісіз.

— Күлме, тіршілік болса көресің әлі,— деді Өмірбек.— Бұл сондай жігіт.

— Күліп не көріпті,— деді Тоқмет қайтадан салмақтана қалып.— Зирек баладан бірдеңе шығады. Мына мен мектепте жақсы оқыдым ғой. Әсіресе есеп сабағына күшті едім. Әйтпесе бүйтіп жүру қайда.

— Ағаңнан хат-хабар бар ма?— деді Тілеукен.

Едіге үндемеді.

— Ал қол жуыңдар,— деді Өмірбек.— Кемпірдің асы піскен сияқты.

— Пай, пай, асыл анам-ай,— деді Тоқмет дастархан басына отырып жатып.— Жұрт біліп мақтайды ғой өзіңізді.

— Қарағым, қолда бары осы,— деді Ақлима.— Соғымға жалғыз тайыншамызды сойып едік, арық боп шықты. Қосымша ештеңенің реті келмеді. Бұл — Едігеге асылған ет. Өз сыбағаларыңды кейін жейсіңдер.

— Мына көкмойыннан артық сыбағаның керегі жоқ,— деді Тоқмет.— Айтып отырғаным осы емес пе. Етті Тілеукен мен Едіге жесін. Маған осы жынды су да жарайды. Құй, Тілеукен!

Тілеукен стол үстіндегі шөлмекті қолына алды.

— Тоқа, бүгінгі норма орындалды, ішпей-ақ қойсақ қайтеді?

— Ей, осы ферманың бастығы кім?

— Сіз ғой, сіз.

— Есепшісі кім?

— Мен ғой, Тоқа.

— Кімнің қызметі үлкен, кім кімге бағынышты?

— О не дегеніңіз, Тоқа. Алдыңыздан кесе-көлденең шыққан жерім бар ма!?

— Онда құй.

— Дұрыс қой, Тоқа. Бірақ қазір жол жүреміз. Былай, нелеу... ауырлау болмас па екен?

— Сонша уақыт менің қол астымда істесең де ақылың кірмеген екен!— деді Тоқмет кейіп.— Өмекеңнің немересінің тойында да ішпейміз бе? Дүниеге жаңа келген совет азаматының денсаулығы үшін тым құрмаса бір жартылық босатпаймыз ба? Әлде осы арақты менен қызғанып отырмысың?

— Жеңілдім, Тоқа, бір жолғы ашуыңызды беріңіз,— деді Тілеукен кесерткенің басындай кішкентай басын шайқай күліп. Ақлима әкелген екі кесеге тең етіп бөліп құйды.— Ақыр ішетін нәрсе ғой, сыздықтатып отырмай, бірақ тартайық.

— Мә, Едіге, жіліктің басын мүжі,— деді ет тұрап отырған Өмірбек.— Ал Тоқмет, сен омыртқаны қаужай бер, зәкөске болсын.

— И-и, жарығым-ай,— деді Ақлима Едігеге қарап.— Кісі үйінде тұрып оқыған бала, тойып тамақ та ішеді деймісің. И-и, айналайын, жей ғой, ұялма. Түптеріңе жетеді ғой осы оқу. Қарашы міне, қағанақтай боп отырысын.

— Алып жіберейік,— деді Тоқмет.

— Әміріңізге құлдық, қазір,— деді Тілеукен.— Апа, бір кесе суық су беріңізші...

— Ет жеңдер,— деді Өмірбек.

— Осы қораның өзі әбден ескірген тәрізді,— деді Тілеукен.— Мына мәтке тым қайқайып кетіпті. Бір күні опырылып түспесе нетсін.

Тоқмет те төбеге қарады.

— Салдаулар да майысып әрең тұр,— деді басын шайқап.— Бітіпті ғой. Жазда жөндету керек екен.

— Құлаған соң астынан біздің сүйегімізді қазып алып бір-ақ жөндерсіңдер,— деді Өмірбек.— Бос сөзді неменеге айтасыңдар. Өздерің көк төбелі жақсы үйде тұрып жатырсыңдар ғой, бізге осы да жарайды. Ал енді суып кетпей тұрғанда етті жеп қойыңдар. Едіге, сен қарама бұларға, тойып ал.

— Едіге, жей бер,— деді Ақлима.

— Апа,— деді Тілеукен.— Мына суыңыз тым суық екен, керегі жоқ, апарып қойыңыз.— Көзін қысты.— Бірақ төге салмаңыз, бізден соңғы қонақтарыңыз ішер.

— Ал, кеттік,— деді Тоқмет.

— Кеттік,— деді Тілеукен де.

— Бисмилла...
— ...иррахман, иррахим...
— Астапыралда!— деді Ақлима.
— Жынды атаңның аузын ұрайындар,— деді Өмірбек.
— Дәм жоқ,— деді Тоқмет саусағының ұшындағы бір жапырақ етті танауына апарып иіскеп жатып.
— Маған да солай көрінді,— деді мұрнын тыжыра табаққа қол созған Тілеукен.
— Алыңдар, басады,— деді Өмірбек.
— Же, Едіге,— деді Ақлима.
— Ішкен сайын сіңе береді ғой бұл жарықтық,— деді Тоқмет. Етті табаққа қайта тастады.
— Төрт-бес стаканнан соң су татып кетеді,— деді Тілеукен. Алақанын толтыра, үстемелей асайды.

Сырттан шәу-шәу үрген ит үні шықты. Оған барқылдаған екінші дауыс қосылды.
— Айт, ей, айт!— деді Ақлима.
— Пәлі!— деді Өмірбек.— Қаттырақ айғайла, сенің даусыңды естіген қасқыр енді қайтып бұл маңайға жоламас.

Қаншық ит тынымсыз шабалана берді. Бір жерде тұрмай, шыжбалақтап жүргені аңғарылады. Ал арлан төбет жатқан орнынан әлі қозғалмаған тәрізді. Асықпай, арасын бөліп-бөліп еріне үреді. Сонда да даусы айбарлы.
— Тағы келді,— деді Өмірбек. Майлыққа сүртіне салып, қолымен жер тірей орнынан тұрды.— Тамағыңды да ішкізбейді. Бір жалғыз көкшолақ қарашадан бері торуылдап жүр. Әзір аманбыз әйтеуір.

Манадан жастанып жатқан күпісін үстіне желбегей жамыла салып, босаға жақта ілулі тұрған он алтыншы ескі мылтықты қолына ұстап шығып кетті. Сәлден соң дүңк еткен әлсіз дауыс білінді. «Дәрісі аз»,— деп ойлады Едіге. Мылтық атылған кезде бір сәтке ғана тына қалған иттер кенет қабат үн қосып, өршелене үрген беттері аулаққа қарай ұзай берді. Өмірбектің олардың соңынан жүгіре айтақтағаны естілді. Аздан соң үрген ит үні, айғайлаған кісі даусы қайта жақындады да, пышақ кескендей тыйылды. Сыртқы қақпа сықырлай ашылды. Өмірбектің алқынған үні, бір аяғын екінші аяғына соғып етігінің қарын қаққаны естілді.
— Қалай, тиді ме?— деп сұрады мастығы тарқап қалған Тоқмет Өмірбек есіктен кірер-кірместен.
— Аткан сайын тие берсе осы өңірде қасқыр қала ма. Одан да көрдің бе демеймісіңдер.— Стол басына келіп, сылбыр қимылмен күпісін қаусыра бүктеді де, шын-

тақтап жата кетті.— Әйтеуір иттер үріп тұрған жаққа тартып жібердім. Тіпті, көріп, есік пен төрдей жерден атсам да дарымас еді.

— Ойбай-ау, осы жұрт сізді мерген деп аңыз қылады ғой,— деді Тілеукен.

— Мазақтамаңдар, өз бастарына келеді,— деді Өмірбек.— Қайбір өнері тасып мылтық ұстап жүр дейсіңдер. Әйтеуір ит-құсқа айбар ғой деп.

— Сөйткенмен де бұйырса...

— Бұйырмайды,— деді Өмірбек.— Қорғасын орнына мол етіп жылқының қу тезегін үгіп салам. Аспанға от шашып жібергендей болады. Көрген ит-құс сол түні қайтып келмейді. Тек күнде атуға мүмкіндік жоқ. Осында күздігүні тері жинаушы Секербай келіп еді, ок-дәрісі мол екен, аңшылық белетің жоқ деп сатпай-ақ қойғаны, антұрған. Тымақ істетіп кигелі жүрген түлкім бар еді, соны тегін беріп, жалынып-жалпайып бір шөкім дәрі сұрап алдым; қанша үнемдеп ұстағанмен бітуге айналды. Қора берік болса, тіпті, ойыма кіріп-шықпас еді, әлгі көкшолақ бір күні төбеден түсе ме деп қорқам. Тек екі итке ғана сеніп отырмыз.

— Нешауа,— деді Тоқмет.— Ендігі жылы жаңа қыстаулардың біріне көшірем.

— Менің орнына тағы бір сорлыны әкеп тықпақсың ғой,— деді Өмірбек.

— Бұл қораны да жөндетеміз,— деді Тоқмет.

— Жөнделеді ғой,— деді Тілеукен.

— Мен естімеген сөз еді,— деді Өмірбек.— Былтыр да айтып едіңдер осыны. Жарылқадыңдар ғой.

— Өздері жолдан шаршап келген балалардың мазасын алма,— деді Ақлима.— Ет жегіз.

— Тойдық,— деді Тілеукен.

— Батпай отырғаны,— деді Тоқмет.

— Сорпа ішіңдер, қазір шай да келеді,— деді Өмірбек.

— Шайға қарауға уақыт жоқ,— деді Тоқмет.

— Тоқметжан-ау, жата кетпейсіңдер ме!— деді Ақлима.

— Бөгеме, кемпір, жұмыстарынан қалдырасың,— деді Өмірбек.

— Едіге, атың әлі суып тұр ма еді, бізбен бірге жүрсеңші,— деді Тоқмет.

— Аты дәлізде қабырғаға сүйеулі тұр,— деді Өмірбек.— Өзі шөп жемейтін, су ішпейтін жануар екен.

— Ат жоқ, шаңғымен жүрмін,— деді Едіге.

— Апыр-ау, біз бері өткенде әкең ат жіберем деп отыр еді ғой,— деді Тілеукен.

— Үйге қайтқым келді де, атты күтпей жүре бердім,— деді Едіге.

— Нешауа,— деді Тоқмет.— Қанжығаға шылбыр байлаймыз, соның екінші ұшынан ұстасаң сырғанайсың да отырасың.

— Шылбырға байланбай өзім-ақ жүрем,— деді Едіге.— Таңертең ерте шығып кетсем, төрт-бес сағатта жетіп барам.

— Үйің жолда, тастап кеткеніміз ұят болар, біріміздің артымызға мінгес,— деді Тоқмет.

— Мәкең басымызды жарып жүрер,— деді Тілеукен.

— Ешкімнің де артына мінгеспеймін,— деді Едіге.

— Мынау қиын болды ғой,— деді Тоқмет,—Тентек деуші еді, рас екен.

— Шалдың кенжесі ғой,— деді Ақлима.

— Баланы әуре қылмаңдар,— деді Өмірбек.

— Жолға тастап кеткендей болатын болдық,— деді Тоқмет.

— Естіген елден ұят,— деді Тілеукен.

— Сендер былай етіңдер,— деді Өмірбек.— Шатты басып өтесіңдер ғой, сонда Едігенің үйіне бөгеліп, мән-жайды айта кетіңдер. Алдынан көлік алып шықсын.

— Мынау табылған ақыл екен,— деді Тоқмет қуанып.

— Дұрыс-ақ,— деді Тілеукен де.

— Өздерің білесіңдер, менде қойға мініп жүрген жауыр торыдан басқа аяқ артар ештеңе жоқ, әйтпесе мінгізіп-ақ жіберер едім. Құдайдың күніне сенім бар ма, боран-моран соғып кетсе... жас бала...

— Бетін ары қылсын...— деді Ақлима шошынып.— Кейде артық сөйлеп кететінің-ай осы сенің...

— Жаман айтпай жақсы жоқ,— деді Өмірбек.

Едіге дабырлаған дыбыстан оянды.

— Әй, Тоқа-ай, Қарақораға қайта айналып келдік демедім бе мен сізге. Мынау жатқан — Едіге. Әне, өзі де оянды.

— Едіге?— деді Тоқмет. Тілі күрмеліп, міңгірлеп тағы бірдеңе деді. «Чатақа-кетек» болып естілді Едігеге.

— Шатқа келгеміз жоқ. Ұмыттыңыз ба, түнде бізге ермей, осында қалмап па еді. Бұл — Қарақора. Өмірбек ақсақалдың қыстауы. Жаңа суат жақтан көрінген сол

кісі. Ә-ә, міне, Ақлима апам да келді, қараңызшы өзіңіз, танымай тұрмысыз?

— Алда, қарақтарым-ай,— деді сырттан қи арқалап кірген Ақлима.— Түнде жата кетіңдер деп едік, көнбедіңдер. Шешініңдер енді, қазір от жағам, үй жылынады. Жаурап қалған шығарсыңдар. И-и, айналайындар-ай, тамақ емес, сусын емес, сол шіркінге неге мұнша құмар болдыңдар. Түптеріңе жетеді ғой бір күні. Құдай сақтаған ғой, далада қалмай аман келгендерің жақсы болды.

— Аттар да болдырды,— деді Тілеукен.— Әрең жеттік.

— Шешініңдер, отырыңдар, қазір шай да қайнайды,— деді Ақлима.

— Қал... лайша Қар... р... рақора?— деді Тоқмет.

— Беу, қайран Тоқа-ай!— деді Тілеукен.— Айқай кезеңге шыққан соң қоржындағы жолазық шөлмекті суырдық емес пе. Аузынан жұттық емес пе, қылқылдатып. Содан соң мен ары тарттым, сіз бері тарттыңыз... Ақыры сіз жеңіп, ауыл осы жақта деп болмай қайта алып келдіңіз емес пе. Қалдыңыз енді жиналысыңыздан.

— Ұйқым... келді,— деді Тоқмет.

— Менің де шыпам бітіпті,— деді Тілеукен.

— Қазір, айналайын, қазір,— деді Ақлима.— Екеуіңе де төсек сала қояйын.

Едіге орнынан тұрып, асықпай-саспай киінді де терезенің алдына барды. Ақсұр қалың қырау басып кеткен екен. Тек сынып жамалған ортаңғы көздің бір бұрышында бармақтың басындай ашық жер қалыпты. Едіге сығалап далаға қарады. Аспанның бір бөлігі көрінді. Тоқымдай ғана. Көкпеңбек. Ауада қылау ұшқындап тұр. «Күн тымық болады»,— деп ойлады Едіге.

1969

◇

ШАҢҚА

Төрт жасар Мағжан бір айлық кішкене күшікпен қар еріп, күн жылына бастаған кезде танысты.

Апасы екеуі трамвай күтіп тұрған. Ал трамвай — поезд емес. Қашанда уақытынан кешігіп жүреді. Мағжан зерігіп, жан-жағына қарай бастады. Бұл тұста көше тар. Ойлы, қырлы. Асфальтсыз. Үйлер де өзгешерек. Жалғыз қабатты, шатырлы. Әрі сирек. Сырттарынан кең дуалмен қоршалған. Аулалары толы ағаш. Бірақ көшедегі емен, теректердей зәулім емес, аласа, тырбық. Алма мен шие дейді. Күзде піседі. Ал қазір бұтақтарына жеміс түгіл жапырақ та шықпаған, жаңа бүршіктеніп келеді. Қенет өздерінің дәл артындағы, аялдамамен іргелес, тротуарға мінгестіріле салынған көк төбелі үйдің сыртқы дарбазасы сықырлай ашылды да, бір үлкен кісі көрінді. Үлкен кісі қақпаны жаппай, көзін уқалап, аузын ашып есінеп, аялдамадағы жұртқа қарап ойланып аз тұрды. Содан соң толқып, тротуардың оң жағына бір, сол жағына бір ауытқи, теңселе басып, ұзай берді. Мағжан жүрісі қызық бейтаныс ағай көзден тасаланған шақта ғана аңғарды, жабылып қалған қақпаның алдында шоқиып құртақандай күшік отыр екен.

Аяқтары жуан, кеудесі тырсиған қара ауыз сұр күшік жанына барған Мағжаннан қорықпады. «Бұл кім өзі?»

дегендей, шекесінен қарады да, сол қимылсыз қалпында отыра берді.

— Кел, дос болайық!— деді Мағжан қолын ұсынып.— Мен Мажокпын.

Күшік цирктегі иттерше қолын бермеді. Үндемеді. Тағы не айтар екен деп күтіп тұр.

— Мен үлкенмін,— деді Мағжан жүрелеп.— Яслиді бітіліп, балабақсаға түстім. Оны бітілген соң мектепке барам. Әлі көлесің, таудай болам, дәу болам.

Сонда ғана күшіктің жүзі жылыды. Лып еткізіп Мағжанның саусағын жалап алды. Мағжан да қуанып кетті.

— Сенің атың кім?

Күшік орнынан тұрып, шолтиған сабау құйрығын бұлғаңдатып, шабалана үрді де, Мағжанның пальтосының етегін тістеледі.

— Қандай ақылды!— деді Мағжан күшікті құшақтап, баурына басып.— Қандай сүйкімді! Мен қазіл сені алып кетем.

— Мағжатай, жүр, трамвай келе жатыр!— Апасы.

Осы сәтте күшік тыпырлап, аласұрып қыңсылап, Мағжанның қолынан сырғып түсіп кетті. Мағжан қайта ұмсынған. Күшік ұстата қоймады — ұзап та қашпады. Бір тұтам құйрығын көкке шошайтып алып, арсаландап, жер бауырлай үріп, айналсоқтап жүр. Мағжан енді-енді ұстай бергенде апасы бөгет жасады. Күшікке, күшік екеуінің ойынына назар аудармастан, қолынан жетектеп трамвайға қарай сүйреді. Күшігін тастап кеткісі келмеген Мағжан табан тіреп, тырмысып жатып алды. Бұл екі ортада трамвай да жүріп кеткен еді.

Апасы қатты ренжіді. Яслиден шығып, бақшаға келдің, үлкен жігітсің, бірақ әлі ақылың кірмепті деді. Қиқарлық — жарамсыз әдет; жақсы бала апасының айтқанын да, көкесінің айтқанын да бұлжытпай орындауы керек деді. Мағжан бұл сөздердің бірін естіп, бірін естіген жоқ: бар ойы күшікте еді.

— Бұдан былай тентек болма,— деді апасы.

— Күшікті үйге әкетеміз бе?— деп сұрады Мағжан.

— Бөтен адамның күшігі,— деді апасы.— Ұят болады. Әкетпейміз. Ал ойнағың келсе ойнай ғой, тек трамвай келген кезде жаңағыдай қырсықпа.

Мағжанның көңілі басылып, жыларман болды. Әйткенмен уақыт өткізбей, күшікпен ойнауға кірісті.

— Шо-то-такое!?

Мағжан гүж еткен оқыс дауыстан сескеніп қалды. Сас-

қанынан жаңа ғана ұстап алған күшігін жерге тастай берді. Қарсы алдында мана үйден шығып кеткен бейтаныс ағай тұр еді. Қалың сары сақалы ұйпа-тұйпа, бет аузы мыж-тыж. Көзі кісінің өңменінен өтеді, қып-қызыл. Көңлін қауіп билегенмен, Мағжан онша қорқа қоймады: қасында апасы бар. Шынында да апасы ара түсіп, бірдеңе деді. Ал бейтаныс ағай сөз тыңдар емес. Қолын сермеп, тепсініп, көп сөйледі.

— Жаңағы аға неге ашуланды?— деп сұрады Мағжан трамвайға мінген соң.

— Күшікті ұрлап әкеткелі тұрсыңдар дейді.

— Ұлдаған деген не?

— Ұрлаған деген... ұрлық деген... Біреудің нәрсесін сұрамай, рұқсатсыз әкетсе, ұрлаған болады.

— Күшік мені жақсы көледі,— деді Мағжан аз ойланып барып.— Үйіңе алып кет деген өзі.

Апасы үндемеді.

— Аты Шаңқа екен,— деді Мағжан сәлден соң.— Маған өзі айтты.

Ертеңіне кешқұрым бақшадан шығып, трамвай аялдамасына жетісімен-ақ Мағжан апасын тастай сала күшікті іздеді. Көкшіл сырмен боялған биік тақтай дуал меңірейе қалған. Үлкен қақпа да тарс жабық. Қыбыр еткен жан көрінбейді. Әйткенмен де Мағжан қоршаудың түбіне кеп тұрды. Сол сәтінде-ақ әлдененің тақтайды тырналағанын естіді.

— Шаңқа!

Аула ішінен қыңсылаған дыбыс шықты. Күшік! Алайда қақпаны ашуға болмайды. Бөтен үй. Тіпті, бөтен үй болмағанның өзінде аша алмас еді: тиекке қолы жетпейді. Мағжан дуалдың іргесін жағалап, ішке сығалап қарайтын саңылау іздеді. Саңылау қолма-қол табылғанымен, тым кішкентай боп шықты, қанша үңілсе де есік алдына төселген қиыршық құмнан бөтен ештеңе көзге шалынбады.

— Шаңқа, бері кел!

Шаңқа келе қоймады. Оның есесіне шарылдап қаңсылауға көшті. Тақтайды тырналайды да қаңсылайды, тырналайды да қаңсылайды. Сөйтсе, күшік қай жерден тысқа шығуға болатынын біліпті. Сығылыстыра шегеленген ұзын тақтайлардың бірінің етегі кетік екен. Күшік сиятындай бар. Тек ашық емес, сыртынан жұқа қаңылтыр шегеленіпті. Көк сырға боялған, тақтайдан айырғысыз. Әрі кетпектей таспен бастырып қойыпты. Мағжан тасты орнынан жылжытты да, саңылауға қолын тығып, қаңылтырды ептеп

тартып көрді. Үстіндегі жалғыз-ақ шегеге ілініп тұр екен, бір бүйіріне сырғып ашылды. Құдды, есік сияқты.

Күшік арсалдап, Мағжанға жабыса кетті. Бірақ Мағжан мауқын баса алмады. Апасының «Трамвай келе жатыр, жүр!» деген даусы шығысымен-ақ, қыңсылағанына, тыпыршып, төрт тағандап жатып алғанына қарамастан күшікті қуыстан ішке енгізді де, қақылтырды қайта жылжытып, сыртынан таспен беркітіп қойды.

Осыдан былай Мағжан мен күшік екеуі күн сайын кездесуді әдетке айналдырды. Бақшада түстік пен кешкі астың аралығында сәскелік беріледі. Компот я айран. Оған қоса прәндік, немесе тоқаш. Мағжан өзіне тиесілі сыбағасын жемей, қалтасына салып алады да, күшігіне әкеп береді. Ұлы кішкене күшікке аузынан жырып тамақ әкелетінін аңдаған соң апасы да шиланына анау-мынау сала жүретін болды. Күшік те әбден дәндеп алды. Күнде кешқұрым, Мағжан келер шамада сыртқа шығар қуысының аузында күтіп отырады. Тәттіні қолдан жейді. Содан соң рахмет, тойдым дегендей, Мағжанның бет-аузын жалауға кіріседі. Бір өкініштісі жері, екеуі құмарынан шығып, асыр сап ұзақ ойнай алмайды. Трамвай кеп қалады, трамвай кешіккеннің өзінде апасы рұхсат бермейді. Бұған Мағжан да көндікті. Сәл ойнаған соң: «Ал, бала ғой,— дейтін күшікке.— Ағаң ұлсып, ашуланып жүлел».

Арада үш-төрт апта өткен соң, май мейрамы кезінде Мағжан салқын тиіп ауырып қалды. Әке-шешесі әншейін тымау шығар деп мән бере қоймаған. Асқындырып алыпты. Емханаға жатқызуға тура келді. Бас-аяғына дейін түгел ақ киінген тәтелер көп дәрі ішкізді, көп укол салды. Сөйтіп, екі айда әрең шығарды. Содан соң қаншама уақыт үйде жүрді. Ақыры, жөтелі басылып әбден оңалған кезде көкесі мен апасы бірдей демалыс алды да, үшеуі дәу самолетке мініп, Қырымға кетті. Мағжан көкпеңкөк теңізді көрді. Бір жақ шеті аспанға тіреліп жатыр, үлкен болғанда сұмдық үлкен. Малтығышпын деп мақтанған көкесінің өзі ортасына дейін жүзіп бара алмады. Теңіздің суына көп тұз салыныпты. Әлденеше машина тұз. Ащы боп кеткен, ішуге, тамақ істеуге жарамайды. Оның есесіне шомылғанға пайдалы көрінеді. Мағжан көп шомылды. Жағадағы құмға аунап, күнге қыздырынды. «Демалыс жақсы өтті» деді апасы бұлар Алматыға қайтып келген соң, аэропортта қарсы алған ағалар мен тәтелерге. Рас, жақсы өтті, тек өзімен бірге Шаңқаның болмағаны қандай өкініштті. Ол да суға түсетін еді, ол да құмға жатып, күнге күйетін еді..,

Ұзамай бақшаға қайта барған Мағжан күні бойы тек күшікті ғана ойлады. Ол да сағынған шығар. Мүмкін, досым қайда кетті деп жылап жүрген де болар.

Кешіне апасын сүйрей, жүгіре басып аялдамаға жеткенше дегбірі қалмады. Бұл жолғы сыйы — прәндік те, тоқаш та емес, үлке-е-ен алма. Үлкендігі сондай, апасы сумкадан алып бергенде бір қолымен қарбып қамти алмаған соң, қос қолдап ұстап келген. Шырынды, тәтті алма. Қып-қызыл. Қанша қызыққанымен, өзі жемеді, тіпті, шетінен де тістемеді. Күшігін бір тойғызбақ.

Бәрі бәз баяғыша. Қайқая көтеріліп барып, дөңестен асып жоғалатын тар көше де, көшедегі сығылыса иін тіресқен биік терекгер де. Үй де, аула да. Көк дуал да сол қалпында. Тек күн қақтаған соң сыры жарылып, қабыршақтанып кетіпті. Бірақ кірпіштің үлкендігіндей сұрғылт тас өз орнында тұр.

Мағжан алманы қолтығына қысып, екі қолын босатып алды да, тасты жылжытты. Қаңылтыр да оңай сырғыды.

— Шаңқа! Мен келдім!

Күшік көрінбеді. Ешқандай дыбыс та шықпады. Мағжан қуысқа аузын тақап тұрып, қаттырақ айғайлады.

— Шаңқа! Мен жазылып келдім. Саған алма әкелдім!

Кенет дуал ішінде әлдене қарақ ете түсті. Іле арр еткен үн естілді. Мағжан еріксіз кейін серпілген. Сол сәтіндеақ тесіктен екі езуіндегі өткір тістері ақсиған, көздері қанталаған қабаған иттің басы қылтиды. Ырылдап тұра-тұра ұмтылады. Бір жақсысы, тар тесіктен шығып кете алмады.

Итті көрісімен-ақ апасы лып етіп қасына жеткен еді. Қайырылуға мұрша бермеді, қолынан ұстай алып, шайқалақтай, салдырлай келіп аялдамаға тоқтаған трамвайға қарай дедектете жөнелді.

Мағжанның Шаңқасына арнап әкелген қос жұдырықтай, қып-қызыл алмасы жаңа иттен сескеніп шегіншектеген кезінде жерге түсіп қалған екен, сол бойы, көк дуалдың іргесінен өткен әлдекімдер таптап, жаншып кеткенге дейін, көрінгеннің аяғының астында топыраққа былғанып, домаланып жата берді.

Апасы күшігің ешқайда да кеткен жоқ, сен көрмеген төрт-бес ай ішінде өсіп, үлкен овчарка болды деді. Өзін қауып ала жаздаған қорқынышты ит — сол Шаңқа екен. Хайуанат атаулы, жан иесі махұлық атаулы тегіс бала кезінде, кішкентай кезінде сүйкімді, әдемі көрінеді, өсе келе бәрі де бұзылады, бәрі де жаман боп кетеді-міс. Мағжан

бұл сөздердің ешқайсысына да нанған жоқ. Ол өзінің кішкентай Шаңқасының ауырып емханаға түсіп қалғанына, екеуінің бүгін болмаса ертең қуанышпен қайта табысатындарына нық сенеді. Күнде кешкілік балабақшадан қайтар жолда трамвай аялдамасына келгенде сыры оңған көк дуалдың түбіне барып, күшігім қайтып келді ме екен деп тың тыңдап тұрады. Бірақ аула ішінен тек шынжырдың сылдырағаны, тайдай овчарканың анда-санда әлденеге арс етіп үрген ашулы үні ғана естіледі.

1970



КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

Қара оақырларын шығарып, билет алуға да шамалары келмей, өкшелері жерге әрең тиіп, тұздау үшін күбіге салынған балықтай иін тіресе, жыпырлап тұрған халық трамвай орталықтан аулақтаған сайын сирей берді: жұрттың демімен сұрғылттана шаңытқан қос жармалы қызыл есік топсасы тұтқырланып қалғандай, ортасынан әрең айрылып, қинала серпілген бойда, әр аялдамада топ-тобымен түсіп жатыр, ал жаңадан кірушілер некен-саяқ. Қанша адам келіп, қанша адам кетті — трамвайға бәрі бір, екі бүйіріне кезек шайқалақтаған күйі, дөңгелектері майланбаған, қаңсыған ескі тәреликедей салдыр-күлдір, бір қалыпты шабан жүрісімен тарта береді. Алайда, әр кісі өзімен бірге осындағы жылудың бір бөлігін ала кететіндей, жұрт азайған сайын трамвай іші азынай түсті. Түрегеп тұрған кезде жете аңдамаппын: аяз қойны-қонышыма еркін кіріп, көсіле жайғасқан тәрізді, босаған орындардың біріне отырған бетте өне бойым құрысып, қалтырап қоя бердім; әсіресе аяғым: Алматыда «қыстық» саналатын шолақ қонышты чех бәтеңкесі тарылып кеткендей, ызғырық төгіп, қысып барады. Пальтомның жағасын көтеріп, екі аяғымды біріне-бірін соғыстырып, жылынуға қарекет жасаймын — құр далбаса, оңала қойған ештеңе жоқ.

Бақсам, біраз жан осы халде тәрізді. Әсіресе, менімен қатар отырған, басына түлкі бөрік, үстіне түлкі жағалы қалың пальто киген, шамасы орта жастардағы, әлі сынын

бере қоймаған жұқа келіншек. Кейкі мұрны қызарып, өңіндегі опа-далап тозаңданып, бет-аузы бір уыс боп, көгеріп кеткен, ерні икемге әрең келеді, бірақ қасында түрегеп тұрған, дене бітімі келісті, ұзын бойлы, атан түйедей зор еркекке көзін төңкере қарап, тынымсыз сөйлеп отыр.

— Петр Иваныч,— дейді,— Петр Иваныч, хат үстіне хат жазып, Дамир екеумізді көндірген өзіңіз... күн сәулетті... біздің Тамбовтан суық қой.

Трамвай салдырынан бір сөзін естіп, бір сөзін естімеймін.

— Міне, жеті жыл тұрам, бұл — Алматыда болмаған жай, Лариса Петровна,— дейді Петр Иваныч.

— ...бес — қырық градус...— дейді Лариса Петровна.— Сүйектен өтіп барады!— Бірақ «Ой, күннің суық болғаны қандай жақсы!» деген тәрізді, ризашылыққа толы, құлаққа жағымды әуезбен айтады. Соған орай, аузынан шыққан бу да шәйнектің тар шүмегінен көтерілгендей, сыздықтап, буалдырланып қана көрінеді.

— Жо-о, жо-оқ,— дейді Петр Иваныч аузынан ақ түтін бұрқ-бұрқ етіп. Шүйкедей Лариса Петровнамен салыстырғанда, ышқына гүрсілдеп тұрған паровоз дерсің.— Жиырма сегіз — отыздан аспайды.

— Күмәнім бар,— дейді Лариса Петровна сыңғырай күлуге тырысып. Еркелегені ме, мұрнын шүйіре тартып қояды. Биялайын шешеді де, шиланынан қолорамалын алып, әсем қимылмен танауын, аузын сүртінеді.— Күмәнім бар,— дейді содан соң жаңағы сөзін қайталап.

Мана радиодан синоптикалық мәліметті естігем: жиырма төрт градус; әйткенмен Алматы үшін бұл — Орталық Россия мен Сібірдің қырық градусына парапар. Бейтаныс жандардың әңгімелеріне араласуды ретсіз көріп үндемеймін. Мұз табан қалың көк қырау басқан терезеге қарайммын. Саңылау жоқ. Менің дәл тұсымнан біреу деммен үрлеп ерітіп, оймақтай көз жасаған екен, беті қабыршақтанып қата бастаған. Қарсымдағы таяғына сүйеніп, қаусап отырған кәрі кемпірдің тұсына Мефистофельдің суреті салыныпты, астында Пушкиннің профилі.

Трамвай лықсып келіп аялдамаға тоқтағанда манадан бері ауа райы жөнінде, Алматы, Қазақстан жөнінде тыным таппай дауласып отырған Лариса Петровнаның менің ежелгі жерлесім Петр Иванычты айқын басымдықпен жеңе бастағанын аңғардым.

— Алматыларыңызда алма жоқ екен. Көк базарда килограмы үш сомнан. Оның өзі аз.

— Енді, нетіп... биыл алманың шығымы нашарлау бол-

ды,— дейді өз қаласының патриоты Петр Иваныч та беріспей.— Әйтпесе, жылда...

— Жылда осы көрінеді,— дейді Петр Иванычтың бүгежектеп қалған аңдаған Лариса Петровна масаттанған сыңаймен.

— Рас, алма аз, бірақ оның есесіне азық-түлік мол!— Ақценті күшті, бөгде дауыс.

Шағын пьесаның фрагментіне қатысушылар: сөйлесуші Петр Иваныч пен Лариса Петровна, тыңдаушы мен — үшеуміз бірдей жалт қараймыз. Бет сүйегі шығыңқы, атжақты, таңқытанау, көккөз қарашұбар жігіт екен. Сақалмұрты талайдан бері алынбаған болу керек, ерапайсыз өсіп кетіпті. Үстіне сырма күрте киген, басында түгі ойдым-ойдым қырқылған, мыжырайған ескі ондатр малақай.

— Ол рас,— деді Лариса Петровна сыпайы жымиып.— Газеттерде дұрыс жазады, Қазақстан — молшылық өлкесі.

— «Өзің ішкен құдыққа түкірме» деген мақал бар бізде.

— Мұнда сізден мақал сұрап тұрған ешкім жоқ,— деді Петр Иваныч.

Жігіт бірдеңе айтуға оқтала беріп еді, Лариса Петровна бөгет жасады.

— Отырыңыз,— деді орнынан көтеріліп.— Ғафу етіңіз...

Жаңа ғана аңғардым, жігіт кемтар екен. Оң жақ аяғына тізеден төмен қазықтабан ағаш протез киіпті. Мен де түрегелдім:

— Отырыңыз.

Жігіт біздің сыпайыгершілігімізге назар да аударған жоқ. Ештеңеге сүйенбестен, нық басып, жайымен алдыңғы есікке қарай беттеді.

Түсетін аялдамама жақындаған екем, мен де жылжыдым.

— Қанша дегенмен, Алматымыз бұзылды,— деді жігіт мен қасына барғанда, басын шайқап, таңдайын қағып.

Үнсіз келістім. Жүргізуші отырған алдыңғы беттегі қырау көмбеген, үлкен, ашық әйнектен көшедегі бозамық жарықпен шағылысқан трамвай жолы көрінеді. Шірей тартылған күміс ішек тәрізді. Бойын қысқан аяздан шырт етіп үзілгелі тұрғандай.

Жігіт тағы да таңдайын қағып, өзінен-өзі күлімсіреді.

— Суық.

Бірақ онша жаурап тоңған сыңайы байқалмайды. Мен тәрізді құты қашпай тұр. Кенет маған осы мандайы тыжырайған көккөз таңқытанау жігіт таныс көрініп кетті.

Тіпті, жақын білген, араласқан адамым тәрізді. Әйткенмен, есіме түсіре алмадым.

— Суық,— деді ол трамвайдан түскен соң да жаңағы сөзін мағнасыз қайталап.— Айыпқа бұйырмаңыз, мына дүкенге кіріп, жылынып шығуға қалай қарайсыз?

Оның несі айып! Біздің үй аялдамадан алыстау. Үсік шалмас, әйткенмен бүрсеңдеп жүргенше, аз-маз жылынып алған жөн.

Көше жақ қабырғасы тұтас шынылы, төбесі аласа, төрт бұрышты шағын азық-түлік дүкенінің іші жып-жылы екен. Абыр-сабыр дауыстар. Сауда сөресінің ар жағында ақ халат киген ашаң қыздар тық-тық басып, лыпыл қағады, дембелше келген толық әйелдер тынық қарасуда жүзген ақ сазандардай баяу қалқиды. Қалбырлы, шынылы консервілер, құйма, бұрама тоқаш, ақ, қара, қоңыр нан, сұрықсыз қалың сары қағазға оралған әлденелер (әдетте бұл — не май, не колбаса болады),— бір сөзбен айтқанда тамақ аталатын қажетті дүниемен нығыздалған торқалталарын, бүйірі тырсиған сумкаларын сүйреткен жасы, жасамысы, қартаңы аралас әйел, еркек сапырылысып жатыр. Қақ ортада тұруды ыңғайсыз көріп, бұрыш жаққа беттедім.

— Осы ара дұрыс,— деді серігім қаздаңдай басқан бойы менің қасыма келіп.— Ал, енді алпыс тиыныңызды беріңіз. Сізді әуре қылмас едім, қалтамдағым жетпейді.

Жайылған қолды көргенде сәл абдырап қалдым. Қалада бөтен адамнан ақша сұрамайды. Ауылда да. Жалпы барлық жерде солай. Әйткенмен, уақа емес. Қазақта жаны жайсаң, жұрттың бәрін өзіне дос санайтын жігіттер болады. Алса борыш көрмейді, берсе міндет қылмайды. Ондайлар бағзы бір заманда жабысы ұшқан көлденең жолаушыға тақымына басқан жалғыз күлігін түсіп береді екен, бейтаныс қонаққа қызылқарын балаларына қимаған жалғыз саулығын сойып бас тартады екен. Сол жаны жайсаң, пейілі кең, жомарт көшпенділердің бүгінгі ұрпағы мен де тартынбай, қалтама қол салдым. Абырой болғанда, алақаным толып шықты. Күмісі, мысы аралас біраз ұсақ бар екен.

— Мінекіңіз, қанша алсаңыз да.

Серігім қиқы-жиқы сап-сары тістерін көрсете ыржиып күлді де, тары шоқыған тауықтай, менің алақанымнан үш жиырма тиындықты теріп алды.

— Болды, бір шиша қызылға жетер.

Қайран аңғалдық-ай! «Жылыну» деген сөздің мәнін енді ғана ұқтым. Бірақ шегінер жол қалмаған еді.

Серігім сол сәтінде-ақ құнжыңдап барып бір жартылық нашар шарап әкелді.

— Мінекиіңіз, тақсыр,— дейді жайнаң қағып. Қалтасынан мүйіз сапты, төрт шаппалы үлкен бәкісіп алып, бұрандалы басын ашты да, қолқ етқізіп, шөлмектің тығынын суырды.—«Барға мәзір, жоққа қанағат»— тартып жіберіңіз. Келесі жолы өзіңізге коньяк әперем.

Шөлмек сұп-суық екен. Сырты да,— шөп-салам ба, топырақ па,— таза емес.

— С-сонда... қ-қалай, осы арада ма?— дедім тұтығыңқырап.

— Шұрқ етпеңіз, өзіміздің қыздар, ұрыспайды.

— Тура осы арада... былай... екеуміз де осылай ма?— дедім аузыма сөз түспей.

— Иә, екеуміз де аузынан ішеміз,— деді бөтелкелес серігім менің не айтпағымды қимылымнан аңдап.— Солай ішкен тәтті болады. Ал, өз денсаулығыма деп тартып жіберіңіз. Тез үйге жетіп алмасақ болмас. Қатынға бағынған заман. Бала-шаға тағы бар дегендей.

«Мейлі,— деп ойладым, өзім тіленіп түскен қақпаннан құтылудың басқа жолын таба алмай.— Ішпей жүрген нәрсе емес...»— Қалтамнан қолорамалымды алып, шөлмектің аузын сүрттім.

— «Анда-санда құтырған жаман емес»— деген екен жарықтық Абай. Сіздің арқаңызда өстіп те бір көрейік. Ал, кеттім, есен-сау болыңыз...

Шарап әжептәуір салқын екен, ызғары тісімнен өтіп кетті. Екі-ақ жұтуға шамам келді, әйткенмен сол сәтінде-ақ өне бойыма сүйкімді жылы леп таралып жүре берді.

— Асықпай, әбден ішіп болыңыз,— деді бөтелкелес серігім мен өз міндетімді атқарып біткен шығармын деген оймен шөлмекті ұсынғанда.— Оқыған адамсыз, біздің сілекейімізді... і-і... біздің сарқытымызды ішіп жатқаныңыз жарамас.— Трамвайдағысындай, таңдайын қағып, басын шайқап қойды.

— О не дегеніңіз!..— дедім шөлмекті қайтара ұсынып.— Мен болдым.

— Апыр-ай, енді...— деді серігім шынымен қиналып.— Сөз ретін білмеген деген осы. Сізден қалғаны да жетеді маған, тым құрмаса бір жұтыңызшы.

— Суық екен.

— Асығатын не бар. Мына батареяға сүйеп қоя тұралық, зәрі сынсын.

Бір мысқал болса да аш қарынға түскен шараптың күші ме, ақкөңіл жігіттің шын ниеттен шыққан аңғал сөзінің әсері

ме, көңілім мейірге толды. Мұндайда салмақты, маңғаз деген кісілердің өзі ұшқалақтанып кетеді, ақылды саналатын, аузын бағып сөйлейтін жігіттердің жеңілтек жандарша мағнасыз бірдеңені көйітіп отырғанын көресіз. Мұндай сәттерде адам кеңпейіл келеді, мүсіркегіш келеді, төңірегіндегі жан атаулыны тегіс бауыр, дос таниды, көзіне көрінгеннің бәрін құшақтап, еміріне сүюге бейім тұрады.

Тартыншақтай бергенімді серігім басқаша түсініп қалды ма деп қысылған едім, жүзінен жәбірлену ізі аңдала қоймаған соң көңілім орнықты. Енді ұлықсып шелтиіп тұра беруді жөн көрмей, әңгімеге айналдырмақ болдым. Бірақ әуелде жаңылыс басқан адамның қайта оңалуы қиын ғой, бұрынғыдан ары шатыстым.

— Мына аяқты қай соғыста беріп жүрсіз?— Бұдан артық ақымақ қалжың ойлап табу мүмкін емес еді, онымды сол мезетте-ақ аңғардым, амал не, кеш аңғардым.

— Е-е... мастықтың әсері ғой,— деді серігім езуіндегі күлкісі жиыла қалып.— Арақ-шараптың мастығы емес, тек.— Күтпеген сұраққа мұндай шұғыл жауап берем деп ойламаса керек, өзінен-өзі ыңғайсызданып қалды. Бет сүйегі сорайып, ұрты суала түскендей; екі-ақ елі тыжыр маңдайы мүлде қатпарланып, көпе-көрнеу қартайып кетті. Тек шүңірек көкшіл көздері ғана бұрынғыша күлімдеп тұр, бет бейнесімен мүлде қабыспайды.

Кенет миымның архив бөлімінің тот басқан қақпасы сарт етіп ашылғандай, бәрі де есіме түсе қалды.

— Сіздің атыңыз?...— Бұл — осы кеште мен жіберген екінші қателік еді.

— Көшім.

Сол!

2

Ол кезде мен университеттің тарих факультетінің үшінші курсында оқитынмын. Қайғысыз, қамсыз шақ. Оқу бір қалыпқа түскен, яғни ортадан жоғары, стипендиялық қана. Одан артығының керегі де жоқ — алатының бір диплом. «Жиырма бес қайта айналып келмес саған» дейді ғой ескі өлеңде — оншасын білмеймін, жиырмаға жаңа шықтым. Көзім анық жететіні — студенттік өмір қайта айналып келмейді, уақытты бос өткізбеу керек. Кітапхана... оқу залдары... Әрине, студент аталған соң епте... Емтихан, зачет кездерінде. Негізгі кәсіп — басқа. Атап айтқанда қыз қарау. Өзімді әйел жүрегінің асқан білгірі санаймын. Табанының қалыңдығы екі елі «стильный»

туфлиімді, балағы артық та, кем де емес, тура он төрт сантиметр қуықтай шалбарымды киіп алып (кең балақ пен тар балақтың,— менің ойымша етектен тартқан ескілік пен өршіл жаңалықтың,— арасындағы тартыстың шиеленісіп, шарықтау шегіне жеткен шағы), кеш бата қызды ауыл — ЖенПИ-ді торуылдаймын. Кейде мен жеріп, кейде қыз жеріп дегендей,— әрине оны жолдастарым білмейді, «тастаған» бәрібір мен боп шығам,— өмірді біраз танып қалғанбыз; енді тұрақтап, біреумен мәңгі қосақталу жағын да ойланатын кез жеткенін байқағам.

Көп ұзамай құдай ол тілекті де берді. ЖенПИ-ден айнып, орта жолдағы гуманитарлық, техникалық, тағы басқа да толып жатқан мамандық өкілдерінің бәрінен аттап өтіп, медицина институтынан барып бір-ақ шықтым. Шашы қысқа қиылған, дене бітімі қолдан мүсіндегендей аса келісті, балтыры ақ қайранның қарнындай жұп-жұмыр. Сол жақ ұртындағы тарының дәніндей ғана меңі,— оны кейде үстінен қара қарындашпен шұқып, үлкейтіп қоятын,— бауырсақ мұрны, сілеусін көздері мен қалмақы қиғаш қасы оның аққұба өңіне ешкімге ұқсамайтын өзгеше көрік беретін. Жалпы, бет бейнесі жапон қызына ұқсас-тын, бірақ епте-п шәлдіріктеп сөйлетіні болмаса, таза қазақ еді. Аты Күлмира.

Көзіңе тік қарайтын, киіктің асығындай қолға жұқпай ойнап тұрған әдемі қызбен танысқан бойда-ақ біздің үйдің түтінін түтетуші — осы кісі болуға тиіс деп шешкем. Мен де оған ұнап қалған тәріздімін, кешіне киноға баруға бірден келісті. Алайда тым ертерек масайраған екем. Кинодан шыққан соң менімен бірге таза ауада оңаша серуендеуге ықылас білдіре қоймады — ертең семинар сабағы бар көрінеді. Бізде де солай еді, тіпті, ұмытып та кетіппін, уақасы жоқ, бір семинармен оқудың түбіне кім жеткен. Әйткенмен, қызға өз ой жүйемнің дұрыстығын дәлелдей алмадым. Ол аз болғандай, жатақхананың алдына жеткен соң «қызым»: «Енді маған келіп әуре болмаңыз» дегенді айтты да, мені ақымақ қылған беті, артына бұрылмастан, әлденеге қатты өкінген кейіпте өкшесін қадай, тық-тық басып жүре берді.

«Қелме» деген бір-ақ сөз, ал бармай қою оңай іс емес. «Ерді намыс өлтіріпті» дейді ғой. Өзін-өзі сыйлайтын сері жігітке бастамай жатып тастанды болғаннан артық қандай намыс керек. Оның үстіне қыз да қатты ұнап қалған. Араға үш күн салып қайта бардым. Шықты. Ананы-мынаны, әлдекімдердің басынан өткен әртүрлі хикаяларды айтысып, екі-үш жерге аялдама жасап, төрт-бес шақырым жол жүріп,

түнгі сағат он екіге он минут қалғанда,— он екі нөл-нөлде есік бекітіледі,— жатақханасына аман-есен әкеп салдым. Онша алысқа бармасақ та жарасып-ақ кеткен сияқты едік, қателесіппін, алғашқы күнгі тарих бір жетіден соң тағы қайталанды. Бұл жолы шынымен-ақ «атқаз» алған шығармын деп ем, құданың құдыретінде шек бар ма, апта өтпей қайтадан ай мен жұлдызды тамашалап, көшеде бірге жүрдік. Алайда мұнымен де шаруа бітпепті, көп ұзамай тағы да екі-үш таңды ұйқысыз атыруға тура келді. Өстіп, күн ара киноға апарып жүрген қызды өзімдікі дей алмай, қорлықпен үш ай өтті. Ақыры, мұндай итшілеген өмірден әбден қажып, сол пәле енді келме десе бармай-ақ қояйыншы деп жүргенде, ай қараңғы түні, шамы сөнген, тротуарлары үңірейген иен көшелердің бірінде ойламаған жерден құшағыма құлай кеткені.

Баяғыдан бері мені сынаған көрінеді. Шын сүйетініме көзі жетіпті. Енді бізді өлім ғана айырмақ.

Маған жаңа жағдайға сәйкес жаңа роль жүктелгенін көп ұзамай-ақ аңғардым. Оның мәні: қызыма аптасына кемінде үш рет барып тұруға тиіспін, ал сенбі, немесе жексенбі күндері міндетті түрде кино, я театр; жолдас қыздарының бәрімен сыпайы амандасып жүруім, оларға жақсы жағымнан танылуым қажет; бейсауат қаңғырғанды қоям,— қандай жолдармен білгенін қайдам, қыз менің Алматыға келгеннен бергі үш жыл өмірімнің жай-жапсарына қанық боп шықты,— егер ЖенПИ-дің, Иняз-дың, немесе басқадай бір қызы мол мекен-жайлардың төңірегінен көзге шалынып қалсам, қайтып мединститутты маңын көрмеймін. Қорыта келгенде, Татьянаның Онегинге айтқанындай, өзімді алдымен жалғыз хаққа, содан соң кісінің шек қарының жарып, мүшелеп союға маманданып жүрген қуыршақтай құбақан қызға тапсырдым.

Курстас құрбы-құрдастарының ішінде Күлмираның ең жақын тұтатыны — түрік ерін, қайқы құйрық, тығыршықтай қара қыз Әлия еді. Мектепте де бірге оқыпты. Жасынан жұп өскен жан аяспас досы. Менің осы бақытқа қолым жетуі жолында атқарған қызметі ерекше көрінеді. Күлмира маған қырын қарап қалғанда талай рет зорлап киіндіріп, итеріп шығарып жіберіпті. Әлияның өзіне бетінде қорасан дағы бар Көшім деген кішкентай көккөз жігіт келіп жүретін. Шегедей қатып, әдемі киінеді. Қара костюм, қатырма жағалы ақ көйлек, түйіншегі қылдырықтай қара галстук, ақ носки, үшкіл тұмсық қара туфли — ең соңғы мода. Кейде бас изесетініміз болмаса, әзірге жақын таныстығымыз жоқ. Әлі менің дәрежеме жетпеген сыңайы байқалады, бірақ жай

талапкер емес, талапкерлердің ішінен іріктеліп шыққан үміткер сияқты; тек сын кезеңі созылыңқырап кеткен; мен карьерамды жаңа бастаған шақта біраз стажы бар тәрізді еді, әлі сол қалпы: Әлия «уақыты болмағандықтан» кейде шықпай қалады; бұл көрініс соңғы кезде тым жиі қайталанып жүрген.

Ал мен... мен қиян-кескі соғыстың талайын бастан өткеріп, жиырма бес жыл бойы міндетті әскер қатарында болған, енді өзінің туған деревнясына біржола қайтуға қанша ай, қанша күн қалғанын саусақпен санап жүрген патша армиясының кәрі солдатындай, кәмелетке толғаннан бері махаббат майданында әйел жынысынан көрген барлық қорлығымның төлеуін алуға жақын калғам: Күлмира екеуміз алдағы көктемде қосылмақпыз. Соған орай, бұрынғы міндетті сұхбат кестесі жайына қалып, қызыма күн демей, түн демей, қалаған уағымда барамын. Қашан барсам да сыртта бүрсеңдеп тұрған Көшімді көретінмін.

Күн сенбі еді. «ЧП» деген екі сериялы ғаламат кино шығыпты деп естіп, әйтіп-бүйтіп жүріп әрең билет алғам. Күлмира да әзір отыр екен, көп күттірмеді. Баспалдақтан түсе бергенімізде алдымыздан Көшім шыға келді. Ауа ызғарсыз, жұмсақ болғанымен қарашаның соңы, киімі жұқа ма, өңі қашыңқы, боп-боз. Бұрын тық-тық басып, шегедей қатып, шалқақтап жүргенде кішкентайлығы байқалмайтын, енді иығы қушиып, шынашақтай боп қалыпты.

— Қарындас...— деді ол көлденеңдей беріп,— Күлмира... маған Әлияны шақырып беріңізші...

— Әлия жоқ,— деді Күлмира тәкаппар жүзбен Көшімді басынан аяғына дейін сүзіп өтіп.

— Кешіріңіз...— деді Көшім тайқақтай сөйлеп.— Айыпқа бұйырмаңыз, мен жаңа терезеден көрдім. Әлия үйде отыр.

— Фу, қызық жігіт екенсіз,— деді Күлмира өтірігі шыққанға қысылу орнына ашу шақырып, кекете мырс етіп.— Жабысып қалмай қойдыңыз ғой өзіңіз. Сізді мүлде көргісі келмесе не істемекпін?

Көшім сөлбірейген күйі, үндей алмай тұрып қалды.

— Жарайды,— дедім мен әрі Күлмираның қылығына ыңғайсызданып, әрі Көшімге жаным ашып («Бөріктінің намысы бір»),— шақырып бер.

— Шықпайды ғой,— деді Күлмира жүзі жыли қалып.

— Сүйреп алып шық. Үгіттеп көндір.

— Жарлығыңыз орындалды, қазір біздің Әлия сіздің Көшіміңіздің сыбағасын береді,— деді былай ұзаған соң Күлмира менің саусағымды қысып.

— Онда несіне соңынан алты-жеті ай сүйреткен?

— Адам қателеспей ме... Өзі шыттай киінген. АЗТМ-да істеймін деген соң... Сөйтсе, инженер емес, жұмысшы... Университеттің филфагына ма, физматына ма, қатарынан үш жыл тапсырып түсе алмаған сабаз боп шықты.

— Биыл түседі,— дедім мен.— Міндетті түрде түседі. Қазір өндірісте істегендер бірінші кезекте қабылданады.

— Мейлі,— деді Күлмира мұрнын тыжырып.— Енді бәрібір. Әлия жігіт тауып алды. Тау-кен институтында оқиды. Фигурасы тамаша, қою қара қасты, сондай симпатичный... сұлу жігіт...— Сәл бөгелді.— Осы Әлияда жігіт қарайтын түр бар ма,— деді содан соң басын шайқап.— Бұйрықты қойсаңшы, бетіне дұрыстап опа да жаға алмайтын салпыаяқ жаман қыз жақсы жігітті қармағына іліндірді. Биыл соңғы курста екен, сөз жоқ, үйленеді...

Мен дұрыс, не теріс дей алмадым. Біртүрлі жайсыз күйге түстім. Қызымның бетіне қарауға да батпадым. Қолтықтасып, үнсіз келе жатырмыз. Өзінің артықтау кеткенін сәлден соң ғана аңдаса керек, бетіме жалт етіп қарап алды да, Күлмира қатты тоңған адамдай маған тығыла түсті. Екеуміз алғаш танысқан кездегі әлденелерді еске түсіріп, күліп қояды. Мақұлдап бас изегенім болмаса, әңгімені өрбітіп әкете алмадым.

— Білемісің,— деді ақыры Күлмира біз «Қазақстан» кинотеатрына жақындаған кезде,— мен сені ешкімге де айырбастамаймын.

Қолымды қолтығынан босатып ап, белінен құшақтадым.

— Мен — айырбасталып кететін мүлік емеспін.

— Сен мүліксің, менің меншікті мүлігімсің.

— Жарайды, біржола меншіктенсең, мүлік-ақ болайын.

— Ой, Салтыкенчик...

— Кім дейсің?

— Салтыкенчик... мен енді сені солай атаймын. Бір түрлі салмақты, әдемі.

— Мен білетін ең салмақты ат — әкем азан айтып қойған Салахиддин.

— Сондай старомодный...

— Онда менің курстас жолдастарым құсап, европашылап Саладдин де. Білемісің Саладдиннің кім екенін?

— Білем. Крестшілер жорығына қатысқан атақты батыр.

— Ойланыңқыра,— дедім мен.

— Айтпақшы, бір кітаптан оқығам. Ағылшын королі Арыстан жүрек Ричардтың досы. Барон болған.

— Барон болған Де Во.

— Мейлі, тарихшы емеспіз, бізге бәрібір. Салтыкен деген аттың несі ұнамайды сағаң? Салтыков деген мықты жазушы да бар емес пе, Щедрин...

— Орыс тарихында Салтычиха деген де болған.

— Бәрібір, мен сені бұрынғыша Сәлкен деп атамаймын. Сәлкен — Сәкен. Сәкен Сейфуллин... Өзі де сондай сымбатты жігіт, қиылған әдемі мұрты бар, Сейфуллиннен аумайды. Әлияның жаңа жігітін айтам. Оның да аты Сәкен...

Жүрегім сыздап қоя берді. Май ішкендей іші-бауырымның кілкіп бара жатқанын аңдадым.

3

Арада бірер ай өтті. Қысқы емтихан сессиясы басталған. Осының алдында ғана тиесілі зачеттарымды ес кетті, жан шықты дегенде әрең тапсырып бітіп ем. Шайқалақтасам да, үш жылдық мол тәжірибенің арқасында нақты білмеген жерде жалпылай, жалпысын білмеген жерде қиялап кеп сол ағайындас басқа сұраққа көшіп кетіп дегендей, бел ортада жүре алмағанмен ең артында да қалмай, әйтіп-бүйтіп өткем. «Қуырдақтың үлкені — түйе сойғанда», осы жолғы төрт емтиханның алғашқысы-ақ маған жуық арада оңалмас ауыр соққы болып тиді.

Қанша малтыққанымен миымның барлық қатпарларын ақтарып, ойдан-қырдан құрап билеттегі сұрақтың үшеуіне де жауап тапқам. Ауыз ашпаған студенттердің өзіне екі қойып көрмеген қайрымды кәрі профессорымыз сырқаттанып қалыпты да, емтиханға оның орнына жақында ғана докторлық диссертациясын қорғаған, жасы отыздың ар жақ, бер жағындағы Мейірманов деген жігіт келген екен, атына заты сай болмай шықты, қосымша сұрақтар қойып, қадалып отырып алғаны. Мен — тісқаққан студент болсам, ол талай тісқаққанның тісін қаққан, бойына күші сыймай тұрған жас профессор, жұртқа түсінікті тілмен айтсақ мен — мықтағанда үшінші разрядты боксер, ол — халықаралық өредегі мастер, және мен — әуесқой, шибұт баламын, ол — профессионал, Джо Луис; рингтің төрт бұрышына кезек-кезек қуып тығып аямай сабады. Екі-үш раунд өтпей-ақ дүниеден біржола баз кешіп, жеңілгенімді мойындадым да қарсылықты тоқтаттым. Ринг еденінде қолыммен жер тірей, шөке түсіп отырмын. Басым салбырап кеткен. Төрешім (әрі қарсыласым) Джо Луистің «...сегіз, ...тоғыз, ...он ...аут — неуд» деген қаһарлы даусын күтем.

— Ештеңе сезбейсің,— деді шынында да үлкен төбелес-

ке түскендей, екі иінінен дем алып, қып-қызыл боп кеткен профессор.— Масқара!

«...сегіз...»

— Осы сіз сияқты, аузың қайсы десе мұрынын көрсететін қасқалардың бір орынға он абитуриенттен келетін қырғын конкурстан өтіп, оқуға қалай түсетініне таң қалам,— деді профессор.

Артықтау сілтеп жіберді. Профессор болмасам да профессордан кеммін деп жүрген жігіт емеспін.

— Мен университетке конкурс атаулыдан тыс, емтихансыз қабылдандым,— дедім сол шөкелеп отырған күйімде басымды көтеріп.— Мектепті күміс медальмен бітіргем.

— Осындай балалардың,— деді менің сөзімді елеусіз қалдырған профессор алғашқы анықтамасын сәл сыпайылап,— осындай балалардың әйтіп-бүйтіп оқуға түскеннен кейін де сол түк білмеген қалпы сүйретіліп жүре беретініне қайранмын, бір курстан екінші курсқа қалай көшетініне қайранмын.

— Мен бастапқы үш семестрде үздік оқығам.— Қолымды жерден алып, еңсемді жаздым. Әйткенмен түрегеуге шама жоқ, сол тізерлеген қалпым.

— А-а, солай ма?— деді менен үлкен болғанымен, біздің курстағы жігіттердің біразынан жасы кіші профессор. Келекелей мырс етті.— Онда, шырағым... Марк Красстың ақырғы жорығы туралы айта қойшы. Есіңе түсірейін, Красс парфяндармен соғыста өлді ғой, содан соң бірінші триумвират ыдырайды...

Ұстазым маған шынымен-ақ екі қоюға ниет еткен тәрізді, алдымды орап кетті. Оқулықта Красстың өлімі туралы берілетін бар мәлімет осы-ақ, ал парфян соғысы жөнінде ештеңе айтылмаған. Бірақ маған еске түсірген-түсірмегені, алдымды ораған-орамағаны бәрібір еді: кезінде қадым заман тарихына қатысты классикалық әдебиетті тегіс, бүгешігесіне дейін бажайлап оқығам.

«Бокс!» Мен лып етіп атып тұрып, қайтадан ұрысқа кірісіп кеттім. Қарқыным күшті, жуық арада тоқтамақ емеспін.

— Жарайды,— деді төреші — қарсыласым. (Гонг — тағы бір раунд бітті, бұ жолы менің пайдама.) — Плутарх осылай деп жазады. Екінші сауал: Қыпшақтар және Кавказ.

— Бұл — тым жалпы сұрақ.

— Программа бойынша ғана айтыңыз.

— Програмада бұл мәселе қамтылмаған. Әйткенмен, асықпай тыңдасаңыз...

— Онда...— профессор көзін сығырайтқан қалпы маған қарап аз бөгелді.— Хулагидтік Иран мен Алтын Орданың арасындағы күрес және хан Ноғайдың көтерілуі.

— Көп білесің,— деді профессор менің аяқ алысымды аңдап сәл отырған соң.— Тым көп білесің.— Костағаны ма, кекеткені мен белгісіз.— Бірақ сен сияқты берекесіз жігіттерден түк те шықпайды. Жаңа, алдында жауап берген студентті көрдің ғой. Көп дайындалған, табандап отырған, қайтсем де бірдеңе білем, қайтсем де осы сабақты өткізем деп жанын салған. Сонда үшке әрең ілінді. Үйткені жетер жері сол, самғап барған шырқау биігі сол. Егер оның бойына сенің қабылетіңді дарытса не боп шығар еді? А? Алла тағала қателескен... Бірақ біз ол қателікті түзейміз. Сол жолдағы алғашқы қадам ретінде қазір Сізге... қанағаттанғысыз деген баға қоямыз... Мінекиіңіз.

Алдаусыратып, үміттендіріп жүріп, жүріп, кенет ғаламат күшпен иегімнің астынан салып кеп жіберді. Аяқ-қолымды жинауға да шамам келмей, көз алдым тұманданып, ұшып түстім. Нокаут!..

Кешіне қайғы-шерімді тарқатып, аз-маз бой сергітіп қайтпаққа Күлмираға бардым. Мұң шаға қойғам жоқ, алайда қу қыз менің онша жетісіп жүрмегенімді қабағымнан-ақ аңғарды.

— Тым салбырап кетіпсің, емтиханнан құлаған жоқпысың?— деп сұрады оңаша көшеге шыққан соң.

— Жоқ,— дедім мен амалсыз жалған сөйлеп.— Үш алдым.

— Сол-ақ па?

— Сол-ақ...

Қыз сақылдап күлді.

— Байқа, сендердің университеттерінде бір жігіт асылып өліпті. Арнайы стипендиат екен, бір сабақтан төрт алып қалса керек.

— Өтірік болар...

— Рас. Чайковскийдегі жатақханада. Ауласы толы қалың ағаш қой, сол араға... Біздің қыздар айтады.

— Қыздар айтса, бекер сөз,— дедім мен жайсызданып.— Жігіттермен байқап қалжыңдасу керек.

— Онда және бір өтірік айтайын,— деді Күлмира тағы да маған қарап жымиып алып.— Әлгі сенің Көшім досың...

— Менің досым — Сәкен.

Жаныма сая іздеп келгенде байғұсым-ай деп мүсіркеу орнына мазақ қылған тұштақай қыз жынымa тие бастаған.

— Сенің Көшім досың,— деді Күлмира менің сөзіме назар аудармастан,— біздің Әлияға: «Сенсіз өмір сүре

алмаймын, енді маған өлім артық» деп кеткен екен, сол күні трамвайдың астына түсіпті.

— Қалай?

Даусым каттырақ шыкса керек.

— Тс-с,— деді Күлмира сұқ саусағын ерніне апарып.— Без паники.

— Қалай... сонда...

— Басқа амалы таусылған соң, қорқыту үшін айта салған сөзі де. Біреу мас боп, біреу аңдамай дегендей... талай адамды машина қағып жатпай ма үлкен қалада!

— Тірі ме?— Бақытсыздыққа ұшыраған Көшімге жанашырлық па, осының бәрін маған жайбарақат баяндап тұрған Күлмираның безбүйректігіне таңырқаушылық па — бойымды қандай сезім торлағанын өзім де айта алмас едім.

— Тірі. Бір аяғын ғана кесіп кетсе керек. Операция сәтті өтіпті.

Құлағымның ұшы дыз ете түсті.

Ұйқыдан жаңа оянғандай, көзімді ашып, жан-жағыма карап ем, манадан бері осы жақында ғана салынып біткен Орталық стадионды (ол кезде «Урожай» аталатын) төңіректеп жүр екеміз. Таяу арада биік үйлер жоқ, маңайымыз бірталай жерге дейін аңғал-саңғал ашық, гулеп ызғырық соғып тұр.

Сері жігіттер тоңбайды, қалтырайды. Мен алты ай қыс бойы жалаңбас жүрсем де, қалтыраудың өзін нәренжіктік көретін едім. Бірақ дәл осы сәтте жай қалтырап кана қойғам жоқ, тісім тісіме тимей қалшылдап кеттім. Сән үшін ғана үстіге іліп жүрген күздік жеңіл пальто мынадай үскірікте қайдан қамсау болсын, қойны-қонышымды аяз кеулеп алған. Құйқасы жұқарған жалаң басыма темір телпек қапталғандай, екі шекемнен қысып тұр. Бас сүйегім шытынап, сынып бара жатты, Қолымды апарып көріп ем, құлақтарым қаудыр-қаудыр етті, екеуінің де ұшы кетіп қалған тәрізді.

Мейлі, болар іс болды, ендігі мақсат — қиын халден сыр бермей шығу. Қызды еппен бұра тартып, жатақханаға қайтар көшеге түсірдім.

Үнсіз келеміз. Шынында, менде айтар сөз де қалмаған.

— Осы жақсы жігіттердің бәрінің де әйелдері жаман болатын себебі не екен?— деді Күлмира бір кезде.— Көрік десең көркі, білім десең білімі, атақ-абырой десең атақ-абыройы бар не түрлі жайсаң жігіттердің қасынан арғымақ атқа қосақталған, жабағы жүні түспеген мәстек байтал сияқты,— извини за выражение,— не тұр, не сұқыт жоқ жаман қатындарды көргенде, прямо ішің күйеді.

Не деп жауап қайырарымды білмедім. Шындыққа жа-

қын, әйткенмен әлі беті ашылмаған, тәжірибесіз жас қыздың емес, өмірден көргені, түйгені мол кексе әйелдердің ғана аузынан шығар сөз. Тіксініңкіреп қалғаныммен, қарсы сауал қойдым.

— Ал жақсы қыздардың кезінде сол тамаша жігіттерге қарамай, әдейі іздеп жүріп, жаман жігіттерге шығытыны қалай?

Қанша білгір болғанымен Күлмира бұл тарапта ешқашан да ойланбаған тәрізді. Қапелімде ештеңе дей алмады.

— Мәселен?— деді біршама уақыттан соң ғана, маған қарсы қарап, қалт тұра қалып. Жатақхананың алдына келген екеміз.

— Мәселен, сенің Әлия досың өзінің шын бақытынан айрылып қалды ғой деп ойлаймын.

— Әлия біреу-міреу қызыға қоятындай жақсы қыз емес, мұны өзің де білесің,— деді Күлмира.— Тек аузы салулы. Әйтпесе... Жалпы, оған сен айтқан формула емес, мен айтқан формула сәйкес келеді.

— Сенің өзіңе ше?— Аузымнан қалай шығып кеткенін білмеймін.

— Оны болашақ көрсетер,— деді Күлмира менің басымнан аса әлдеқайда қарап.

Ішім суып кетті. Демім бітіп қалғандай. Аузымды ашқанмен, ар жағынан сөз шықпады.

— Сенен бір өтінішім бар,— деді Күлмира кетуге ыңғайланып.— Әлия екеуміз үшін бір шаруа тындырып беремісің?

Үнсіз бас изедім.

— Әлгі Көшім деген әумесір өлер алдында... то есть, нетіп... сүйтер алдында Әлияға хат жазып, почтамен бір дәптер өлең жіберіпті, ескерткіш болсын, жоғалтпай сақта деп. Как будто мұнда біреу құмар боп үздігіп отырғандай. Енді былай болған соң... кеселі тиіп жүрер. Өзіне апарып беру керек еді...

4

Лидерин тысты қалың қызыл дәптер бірінші бетінен соңғы бетіне дейін толған өлең екен. Отан туралы, партия туралы. 23-февральға арналған, 8 мартқа арналған. Біздің қазіргі бақытты өміріміз жөнінде, қарапайым адамдардың ерлік еңбегі жөнінде. Әйткенмен, жинақтағы ең өзекті мәселе — махаббат жайы еді. Бұл —«Алматыда, айлы түнде», «Сүйгеніме», «Ә... ға», «Мәңгілік серт» деген сияқты өлең тақырыптарыннан-ақ аңғарылатын.

Жалпы, жас талапкердің барлық туындыларына ортақ қасиет, дәлірек айтсақ, ортақ кемшілік — ұйқастардың кейде келіп, кейде келмей жататыны, автордың ырғаққа мүлде мән бермейтіні, кейде, тіпті, буын санынан да жаңылып қалатыны, көптеген шумақтардың біріне-бірі жалғас жазылғандықтан ғана пышырап, жан-жаққа қашып кетпей тұрған, өзара байланысы аз, мағна тұтастығы жоқ қарадүрсін жолдардан зорлықпен құрастырылғандығы еді. Дәптердегі ең соңғы өлең ғана мінсіз-тін. Бойын ғашықтық жеңген, сүйгенінің ықыласынан мүлде күдер үзген бозбаланың көңіл күйін нәзік де дәл бейнелейтін, қас шебердің қолынан құйылған, шын ақынның жүрегінен жарып шыққан, ғажайып сырға толы жолдар.

«Сен мені не етесің?— Мені тастап,— Өнер бастап — Жайына — Және алдап,— Арбап,— Өз бетіңмен сен кетесің.— Неге әуре етесің?..— Салдырап аяқ-қол,— Жетпей сертке,— Ішім дертке — Тез толды.— Ажал уақыты — Жетті,— Мен өлейін, сен сау-ақ бол!»

Көшімнің бойын билеген сезімді қалың дәптер толы көп дүниеден емес, осы оншақты жолдан ғана ұққандаймын. Тек өкініштi жері, бұл өлең Абайдікі еді.

Ал дәптер Көшімдікі. Қыздар кеңесінің шешімі бойынша, иесінің өз қолына тапсыруым керек. (Рұқсатсыз емін-еркін ақтарғанымды алланың өзі кешірер,— әуесқойлық — жалғыз мен емес, жұмыр басты пенденің көбіне ортақ мінез ғой.) Әйтіп-бүйтіп келесі емтиханымды өткізген күні кешкұрым қалалық ауруханаға аттандым.

Ол етпетінен түсе, іргеге қарап, қимылсыз жатыр екен. Ұйқылы, ояуы белгісіз. Орындық алып, жанына отырдым. Құшиған жаурынына, үңірейген желкесі мен шодырайған қарақұсына қараймын. Аяқ жағына көз тастауға жүрегім дауаламады. Зағип жанды қорлайтын, масқаралап, жерге тығатын тәріздімін. Осы қалыпта біраз уақ өтті. Енді өзімнің келгеніме өкіне бастадым. Шығып кетудің ретін тағы таба алмадым.

Осы ойымды сезгендей, бір кезде сылбыр қимылмен маған қарай мойнын бұрды. Мойнын бұрды да қорқып кетті. Мүмкін қорықпауы да, қайта танырқаған болар; әлде бір жері ауырып кетті ме. Әйтеуір ыңырану мен ышқынудың аралығындағы бір үн шықты. Боп-боз еріндері дір-дір етеді, тыныштығын бұзған маған қарғыс айтып жатқандай. Алайда, бұл күй ұзаққа созылмады. Ол бері аунап, шалқасынан жатты да, менің бетіме именшектей қарап, зорлана жымиды.

— Аман-есенбісіз,— деді сыбырлай сөйлеп.

— Шүкір.

Екеуміз де үнсіз қалдық.

— Қысқы сессияларыңыз бітті ме?— деді ақырында. Дертті — мен де, көңіл сұраушы — ол тәрізді.

— Жақын қалды.

— Ә-ә... демалысқа шығады екенсіздер ғой.

— Иә...

Әңгіме тағы да үзілді. Бірдеңе дегім келді, бірақ не айтпақпын? Жұбатам ба? Мүсіркеймін бе? Әлде уағыз оқимын ба? Шынында да, өте қолайсыз жағдайға түскен едім.

Ол басын көтеріңкіреді де, екі шынтағымен тіреніп, жоғарырақ жылжып жатты.

— Күлмира...— деді содан соң тамағын кенеп,— Күлмира да сабағын жақсы өткізіп жүрген болар?..

Айтпағы басқа. Тіпті, Күлмира туралы сұрамақ емес. Мұны сол сәтінде-ақ пайымдадым.

— Жақсы... әлі екі емтихандары бар.— Ешкімнің атын атамай мен де қиялап шықтым.

Өзі білетін қулықты басқа білмейді деп ойлайды-ау, сірә, Көшім менен тура жауап күтсе керек. Жүзінде сұрау ізі бар. Әлде халімді түсінесің ғой, ар жағын өзің біл дей ме.

— Сәлем айтты,— дедім мен амалсыз.— Өзіңіз білесіз, мединститутың сабағы ауыр... толып жатқан жіліншіктер мен бақайшақтардың латынша атын жаттау дегендей... қолдары тимей... Сосын мен келдім...

Адам өстіп өтірікші болады екен. Тәжірибесіздігімнен қисындастырып айта да алмадым. Бір ғажабы, Көшім сенді. Сенді де жадырап қоя берді.

Өзімді-өзім тығырыққа қуып тыққанымды сонда ғана білдім. Махаббатта ой да, көз де жоқ. Оның жетекшісі соқыр сезім. Мына зағип жігіт Әлия қамығып, қатты жылады, ертең келіп, мойныңа асылмақ десем де қалтқысыз сенетін тәрізді. Менің бұл сапарымды тегінге жорып отырған жоқ. Көзі жыпылықтап, бетіме үміттене қарайды.

Енді сәл отырсам. өтіріктің ең үлкенін де айтып салуым ықтимал екенін аңғардым. Қипақтап орнымнан тұрдым. Орнымнан тұрдым да, Көшімнің жүзіне тіктеп қарамастан, тіпті қоштаспастан, сыртқа қарай атқи жөнелдім. Менің осы ауруханаға келуіме себеп болған, ішінде рухы жаннатта саялап жатқан мархұм Абай мен поэзияда да, махаббатта да тілегі кесілген байғұс Көшімнің өлеңдері бар торкөз қалың қызыл дәптер портфелімде кете барды.

Ешқайда бұрылмастан мединститутың жатақханасына тарттым.

Іздеген адамыммен есік алдында түйістім. Мені анадайдан-ақ көрді — аңдамағансып өте шықпақ еді, ширақ адымдап барып алдынан кесе көлденең тұра қалдым.

— А-а, сіз екенсіз ғой,— деді маған тура қарауға батпағандай, көзін тайғақтатып.— Құлмира үйде жоқ. Театрға... Жұмыспен... бір жаққа кетті.

Қолында ішінде бір шиша сүт, жарты бөлке қоңыр нан, балық па, басқа ма, екі-үш консерві, қағазға оралған тағы бірдеңелер салынған торқалтасы бар. Үсті-басы олпы-солпы. Басына жалпайтып не қызғылт екені, не сарғыш екені белгісіз, түсі оңған көнетоз орамал байлай сапты. Күнде киетін өңі түзу, қаракөл жағалы көк пальтосы әп-сәтте тозып, солбырайып кеткендей. Өзінің де жүзі сынық. Жатақхана маңдайшасындағы шам жарығында маған оның қараторы өңі бір күреңітіп, бір қуарған тәрізді көрініп кетті.

Ішім жылып, дәмеленіп қалдым. Менің Көшімге барып келе жатқанымды бұл қыз, сөз жоқ білуге тиіс.

— Құлмира емес, сізге келдім.

Қыз қайқы кірпіктерін жоғары көтеріп менің бетіме қарады да, ұзын қасын керіп, таңырқаған сыңай білдірді.

— Сізбен оңаша сөйлесуім қажет.

— Жақсы...— деді қыз сыбыр етіп. Үні қоңырсамал, майда екен. Сол сәтінде-ақ екеуіміздің арамызда ешкім білмейтін құпия бір жақындық орнағанын сезіндім. Әуел баста құр далбаса көріп ем, енді ойға алған мақсатымның орындалатынына сеніп те қалғандаймын.

Қазір ғана деп кеткен қызды көп күттім. Мүмкін, жарты сағат, мүмкін бір сағат. Мүмкін одан да көп шығар. Бәлки, үлкен бір жақсылық істеуге — ынтызар жігітке сүйген қызын қайта қосуға ниет етіп, өзіне махаббат періштесі ерекше миссия жүктегендей, асқақ сезімде тықыршып тұрған бала көңілге әр минут он есе ұзарып көрінді ме. Әйтеуір, зарықтырып әрең шықты.

Қапелімде тани алмай қалғандай да екем. Шашын тоқпақтай етіп төбесіне түйіп, басына шақпақты көк орамал байланыпты. Жаңа олпы-солпы боп тұрған пальтосы да жаңара құлпырып, бойына қона қалған. Аяғына киген биік өкше ботысы сықыр-сықыр етеді. Мұрныма нәзік әтір исі келді.

Ұйғыр көшесімен төмен құлдадық.

Қырынан қарағанда қыз әп-әдемі боп көрінеді екен. Тайқылау біткен тар маңдайы да, артық-ауыс жерлері қырналып, қажетті қалыпқа түсірілген қою қара қасы да ұнасым-

ды. Екі танауы делдиіңкі, келіссіз мұрын да қырлана қалғандай. Жалпақ, доғал иегі де қайтадан қашалғандай мүсінді. Тал бойына жараспай тұрған мүше — астыңғы ерні ісіңкі, үстіңгі ерні түрік біткен үлкен ауыз ғана. Әйткенмен, Әлия дәл осы сәтте маған әжептәуір оңды қыз тәрізді көрінді.

Еңіске қарай келеміз.

Көк мұзда тайып кетпесін деп, қарынан демеймін. Ол шынтағын қыса түседі.

Қолтығы жып-жылы екен.

Ойға қарай зулап, салдыр-күлдір трамвайлар өтеді қасымыздан. Сонау төменде, біздің жатақхана мен базарды екі қапталына ала, қақ ортаға тоқтайды. Сықырлап есіктері ашылады. Сарт етіп қайта жабылады. Содан соң теңселе ырғалып, артындағы оты жылтырап, ұзап бара жатады. Қарсымызда Никольск шіркеуінің басына арбиған үлкен крестер орнатылған мұнаралары қарауытады. Біз жақындаған сайын айқындалып, биіктей түседі, крестері де анығырақ көрінеді.

Бірақ біз оған жетпей, оңға, Студенттер скверіне қарай бұрыламыз.

Жазда бұл араның кескін-келбеті мүлде өзгеше болатын. Кеш батысымен-ақ Никольск шіркеуінің төменгі — оң жақ қанатын ала орналасқан, күн ұзаққа араның ұясындай гүлеген үлкен базар — сауда-саттық базары тарқайды да, шіркеудің жоғарғы, сол жақ қапталы — Студенттер скверінен жастық базары ашылады.

Университеттің, шет ел тілдері институтының, мединституттың жатақханалары дәл іргесінде. Сол мыңдаған студенттің бірер жүзі осы арадан табылар еді. Сквер ішінде қалтарыс жерлер көп. Айқыш-ұйқыш, тарам-тарам жолдардың бойында, соқпақ табанынан сәл қиыстау, бұта ішіне үңгі орналастырылған, ғашықтар отыруға арналғандай шаңқан ақ сырмен боялған қайқы бел, қаз мойын скамейкалар біреу-міреу дәл қасына келгенше көзге шалынбас еді. Қақ ортасына шағын гүлзар жасалған, немесе шоқ-шоқ шілік отырғызылған қалың көк шалғынды алаңқайлар жан-жағынан басы қырқылмай еркін өскен биік бұталармен көмкерілген, үңіліп қараған әуесқой жанның өзі ішінде не боп жатқанын аңғара алмастай. Әрбір ағаш, әрбір бұтаның ығы үй сияқты. Біріне бірінің көзі тоймай, үнсіз ғана қол ұстасқан, немесе айқаса құшақтасып, шарпыса сүйіскен қыздар мен жігіттерден көз тұнатын. Қараңғылықпен астас алакеуім жарық, әртүрлі ағаштар жапырағының, шөптер мен гүлдердің жұпар иісі, тіпті, шаһар атаулыға мүлде жат

нәрсе — кенет иегіңнің астынан дәл бір ауылдағыдай, құрбақаның шұрылдап қоя беруі — осының бәрі сквер шекарасына енген жұртты түгел елітіп әкетер еді. Құмарлықтың сықырлы лебі жайлаған мұндай түпкірлер алдамшы да аяр — бейуақта аңдаусыз келіп қалған талай қыз осы арада өзі сүймейтін, тәжірибелі жігіттің құшағына құлаған шығар.

Ал қазір жаз емес, қыс. Шіркеуден шығып, таяқтарына сүйене, қалт-құлт етіп бара жатқан, үстеріндегі киімдері қоңырқай, құбатөбел бірлі-жарымды кемпір-шалдар ғана көрінеді. Аздан соң тіні сорайған, бұтақтары арбиған өлі ағаштар мен шибиген, жалаңаш, жетім бұталар ғана жайлаған, кірлеп тозуға айналған қоңыр жағал қар басқан алаңқай ішінде Әлия екеуміз ғана қалдық. Төңірегіміз көшкен ауылдың тозған жұртындай аңырап тұр. Жазда шытырман көрінетін, мол, аумақты көрінетін сквер аядай-ақ жерге орналасқан екен, қолтықтасқан қалпымыз, әп-сәтте екі-үш айналып шықтық. Ақыры, шеткерірек жақтағы бұратылып, қисық өскен, қабығы қотыр-қотыр, безеу-безеу айыр еменнің түбіне кеп тұрдық. Әлия менің көкейімдегіні іштей сезетін тәрізді: қимылынан, жүріс-тұрысынан, менің мағнасыз көр-жер әңгімемді қостау ретінде айтқан бірлі жарымды сөзінен толқыныс ізін аңғардым.

Осының бәрі жақсы жоралғы болғанымен ойымдағыны бірден ақтара салудың қисыны жоқ, қиялай тартып, межелі жерге сақтықпен, еппен бірте-бірте жақындап келем. Қазір біз жүрген жер жазда қауыша құшақтасқан жастарға толатынын айттым. Жарықтық Абай жазғандай, «махаббатсыз дүние бос». Алайда махаббаттың оңғақ, келтесі бар, тұрақты, мәңгілігі бар. Көкірегіне сондай қасиетті сезім ұялаған жандарды бағалауымыз керек. Үйткені сүю, күю — екінің бірінің қолынан келмейді. Ал бойына сүйе білу қабылеті дарыған адам өзінің азды-көпті ғұмырында жалғыз-ақ рет сүйеді, беріле, дүниені ұмыта, жан-тәнімен сүйеді. Алдажалда өзімізге біреу дәл солай іңкәр бола қалса, оны бірден бетке қақпауымыз керек. Махаббат — тау көліндей құпия сырлы, жұмбақ сезім. Мүмкін, жанымыздың терең түпкірінде сол адамға деген, әлі өзіміз де байыбына барып, ұғынып жетпеген, болашақта үлкен сүйіспеншілікке айналуға тиіс әлдебір, то есть... нелердің дәні жатқан шығар... Осы сарында ұзақ сөйледім. Қыза, қыза, шабыттана сөйледім. Құдай дес беріп, Әлияны да өзіммен қоса елітіп әкеткен сияқтымын, кеудесі бір көтеріле, бір басыла, қыстыға дем алып, жанарын төмен салып, үнсіз тұр.

Үлкен қимыл алдындағы дайындық — «артподготовка» бітті. Енді тура шабуылға көштім.

— Рас, сіз басқаны ұнататын сияқтысыз. Менің сөзіме еріп, одан кете қой деуге моральдық хақым жоқ. Бірақ күн бетінде, ай астында сізді шын сүйетін жалғыз-ақ жүрек бар. Сіз үшін аз азап шеккен жоқ. Ойланызшы өзіңіз... Қалайша ғана аямайсыз?.. Шынымен-ақ сіздің махаббатыңызға татымай ма сол жүрек?

Байғұс қыз Көшімнің мүшкіл халін енді ғана ұққан тәрізді. Жалынды сөздерім жанын ерітіп, буынын босатқандай, маған қарай тығыла берген еді, ақыры ұзақ толғауымды аяқтап, уһ деп дем алғанда кеудеме басын сүйеп, үнсіз тұрып қалды.

— Мен де...— деді содан соң даусы қалтырып.— Сәлкен, мен де...

Иығы селк-селк етіп, өксіп жылағандай болды. Жылап емес, күліп тұрғандай.

— Мен де сізді сүйем!

Уа, алдамшы дүние!..

Менің орнымда болсаңыздар өздеріңіз қайтер едіңіздер? Бірақ бәрібір. Қатені түзеу тым кеш еді. Сорлы Көшімнің саудасы бітті. Ал махаббат елшісі ретінде келген мен ше? Түкірікпен бе, жаспен бе шыланған қондырма кірпіктердің бояуы қап-қара тамшы боп ұшығына тұра қалған, құмарлық отына толы, жартылай жұмылған үлкен қой көзден, зоопарктегі пілдің бала-шаға лақтырған прәндік, тоқашты іліп алуға икемденген май тұмсығындай, менен әлдене дәметіп, бұрынғыдан да жаман түріліп, аузыма төніп келе жатқан қалың еріннен шошына үркіп, әп-сәтте қолы мойнына оратылып үлгерген тоқбөксе, дембелше қыздың құшағынан сытылып шықтым да, ұрыс даласын тастай қаштым. Нерві мықты, миы толық басқа біреу асықпай ойланып тұрып, ақыл табар еді, ал менде алды-артыма қарарлық қауқар қалмапты.

Сол түнді ұйқысыз өткіздім. Өзің де күтпеген қым-қуыт оқиғалармен беттестіретін, мұзға да, тұзға да сүйреп салатын, ащысы да, тәттісі де көп, ыстық-суығы бірдей өмір туралы ойландым. Дамудың жоғарғы сатысына көтерілген, басында жақсы қасиет те, жаман қасиет те мол, пендешілігі де пайғамбарлығы да жетерлік, ақыл-ойы кемел адам атты махлұқат туралы ойландым. Әйткенмен де, көңілдің бастықпаған шағы ғой, кітаптардан көп оқыған, жұрттан көп естіген, өзім де талай бастан кешкен тәрізді көрінетін махаббат деген дерт төңірегінен ұзай алмаған едім.

Кім екені есімде жоқ, бір мәшһүр жазушы, адам бала күнінен егде тартып, көр қойнына енгенге дейін, белгілі бір оқиғалардың әсерімен ауық-ауық өзінің ішкі кейпін жаңартып, өзгертіп отырады деген екен. Мен де сол ұйқысыз түні ұзақ өмір жолындағы көп түлеудің бірін басымнан өткергенімді, сырт көзге бұрынғыша көрінгеніммен, іштей мүлде басқа адамға айналғанымды аңғардым.

Жақсылыққа ма, жамандыққа ма, ол жағын пайымдағам жоқ.

Сол бетімде Күлмираға бармай кеттім. Мүмкін, Әлиядан менің серілік хикаямды естіп, опасыз екен деген шығар, мүмкін, көп ұзамай, бірге өсіп, біте қайнаған жақын құрбысының жігіті — Сәкенді өзіне қаратып алған шығар,— білмеймін. Қорғаншақ, арық Көшімді де, бүйірі тоқ, бөксесі шығыңқы Әлияны да қайтып ұшыратпадым. Ну жыңғыл ішіндегі жалғызаяқ тағдыр соқпағында талай кісімен тоғысасың. Соның қаншамасы жанында із қалдырады. Бірін сезінесің, бірін сезінбейсің.

Әйтеуір бастан өтіп, көзден тасаланған соң бәрі де көрген түске айналады.

Бәрін де ұмытасың.

Бар үміті, бар қауібі келер күнге ғана тіреліп тұрған ұлы өмір заңы солай.

6

Міне, менің жанымның әлдебір қараңғы түпкіріндегі естеліктер зиратынан тіріліп шыққан Көшім қазір бозғыл сырмен боялған жылы батареяға сүйеніп, қарсы алдымда тұр. Мұрны бұрынғыдан да таңқы, бет сүйектері мүлде ашаңданған. Суыққа тотыққан жүзі шабдар ала. Самайына мезгілсіз ақ жүгіріпті. Бойында баяғы серіліктің ізі де жоқ. Бірақ тұрыс-болмысынан, өңінен қапа, немесе кейіс ізін аңғара алмадым. Көкшіл көздері жылт-жылт етеді. Өзінен-өзі ыржиып күлген сайын аузы сынық сүйем үлкейетін тәрізді, езулері құлағына сәл-пәл ғана жетпей қалатындай. Мен атын сұраған соң өзі жайлы шағын ақпар беру қажет деп тапса керек:

— Әуелде заводта істеп едім,— деді таңдайын қағып, басын шайқап.— Денсаулық жарамаған соң...— ол сәл бөгеліп, жөткірініп алды,— жағдай келмеген соң шығып кеттім. Қазір аулашымын. Екі жерде істеймін. Құдайға шүкір, табыс жаман емес.

— Осы былтыр ғой деймін, орталық газеттердің бірінен

тәп-тәуір әңгіме оқыдым. Жазған — жас жігіт, осы өзіңіздей аулашы боп істейді екен.

— Аты-жөні қалай?

— Ұмыттым. Суворов па, Нахимов па, әйтеуір әскери дабыралы фамилия. Есімде қалғаны — осы өзіңіздей аулашы екені.

— Ол да еріккен екен,— деді Көшім мырс етіп.— Не жазуын жазып тыныш жатсын, не адамша жұмыс істесін.

Шайтан азғырып, тағы қисық тартып бара жатқанымды байқадым да, әңгіме бетін басқаға бұрдым.

— Осы маңайда тұрамысыз?

— Жоқ,— деді Көшім.— Қайындарым тұрады. Шешей сырқаттанып қалған екен, көңілін сұрап шығайын деп... Өзім микрооауданда тұрам. Үйді былтыр алғам. Үш бөлме. Сыңғырап тұр. Бәрінен де әлгі күшіктерге рахат болды. Балаларымды айтам. Үлкені екінші класқа барып жүр. Қалғандары бақша-яслиде. Үйдің дәл іргесі. Әйелімнің өзі сонда күтуші болып істейді. Жұмыста жүріп өз балаларын қоса бағады.— Көшім тағы да дыбыссыз, ыржия күліп алды.— Жұмыс деп соны айтыңыз!..

— Онысы тамаша екен,— дедім мен.

— Былай тұрамыз, во!— Алақанының ішкі қырымен кеңірдегін көрсетті.

— Әрине, екеуіңіз бірдей табыс тапқан соң...

Қала жаққа қарай, аялдамаға бөгелместен, ұзыннан-ұзақ шұбатылып, төрт қызыл вагон өтті. Тіркескен қос трамвай екен.

— Біреуі бұзылған-ау, сірә,— дедім мен,— әрең жүріп барады.

— Дөңгелектері аман болса, әйтіп-бүйтіп паркке жетеді ғой,— деді Көшім.— Апыр-ай, деді содан соң.— «Әңгіме бұзау емізеді». Мынаны ұмытып барады екеміз ғой... Ә, бір жақ бүйірі терлеп қапты, жылыған сияқты. Шайқап жіберейін... Мінекиіңіз.

— Жол сіздікі,— дедім мен.— Кезекпен ішейік.

Арада бес-он минут өткен соң Көшім екеуміз құшақтасып айрылыстық. Мені танымаған күйі кетті. Сонысы жөн бе дедім. Ерікті елші қызметін атқарған күннің ертеңіне кездессем, онымен басқаша сөйлескен болар едім. Тіршілік формалары көп, бірақ саналы өмір тек адамзатқа ғана, онда да мәңгілік уақытпен салыстырғанда қас қағым мезгілге ғана беріледі; ол — күйкі тірлікте кездесетін алдамшы қы-

зық-шыжықтың жолына салуды да, әлдекімдер ойлап тапқан күманды «асқақ сезімдердің» атына құрбанға байлауды да көтермейтін тәңірі текті, қасиетті нәрсе дер едім. Тағы басқа да айтарым көп еді. Бірақ араға он екі жыл түскен. Кешенің сөзі бүгінге жүрмейді. Бітіп кеткен жараның аузын тырнағанмен не шықпақ.

Сыр ашпаған қалпымда кеттім.

Сонау бір жылдары өткен шағын ғана драманың кейіпкері болған төртеуміздің ішіміздегі бақытқа ең лайықты жан — осы Көшім еді. Ақыры өзінің мұратына жеткеніне қуандым.

1971

◇

ТАРПАҢ

Бәтіш орысша «іздірәстиден» басқа сөз білмейтін, мұсылманшаның өзіне шала сауатты алпыстағы әкесін жетектеп Семейге оқуға барып, екі апта өтпей құлап қайтып келгенде, ауылдағы жұрттың ішінде «Е-е!» деушілер де, «И-и...» деушілер де, «А-а!!» деушілер де болды. «Е-е» мен леп белгісі: әлгі кілең «төрт» пен «беске» оқыған біздің Еркежан да түсе алмады ғой, мектепті орташа бітірген қыз, Ырсай шалды кәрі сүйегін саудыратып, ит өлген жерге дейін сандалтып, қаншама шығындайтындай не жөні бар еді, алғашқы сабақтан-ақ екі алыпты, өзіне де сол керек деген мағына беретін; мұны айтушылар — отыз бен қырық бестің аралығындағы сарықарын жеңгелер еді. «И-и» мен көп нүкте: айналайын-ай, бұл оқу жарықтық та жылдан жылға қиындап барады, шәрдегі егзәм алатын кісілердің өзі жөн білмесе керек, әлгі бұрын бұқалтыр болған заржақ Сатыпалдының сотқар Еркебайы мұғалімнің оқуына еніпті, Ырсекең ақсақалдың қартайғанда көрген жалғыз қызығының тауаны шағылып қайтқаны мынау, алда, жарығым-ай, енді қайтейін деген мағына беретін; мұны айтушы — елу мен жетпістің арасындағы кәрі шешелер еді. Бұл екеуінен айбарлырақ естілген, еңселірек те көрінген, он жеті мен жиырманың арасындағы бозбала жігіттердің аузынан шыққан қос лепті «А-а» дыбысының астында көп мән жатқан, көп әңгіме жатқан. Әйткенмен, соның бәрі «Алақай!» деген жалғыз ауыз сөзге барып тірелетін. Табалағаннан емес, жек көргеннен емес. Қуанғаннан. Құр-

быларының оқуға түсе алмай қалғанына қуанғаннан емес, аман-есен ауылға қайтып келгеніне қуанғаннан. Зады, бұл ауылдың жігіттері оқуға қарсы емес-ті. Өздерімен бірге өскен немесе көз алдарында жеткен қыздардың басқа жаққа шетінеуіне, институттарын не техникумдарын бітірер-бітірместен өздері танымайтын, білмейтін жат жігіттердің етегінен ұстап, бөтен, алыс өңірге ұзатылуына қарсы-тын. Яғни, «А-а»-дан «Алақайға» дейінгі аралықта «Айналдым, Ардағым, Асылым, Арманым» тәрізді айтылуы әрқилы, мағынасы ортақ жүздеген сөз жатқан. Үйткені бұл ауылда қыз көп еді де, Бәтіш жалғыз еді. Көп қызға орай жігіт те көп-тін, бірақ барлық жігіт Бәтішке ғана ғашық еді.

Үш-төрт күннен соң «И-и»-дің де, «Е-е»-нің де үні өшті. Әуелде көтеріңкі шыққанмен, арты жеңіл күрсініске айналған «А-а» да солықтап барып басылды. Оның есесіне Бәтіштің пәленмен сөзі бар екен, түгенмен уәдесі бар екен деген, әр саққа жүгірген алыпқашты әңгіме ауыл аралап кетті.

Шындығында, Бәтіштің ешкіммен сөзі, ешкіммен уәдесі жоқ-ты. Тек қаладан қайтқан күні жұрттың соңын ала үйге екі-үш жігіт кіріп шыққан. Біреуі өзі тумысында көрмеген Семейдің соңғы жаңалықтарын естімек екен, екіншісі Бәтіштен Алматыға оқуға кеткен інісінің жайын сұрамақ көрінеді. Әңгіме содан өрбісе керек.

Желауыз жеңгелер шатысыпты. Бұл — басы ғана екен. Арада апта өтпей жатып, ат жетер, машина жетер жердегі дәмелі жігіт атаулы тегіс әртүрлі сылтаумен бөлімше орталығы — Байқошқардағы ауылға соғып кеткен, бәрі де жолаушылап қайтқан Ырсай ақсақалға сәлем беріп шыққан.

Мұнымен де бітпеді. Бір келгендер екінші қайтара келді, екі келгендер үшінші рет оралды. Трактор сынып, соған запас бөлшектер қажет боп қапты. Құрал-саймандары тозыпты, айыр, тырма, күрек керек екен. Ақшасы бітіпті, аванс сұрамақ. Автолавка көрінбегелі айдан асты, шайшақпыт алуға амалсыздан кеп тұрғаны.

Бөлімше орталығына келуге себеп көп. Ал Ырсай ақсақалдың үйіне баруға сылтау табыла бермейтін. Сондықтан сырттан торып, Бәтіштің көлеңкесін терезеден ғана тамашалап, не бір сәт жүзін көре алмай, не бір ауыз сөзін ести алмай шерменде күйінде жұмыс басына қайтысатын.

Көп ұзамай жігіттер бұл азаптан құтылды. Бәтіш жергілікті почта бөлімшесіне қызметке тұрды. Қайдан үйреніп алғанын кім білсін, әйтеуір, ертеден кешке дейін құлағына бірдеңесін кие сала әлдебір тетіктерді шырт еткізіп оңды-

солды, сырт еткізіп ілгеріндi-кейiндi қозғап, «Әле! Әле! Прием!» деп жатқаны. Ара-арасында хат-хабар, телеграммалар қабылдайды, газет, журналдарды бөліске салады. Әйтеуір, бәріне жалғыз өзі үлгереді.

Бәтіш орналасқан күннен бастап байланыс жұмысы күрт жақсарды.

Бұрын ауыл шетіндегі шикі кірпіштен қаланған, алдында үйшіктей ғана сенегі бар жалғыз бөлмелі тоқал үйге бас сұғушы сирек болатын. Ауылдың сыртқы дүниемен қатынасы түс кезінде үй-үйге өзі кіріп, хат-хабар, газет-журналды қолға әкеп беретін почташы және орталық көшедегі есігі үнемі бекітулі тұратын биік шатырлы кішкене клубтың қабырғасына шегеленген көкшіл почта жәшігі арқылы ғана жүріп жататын. Бәтіш алғашқы күннен-ақ үй-үйді аралаудан бас тартты. Онсыз да екі-үш жұмысты қатарынан атқарып отыр, бұл орынға арнайы штатты қызметкер керек көрінеді. Ертеңіне таңертең клуб алдындағы көк жәшік жоғалды. Түнде біреулер қабырғаның жарты сылағымен, екі-үш кірпішімен қоса жұлып әкетіпті. Оның есесіне почта үйінің алдындағы боз бағанаға жабыса біткен жаңа бір жәшік пайда болды. Қөріпкелі бар жеңгелер бұл екеуі бірақ жәшік екен, ескі жұртты қиратып, жаңа қонысқа көшірген Бәтіш емес, әлгі бастықтың балдызы мен мұғалімнің інісі деп жүрді. Қажетті дүние өз орнын тапқан соң кімнің көшіргенінде не тұр. Қойшы әйтеуір, арада бірер апта өтпей жатып, ауылдың көз-құлағы Бәтіштің мекемесіне ауысты.

Бұрын бұл ауыл хаттың сыртына төрт тиындық марка жапсырылған жалғыз-ақ түрін білетін. Сөйтсе, бұл шіркіннің неше атасы бар екен. Жеті тиындық, он тиындық, он екі тиындық; заказды, авиа, бағалы, кері хабарлы... Біреулер осының бәрін, оқыған жас қой, Бәтіш ойлап тапты десе, енді біреулер сырттағы темір жәшікке сенбей, хат-хабарды қайтсе де Бәтіштің өз қолынан жөнелткісі келген жігіттердің әрекеті десті. Әрине, көре алмаған жұрт таратқан сөз.

Бәтіш кім келіп, кім кетіп жатқанына мүлде назар аудармайтын. Мәселен, оныншы класты анада ғана өзімен бірге бітірген, қазір осыдан он бес, жиырма, жиырма бес шақырым жердегі жайлауда көмекші шопан боп жүрген Бікен (немесе Бекен, немесе Бөкен) жарты күнге рұхсат алып, ат сабылтып арнайы келген екен дейік.

— Сәлемат жақсы ма, Бәтіш!

— Сәләмәтсіз,— дейді Бәтіш ерні болмашы ғана жыбыр етіп.

— Маған хат жоқ па екен?

— Фамилияңыз?

Бікен қалжыңға балап қарқылдап күледі, Бекен көзі жыпылықтап, айран-асыр боп тұрып қалады, Бөкен бұрқанталқан ашуланады.

— Аты-жөніңіз?— дейді Бәтіш міз бақпастан.

— Атым жылқыда,— дейді күлкісі әлі тарқамаған Бікен.

— Мен Бекенмін ғой. Бекенмін— дейді жаңа жыпылықтаған көзі енді шарасынан шыға бақырайып кеткен Бекен.

— Сен немене, аспаннан түстің бе!— дейді ашуы терісіне сыймай бара жатқан Бөкен.

Бәрібір.

Жауабы біреу-ақ.

— Сіздер көпсіздер. Мен жалғызбын. Қайсы біріңіздің фамилияңыз есімде тұрады.

— А?— дейді күлкісі сап басылған Бікен.

— Сіз... Бәтіш... мен әлгі...— дейді дәл осы арада өзінің аты да, фамилиясы да тарс есінен шыққан Бекен.

— Бәлду-бәлду...— дейді мүлде күреңітіп кеткен Бөкен басқа сөз таба алмай.

— Бөтен шаруаларыңыз болмаса, жұмысқа бөгет жасамаңыздар.— Қалт бұрылады да, төрдегі телефон аппаратының жанына барып отырады. Серіппелі доға темірдің екі ұшына бекітілген әлгі несін... тыңдағышын құлағына киеді. Әлденелерін сарт-сұрт еткізеді де, дырылдатып телефонның құлағын бұрай бастайды.

— Әле! Әле! Өгізтау! Мен — Байқошқар. Мен — Байқошқар. Өгізтау, естимісіз, прием!..

Аққөйлек Бікеннің де, аңқау Бекеннің де, аусар Бөкеннің де мысы құрып, тыпыршып тұра беруден басқа амалы қалмайды. Қорлыққа шыдауға, кекірт қызға бас июге мәжбүр болады.

— Бәтіш шырағым,— дейді Бікен.— Мына бір хатты алып жіберсеңіз.

— Бәтеке...— дейді Бекен.— Мына бір нені!... нетіп... нетсеңіз...

— Байланысшы жолдас!— дейді Бөкен.— Хат қабылдасаңыз.

— Почта жәшігі сыртта,— дейді Бәтіш.— Әле! Әле! Өгізтау!..

— Заказды хат еді,— дейді Бікен.

— Не еді... Нету керек еді...— дейді Бекен.

— Аса маңызды кор-респондет-сия!— дейді Бөкен.

— Әле, әле!— дейді Бәтіш.— Қазір, тұра тұрыңыздар... Мен — Байқошқар! Өгізтау, неге жауап бермейсіз?

Жігіттің енді қанша тұратыны Өгізтаудың жауабына байланысты. Бірақ нәтижесі әманда біреу-ақ. Бәтіш хатты қабылдап алады. Өші бардай, тарс-тұрс еткізіп екі-үш жеріне штемпель соғады да, хат иесіне тілдей квитанция жазып береді.

— Жеті тиын.

— Он тиын.

— Он екі тиын.

— Жеті тиын... Жеті-ақ тиын ба?— дейді қайтадан ес жия бастаған Бікен.— Мінекиіңіз. Қоспасыз таза мыстың өзі.

— Рахмет,— дейді Бекен. Ақша төлеуді ұмытып, есікке қарай беттейді.— А...—дейді Бәтіш атын атап шақырған соң.— Иә... Мен былай... нетіп... нетіңіз... Рахмет...

— Мен ірі ақша ғана ұстаушы ем,— дейді Бөкен.— Міне, бір сом! Ойбай-ау, қалай ұсатам... Кім ұсатады... Қап, мына қызды-ай...

Бәрінің де көндігуіне тура келді.

Алғашқыда үркіп қалса да, ақыры бойы үйренген жігіттер бара-бара ананы, мынаны сылтауратып, почтаға келуді бұрынғыдан да жиілетті. Кейбіреулері епте қалжыңдайтын да дәрежеге жетті... Жүрек жұтқан біреулері тіпті, кеш бата ауыл сыртында серуендеп қайтуға да шақырса керек. Тек осының ешқайсысынан нәтиже шықпады. Жұқалтаң астыңғы ернін жымқыра тістенген, жаңа туған айша әсем доғаланған қастарының арасы қосыла түсіп қабақ түйген қатал қалпынан жазбайтын. Алдында әйел тұр ма, еркек тұр ма, кәрі шал тұр ма, жас бозбала тұр ма, именшек сұлу жігіт тұр ма, өр кеуде тентек жігіт тұр ма — бәрібір. Сұрақтары келте, жауаптары қысқа. Осының өзі-ақ Бәтішті көтере түскен, биіктете түскен. Бұрын құмарлар ынтызарға айналды, ынтызарлар мүлде ақыл-естен айрылды. Амал не, бәрі де шарасыз. Аптасына орталыққа неше рет келуге болады? Әр келген сайын неше заказды хат салуға болады? Көп болса бір-ақ рет келеді, бір хат салады. Мейлі, екі рет келіп екі хат салсын. Тіпті, үш те үш дейік. Бұл — асса үш-ақ ауыз сөз.

— Сәләмәтсіз.

— Он тиын...

— Сау тұрыңыз.

Бітті. Біккеннің де, Бекеннің де, Бөкеннің де естітіні осы. Қалай мысың құрымас. Айғайлайсың ба, ойбайлайсың ба. Күресесің бе, төбелесесің бе...

Күз түсіп, ел қыстауға қона жігіттер жаңа амал тапты. Оның аты — туған күн еді. Алдымен Аққөйлек Бікен кластас құрбы-құрдастарын, тұстас дос-жарандарын шақырып, он жетіге келгенін тойлады. Содан соң Аңқау Бекен кәмелет жасы — он сегізге толғанын атап өтті. Одан кейін Аусар Бөкен он тоғыз жылдығын қорытындылады. Ретімен кезек басқаларға тиді. Жазда туғандар мүшелді мерекесін қысқа көшірді, көктемде кәмелетке келетіндер күзді қолайлы көрді.

Әуелде Бәтіш аттап баспас деп қорыққан. Онда басқа туған, я тумаған күндердің бәрі мүлде атаусыз қалатыны ақиқат-ты. Бірақ не амалын тапқанын кім білсін, Бікен Бәтішті өзі ұйымдастырмақ кешке қатысуға көндіріпті. Аулың алыс, бара алмаймын деген екен, осы ауылда өткізбек бопты. Соның ізінше туған күн кештері қаптап кетті. Мереке иесінің қай қыстауда тұратынына қарамастан, бәрі де бөлімше орталығында тойлайды. Алғашқысына барған Бәтіш соңғыларынан бас тарта алмады.

Ата қазақтың қыз бен жігітті табыстыру үшін ойлап тапқан ойындарының неше түрі қайта тірілді бұл кештерде. «Хан қалай», «Орамал тастамақ», «Сақина салмақ»... Қойшы, «Тізкиім байламақтан» өзгесі тегіс ойналды. Ақыры сол көп ойынның екеуі — «Хат-хабар» мен «Көрші-көрші» біржола тұрақтады.

Басқа ойындармен қабаттаса бүкіл кеш бойына созылатын «Хат-хабардың» үстінде ауылдағы малшы жігіт те, механизатор жігіт те, жұмысшы жігіт те ақын боп ағылып, жазушы боп төгіліп кетеді. Басқа қыздарға сыпайылық үшін ғана жазып, бар өнерлерін Бәтішке салады. Әдетте хат үлгісі төмендегі жобамен құрылатын:

«№ 1-ге № 13 тең.

Айналдым ақмандайлым,
Дертіңе күйіп, отыңа жанғандаймын.
Жылы жүзіңді көретін бір күн туар ма екен,
Жатсам-тұрсам сені ғана армандаймын!

Б.! Көзім талды жолыңызға қарай-қарай, хабарсыз кеттіңіз («сәулем» деген сөз сызылған) неге бұлай? Егер мені өзімдей жақсы көрсеңіз, көңіліңізбен ұнатып (келесі сөз танылмайтын етіліп, шимайлап өшірілген) ұнатсаңыз ертең кешкі сағат сегізде (немесе қазір осы той тарқаған соң) ауыл сыртындағы бұзылған ескі ұста дүкенінің (немесе құлаған қой қораның) артына келіңіз. Күтем, күтем, күтем!!! Кел, кел, кел!!!

Құрбыңыз Б. (немесе С., немесе Д.)»

Бәтіш хат атаулыны жылы жымиып, жақсы қарсы алады, бірақ ешқайсысына жауап қайырмайды. Той соңынан немесе ертеңіне кешкі сағат сегізде ауыл шетіндегі ескі ұста дүкенінің (я төрт қабырғасы ғана қалған қой қораның) тасасында екі-үш жігіт тоқайласады. Әлдебір темір-терсек іздеген, не бұзау-торпақ жоғалтқан адам болысып, күйбеңдеп біраз жүріп, ақыры ешқандай қыз келмеген соң бет-бетіне тарқайтын.

«Көрші-көрші» бұдан гөрі қызығырақ. Той артын немесе ертеңгі күнді күтпейсің, басыңа не түссе де сол сәтінде көтеріп аласың.

Жұрттың, яғни жігіттердің бәрі де Бәтішпен көрші отыруға жанын салады. Бірақ бәрі қатарынан отыра алмайды ғой. Тек біреуі ғана көрші болады. Енді бар бақыт та, бар бейнет те соның басында.

— Ойбай, өз көршіммен шығыстым. Секеннің көршісін сұраймын,— дейді Бікен.

— Мен не... аразбын. Маған Бәтіш... не... ненің... Секеннің несі... көршісі керек,— дейді Бекен.

— Секеннің серігін әкеп беріңіз,— дейді Бөкен.

— Көршімді бере алмаймын,— дейді Секен.

— Көршісінен айрылғысы келмейді. Не жаза бұйырасыз?— дейді қазы.

— Өгіз боп өкірсін,— дейді Бікен ыржия күліп. Жанжағына қарап, қозғалақтап қояды.

— Әтеш боп... ай... кешіріңіз... не боп... тауық боп шақырсын,— дейді қызарып, тершіп кеткен Бекен. Көзімен жер сүзіп, бұрынғыдан да құныса түседі.

— Үш ауыз өлең, үш қамшы,— дейді Бөкен ызбармен. Төбедегі, пиаласының бір жақ шеті жалындай бастаған аспалы шамға алара қарап, көкірегін кере отырады.

Секен сорлының өгіз боп өкіруіне, тауық боп шақыруына, барылдап, қырылдап үш ауыз өлең айтуына, жуан қайыс белдікке алақанын тосып, үш қамшы жеуіне тура келеді. Махаббат жолында соншама азап өткелінен өткен, бәріне төзген Секен қасындағы қызға масаттана қарайды. Риза сияқты. Секен күлкі болғанына, таяқ жегеніне іштей шүкіршілік айтады. Сол екі ортада сұрау кезегі өзіне жетеді.

— Татумын,— дейді ол.— Көршіммен татумын.

— Татулық белгісі?— дейді қазы.

Яғни қасындағы қызды құшақтауың керек. Не бетіне бетіңді тигізу қажет. Сүйіп алсаң тіпті жақсы.

Қайдан болсын. Манадан тыныш отырған Бәтіш тыпырлап, көкке шапшып жуытпайды.

— Татулық белгіңді көрсете алмадың. Алақаныңды тос!— дейді әділ қазы.

Тағы үш қамшы. Аямай соғады. Құлаштап тұрып соғады. Алақаныңның тозаңын шығарады.

Келесі айналымда сұрау кезегі Бәтішке келеді.

— Аразбын,— дейді Бәтіш.— Маған Сақыптың көршісі керек.

Міне, манадан бергі мазақ, манадан бергі таяқ үшін алған қайыр, фатиқаң. Сатыласың да кете барасың. Ендігі рахатты қорлық кезегі Бікенге тиеді. Содан соң Бекенге. Содан соң Бөкенге...

Бірде Аусар Бөкен татулық сұрау кезінде Бәтішті зорлап сүйді. Бұл — ойын ережесіне қайшы келетін. Ықтиярынсыз жанасқан ерін бетінен бар қанын сорып алғандай боп-боз боп кеткен Бәтіш, құшағын босатқан сәтінде-ақ жігітті шапалақпен тартып жіберді. Бұл да ойын ережесінде қарастырылмаған қимыл еді. Қолма-қол есе қайырғысы келген Бөкенді қасындағы Секен ұстап қалды. Жігіттер екіге жарылып, қыздар үшке бөлініп, той аяғы төбелеске айнала жаздап, даумен әрең тарқады.

Осы оқиғадан соң сауық кештерін өткізу тоқталды. Жігіттердің де арыны басылып қалды. Бәтіш жөнінде әңгіме шықса, Аңқау Бекен қызарақтап, бишігінің сабымен жер шұқи беретін. Әбден жүрегі шайлықса керек, анадайдан Бәтішті көрсе, айналып басқа көшеге түседі-міс. Аусар Бөкен Бәтіштің аты аталса-ақ үнсіз тісін шықырлататын. Жанжалды кештің ертеңіне ақ пен қызылды араластырып ішіп мас боп жылапты, осы айда зорлап алып қашсам да сол қызға үйленем деп ант етіпті деп жүрді білетін кісілер. Ал Аққөйлек Бікен таяғымен жер шұқып қызарақтаған жоқ, ант ішіп тісін де шықырлатқан жоқ, тек: «Ай, тарпаң екен. Тарпаңнан да тағы екен,— деп таңдайын қаққыштайтын.— Мен білсем мынаған дауа жоқ»,— деп басын шайқайтын. Сонысы расқа шықты. Уағдалы мерзімде қыз алып қашу операциясы сәтсіздікке ұшырап, Аусар Бөкен Антбұзар атанды. Бірақ ел жатар мезгілде үй арасынан ұстап ап, дайын тұрған машинаға қарай сүйрей жөнелген екі жігіттің бірінің бетін тырнап, бірінің шашын жұлып, бірін тістеп, бірін теуіп жүріп, арттан көмек келгенше қайтпай шайқасқан Бәтішке бәрекелді деуші табылмады. Керісінше, оның да Бөкенмен бірдей жапа шегуіне тура келген: көзіне айтуға ешкім батпағанмен, жұрт аузында Бікен қойған Тарпаң деген атты біржола иеленді.

Қыз төңірегіндегі базардың шуы азайды — қарасы сұйылған жоқ. Бәрі де алламен ақырын күткен.

Өстіп өре-шөремен жүргенде көктем келді, мал төлдеді; жаз шықты, жемшөп дайындау науқаны басталды. Қыздан үміткер жігіттердің кейбірі өгіз торысын ерттеп, маңыраған қой, шулаған қозы-лағын шұбыртып, жайлауға беттеді, кейбірі теміртарыға отырып, шаңға көміліп жер жыртуға, күнге қақталып шөп шабуға кірісті. Жұрттың бәрі жұмыс астында қалды.

Жанталас шаруа басында жүрсе де жігіттердің көңілі Бәтіште еді. Сұлу қыздан күдерін үзген бірі жоқ. Ешқайсысы да мен сені қаламаймын деген, сүймеймін деген, маңымнан аулақ жүр, кет деген теріс жауап алмаған. Рас, жылы жауап естіген де ешкім жоқ-ты. Үйткені қаншама уақ улап-шулап жүргенде қасқалардың ешқайсысы бойжеткенмен оңаша бір ауыз тіл қатыса алмапты. Реті келмепті. Бәрі де өкініштеді. Бәрі де опық жеулі еді. Көп ұзамай ел қыстауға қонып, жұрт аяғы жайлана базар қайта қызатынын білгендіктен бәрі де дәмелі еді. Алдағы маусымда өзгеріс туатынына, әйтеуір, бір оқиға болатынына сенімді-тін.

Жұрт күткендей, мезгілді уағында қызды ауылда бір емес, қатарынан екі оқиға болды.

Мұның біріншісін жігіттер алақайлап қарсы алды. Бөлімше орталығына тұрақты киноқондырғы келіпті. Бұл төңіректе талай әңгіме өрбіді.

Екінші жаңалық — ауылға медпункт орнауы еді. Бұл істің ақыры ауыл жігіттеріне жайлы тимеді. Жайсыздығы соншалық, алғашқы, жігіттер үлкен үміт артқан жақсы хабардың өзінің шырқын бұзды. Әңгіме салмағы ауылдағы ауру-сырқаулар төңірегінен көшіп, дәрігердің өз басына ауысты...

Айтпақшы, ауылда тағы бір оқиға болған екен.

Осыдан төрт-бес жыл бұрын әйелінің басын жарып, баласының қолын сындырған маскүнем Жартыбай шопыр түрмеден қайтып келді. Біреулер: «Жартекең ішкенін қойыпты, түзеліпті» десе, енді біреулер: «Қаны бұзылып, нағыз көләгәннің өзі боп оралыпты» десіп жүрді. Бұл реттегі әңгіме Жартыбай өзін сотқа берген әйелмен қайта қосыла ма, қосылмай ма — сол төңіректе ғана еді. Ағайындары араға жүргенімен ақыры ештеңе шықпады. Әйел: «Далаға тастай алмай жүрген жаным жоқ»,— депті. Жартыбай: «Шекесінен шертіп жүріп жас қыз алам, қатын — жолда, бала — белде»,— депті. Бұл ешкімге қажеті жоқ мәнсіз әңгіме сонымен тәмамдалды. Жартыбай бір айдай әуре боп, өзі кеткеннен бері гаражда тұрған, төрт дөңгелегінен басқа

ештеңесі қалмаған жаман« полуторка» машинасын жөндеп алды да, қыстау-қыстауға шөп тасуға кірісіп кетті.

Кино аптасына бір рет — сенбі күні болады. Кейде жаңасы жүреді, кейде бұрын өткен ескісі қойылады. Бір фильмнің үш мәртеге дейін қайталанатын кездері бар. Бәрібір. Ауылдың өз ішіндегі, таяу маңдағы қыстаулардағы жастар түп көтеріле жиылады. Біреулерінің кино көргісі келеді, біреулерінің Бәтішті көргісі келеді. Қатар отыруға, тым құрса тақау отыруға, бір ауыз тіл қатысуға, кино соңынан үйіне шығарып салуға, оңаша сұхбатқа шақыруға тырысады. Нәтижесіз әрекет. Бәрі баяғыша қала береді. Ақыры бір күні үміткер бозбалаларымыз алдына келсе тістеп, артына келсе теуіп дегендей, ешкімді бойына жуықтатпай жүрген тарпаң қыздың аядай клубтың қақ ортасында, ауылға әнеукүні ғана келген дәрігер жігітпен иық түйістіріп қатар отырғанын көрді. Көрді де естері шығып кетті. Жай ғана отырған жоқ, кәдімгідей сөйлесіп отыр. Жігіт батыл, қыз кет ары емес. Ешқайсысының да үлкен бар, кіші бар, құрбы-құдас бар деп именетін түрі жоқ.

Қыз өзімізге белгілі тентек қой, бөтен адамды сыйлап отырған шығар, ұзаққа бармас деп ойлағандар қателесті. Кинонық бір пердесі бітіп, киномеханик ленталарды сытырлата орап, әлденелерді бұрап, екінші пердені қоюға дайындалып жатқан азды-кемді аял үстінде тегіс Бәтіш жаққа назары ауған жұрт мана басталған әңгіменің әлі үзілмегенін, қайта жаңа арнаға түскенін аңдайды. Екі фильмді алма-кезек қарауға көшкен халайық, осы көрініс кино тоғыз перделі болса тоғыз рет, он бір перделі болса он бір рет тамашалайтын.

Кино біткен соң дәрігер жігіт Бәтішті үйіне дейін шығарып салады. Және екеуі бірден айрылыспайды. Ырсай шалдың әлі шамы сөнбеген терезесінің түбінде ұзақ тұрысады. Кейде үй алдына көп бөгелмей, ауыл сыртына шығып кетеді. Одан ары не болатынын ешкім білмейді. Қырқа жақ — қалың тобылғы. Ой жақ — жарқабақты өзен.

Бәтішпен бірге алғаш көрінген күннің ертеңіне бүкіл ауыл, қайдан екенін кім білсін, дәрігер туралы толық мәлімет алды. Аты Бейсен. Медициналық училищені биыл ғана бітіріпті. Жасы жиырмада көрінеді. Әке-шешесі осыдан бірер жыл бұрын дүние салған жетім бала... ай... жалғызбасты жігіт екен.

«Ұлым да, қызым да осы деп отырған Ырсай ақсақалдың қолы»,— десті мейірбан шешелер. «Ай, тым жылпос екен. Қызымыздың басын оп-оңай айналдырып алды. Көрерсіңдер де білерсіңдер-ау, осы қуаяқ бар ғой, Бәтішті

масқаралап тастап кетеді»,— десті сыпсыңшыл жеңгелер. Ал жігіттер... жігіттер қолы жеткен қыздардың оқыған адамға шыққысы келетінін, Бәтіштің сондай қыз екенін, өздерінің ондай жігіт емесін бұрын да іштей сезетін. Сондықтан ешқайсысы ештеңе дей алмады. Аққөйлек Бікен бұрынғыдай жөн-жосықсыз ыржалақтай бергенін қойды. Аңқау Бекен мүлде жүнжіп кетті. Жұрт баяғыда-ақ есептен шығарып тастаған, өзі де қыздан үмітін үзуге тиіс, шомбал дене, жуан жұдырықты Аусар Бөкен ғана еркектік мінез танытты. Мен тірі жүрсем, сырттан келген кірмеге қыз жоқ депті. Қалған жұрт оның кинодан соң Бейсен мен Бәтіштің ізін бағып, тау жаққа кеткенін көреді. Көреді де бір пәле болмаса деп шошиды. Әйкенмен ешқандай пәле болмайды. Тек ертеңіне Бөкеннің көзінің алды, қабағының үсті көгеріп ісіп кеткенін, өзі де жуасып қалғанын байқайды. Байқайды да, көк шыбықтай талдырмаш дәрігер баланың тегін адам емес екенін біледі. Білген күйі үнсіз қалады.

Содан бастап Бейсен мен Бәтіштің жұбы жазылмауға айналды. Кинода қатар отырғаны, кешке оңаша қыдырғаны өз алдына. Жігіт почтаға күніне екі-үш рет қатынайды. Газет алатын көрінеді. Хат салатын көрінеді. Таусылмайтын неткен газет. Жазылып бітпейтін неткен хат. Соған орай бара сап, кете қойса жөн ғой. Түндегісі жетпегендей күнұзақ қадалып тұрғаны. Дәрі-дәрмекті сылтау етіп екі-үш рет колхоз орталығына да барып қайтты. Жалғыз өзі деймісіз? Жоқ. Бәтішпен бірге.

Енді бітпеген не қалды?

Әйткенмен мұның бәрі сырт көзге ғана екен.

Көп ұзамай, қалай білгенін қайдам, жұрт дәрігер мен Бәтіштің арасында бөтен сөз жоқ екен десті. Әңгімелері құс жолы, үш арқар-таразы, ақ боз ат, көк боз ат, үркер тәрізді жұлдыздар төңірегінде ғана өтетін тәрізді. Келесі аптада екеуі жерге түсіпті деген хабар жетті. Жігіт планетамызды мекендейтін жан иелерінің адам және хайуанат боп жіктелетіні, ал адамдардың өзінің дені сау және сырқат боп екіге бөлінетіні, сырқат адамдардың дерті әрқилы болатыны, сол дерттердің түрлері, қайсысына қандай ем қолданылатыны туралы хикаялайды екен. Дәрігеріміздің өзі дертті боп шықты. Жүрегі ауыратын көрінеді. Осы ауылға келгеннен бері. Қанша айтқанмен дәрігер ғой, қандай ем қолданса жазылатынын біледі екен, бірақ қажетті дәрі бұл арада жоқ па, әлде тым қымбат па, әйтеуір, аспандағы аймен бірдей, қолға түсуі қиын бір пәле көрінеді. Жігіт Бәтішке дәрігер бол деген кеңес берсе керек. Жаңалыққа құмар жеңге-

лердің жасына жетпей қуланатын елгезек бала қайындарын «шпион» етіп жұмсау арқылы жинақтаған хабарларының нобайы осыған саятын.

Ауыл ішінде Бәтіш мединститутқа кетпек, дәрігермен ешқандай шатағы жоқ, оқыған, білгір жігіт болған соң сабақ алып, емтиханға дайындалып жүр деген сыбыс тарады. Бұл хабардың ақиқаттығы күмансыз еді. Жігіт почтаға барғанда есікті ортан белінен жапқан көлденең тақтайдан өте алмай, басқа балалар құсап мөлиіп тұрады-мыс. Қыздың аузынан: «Әле! Өгізтау! Мен Байқошқар! Өгізтау, естимісің, жауап беріңіз!»— дегеннен басқа сөз шықпайды. Ал дәрігерден ешқандай жауап сұрамайтын көрінеді.

Әйткенмен екеуінің аралары үзіліп те кеткен жоқ. Бұрынғыдай киноға бірге барады. Қатар отырады. Бірге шығады. Үй маңында қыдырмайды. Ауылдың өр бетіндегі қыратқа біткен кісі бойы қалың тобылғының ішіне барып енеді, я ой бетіндегі жарлауыт қабақты қапталдай өскен түйе бойламас боз талдың арасына кіреді. Әйтеуір ықтасыны мол, жылы, әрі жайлы орын табады. Ертеңіне... ертеңіне екеуі тағы дүрдараз боп қалады. Бұлардың түнде не істеп, күндіз не ойлап жүргеніне көзі жетпеген жұрттың басы қатты.

Ит ырғылжыңмен тағы бір жаз шықты. Бәтіш оқуға баратын сынай танытпады. Күйеуге кететіндей де белгі бермеді. Оның есесіне қыз әкесі Ырсай ақсақал орнынан қозғалды. Атпен жүріп-тұруға шамам келмейді, орталықта шаң кауып отыра-отыра ішқұста болдым деп, неше жылдан бері шошалада жинаулы тұрған қараша үйін сыртқа жайғызып желдетіп, кереге, уығын бүтіндеп, үзік, туырлығын жаматып, бәрін сайлап алғызды да, бір-ақ күнде жайлауға шығып кетті. Бәтіш көршінің үйінде қалды.

Ұйтқып соғар бағыт таба алмай, оңды-солды жаландап тұрған ұзын өсек тура жолын тапты. Әке-шешесі барда именбеуші еді, енді сайранды салады десті желөкпе жеңгелер. Көршінікінде деген аты ғана, өз үйінде жататын көрінеді. Дәрігер кеш батса-ақ сонда барады. Терезеден сығалаушылардың байқауынша, ұяттан безген қыз жігітіне, тіпті, тамақ та әзірлеп қояды. Жігіт әлдебір кітаптар оқып береді. Қызық әңгімелер айтатын тәрізді. Бәтішіміздің аузын ашып отырғаны. Бір кезде патефонды дарылдатадыай келіп. Құшақтасып алып, иен үйде екеуден-екеу билейді. «Қолтабыспақ», «Өрмек» сияқты ойындар ойнайды-мыс. Тағы қандай ойын ойнайтынын кім білсін, әйтеуір жігіт қыздың үйінен түн ортасында, түн ортасы ауа, кейде одан да кеш шығады.

Қызыққа мүлде берілсе керек, талай реті келсе де, Бәтіш ай бойы жайлаудағы үйіне хабарласқан жоқ. Ақыры, өсек сөзден ықты ма, әлде шынында да әке-шешесін сағынды ма, демалысқа қарсы күндердің бірінде жайлауға анаумынау апара жатқан Жартыбайдың машинасына мініп үйіне кетті. Бүкіл ауылдың көзінше Бейсен Бәтішті ойыншық дөңгелек орнатылған қорапшадай кішкене полуторканың кабинасына қолтығынан демеп, өз қолымен отырғызды. Сол сәтінде-ақ жұрт Бәтіш тұрмысқа шығу үшін ата-анасынан рұхсат сұрауға барады деп шешті.

Бәтіш үш-төрт күн жүріп, жұмысқа кешігіп келді. Жүзінде мұң бар. Әкесі қоя тұр десе керек. Бірақ кең жайлаудың таза ауасы жанға шипа ғой, өңі нұрлы еді. Кісіге тік қарайтын кішкене қара көздері жанарлана түскен. Ауыл жігіттерінің аңсары болған қатқыл еріндері қызара албырайды. Шекесінен, қос самайынан қабаққа қарай еміне бітken толқынды қара шашы кенет кейін серпілгендей, тар маңдайы жазылып, жарқырай ашылған. Бауырсақ мұрны қырланып, бет-бейнесі ашаңданған тәрізді. Өн бойында, түр-тұлғасында жаз күніне, жайлау суына елтіген мамырлы кейіп бар.

Арада екі-үш күн өтпей тағы да жайлауға жөнелді. Бұл жолы кешікпей оралды. Келесі демалыста да үйіне барып қайтты. Жартыбаймен ғана жүреді. Басыбайлы шопыры сияқты. Апарады. Алып келеді. Тек тәрбиесіз өскен тентек шіркін Бәтіш қарындасымен дөрекі сөйлеседі. Сенбі күні түске таман топырақты бората ағып келген беті шұғыл тормоз беріп, почтаның алдына тұра қалады да, екі-үш рет қатарынан «беп, беп бе-бе-е-еп!!!» деп ойбай салады. Төре келсе де орнынан қозғалмайтын Бәтіш Байқошқарды да, Өгізтауды да қоя сала асығыс сыртқа шығады.

— Жайлауға барасың ба, ей, Тарпаң қыз,— дейді Жартыбай ай-шай жоқ, амандық-саулық жоқ. Қалжыңдап тұр ма, кекетіп тұр ма, ойнағаны ма, мазақтағаны ма,— белгісіз. Қайсысы болса да ұнамсыз-ақ.

Бәтіш қып-қызыл боп кетеді. Бірдеңе айтқысы келгендей. Бірақ бетін қайтарып тастайтын бала-шаға емес, қырыққа кеп қалған үлкен кісі. Және колхоздың бастығымен де, ферма меңгерушісімен де, үлкенмен де, кішімен де осылай сөйлесіп әдет алған бұзық. Сондықтан көзі жыпылықтап, иегі дірілдеп сәл тұрады да:

— Иә,— дейді даусы әрең шығып, көзі жапақтап.

— Онда тез бол, асығыспын,— дейді Жартыбай. Төс қалтасынан қырық бүктелген газеттің қиындысын шығара-

ды да бір жапырағын жыртып алып, махорка орауға кіріседі. Шылымын сәл көбіктеніп, өңезденіп тұрған бір жақ езуіне қыстырып, қалтасын қағып сіріңке іздейді. Шырт еткізіп шағып, темекі тұтатады. Аузынан да, мұрнынан да көк түтінді бұрқыратады.

— Әй, енді қашан?— дейді бір кезде босағада әлі тұрған Бәтішке көзін сығырайта қарап.

Бәтіш селк ете түседі де, қалт бұрылып ішке кіреді. Тез басып жүріп шаруасын жайғайды да, асығып тұрған Жартыбайдың қасына — сынық терезелі, тесік орындықты жыртық кабинаға отырады. Келер сәтте ой-шұқырға, жыра-жықпылға қарамай жайлау жаққа қарай жүйткіген қотыр машинаның ішінде шашы үрпиіп, қарғаның балапаны құсап мойны қалтақтап кетіп бара жатады. Көп қыздан өзгешелігі, бұл — ата-анаға мейірлі бала еді.

Жастарда ес бар ма, бірде дәрігер жігіт Бәтішті үйіне жібергісі келмейді. Сөзін жүре тыңдаған соң, тіпті, ере кеткісі келген екен, Жартыбай беттетпепті. «Онда мал дәрігері мен ит дәрігері сенсіз де көп»,— депті. Содан екеуі жанжалдасып қапты. Дәрігердің су жаңа қара костюмінің паршапаршасы шығыпты. Бірақ Жартыбайдың бет-аузынан, мұрнынан түк қалмаса керек. Шыбықтай бұратылған пәтшағардың жұдырығы мұндай қатты, қолы мұндай ұзын болар ма, оң жақ беттен де сол жақ беттен де, тұмсықтан да, иектен де оңды-солды сілтей соғыпты. Көзі аларып, буын-буыны босап кеткен Жартыбай нықтап ұра алмай, дәрігердің киімін қармалай берсе керек. «Жұрт арашалап тоқтатпаса, не шопыр өлетін еді, не дәрігер жалаңаш қалатын еді»,— деседі көргендер. Бірақ Жартыбай Бейсенді бәрібір машинасына мінгізбепті. Бет аузының қанын жуып, есін жиған соң Бәтішті кабинасына салып алып, жайлауға тартыпты. Тек жынды неме ауылдан шыққан соң айнып қалса керек, түн ортасында Бәтішті қайта әкеп тастапты да, барар жеріне жалғыз өзі кетіпті.

Біраз күн бойы Бәтіш ауырып, жүдеп жүрді. Көлденең жұртпен араласпайды. Бейсенмен де сирек кездеседі. Осы кезде: «Бәтіш пәленшенің үйінен тұз құрт сұрап жепті, түгеншенің үйінен ашымал көже ішіпті»,— деген қаңқу сөз көтерілді. Бұл өсекшілердің аузына дәл келер қақпақты қайдан табарсың. Тұз құрт жеген адам өле ме екен? Ашымал көже ішкен адам бүлініп кете ме екен! Тұз құртты тісі жаңа шыққан жас баладан аузында тұлдыр жоқ кемпіршалға дейін жейді. Ашымал көжені күніне екі-үш уақ ішіп жүрген жігіттер де бар. Соның бәрі сөйтіп... не бола қап па!

Өтірік, өсек көп айтылды. Сол көп өтіріктің ішінде бір

шындық бар еді. Бәтіш пен Бейсен араздасыпты. Араздасқанда біржола ат құйрығын кесіссе керек.

Біреулер бұлдірген Бәтіштің өзі дейді. Дәрігерді орынсыз кінәлапты. Сабырмен артын күтпей, шамшыл жігітті қорлай сөйлепті. Менің түбіме жеткен сенсің депті. Онысы жөн-ақ. Бақытымды аяққа басқыздың депті. Жігіт емессің. Қорсың. Езсің депті. Әрине, бәрі де артық сөз. Ол аз болғандай, әтешсің депті дейді. Біреулер жоқ, әтешсің деген жоқ, әтексің деп айтты дейді. Дұрысы алдыңғысы болар. Әтеш деген — ақылға кенде мақұлық қой. Айдарын қызартып алып, көрінгенмен төбелесе береді. Қойшы, әйтеуір, сөзінің аяғын «кет, маңымнан жүрме» деп бітіріпті. Сені көрсем қаным қайнайды депті. Енді осы үйдің босағасын аттасаң пышақ салып алам, сені де өлтірем, өзім де өлем депті-міс. Мұның бәрі, әрине орта жолдағылардың қосқан сөзі. Бірақ кет деуі анық. Қыз кет деп беттен алып тұрған соң намысқор ер жігіт қайтіп шыдасын. Шығыпты да жүре беріпті. Бар болғаны мен сенен мұны күтпеген ем депті. Сенің мұндай халіңді көріп, бұл ауылда жүре алмаймын депті.

Соңғы сөз расқа шықты. Бейсен ертеңіне аудан орталығына барып келді де, ұзамай басқа колхозға ауысты.

Ал жас жігітті жазықсыз сөккен, оны маңынан қуып, сопа басы қалған қызымыз мүлде тағы боп кетті. Таңертең жұмысына барады. Байқошқарды ғана аузына алады. Өгізтаумен ғана сөйлеседі. Қешке келеді. Тамағын іше сала қолма-қол шамын өшіріп, жатып қалады. Ертеңіне тағы сол. Ешқайда шықпайды. Ешкіммен қатынаспайды. Тек Жартыбайға еріп, екі-үш рет үйіне барып қайтты. Соңғы жолы қоярда-қоймай әке-шешесін көшіріп ала келді.

Арада тағы бірер ай өткен соң осы ауылда екі жылдан бері етек алған өсек сөздің ең жаманы шындыққа айналды. Бәтіштің бөксесі толып, белі жуандап, аяқ алысы күн озған сайын ауырлап бара жатты. Енді бұрын да көңілінде ешқандай өшпенділік жоқ, ауызға басқа талғажау таппағандықтан ғана өсектейтін сөзуар жеңгелер құдайдың ісіне не қылуа, шайтан азғырды, қаладан келген бір алаяқ дәрі ішкізді ме, дуалады ма, періштедей қызды аздырды, абүйірын төгіп, тастап кетті деп аяушылық айтысты. Бұл сұмдықты білген кезде Ырсай ақсақалдың не жаны қалады, енді бишара қыздың өз күні не болады десті. Бәрі де күндеушіден тілеушіге айналды. Ақыры, күздің қожалақ бұлтты қарасуық күндерінің бірінде: «Бұзақы Жартыбай Ырсай шалға күшіккүйеу боп, үйіне кіріп алыпты»,— деген хабар дүңк ете түскенде, ешкім жағасын ұстаған жоқ.

«Алда, бишара-ай, енді қайтсін»,— десті. Асыл баланы аздырған дәрігерге лағнет айтты, бұдан бұрын екі қатын тастап, екі рет түрмеге отырып шыққан Жартыбайдың бойынан толып жатқан абзал мінез, жақсы қасиет табысты.

Әйел жанының бұқпа қалтарысы көп. Біз естігенімізді айтамыз. Асып кетсек сырттан көріп, ойша долбарлаймыз. Біреулер дәрігер баланың түк жазығы жоқ, бастап бұлдірген осы қырқылжың Жартыбайдың өзі деп жүрді. Бәтіш тұрмысқа шыққан соң төрт ай толмай туған бала Жартыбайдың аузынан түсіп қалғандай көрінеді. Әйтсе де қисынға келмес жай. Біреудің баласы екінші біреуге ұқсап туа беретін жағдайлар болады дейді ғой қариялар. Біздің соған сенгіміз келеді.

1972

◇

ИЕСІЗ

Бұл — тап беруге, бас салуға әзір қарақшы көз неміс овчаркасы да, әлемде өзімнен басқа азулы бар деп ойламайтын пират жүзді ағылшын догы да, сене салуға, ере кетуге бейім қазақтың маң төбеті де емес-ті. Ұры-қарыдан үй тору түгілі, үріп дыбыс беруге де жарамайтын қортық қанден еді. Сондықтан иелеріне қадірсіз болды.

Түп-тұқиянын қазсаңыз, бұл тіпті, иесіз ит еді. Қайдан кеп, қайдан тұрғаны белгісіз.

Бір күні әдетінше жұмыс киімін киіп, ертемен үйден шыққан отағасы баспалдақтың ығында күнесте мысықтан сәл ғана қалқыңқы ақ қанден жатқанын аңдаған. Кешке шаршап-шалдығып, шаң басып қайтып келгенде, кішкентай ұлы Әленнің манағы қанденмен ойнап жүргенін көрді. Баласының күнұзақ жалғыз отырып іші пысатынын білетін отағасы «Е, мейлі, ойнай берсін» деген. Оның үстіне күшік те (қазақ үшін қанден атаулы тегіс күшік) сүйкімді еді. Өн бойын тегіс жапқан, сәл бұйралау, ұзын ақ жібек жүні басынан бақайына дейін төгілген. Тарақ құйрық. Қол-аяғы, бүкіл бітіс болмысы нәзік. Қарға жаңа аунап тұрғандай, тап-таза. Сала-сала, үлпілдеген қалың жүн арасынан кішкентай көздері ғана жылтырайды.

Бет аузы тыржиған арық, қамытаяқ алты жасар бала ақ қанденмен қас қарайғанша әуре болды. Ешқашан қолы босамайтын әкесі де, үнемі қасында жүрсе де мұнымен шаруасы жоқ шешесі де Әленді тыймады. Тек қанденді өзі-

мен бірге үйге ала кірмек болғанда ғана қарсылық білдірген. Бақырғанына, жер тепкілегеніне қарамады. Таяу маңдағы көршілердің бірінің адасып келген күшігі, енді өз үйіне қайтады дескен. Бірақ бұлар ертемен тұрғанда қанден баспалдақ астынан табылды. Келесі күні де сол арада түнеп шықты. Сөйтіп, орталықтағы жиһазды, сән-салтанатты пәтерден әлдеқалай шығып, адасып кеткен, одан көшеде кездескен сотқар балалардың бірі трамвайға салып жіберген ақ қанден қала шетіндегі мүлгіген тар көшелердің біріне тұрақтады, жыртық шарбақпен қоршалған, қамыс шатырмен жабылған шағын сенек, алакөленке қос бөлмелі мыжырайған ескі үйде тұратын Әленнің күшігі болды.

Аты Әлендікі демесек, қанден бұрынғыша иесіз күйінде қалды. Отағасы таң азаннан кетіп, кеш бата әрең оралады. Үйге келгеннен соң да отын жарып, көмір тасып, әлдебір жәшіктерді бұзып, әлдебір тақтайларды шегелеп, тіпті, алданыш табылмай бара жатса тырбиған он шақты түп алма ағашы өскен алақандай бақ ішін қопсытып тыным таппайды; демалыс күндері жұмысы бұрынғыдан да көбейіп кетеді — қай уақта итке қарайламақ. Әйелі үнемі қазан-ошақ маңында жүреді: әлденені аршиды, әлденені турайды, қайнатады, араластырады, қотарып басқа ыдысқа құяды, әйтеуір күні бойы тізе бүкпейді, сонда да шаруасы бітпейді — қай уақта итке тамақ құймақ. Бұл үйде жұмыссыз адам біреу-ақ: Әлен. Бұрын күнұзақ үйде, алакөленке бұрышта дөңгелегі жұлынған машинасын жөндеумен, аяғы сынған атын ерттеумен болатын, сонда да уақытын өткізе алмайтын Әлен енді күннің батқанын білмеуге айналды. Үнемі сыртта жүреді, үнемі қанденмен болады. Кешке шаршап жығылады. Таң ата алысты қайта бастайды. Уақыт өткен сайын ойынның жаңа түрлерін шығарады. Жарысады, күреседі, сүзіседі, тартысады. Әйтеуір тыным таппайды. Бірақ бұдан қанденнің хал-ахуалы жақсарған жоқ. Алғашқы күні-ақ бұрын зорлықпен әлденеше бөліп әрең тауысатын тоқашын ақ күшікпен қосылып, шетінен кезек тістесіп, қомағайлана асап отырғанын көрген шешесі Әленнің сыртта тамақ жеуін қойғызды, тіпті, күшікке арнап алып шығуға да болмайды: қызығып кетіп бөліске салмасына кім кепіл. Ал иесіз итке уақытында тамақ беруді, сорпа-су құйып отыруды бұл үйде ешкім өз міндетіне санамады. Ерінгеннен я шығын көргеннен емес. Көңіл бөлмегеннен. Осының нәтижесінде ақ қанден кейде әлденеше күн қатарынан аш қалатын.

Бір кездегі күйлі қанденнің қазір бүйірі қабысып, қабырғасы ырсиып, азып-тозып біткенін қалың жүні байқатпай-

ды. Үсті-басы кірлеген, сабалақтанып кеткен деп ойларлықтай ғана. Зағип, бұралқы халі былшықтана қызарған көздерінен ғана аңғарылатын. Бұрынғы ойнақылығынан да айрылған. Қазір тәбеті ашылған Әлен ертемен өз үйінің барын жеп, ықылық атып тысқа шыққанда, қанден бауырына тұмсығын тыға бұратылып баспалдақ астында жатады. Тоқ бала аш қанденнің қандай күйде екенін білмейді. «Күшік, күшік!»— деп шақырады. Таяқпен түрткілейді. Шыбықпен ұрады. Ақыры қоярда-қоймай орнынан тұрғызып алады. Бала үшін ойын, ит үшін жұмыс күні басталады.

Үнемі дерлік аш жүретін ақ қанден келе-келе көрші үйлердің ауласын кезіп кететінді шығарды. Кейде ит талайды, кейде балалар қуалайды. Әйткенмен, аш қарын жұрт ақтамауға ерік қоймайтын. Әлдебір кеңпейіл овчарканың сарқытын ішеді, қоқыр шелектен түскен, ойнап жүрген балалардан қалған нан-панның қиқымын тауып жейді. Әйтеуір өлмес қорегін айырады.

Сөйтіп жүргенде бір күні оны көшеде мотоцикл қақты. Белінен басып өте шығыпты. Жаңа үйреніп жүрген жасөспірім бала екен, рульді билей алмаса керек. Бәлки, тіпті, әдейі бұрылған болуы да. Жұмыстан келе жатқан отағасы анадайдан көріпті. Келсе, алдыңғы аяқтарымен жер тырнап, шарылдай қаңқылдап жатыр екен дейді. Қарап тұруға дәті шыдамай кетіп қапты. Ендігі өлген де шығар. Барып қызығын көрмек болған Әленді жібермеді.

Кешіне дөңгелек жер стол басындағы әңгіме ақ қанден жайында ғана болды. Отағасы әйелін кінәлады. Ит ырыс әкеледі дейтін, өз аяғымен келіп еді, иеленбедің деді. Тілсіз хайуан болса да, жанды мақұлық, елеп ас құйып көрген жоқсың; тіпті, дімкәс жалғыз балаңның ермегі емес пе еді, сонша неден тарылдың деді. Даусын көтермей, күдерін үзген, түңілген қалыпта мойны салбырап, ұнжырғасы түсіп сөйледі. Шешесі ақтала алмады. Бірақ қарсы дау тапты. Сопа басым күні бойы осы молада қамалып отырам, иттен айырмам шамалы, ендігі сыңар өкпемнің жартысы ғана қалған шығар, сүйретіліп тірі жүр демесең, мен де өлікпін деді. Ит асырайық деп қашан айттың, мына күшік біздікі деп қашан қарғыбау тақтың; ондай ойың болса үйшік жасамас па едің, соның аузына шынжырлап байламас па едің деді. Әжетханаға төгіп жүрген жуындыны мен иттен қызғанбаймын деді. Бәрі өзіңнен, ақыры жазықсыз хайуанның обалына қалдың деді. Өзің де оңып отырған жоқсың ғой деп, қайта көтеріліп, артын жайсыз әңгімеге айналдырып әкетті.

Әйтеуір бұл жолы ұзамай, беріден тоқтады.

Таңертеңіне сыртқа шыққан отағасы үйге қуанып, қайта кірді. «Әлен, тұр, күшігің тірі екен, өзі кепті»,— деді. Ояу жатқан Әлен апыл-құпыл киіне бастады. Осы уаққа дейін күшікке назар аударып көрмеген шешесі онымен ере шықты.

Қанден үйреншікті орны — баспалдақтың астына жете алмапты.

Сүйретіліп, аула ішіне ене жығылған екен. Екі көзі ғана жылтырайды.

Отағасы көтеріп, баспалдақтың астындағы қуысқа апарды. Астына салам жайып, ескі қанардың жырытындысын төседі. Әйелі қалайы табаққа жылы сүт құйып әкелді. Ішіне нанның жұмсағын турап салды. Әлен қанденнің басынан, арқасынан сипап бәйік болды. Бірақ әкесінің айтқанын тыңдап, одан ары әурелемеді.

Бәрі де күшік бүгін өледі деп ойлаған.

Күшік кешке дейін өлмеді.

Ертеңіне де өлмеді.

Арғы күні де өлген жоқ.

Керісінше, күн сайын оңала берді.

Ақыры, он бес-жиырма күннен соң аяғын басты. Үш аяғын. Артқы бір аяғы қара санынан қисая бітіп, баурында қалды.

Өледіге санаған қанден жазылып кеткен соң отағасы бұрынғыша, оған көңіл бөлуді қойды. Онсыз да қолы тимейтін.

Әйелі мезгілімен тамақ құюды ұмытты. Қайғысы мол, шаруасы көп әйел еді.

Тіпті, кішкентай Әленнің өзі күшікке қарамайтын болды.

Әуелгідей ойынға жарамайды. Сүйкімсіз, лас, сабалақ, жаман күшік. Әрі аяғы ақсақ.

Ақ қанден шоқандай басып бұрынғыша көше аралап, аула кезіп жүре берді. Қейде әбден қартайған, үйшігінен шығып, үрудің өзін жұмыс көретін әлдебір кеңпейіл кәрі төбет итаяқ түбінде қалған астың сарқынын қияды. Қейде есік алдына шығып, сығырайып күнге қыздырынып отырған кәрі кемпір таяғына сүйене орнынан тұрып, бүкшеңдеп үйге кіріп, найның қыртысын, жіліктің тұқылын, әйтеуір қанденнің аузына сыймайтын, сыйса тісі өтпейтін бірдене әкеп лақтырады. Қанден келесі көшеге, келесі аулаға қарай ойысады. Ақсақ күшікке көлденең кездескен иттердің ешқайсысы тимейді, ойнап жүрген балалардың ешқайсысы тас лақтырмайды. Тіпті, сирек жүретін машина, мотоциклдерге дейін оны айналып өтеді. Өзін қауіпсіз еркін сезінгенімен,

қанден екі-үш көшеден ары ұзамайды. Адасып кетермін деп қорқады. Дүниеге келмей тұрған кезінде, баяғы, бағзы бір замандарда жұмсақ тамақ, тәтті дәмі мол кең бөлмеден сыртқа шығып, ақымақ желікпен әлденеше көше айналып кеткені еміс-еміс есінде. Оның ақыры неге соққанын жақсы біледі. Сондықтан үнемі кешке өз ауласына оралады, баспалдақ астындағы жел мен жауыннан пана үйреншікті қуысына кеп жатады.

Бірақ жұмсақ диванды жылы үйде өскен қанден табиғаттың төрт мезгілі болатынын, қазір жаз ортасы екенін білмейтін.

1972

◇

АЛТЫБАҚАННАН СОҢ

Қосайдар дәл осы кеште жұрт алдында өзінің мерейі көтерілгенін анық сезінді.

Ойлап тұрса, басқаша болуы мүмкін емес те екен. Алтыбақанға жиылған қыздар мен жігіттердің көбі ауыл жастары, ал студент аталатындардың дені — облыстық қала Семейде оқитындар. Алматылық студент үшеу-төртеу ғана. Бірі ҚазПИ-дің қызы, қалған екі жігіт зоотехникалық-малдәрігерлік институттан. Ал Қосайдар — астананың маңдайалды оқу орны политехникалық институттың өкілі. Бірінші, екінші емес, үшінші курс. Ақылы марқайған, өмірдің мәнін түсінетін сақа студент. Талай жиын, тойды, талай сауық кештерін бастан өткерген, қыздың тез пісіп, ерте үзілген босаңын да, қулыққа кемел, құрық салдырмас қасаңын да жазбай танитын, қайсысымен қалай сөйлесуді, көңілі ауған бойжеткенге қайтіп жағуды, бақталас бозбаланы қалай имендіруді білетін тәжірибелі жігіт.

Оның үстіне, Қосайдар — бұл ауылға жиен. Қатардағы көп жиеннің бірі емес, алыстан келген мейман. Бөтен адам. Ал қазаққа қашанда көзтанысынан гөрі көлденең кісі сыйлы көрінбек. Әйтеуір, жастардың бар ықыласы Қосайдарға ауды.

Қосайдар бұрын шешесінің айтуымен ғана білетін, өзі онша іш тартпайтын, бірақ осы ауылға келгеннен бері жақын адам екенін еріксіз мойындаған, тіпті, жақсы көре бастаған, өзін кішкене баладай аймалап, мекіреніп, маңдайынан тынымсыз иіскей беретін нағашы әжесінің қасынан

шыға алмай қойған. Алдымен басың ауырады деп, ащы қуырдақ пен кілегей қатқан қою шай ішкізді. Сосын қарның ашады деп жарты табақ ет жегізді. Артынан шөлдеп қалмас үшін зорлап қымыз ішкізді. Байқап жүрем, кешкепей қайтам деген уәдесін алды. Басқа амалы таусылған кезде әрең босатты.

Қосайдар соншама өткелектен өтіп, алтыбақан басына жеткен шақта ойын әбден қызған екен. Біреулері алтыбақанды қоршалай ән шырқап, енді біреулері дабырлап күлісіп, мәре-сәре боп жатыр. Анадайда «Айгөлек» ойнап, асыр сап шулап жүрген ұсақ балалар өз алдына бір топ. Әйткенмен алтыбақанға жиылған жұрт мынау — кішкентай, мынау — үлкен деп жіктеуге келместей еді. Бәрі де бала боп кеткен. Бәрінің де жағасы жайлау.

Әлденеше үйде қонақта бірге болып, танысып, білісіп қалған жастар мұны: «О, Қосайдар! Қарқаралыдан келген жиен! Жоқ, алматылық!»— десіп шулап қарсы алды. Көйлегінің үшкіл ақ жағасын пиджагінің сыртына шығарып қойған, аяғына қонышын қайырған керзі етік киген, жасы жиырмалар шамасындағы Айдар деген тұрғылықты жігіт, тіпті, ортаға шығып: «Біз үш Айдар болдық, ура!»— деп, қоярда-қоймай жұртқа қол соққызды. Алтыбақанда тербелген екеу амалсыз тоқтап, бір аяқтарын жерге салбыратып, бөгеліп тұр екен. Жұрт Қосайдарды солай қарай жетектеді. Жігітті тұрғызып, орнына кешігіп келген сыйлы қонақты отырғызды. Бұрын алтыбақан көрмеп ем деп қарсылық білдіргеніне ешкім қарамады. «Алтыбақан теппейтін атқа мінбейтін жігіт болмайды. Біздің естуімізше, Қарқаралы да қазақ жайлаған жер»,— десті. Қарсыда ұзын қос бұрымын алдына алып, үнсіз, сұлық отырған қызға: «Ағаңа жақсылап ән салып бер»,— деп тапсырды.

Әуелде қыздың мұнымен ісі болмаған. Екі жақтан екі адам тербетіп тұрмаса, тіпті, сол бей-жай күйде қала берердей. Тек тербетушілер: «Ал, енді өздерің...»— деп қоя бергенде ғана ұйқыдан оянғандай қалып танытты. Сәлден соң Қосайдар өзінің шырқап аспанға ұшып бара жатқанын байқады. Арқалыққа шекем соғылар деп еді, соғылмады. Одан аса биіктеді; алтыбақанның ар жағында қораланып тұрған жігіттер тегіс жамбастай қисайып, құлап бара жатқандай. Келер сәтте зырқырап төмен ақты. Басым жерге ұрыла ма деп еді. Ұрылмады. Аяғы көкке көтерілген сәтте төбесінен теріс айнала жаздаған; аспандағы жұлдыздар быт-шыт боп жамырап барады. Содан кейін жұлдыздары шашылған аспан аударылып, төмен құлдырады да, жер төңкеріліп көкке шықты. Осы көрініс төрт-бес мәрте қай-

таланған соң, Қосайдар жер мен көктің шат-шәлекей араласып бара жатқанын, кеудесі қысып, жүрегі лобли бастағанын аңдады. Бір рет, тіпті, толқып кетіп, етпеттей жығылуға шақ қалды. «Шалқайып отыр!»— деді біреу әлдекайдан айқайлап. «Балқия! Ән! Ән!»— деді екінші дауыс. Қосайдар сол кезде ғана өз халінің қиындығын түсінді. Қарсысында бейтаныс қыз отырғаны есіне түсті. Дәл қазір алтыбақанды тербетуші көлденең кісі жоғын, осының бәрі — аяқбауды шірене серпіген қыз әрекетінің нәтижесі екенін ұқты. Жерде бұл екеуіне қарап қанша қыз тұрғанын көрді. Көрісімен, ұғысымен-ақ ес жиюға, үлкенді-кішілі жұртқа, қала берді алтыбақан маңындағы ұсақ-түйек бала-шағаға күлкі болмауға жанын салды. Шалқайыңқырап, керіле отырды. Алматы, демалыс паркі, ондағы әткеншек... әйтеуір, қазіргі жайға қатысы жоқ нәрселер төңірегінде ойлауға тырысты. Бірақ ойы секектеп, ештеңеге байыздамады. Бір кезде аспанның да, жердің де өз орындарына орныға бастағанын байқады. Ауа да тазара түскендей, көкірегі кеңіп барады. Үзіліп-талып құс қанатының суылындай дыбыс жетті құлағына. Ауық-ауық шығады. Ұзын қос бұрым екен. Қыз жоғары шырқағанда төмен қарай құлдырағаң жігітке қарай шұбатыла созылып, аз-маз тарқатылған ұш жағы толқи желбіреп бара жатады. Қыз кері серпілгенде, бейтаныс жігітті жатырқағандай, иесінің баурына тығылады. Келер сәтте қайтадан жігітке қол созады. Не жеткізбейді, не ұзап кетпейді. Талмаусырай шақырған ерке дыбысы естіледі. Мақпал түн жылуымен астасқан хош иісі келеді.

«Ау, енді қашан? Ән салмаймысыңдар?»— деп айғайласты жердегі жұрт. Манадан бері бір сағат өтті ме, бірер минут өтті ме, Қосайдар білмейді — қыз екеуі құрғақ тербетіліпті. Бар аруағын шақырып, әрең ес жиған шақта мынау үстеме сын болды. Қосайдардың даусы жоқ еді. Ал жұрттың ән айтқызбай босататын түрі көрінбейді. Дабырласып, қолқа сап тұр. «Қосайдар! Әнші ауылдан келгеніңді көрсет!»— дейді жігіттер жағы. «Әдемі жігіттің әсем даусын естиік»,— дейді қыздар.

Әнші ауылдан келген әдемі жігіт шынымен-ақ қысылды. Үнсіз құтылу — жол емес. Жұрт жаңа мұның басы айналып, жерге бүктетіле құлай жаздағанын аңдап қалған болуы да мүмкін. Әлі есін жиған жоқ деп күліп тұрғандар да бар шығар. Қосайдар тамағын кенеп, әйтеуір, өлең айтқан ырым жасауға ыңғайланды. Бірақ қапелімде аузына ештеңе түспеді. Жамиғат әлі дәмеленіп тұр. Кенет жұрт күткен ән басқа жақтан — Қосайдармен бірге тербетіліп тұрған қыз аузынан шықты. «Қарқаралы басында жалғыз

арша — Хатқа жүйрік сол қалқа зирек сонша...» Қосайдар таңырқай аңтарылып қалды. Өзі айтуға тиіс ән қыз аузынан, және осының алдында ғана дұшпандық ниет танытқан бәлекей қыз аузынан шыққандықтан ғана емес. Ән ырғағы үйреншікті болғанымен, орындау мәнері мүлде өзгеше тәрізді. Айтушының үні өте дөрекі, құлаққа жағымсыз көрінді. Әйел даусы деуге тым жуан, ал еркек даусы дерліктей қатқыл емес. Көрікпен тартқандай күңіреніп шыққан, қыз балаға үйлесімсіз ерекше үнге таңырқағандай, манадан дабырлап күліп, шулап тұрған жұрт та қалт тыншыпты. Алтыбақанды айнала асыр салған ұсақ балаларға дейін ойынын тоқтатқан. «Ау, өттің жалған — Кештім сайран...» Қосайдарға қыз даусы ұнай бастады. Күмбірлей дауылдаған, бірақ ұйтқымай, еркін төгілген қоңыр дауыс. Әнді осылай ғана айту керек сияқты. Ілесе алмаспыз деді ме, әлде жеке дауысты тыңдағысы келді ме — қызға қосылушы табылмады. Бәрі де сәскелікте қиялаған ай сәулесімен жарыса бой көтерген ұзын көлеңкелерінен айрылып қалармыз дегендей, табан аудармай, мүлгі тыныш тұр. Қыз даусына етегіне алтыбақан құрылған, тақиядай дөңгелене біткен жеке биік қана жауап қайыра жаңғырығады, жұлдыздары жарқырай түскен көк аспан ғана діріл-дей үн қосады. Қосайдар осындай өзгеше әуез иесіне қадала қарады. Қарсы алдынан түскен ай жарығында қыздың өңі қан-сөлсіз боп-боз көрінді. Көзі кішкентай, аузы мөлшерден тыс үлкен тәрізді. Әйтсе де жігіт қызды сұлу деп тапты.

Өздерінің тербеліп біткенін Қосайдар ән аяқталған кезде ғана білді. Тербеушісі де, тербетілушісі де міндетін ұмытқан соң, алтыбақан ән сазына берілгендей, баяу ғана ырғатылып тұр. Әннің соңғы аккордымен бірге жерге аяғы тиген Қосайдар асығыс орнынан тұрып, қыздың қолын алды.

— Жарайсың, қарындасым. Жамал Омарованың өзі ме деп қалдым.

— Ол кісінің даусы бұдан гөрі нәзігірек,— деді қыз.

Жігіт қысылып қалды. Көңіл өсірерлік тағы бірдеңе айтуға орайлы сөз табылмады. Алтыбақаннан түсіп жатқан қызды қажеті болмаса да демеп, қарынан ұстап, шетке алып шықты.

— Рахмет, ағай,— деді қыз.

Даусын мақтағаны үшін бе, сыпайышылығы үшін бе — жігіт аңдай алмады. Тек жақын жерден жақсылап танып алайын дегендей қыз бетіне бажайлай қараған. Аузы онша үлкен емес екен. Көзі де тым кіші көрінбеді. Оның есесіне мұрынды боп шықты. Қасы қалың, қабағы биік. Маңдайы қыз бала үшін мөлшерден тыс кең. «Сұлу емес,— деп ойла-

ды Қосайдар.— Құбыжық болмас, бірақ көріксіз. Тым көріксіз». Наздана еркелеген егіз бұрым, аспан астын кернеген қоңыр күңгір әннен соң көңілі басылып қалды. Әйткенмен, бір адамның бойынан осыншама қарама-қайшылық табылғанына таңырқаулы еді.

— Даусыңыз ғажап,— деді ризалық сезімін жасыра алмай.

— Сіз үшін айттым,— деді қыз.— Қатты қиналдыңыз... аузыңызға ән түспей.

Қосайдар алғыс ишаратын жасап, қыздың қолынан қысып қойды.

— Алтыбақанды жақсы тебеді екенсіз,— деді қыз.— Маған шыдайтын жігіт аз.

Қосайдарға қыз өзін мазақтап тұрған тәрізді көрініп кетті. Сөзіне орай дөрекі жауап қайырайын деп еді, батылы бармады.

— Қайда оқисыз?— деді үнсіз тұрудың ретін таппай.

— Мектепте .. деді қыз.— Қорықпай-ақ қойыңыз, алтыншы класс емес. Биыл оныншыға көштім.

— А-а...

— Политехникалық институтқа барсам ба деп жүрмін. Сіз қай факультетіндесіз?

— Біздің институтқа түсу өте қиын,— деді Қосайдар.

Қыз күлді.

— Менің атым Балқия,— деді.

— Қосайдар,— деді жігіт өзінің тағы да жаңсақ басқанын сезіп.— Келіңіз. Бізде қазақ қыздары көп.

Екеуі де үнсіз қалды.

— Жүріңіз,— деді Қосайдар аздан соң. Басын шайқағанына қарамай, қызды алтыбақанға әкелді.

Бұл жолы екеуі де көкке шырқаған жоқ. Жұртпен қосылып, қазақтың белестен соққан желдей қоңыр әндерінің бірін айтып, баяу ғана тербелді.

Алтыбақанды жамырап жүрген бала-шағаға тастап ойынға көшкен кезде де жұптары жазылмады. Қыздар мен жігіттер екеу-екеуден күркеленіп, «Көрші-көрші» ойнаған тұста бұларды ажыратқысы келген адамдар болып еді, өзін джентльмен санайтын Қосайдар қызды беріп жіберуді нәмәрттік көрді. Соған орай біраз қамшы жеуіне де тура келген. Тек бір ыңғайсыз жері, қамшы саны көбейіңкіреп кеткенде, Балқия да мұнымен бірге алақанын тоса берген. Намыстанып, қарсылық білдіргеніне қарамаған. Төраға Қосайдардан айып аларда сәл сыпайылық сақтағанымен ауыл қызы Балқияны аямады. Әйтсе де жігіт жаңа ғана

танысқан жас қыздың өзі үшін отқа түскеніне риза еді. Іштей масаттанып қалған.

Жастар өздері білетін ойынның біразын тәмамдап, енді не істесек екен деп тұрғанда Қосайдардың басына бір тамаша ой келді.

— Жігіттер, осы біз неге би билемейміз?

Жұрт жамырай қостады.

— Музыка қайда?— деді қыздардың бірі.

— Біздің үйде ескі патефон бар,— деді жігіттердің бірі.— Тек би пластинкалары жоқ.

Қосайдар бөгеліп қалды.

— Аккордеон бар ма?— деді сосын жан-жағына қаранып.

Жоқ екен.

— Тым құрса, мандолин табылмай ма?

Табылмайды.

— Домбыра бар,— деді манадан үнсіз тұрған Айдар.— Күй домбырасы.

Біраз жұрт күліп алды.

— Әкел,— деді Қосайдар.— Сынайық домбыраны да.

Айдар жүгіртіп жіберген балалардың бірі киіз қапты домбыраны алып келген соң, жастар етектегі алтыбақан құрылған қалың шалғыннан шығып, өрге қарай жылжыды. Бұлақтың жоғарғы жағындағы қоралы қой сиярлықтай ғана дөңгелек тепсең би алаңы үшін жаратылғандай екен. Суға келген мал көк шөбін тықырлаған; еркін дөңгеленуге бөгет жасар тас атаулы тағы көрінбейді. Бұлақ жақ қабырға биік шілік те, тау жақ қабырға күргейлене біткен қалың тобылғы. Ықтасын. Жылы. Әрі әуесқой бала-шағадан аулақ. Іргесінде сиыр күйсеп, алдында иті үріп жатқан киіз үйлерден де жырағырақ. Манадан бері осында келмеген екеміз деп, бәрі де қатты өкініпті. Алайда көпшілігі бұл әрекеттерінен бірдеңе шығарына күманды еді. Бұл күманды Қосайдар күшейте түсті.

— О-о!..— деген, алаңның шет жағына, биік тобылғы түбіне малдас құра жайғасқан соң, Айдар ұсынған домбыраны қолына ала бере.— Бұ шіркіннің тоғыз пернелісін де, он екі пернелісін де көріп ек, бірақ үш ішектісі болады деп кім ойлаған!..Әй, тарта алар ма екем,— деген сосын шүбәлі үнмен.

Құлағын бұрап, үш ішекті кезек тыңқылдатып біраз отырды. Бойлары тоңазыған жігіттер мен қыздар күбірлесе бастаған. Біреулері, тіпті, жылынуға жақсы, тарпылдап жүгіретін «Третий-лишний» дегенді ұйымдастыруға кіріскен.

Сондықтан Қосайдар алақанын шапалақтап жұртты тыныштыққа шақырып:

— Би! Дамский вальс!— дегенде, бәрі де қалжыңға балады.

Ойнаушыдан ба, әлде аспаптан ба, би әуені еркін төгілмеді. Кейде ішек артық қағылып, кейде бірер перне шалыс басылып, домбыра қақалып-шашалып, кібіртіктей берген. Бұған назар аударған ешкім болмады. Қыздар мен жігіттер екеу-екеуден жұптасып, көк шымды солқылдата билеп кетті. Алғашқы дүркін би аяқталған кезде, алқына аптыққан желөкпе жігіттердің бірі Қосайдардың домбыра ұстаған қолын көтеріп тұрып, жұртқа қол шапалақтатты. Содан соң, енді домбыра Айдарға көшсін деген тілек білдірген. Өз атына айтылған қошаметке көңілі тасыған Қосайдар ұсынысты қабыл алмады. «Қазақ вальсін» жариялады. Қолы бастығып қапты. Тәп-тәуір тартты. Сосын қайтадан «Махаббат вальсін», одан кейін тағы да «Қазақ вальсін» ойнады. Байқастап көріп еді, басқа вальстердің қисыны келмеді. Ақыры, ешкіммен билемей, қасында манадан бері тұнжырап, үнсіз тұрған Айдардың «мейманға бұлай отыра беру жарамайды, бірраз биле» деген сөзін құптап,— аяғы да ұйып қалған екен,— орнынан тұрды.

Айдардың қолынан бәрі де келетін боп шықты. Сыңар ішекпен шертіп танго ойнады, қос ішекті кезек ұрғылап фокстрот тартты, үш ішекті бірдей безілдетіп вальске басты. Ал көңілдері өскен жастарға не тартылса да құп еді. Біреулері вальсте жүрсе, біреулері чарльстон, твиске көшкен. Музыка әуенімен үйлесе ме, жоқ па оған ешкім қарамайды. Әркімнің өз қалауы.

Қосайдар ешкіммен алмаспай, Балқиямен ғана биледі. Әуелде манағы алтыбақандағыша ала қашар деп күткен. Өзін институттағы тәуір бишілердің санатына жатқызатын Қосайдар бұған әзір еді. Бірақ қыздың бишілігі шамалы боп шықты. Аруағына қанша сыйынғанмен талдырмаш жігіт өзімен шамалас, бұлшықты, шымыр денелі қызды деңгелек айналдырып, қақпақылдап әкете алмады. Әңгімелесе жүріп, еркін қалқып билеген.

Бұл кезде қолы қызған Айдар басқаның бәрін тастап, қазақтың көне күйлерін орындауға кіріскен. «Ақсақ құлан», «Ел айрылғаннан» бастап, «Нарату» мен «Бозайғырға» дейінгі аралықтағы халық симфонияларының бәрін сыпыра тартып өтті. Арқасы әбден қозып, орнында отыра алмай, малдасын құрған күйі қозғалақтап, алға қарай жылжи берген, жылжи берген. Ақыры қақ ортаға жеткен кезінде Тәт-

тімбетке түскен. Жастардың көбі биді тоқтатты, Сілтідей тынып, күй тыңдауға көшті.

— Мынауың сұмдық тартады ғой,— деді қыздың белінен қолын айырмаған бойы домбырашының перне басысын, ішек шертісін, бүкіл қимыл, қозғалысын тамашалап тұрған Қосайдар.

— Біздің ауылда дәулескер күйшілер көп,— деді қыз. Бұрын да талай тыңдаған, таңырқаудан жалыққан сыңайы бар. Жігіттің қолын қысып, би билейік дегендей ишарат жасады.

— Не жұмыс істейді?— деді қыз еркіне көнген Қасайдар.

— Осында... қызыл отауда...

— Консерваторияға неге бармайды?

Қыз Қосайдардың бетіне сығырая қарап, мырс етіп күлді.

— Барған былтыр. Бұлай тартпайды депті. Түсе алмай қайтты.

— Мына өнерімен...

«Сылқылдақтың» әуенімен жігіт құшағында болмашы ғана ырғатылып жүрген қыз қалт тоқтады.

— Осы жігіт жайлы енді бір рет айтсаңыз, мен сізбен билемеймін.

Қосайдар тосылып қалған. Қыз ешқандай себепсіз сақылдап күліп, жігітті өзімен бірге ілестіріп, билей жөнелді. Кенет Қосайдардың ызасы келді. Мынаның есі дұрыс емес шығар деп ойлаған. Бар өнерін сала, қызды шыр көбелек айналдырып, топтан бөлінді. Сол айналған беті өр жаққа, жұрттан отыз-қырық қадам аулаққа шығып кеткен.

— Болды ма?— деді ентіккенін білдірмеуге тырысып.

Қыз тағы күлді.

— Мен сізді осы ағынымен тау басына бір-ақ шығара ма деп ем...

— Кеттік,— деді мына қызды қайтсе де жеңе алмайтынын аңдай бастаған жігіт.

— Қайда?

— Тау басына... Әкел қолыңды!

Екеуі жатаған тобылғы, сирек көделі киямен тырмыса өрлеп, қол ұстасқан күйі биікке беттеді. Жол білетін қыз алға түскен. Демеп келем деп ойлаған жігіт. Жетекте келем деп ойлаған жоқ. Беткей тобықтан қағар ірі тассыз, әрі түйетайлы. Жоғары көтерілу онша қиынға түспеді. Әйтсе де тау басына жеткен кезде жігітке дүние кенет кеңіп кеткендей көрінген. Әлемнің төріне шыққандай. Қарсы алдынан есіп қоя берген жылы самалға кеудесін тосып, көкірегін

кере дем алды. Галстугін босатты да, көйлегінің тамақ түймесін ағытты, қолын алға созып, желдеп біраз тұрды. Сосын қайта түймеленіп, галстугін жөндеп, кері бұрылды.

Ауыл алаңында жатыр.

Аппақ ай сәулесіне мүлгіген жеті-сегіз киіз үй тау етегіне самұрық құс тастап кеткен алып жұмыртқалар тәрізді. Арғы жақ шеткі боз үзікті қоңыр үйдің есік-тесігінен көмескі от сәулесі жылтылдайды. Былайырақ, оң жақ қабырғада ретсіз салынған, орта тұсы үйме-жүйме, шет жағы шашырай орналасқан, алдында қора-қопсылары бар шатырсыз жатаған тамдардан құралған шағын село қарауытады. Тіршілік белгісі байқалмайды.

Ел тегіс ұйқыда.

Туырлықты ауылды қақ жарып өтетін ирек-ирек ақ лента — ай сәулесіне шағылыса жылып аққан бұлақ. Бастау көзі қабақ астында қалды, көрінбейді. Жігіттер сол арада. Әріден, ауыл іргесіндегі алтыбақан маңынан ұсақ балалардың дабырлаған үні шығады. Тарауға айналған сияқты. Әлдеқайдан лақ маңырады. Қосайдар не домбыра даусы, не қыздар мен жігіттердің күлкісі естілмегенге таң қалды. Ең таяу солар емес пе. «Үндемес» ойнап отыр ма екен. Жоқ, үйді-үйіне қайта бастаған болар. Немесе екеуекеуден бөлініп кетті. Айдардан басқасы. Кенет қасында үнсіз тұрған қызға қарай жалт бұрылды.

— Ана домбырашы жігіт сенің кімің?

Қыз қапелімде үндей алмай қалды. Ал Қосайдарға бәрібір еді. Сөз реті келген соң сұрай салған. Қызды тоқ мықынынан қос қолдай ұстап, оқыс құшақтады да, ернінен сүйді. Қыз қарсылық танытпады. Ықыласы да жоқ тәрізді. Қимылсыз тұра берген. Ерні сұп-суық екен. Бойында болмашы діріл бар тәрізді. Қосайдар пиджагін шешіп, қыздың иығына жапты. Жеңін кигізбестен сыртынан түймелеп қойды. Тарлау болды.

— Қолың байланды. Енді менің тұтқынымсың.

Ынтызары аумаса да, құшақтап қайта сүймек болды. Бірақ қыз мойнын оңды-солды бұрып, сүйгізбеді.

— Мен бұл тауды сонша аласа деп ойламаған ем,— деді жігіт.— Жорға! Аты дардай. Кішкене ғана дөңгелек төбе.

— Басында тұрған соң аласа көрінеді,— деді қыз.

— Етектен қарағанда да жалпиып жатыр ғой,— деді жігіт мырс етіп.

— Ол — дәл етегінде тұрғандықтан,— деді қыз.

— Өз ауылың, өз тауың болған соң айтасың.

— Жан-жағыңызға қараңыз,— деді қыз.

Жігіт жан-жағына қарады.

— Шығыс жаққа,— деді қыз.— Анада өзіңіз келген жолға.

— Алыста бір машинаның оты көрінеді,— деді Қосайдар.

— Қанша жерде деп ойлайсыз?

— Жиырма... жиырма бес-отыз километрдей.

— Сексен-тоқсан шақырым,— деді қыз. — Ал екі ортада қанша тау, қаншама белес бар. Соның бәрінен осы төбешік жоғары тұр.

— Иә...— деді Қосайдар еріксіз мойындап.— Әнеукүні осы Жорғаңызды аудан орталығынан шыға бере-ақ көрген сияқты едік, күнұзақ жеткізбей қойды. Көгерді де тұрып алды. Пәле екен.— Балқияны қайтадан құшақтады. Тек бұл жолы сүюге әрекет жасаған жоқ.— Ал мына жақта не бар?— деді қыздың бетін батысқа бұрып. Өзі сыртынан құшақтап тұрды.

— Анау ай астында қарауыта көгерген,— деді қыз әлдекайда иегін көтеріп,— Жауыр-тағы тауы.

— Aha...— деді жігіт.— Өркеш-өркеш қой?

— Иә. Оның мына жағында — Шұбарайғыр...

— Көрдім.

— Көрген жоқсыз,— деді қыз.— Тым алыс. Күндіз ғана көрінеді. Қолденең тау.

Тау дегені көкжиекте шөгіп жатқан қазбауыр бұлт екен. Жігіт күлді.

— Менің тау дегенім — бұлт екен.

— Ол бұлт тұрған тұс — сіздің Қарқаралы болар. Әлде әрірек пе...

Жігіт тағы күлді.

— Шұбарайғыр... Жорға... Жауыр... Алыпсоқ, Бөрбасар деген жерлеріңіз жоқ па?

— Бар,— деді қыз салқын үнмен.— Көл бар. Иттің көлі деген. Мына тұста.

— Біздің қазақ та қызық. Ойына келген атын қоя берген.

— Ал, сіз білесіз бе, бұл жерлердің неге солай аталғанын?

— Білем,— деді жігіт.— Апам айтқан. Айбас батыр Баянның аулын іздеп бара жатқанда, осы арада болдырған бір жорға атын қалдырып кетіпті.

— Дұрыс,— деді қыз.—«Қозы-Көрпеш — Баян сұлуда» солай делінеді. Бірақ менімше олай емес...— Қыз әлденеге құлағын түріп, сәл бөгелді де, пиджактің етегінен қолын шығарып, түймелерін ағытты.— Тоңып қалдыңыз...

Қосайдар пиджакті қыздың иығына қайта жапты.

—Қайтайық,— деді қыз. — Әне, жұрт тарап жатыр.

Шынында да үй-үйдің арасында қаранғаған кісілер байқалады. Күбір-күбір дауыстар шығады. Алтыбақан да бұзылған тәрізді. Балалар сүйреткен бақанның жер сызып, сыр-сыр еткен дыбысы естіледі. Әлі оты сөнбеген шеткі үйдің есігі серпе ашылып, үсті-басы аппақ біреу көрінді. Есік алдында көгенде жатқан қозы-лаққа жарық түсірген беті, киіз есікті көтеріп, үнсіз қалқиып біраз тұрды.

— Әй, Үсен,— деді сосын әлдеқайда дауыстап.— Ағаң қайда? Қосайдар ағаңды көрген жоқпысың?

— Білмеймін, Ай-әже,— деді үйлердің арасынан шыққан бала даусы.— Олар бағана бұлақ басына кеткен.

Ай-әже есікті жаба сап, жерге төгілген ұзын, әрі мол кимешек-шаршысы ағараңдап ауыл ортасына таман беттеді.

— Әне, әжең іздеп жүр,— деді Балқия осы кеште алғаш рет «сенге» көшіп.— Үйге қайт.

— Үлкен кісілер қызық,— деді Қосайдар басын шайқап күліп.— Жау алады дей ме екен. Әлде өздері қыз боп, жігіт боп көрмеген бе.

Бұл кезде жұрт аяғы басылып қалған. Жөн сұрайтын ешкім көзіне шалынбаған Ай-әже Қосайдардың атын атап, дауыстап шақыра бастады.

— Мен мұндамын!— деп айғай салды кенет кеудесін қуаныш кернеген Қосайдар.

— Ойбай, көтек!..— деді ауыл шетіне шығып қалған Ай-әже дауыстан шошып. Қалт тұра қап, жан-жағына қарады.— Бісмілдә, бісмілдә... Қайдан шығады, жын ба, шайтан ба...

— Мен Қосайдармын,— деді Қосайдар дауыстап. Тау басында тұрмын. Қазір барам. Қасымда...— Бірақ қасында кім барын айта алмады. Балқия аузын баса қойған еді.

— Қап,— деді Қосайдар үнсіз күліп.— Енді сенің әжең іздеп әуреге түсетін болды-ау.

— Менде әже жоқ,— деді қыз.

— Онда ешкім іздемес. Кеттік.

Тау басы доғалана иілген, боз көделі жазық еді. Орта тұсы — шығар аузы бұрма-бұрма терең сай. Ай сәулесімен көгілдірлене шаңытады. Тек кей жерлері ғана ойдым-ойдым болып қара барқынданып тұр.

— Былай жүр...

Қыз қарсылық білдірген жоқ.

Сай ішіндегі терең құз сияқты қарауытқан тұстар — кейде сирек, кейде қораланып, топтала өскен биік қараған екен. Ара-арасы ұйысқан қалың көде. Үп еткен жел лебі

білінбейді. Алды, арты бірдей берік терең сай күндізгі жылуынан арыла қоймапты. Бүк қараған арасына шырматылған жұмсақ ауа маужырай ұйып тұр.

— Отырайық,— деді өзі бастап қалыңға кірген қыз үш қанат үй орнындай ғана алаңға тоқтап.

— Сыз емес пе...—«Мен ақымақпын» деген ой жалт етті сол сәтінде.

— Мейлі,— деді қыз.— Аяғым талды.

Жігіт қатесін түзеуге асықты.

— Тұра тұр...— Қыздың иығындағы пиджагін алып, қайыра бүктеп жерге жаймақ болған.

— Қойыңыз,— деді қыз шошып.— Ер адамның киімін астыға салуға болмайды.

Жігіт тағы да тосылып қалды.

— Екеуміз бір-ақ адамбыз,— деді сосын қыздың құлағына сыбырлап.— Ештеңе етпейді.

Қыз сонда да көнбеді. Шөп жұлып салайық деді.

Екеуі бірдей еңкейіп аз-маз шөп жұлды. Жаңа дауға түскен пиджакті жамылып, құшақтасып қатар отырды. Жер сыз емес екен. Мал тісі тимеген көде түйенің шудасы сияқты. Бітік. Жұмсақ әрі жылы.

— Қандай ырымшылсың,— деді жігіт.

— Мен сенімен кездесетінімді біліп ем,— деді қыз.

— Немене, құмалақ аштың ба?

Қыз әлдеқайда қарап, үнсіз, қимылсыз аз отырды.

— Осы арада...— деді күбірлеп.— Осы қарағандардың арасында жайылған.

— Сіздің үйдің көк сиыры ма?

Қыз осыны қайда көрдім деп есіне түсіргісі келгендей, жігіттің бетіне тесіле қарады да, қайтадан өзімен-өзі боп кетті.

— А-а,— деді жігіт.— Жорға атты айтамысың. Айбас тастап кеткен.

— Мен айттым ғой,— деді кенет көңілденген қыз,— жорғаны қалдырған Айбас емес, Баян. Соңынан шыққан Қозы аты болдырғанда ауысып мінсін деп. Осы сайға шідерлеп кеткен...

— Енді түсіндім,— деді жігіт. Қызды баурына тарта, қатты құшақтады.— Сондықтан осы тау Жорға аталған. Ал манағы өркеш-өркеш биіктің Жауыр аталатын себебі — Баян онда да...

Қыз сақылдап күлді.

— Сіз қызықсыз, Қосайдар. Қалыңдық өзінің сүйген жігітіне көтерем, жауыр ат сыйлай ма екен...

— Сонда қалай?— деді Қосайдар.

— Тура жырдағыдай. Ол араға Айбас батыр жауыр болған күнқақты аттарының бірін тастап кеткен.

— Е-е...

— О-о-о...

Қосайдар өзін мазақтай, үнсіз күлген Балқияны қысып тұрып, қатарынан бірнеше рет сүйді. Ерні манағыдай суық емес екен. Бірақ ерекше де ештеңесі жоқ. Қәдімгі ерін. Қәдімгі қыз. Ал Балқияның өзі олай ойламайтын сияқты. Жігіттің мойнына білегін артты.

— Ұйқым келді,— деді наздана.

— Онда ұйықтайық.

Қолын жазып, шалқасынан жатты. Қыз ойланған да жоқ, қымсынған да жоқ. Жігіттің кеудесінен құшақтап, төсіне басын сүйеп, бір жамбастай қисайды.

Жігіт аспанға қарады. Бұлтсыз, бозғыл көк. Жұлдыздардың өңі қаша бастаған. Таң жақын.

«Мен ақымақпын,— деп ойлады жігіт осы кеште екінші рет.— Менің орнымда батылырақ біреу болса, осынша мылжыңдаспай, баяғыда-ақ...» Қаны қызып, жүрегі лүпілдеп кетті. Әйткенмен қалай бастарын білмеді. Ал қыз шынымен-ақ ұйықтап кеткендей, кимылсыз жатыр. Жігіт бұрымының ұшымен бетін қытықтағанда маужырап, көзін әрең ашты.

— Тоңған жоқпысың?

— Жоқ, жаным...

Бір бүйіріне аударылып түскен жігіттің қарын жастанған күйі қайтадан көзін жұмды. Жылу тілегендей, не жайласып жатқысы келгендей, бұйығып, тығылыса түсті.

— Сен мені сүйемісің?— деді басқа сөз таба алмаған жігіт.

— Мен айттым,— деді қыз.— Мен бәрін де айттым...

«Болды!» деп ойлады жігіт. Тек қайталап, пысықтап алғысы келді.

— Сен қалай... не... немен дәлелдейсің?

— Қасыңдамын... Сенікімін... мәңгі-бақи...— Қарны ашып, мамасын іздеген сәбише жігіттің кеудесін аймалай берді.

Осы кеш бойы жалғыз-ақ мақсаты болған Қосайдардың енді ешқандай күманы қалмады. Қолдары дірілдеп, асығыс әрекетке көшкен. Кенет қыз ұйқысынан шошығандай, басын қалт көтеріп алды. Айран-асыр күйде жігітке қадала қарап, мелшиіп отырып қалды. Қыз қарсылық білдіреді деп күтпеген Қосайдар Балқияның бұл қимылын жалған әдепке ғана жорыған. Құшақтап, қайтадан қасына жатқызды. Әйткенмен, не істесе де қыз жігіттің ыңғайына көнбеді. Тіпті қой-

маған соң тұрып кетті. Ашуланып, қатты сөз айта ма деп еді. Қыз аузынан ондай ештеңе шықпады.

— Таң атты, қайтайық,— деді бар болғаны.

Тірсегінен асатын ұзын қос бұрымы орта тұсына дейін тарқатылып кеткен екен. Қосайдарға ұстатып қойып, қайта өріп алды. Үстін қағып, көйлегінің қырыс-тырысын жазған болды.

Қосайдар қызды белінен орай құшақтап тұрып, махаббат сөздерін айтты. Кеудесін кернеп бара жатқаннан емес. Міндет, борыш санағаннан. Жаңағы бейәдеп қимылдарын жуып-шаю үшін. Қыз үнсіз тыңдады. Тек сайды құлдап, ауылдың іргесіне келген, айрылысар шақта ғана жігіттің мойнынан құшақтап, өзі сүйген. Тілі сүп-сүйір, ып-ыстық екен. Қосайдар бұрын қызбен бұлай сүйісіп көрмеп еді. «Талайды атқарған сайтан ғой... Тым әккі екен...»— деп ойлады. Бірақ тағы да қызды шын көңілден ұнататыны жайлы айтты. Бара сала хат жазуға уәде берді. Сол күні Алматыға қайтуға тиіс еді...

* * *

Әуелде екеуі үзбей хабарласып тұрды. Жас жігіт қызсыз жүрмеуге тиіс деп есептейтін Қосайдар астанадан мың шақырым қиырдағы бойжеткенмен хат жазысуды бозбалалық ермек қана емес, мәртебе де санаған.

Қыздың әрбір хатын оқыған сайын Қосайдар демін ішіне тарта таңырқайтын. Мынау — жігіттермен хат жазысуға маманданған, әбден беті ашылған пәле ғой,— деп ойлайтын. Осының бәрін қалай қиыстырғанына, қайдан ойлап тапқанына басы жетпейтін. Қыз ешқашан да жігіттің өзі құсап күйіп, өртеніп барам, өлем, өшем деген тәрізді көтеріңкі сөздерді айтпайтын еді. Әйткенмен де жігіт ғашық адамның өзі сүйген кісісіне тек осылай ғана сыр ашарын, сеніскен жандардың тек осылай ғана сөйлесерін іштей мойындайтын. Жүрекке жайлы тиер сөздерді ести түскісі келетін.

Көп ұзамай-ақ айтар сөзі түгесілген жігітке әрбір жаңа хатты құрастыру — машақаты мол жұмысқа айналды. Кейде бірін жыртып, екіншісін қайта көшіріп өнімсіз әурелікпен жүргенде араға талай уақыт түсіп кететін. Бір жақсысы, қыз есептесіп жатпаушы еді. Қосайдар амандық, саулық, Алматыдағы ауа райы төңірегінде құрылған хаттың бірін жазып бітіргенше, одан екі-үшеуі келіп үлгеретін. Бара-бара екеуі де осыған үйренісіп кеткендей болды.

Қыз басында политехникалық институт жөнінде сұрастырып жүрді де, көктемге қарай оқу жағын ауызға алуды

қойды. Ақыры, майға қарсы құрғақ жазылған қысқа хат келді. Аудан бойынша оныншы класс бітіретін жастар тегіс ауыл шаруашылығында қалсын деген ұран көтеріліпті. Орта мектепті тәмамдайтын жетпіс сегіз бала түгелдей алыстағы отарларға малшылыққа, механизаторлыққа баруға тиіс екен. Екі жылдан соң бастары босайтын көрінеді.

Онсыз да ауырлап жүрген Қосайдар бұдан соң хат жазуды доғарды. Ойыннан жалықса керек, қыз да мазалағанын қойды. Сауыншылық үшін кәмелеттік емтихан тапсыруға әзірленіп жатқан алыстағы бойжеткенді Қосайдар апта араламай-ақ ұмытты.

Көктем өтті. Жаз бітті. Күз түсіп, лекциялар қайта басталған шақта бір күні жатақханадағы Қосайдарға бейтаныс қыз келді. Тықылдаған кішкентай сары қыз. Он жылдықты Балқиямен бірге бітіріпті. Қай Балқия? Кәдімгі. Жорғадағы. Бүкіл класс боп малға кеткені рас. Өзі... өзі ЖенПИ-ге түсті. Ағай тым әуесқой екен. Бірлі-жарым шетінемей тұра ма. Балқия... Балқия ауылда қалды. Әрине, өз еркімен. Ең жақын құрбысы болғандықтан, бар сырын біледі. Өзі тапсырды. Сосын келіп тұр. Іздеп әрең тапты. Айтары көп.

Екеуі сыртқа шығып, жұрт аяғы сирек көшелердің біріне түсті. Жаңа ғана бірінің басын бірінің аяғына қосып, көп әңгіме туындатып тастаған сары қыз оңашаланған соң ерегескендей аузын ашпай қойды. Тіпті, өзінің атын да айтқан жоқ. Қосайдардың киноға кіріп жылынайық деген ұсынысын да қабылдамады. Ақыры, Балқияның сізге сәлемі бар деді манағы сөзін қайталап. Ән арқылы жолдапты. Қыз даусының шамалылығын айтып, әлденеше рет кешірім өтінді. Сосын баяу үнмен сызылта бастап кетті.

Сен тауға біткен терек ең, мен қырда өскен қызғалдақ ем; созсам қолым жетер ме. Сен сеңгір шыңға, көк аспанға ғана қарайсың, аулақта шешек атқан әлсіз гүлге назар аударармысың. Сен терең тамырларыңмен құзар қойнаудан нәр аласың. Биіксің. Беріксің. Дауыл құлата алмайды, нөсер жыға алмайды. Үскірік аяздың қаһарынан да қорықпайсың. Ал мен жіптік тамырлы, жіңішке сабақты нәзік гүлмін. Жел жапырады. Бұршақ сындырады. Күздің алғашқы қара суығынан қалмаймын. Басым иіліп, сабағым үзіліп, демім бітеді. Сен, асқақ терек, сезінермісің күйімді, түсінермісің халімді. Сен жүз жасайсың, мен алғашқы ызғырықпен бірге өшем. Бірақ мен өлмеймін. Көктем туа қайта тірілем. Қайтадан бой түзеймін. Қайтадан арманыма қол созам. Сен жүз жасасаң, мен мәңгілікпін. Үйткені бұл фәниде тоқтаған тамырымды қайта соқтырар, өлі бойыма жан бітірер сиқыр-

лы күш бар. Ол — мәңгі жасар күннің нұры, ол — ешқашан өшпейтін менің саған деген махаббатым.

Әннің әуені жат, сөзі оғаш еді. Қосайдар ештеңе түсінбеді. Әнді аяқтаған соң қыстыға дем алып, үнсіз қалған сары қызға қарап бірталай уақ қимылсыз тұрды.

— Бұл не?— деді ақыры.— Мен... кешіріңіз, ештеңе ұқпадым...

Сары қыз Қосайдар әлдебір бейәдәп сөз айтқандай, үркіп қалды. Тұра жөнелгісі келгендей, оқшырая қарап аз бөгелді де, жаңағыдан гөрі көтеріңкілеу дауыспен әнді қайта бастады.

Қосайдар сөз мағнасына бойлай алмаса да, там-тұмдап әннің әуенділігін сезінді. Әйткенмен кішкене сары қыз бірте-бірте көшеде тұрғанын ұмытып, нақ сахнадағыдай шырқауға көшкенде қатты қысылды. Арлы-берлі өтіп жатқан адамдардың кейбірі жүрісін баяулатқанын, тіпті, аялдап, тұрып қалғанын, ән созылған сайын олардың саны көбейіп бара жатқанын көргенде кірерге тесік таппады. Сары қыз бейуақта, қаланың қақ ортасында айғайға басқан қылығының рабайсыздығын кеш түсінсе керек, әнін аяқтасымен бетін басып, әлдеқайда қаша жөнелді. Ұяттан өле жаздаған Қосайдар да пәлелі жерден сытылып шықты. Тамашаға жиналған кісілердің кейбірінің қол соққанын, кейбірінің жымиып бас шайқағанын ғана біледі. Мазақтағаны ма, қостағаны ма — о жағына бойлауға шамасы келмеді.

Көп ұзамай студент жастар арасына авторы белгісіз, мұңды қуаныш кернеген «Қызғалдақ жыры» атты әдемі ән тарап кетті. Ән туралы неше түрлі әңгімелер айтылды. Біреулер бұл әнді өзіне ғашық болған жігітке арнап ЖенПИ-дің қыздарының бірі шығарыпты деп жүрді. Ән хикаясының ел аузына көбірек тараған екінші бір нұсқасы ертегіге ұқсас, әрі ұзақ еді. Бір қыз бен жігіт бопты. Екеуі кішкентайларынан бірге өсіпті. Онжылдықты бітірген соң жігіт университетке түсіпті де, қыз конкурстан өте алмай қалыпты. Өзі домбырашы, әрі сұлу, әрі ақылды жігіт екен. Қалаға келген соң ауылдағы алғашқы махаббатын ұмытып, басқа бір қызбен қауышыпты... Бұдан ары хикая айтушысына қарай әлденеше тармаққа бөлініп кететін. Жігіт сол кейінгі қызға үйленіпті де, ауылдағы қыз осы әнді шығарыпты... Жігіт сол кейінгі қызға үйленгелі жатқан той үстінде осы әнді естіп, өзінің қателігін түсініпті, кездейсоқ қалыңдықтан бас тартып, шын махаббатымен қайта табысыпты... Енді біреулер бәрін нақпа-нақ білетін боп шықты. Жігіт — пәленбай деген жас композитор. Ал қыз — соның әйелі. Айрылысқан да, араздасқан да жоқ. Баяғыда қосылған.

Ал мынау — сол жас композитордың шабыты келген сәтінде шығарған әні. Ұзамай радиодан естисіңдер. Сонда білесіңдер, кімнің кім екенін, алыпқашпа сөздің бәрінің жаңсағын.

Қосайдар біраз уаққа дейін бұл — халық әуені шығар, немесе белгілі композиторлардың бірінің ел арасына кездейсоқ тараған жаңа дүниесі болар деп ойлаған. Келе-келе әннің кімдікі екеніне күманы қалмады. Балқия. Балқияның әні. Қандай жағдайда шығарылғанын, кімге арналғанын да ұқты. Студенттік кештерде, жастар бас қосқан той, мерекелерде қазір жанына жақын көретін, сырлылығын пайымдаған, әсемдігіне көзі жеткен «Қызғалдақ жырын» тыңдап отырып: «Мен! Мен білем. Бұл ән маған арналған!» деп айғайлауға шақ қалатын. Балқияға хат жазуға көңілі кете бастаған. Бірақ өзінің институтты бітіруге тақағанын, қыздың арнайы білімі жоғын, әлі оқуға да түспегенін ойлап, тартыншақтай беретін.

Өстіп жүргенде шетін бақытсыздыққа ұшырады.

Жаңа жыл қарсаңында жатақханадағы би кешінде сәл қызыңқырап алған Қосайдар ширатып мұрт қойған, шашын иығына түсіре өсірген, соңғы модамен киінген бір бейтаныс жігітпен қыз алдында тоқайласып қалды. Қыз қатар кеп биге шақырған екі жігітке алма-кезек көзін төңкере, салмақтай қарап алып, ұзыншашты таңдады. Намыстанған Қосайдар қарымта қайыруға тырысқан. Бейтаныс жігіттің ауыл шаруашылығы институтынан екенін білген соң тіпті өршеленіп кетті. «Әй, колхозник, мода сенің не теңің»,— деп барып соқтыққан. Аяғы жанжалға ұласты. Екі жақты да қостаушылар табылды. Арашашылар шықты. Өз аулында тұрғанын, әрі жақтастарының көптігін арқаланып мүлде көтеріліп кеткен Қосайдар тыю айтқан студенттердің бірінің жағасынан алды. Шатақ содан басталған. Жағасы жыртылған жігіт — жатақханада тұрғанымен студент емес, биыл бітіріп, институттың өзінде қалған, пәлен кафедрадағы пәленшекең деген ассистент боп шықты.

Жанжал жайын талқылау кезінде бөтен пікір болмады. Кейбіреулер, тіпті, бұл жігіттің бір-екі сабақтан борышы бар, оқуға ынтасыз студент екенін еске салып, ісінің сотқа берілуін талап еткен. Ақыры, көпшілік орында мас боп төбелес ұйымдастырған, өзінің оқытушысына қол көтерген бұзақы студент Қосайдар Әлімбетов политехникалық институттан шығарылсын деген қаулы қабылданды.

Бос сандалыспен екі-үш айын өткізді. Кенсе қызметі табылмады, қара жұмысқа тұруға арланды. Сөйтіп ит ырғылжыңмен жүргенде әкесі дүние салды да, амалсыздан Қарқаралыға қайтты. Жұмысқа жарамсыз сырқат шешесі,

жас бауырлары тегіс өзіне қарап қалды. Жұртқа академиялық демалыс алдым деп жариялап, қала ішіндегі арнайы мамандық тілемейтін ортақолды қызметтердің біріне орналасты. Келер жылы Алматыға барып, біраз әрекеттеніп ештеңе өндіре алмады да, сырттай оқуға ауыстым деп қайтты. Кімді кім аңдығандай, екі-үш жылдан соң жұрт ішімдікке құмарлығымен көзге түсе бастаған жас жігіттің бір кезде әжептәуір институтта оқығанын да ұмытты.

Өмір өте берді. Қосайдар үйленді. Жараса алмай айрылысты. Аз уақ жігітшілік дәурен құрып жүріп, заңды-заңсыз үш-төрт неке көрген, шамалы әншілігі, болмашы бишілігі бар әдемі жас келіншекпен отасты. Таңертеңгілікте ұрсысып, кешкілікте төбелесіп, жатарға таяғанда қайта татуласып, не ел қатарлы тыныш дәурен сүрмей, не адамша ажыраспай, ырың-жырың күн кешіп жатты. Нағашы туыстарынан хат арқылы оспақтап сұрастырып, Балқияның Айдар деген домбырашы жігітке шыққанын, қазір екеуінің автоклуб ұстайтынын, бала-шағалы болғанын естіді. Бұрынғысына үстемелеп, әлденеше күн қатарынан бас көтермей ішті. Жұмыс орнынан күңкіл көтеріліп, жағдайы ауырлап бара жатты. Ақыры араға жанашыр ағайындар жүріп, ата баласы сыйлайтын ақсақал, қарасақалдар үкім айтып, ант ішкізіп, арағын қойғызды. Тек мерекелі жиындарда ғана дастархан басындағылардың көңілі үшін бірер рюмка көтеретін. Соның өзіне әжептәуір боп, қызара бөртіп отырар еді. Ал осындай той үстінде қазір дүйім жұртқа тараған «Қызғалдақ жыры» айтылса, қашанда көзіне жас үйірілетін. Сонда біреулер қасында отырған көршісін түртіп: «Осы әнді нағашы жұрты жақтағы бір қыз Қосайдарға арнап шығарған көрінеді. Әйелде опа бар ма, әнін айтып-айтып, өзі басқа біреуге кетіп қапты. Жігіттің нары еді. Қайтсін, бір қыздың зарпынан осындай болды»,— дейтін. Сонда көршісі мырс етіп: «Сен де соға бересің. Халық әні емес пе. Бұл маскүнем шіркін «Жалғыз аршаны» айтқанда да жылайды»,— дер еді.

1972

ТҰЛЫМХАННЫҢ БАҚЫТЫ

Жасы отыз бестер шамасындағы бадыраққөз, шелпекбет қара жігіт аэропорттан микроавтобусынан түсті де, көшені кесіп өтіп, үй-үйдің арасымен асыға адамдай жөнелді. Үстіндегі жағасы тықырланып, етегі ұйпаланған көнетоз пальтосынан, қолындағы бұрыш-бұрышы ақжемденуге айналған жуан қоңыр портфелінен бұл кісінің жол жүріп, шаршаған адам екені аңғарылатын. Көтеріңкі кең иығы, қысқа аяғын кере басқан жіті қадамынан жолаушының өз үйіне келе жатқандығы танылатын.

Республикалық сауда мекемесінің қатардағы қызметкері Тұлымхан бақытты адам еді. Өзіне риза, өзгеге риза; заманға риза, осы заманда туғызған тағдырға риза.

Ертемен сағат сегізге он бес минут қалғанда оянады. Шарбақты төсегінде ыңысылдап жатқан кішкентай қызының ұйқысын бұзып алмауға тырысып, әбден тозған, сыры көшіп, қиюы қаша бастаған тақтай еденді сықырлата, аяғының ұшымен басып, төсегінен тұрады. Әлдеқайдан шоқпарбас, ортасы буылтық үлкен гантельді суырып алып, екі-үш рет басынан асыра көтереді, екі-үш рет жерге жеткізе еңкейеді; бұл — таңертеңгілік гимнастика. Ваннаға барып, душтың астына тұра қалып, сар еткізіп қоңырсалқын су ағызады. Бірер минут ішінде үстің де тазарады, бет те жуылып шығады. Түкті сүлгімен жақсылап сүртініп алған соң тісіңді ысқаң болғаны.

Бұл кезде кухняда шай дайын тұрады. Тұлымхан Шәрипадай қамқор әйелі барына ішінен мың мәрте тәуба айтып, стол басына кеп отырады. Бір жапырақ нанға қалың етіп май жағып, екі шыны қою қара шай ішеді. Әйелінің тықпалауымен,— бұл жолы құрғақтай,— тағы бір тілім нан жейді. Сағатына қарайды. Сегізден он минут кетіп қалған. Апыл-құпыл киініп, автобус аялдамасына жүгіреді.

Халық қара құрым. Бірақ Тұлымхан салмақты адам. Әлдекімдер құсап абалақтап жүгірмейді. Бұрын келсе де бәріне сабырмен төзіп тұрған өзі сияқты тәртіпті кісілердің соңынан кезек алады. Бір автобус толып келеді. Екінші автобус тоқтамай өте шығады. Үшінші автобусқа бес-алты адам ілінеді. Ақыры тіркемелі трамвайдай сүйретілген ұзын «Икарус» жетеді. Іші кең. Жүрісі жайлы. Кісі де онша көп емес. Басқа автобустардағыдай жағаң жыртылмайды, түймең үзілмейді. Әйтсе де халықтың тығыз топтасқан жері, аяққиімнен тұк қалмайды. Біреу сүйкеп өтеді, біреу жаншып өтеді. Жұмыстан қалмай жеткен соң уақа емес. Тұлымханның қалтасында қашанда бір жапырақ ескі пүліш жүреді. Автобустан түсісімен, тротуардан шыға бере еңкейіп тұра қалып, туфлиін шаң мен балшықтан тазартып алады. Щетка міндетін атқаратын шүперегін кір жағын ішіне қарата бүктеп қайтадан қалтасына салады, үсті-басын қағынып, галстугін түзейді де, кеудесін көтере адымдап, кеңсесіне қарай беттейді.

Міне, сегіз жыл болды, бір столда отырады. Сегіз жыл болды, істейтіні бір-ақ жұмыс. Жұрт басқа қызметке ауысып жатады. Жоғарылап, өсіп жатады. Жасыратын не бар, арамызда ондайлар әлі де ұшырасады, қоғамдық тәртіпті бұзып, не совет интеллигенциясына жат басқадай мінез көрсетіп, төмендеген, тіпті, жұмыстан қуылған адамдар да болды. Тұлымхан қашанда пәле-жаладан аулақ жүретін. Арақ ішпейді, темекі тартпайды. Бейсауат сөзге үйірлігі жоқ. Сондықтан ешқашан сөгіс алмаған, жаманатқа ілінбеген. Рас, алғыс та естіген емес. Бірақ Тұлымхан мақтангөй, мансапқор жандардың қатарына қосылмайтын. Ол өз жұмысын сүйетін еді. Бастықтардың ешқайсысының сөзін жерде қалдырмайды, не шаруа жүктелсе де орындайды. Түскі бір сағат үзіліс болмаса, таңертеңгі тоғыздан кешкі алтыға дейін меншікті столының басынан тапжылмайтын. Уақытын қаза жібермейді. Столы толы папка. Бірін ақтарып, бірін тексеріп, біріне жаңа қағаздар тіркеп, әлденені көшіріп, әлденені қайтадан жазып күнұзақ тыпырлайды да отырады. Алайда папканың саны азаймайды. Қаншасы кетсе, соншасы келіп жатады. Жиырма алты жасында, оқуын

жаңа бітіріп, босаға аттағанда осылай еді. Қазір байырғы қызметкер, отыз төртке шықты — әлі солай.

Жұмыс аяғы тақаған сайын жұрт сағатына қарағыштай береді. Батылдары бес минут, именшектері тым құрса екі-үш минут ерте кетуге тырысады. Тұлымхан батылдардың да, именшектердің де тобына жатпайды. Ол дәлдікті сүйетін. Алты да нөл-нөл. Сонда ғана орнынан тұрады.

Автобус аялдамасы құжынаған халық. Таңертең үйден біреу ілгері, біреу кейін шықса, кешке барлық мекемелердің есігі бір мезгілде жабылады. Таңертең жұрт ұйықтап, тынығып тұрған болса, кешке бәрі де жұмыстан шаршаған. Онсыз да аузы-мұрнынан шыққан автобусқа қалайда мінуге тырысып, біреуді итеріп, біреуді қақпайлап, жағаласып кетеді. Бар денесі сыртта, бақайының ұшымен ғана ілініп, баспалдақта бара жатады. Аялдамадан өтіп, аулаққа барып тоқтаған автобустың соңынан жүгіреді. Бұл қарбаласты туғызатын сабырсыз кісілер. Өздерінің де берекесі кетеді, жұрттың да тынышын алады. Тұлымхан — салауатты адам. Орнықты, мәдениетті жан. Таласып, тармаспайды. Далақтап жүгірмейді. Бос автобусты, немесе жұрт аяғының басылуын күтеді. Соның өзі демалыс. Ақыры үйге сағат жетіде, кейде тіпті, жеті жарымға таман әрең жетеді. Бірақ шаршамай, шалдықпай, нервін тоздырмай жетеді.

Ол келгенде әйелі кешкі ас қамымен кухняда жүреді. Қызы төрде диванда қуыршақ ойнап отырады. Қақ ортада көкала дастархан жайылған төртбұрышты үлкен стол жасаулы тұрады.

Кішкентай Нәйла қоңырау соқпай, есікті өзі ашып кірген әкесін аңдамайды. Ойынға беріліп кеткен. Жалбыраған, сәл бұйралау, қалың қоңырқай шашы сәби бейнесіне қандай жарасымды рең береді. «Кейін жазылып кетеді,— дейді Шәрипа.— Кішкентай кезімде менің де шашым бұйра болған». Жоқ, Нәйланың шашы жазылмайды. Бұйрасы тарқаса Нәйла болмай, басқа бір бала боп шығар еді. Тіпті, қолдан бұйралату да қиын емес. Бірақ Тұлымхан Нәйланы бойжеткен қыз, үлкен адам кейпінде елестете алмайды. Өмір бойы осындай кішкентай, осындай сүйкімді қалпында қала берсе дейді. Үйткені Нәйла — Тұлымханның өзі. «Сенен аумайды,— дейді Шәрипа.— Көзіне қарап қана айтатын болар. Тостаған көз. Басқа ешбір жері тартпаған. Керісінше, Тұлымхан тәмпіш танау болса, Нәйла қоңқақмұрын. «Үлкен әкеміз осындай мұрынды кісі екен» дейді Шәрипа. Мейлі. Бала нағашыға тартады. Тарта берсін. Сонысы жақсы. Әйтеуір өзінің ет-бауыры ғой. Тұлымхан осы үйде Нәйла жоқ кезде қалай өмір сүргенін білмейді. Рас, екеуі де баланы

аңсады. Шәрипа ішкі толқынысын білдірмейтін. Ал Тұлымхан қатты уайымдаушы еді. Ақыры үміт үзілуге айналғанда, тұрмыс құрғандарына бес-алты жыл толғанда қыдыр дарыды. Тұлымхан есі кете қуанған.

Таң атқанша әйелінің ұйқысын күзетіп, неше түрлі тәтті қиялдарға шомушы еді. Сонда да бала сүю мұншама қызық деп ойламаған.

Нәйла әкесін қасына келгенде бір-ақ көреді. Кешеден бері сағынып қалған. Орнынан атып тұрады. Бұйра шашы желп-желп етіп, диванның үстінде секіре бастайды. Әкесі құшағын жая береді. Бала да кішкентай қолдарымен әкесінің мойынынан құшақтай алады. Тұлымхан тілі былдырлап жаңа шыққан кішкентай қызын баурына басып, шашынан иіскейді. Мейірі қанбайды. Бытырлатып, сүйектерін сындыра қатты қысқысы келеді. Бірақ өйтуге болмайды. Ақырын ғана құшақтап, көтеріп алып, бет-аузынан бақайына дейін түгел өбіп шығады.

— Екеуіңнің көріспегеніңе неше жыл болды?— дейді Шәрипа. Күнде айтады осы сөзді. Қалжыңдағаны.

Оған жақсы. Жұмысы жақын. Автобус күтіп әуре болмайды. Таңертең кеш шығады. Нәйланы яслиге апарып тастайды. Түсте асханада кезек күтіп сарылмай, үйге келіп тамақ ішеді. Кешке тағы бәріне бұдан бұрын үлгереді. Жұмыс істейтін жердің үй іргесінде болғаны қандай жақсы. Бірақ мәселе сонда ғана емес. Тұлымхан біледі. Білгендіктен бағалайды. Мұндай әйел ешкімде жоқ.

Шәрипа әке мен баланы дастарханға шақырады. Тамаша әйел. Тамақты қандай жақсы істейді. Бүгін не жасады екен.

— Қазақша борщ,— дейді Шәрипа.

Тұлымхан күледі. Қазақ борщ дегенді білмеген. Таңертең ет, түсте ет, кешке ет. Капуста жоқ, борщ қайдан келсін. Қазақша борщ — Шәрипа қойған ат. Қәдімгі борщқа турамшылап, көбірек етіп ет салу керек. Жіліктің басы, бірер қабырға жүрсе тіпті жақсы. Картошка да әдеттегіден мол болсын. Әрі борщ, әрі көже, әрі ет. Қазақша борщ дегеніңіз осы.

Астан кейін Тұлымхан қолына сумка алып, сыртқа шығады. Гастрономға барып, ертеңгі азық-түлік, басқадай ұсақ-түйек қажетті нәрселерді әкелу керек. Әрі үй шаруасына көмектесесің, әрі тамағыңды таратып, таза ауада жүріп қайтасың.

Магазиннен келген соң кішкентай қызын алдына алып отырып, телевизор көреді. Сағат онға дейін ғана. Яғни, сағат онда Нәйланы ұйқыға жатқызу керек. Тұлымхан теле-

визорды көре береді. Шәрипа екеуі. Және қалай болса солай емес, программа бойынша. Бос көре беру көзге зиян. Телевизор да тез тозады.

Сағат түнгі он бір, он бір жарым. Бүгінгі күн бітті.

Жатады. Ұйықтайды.

Таңертең бәрі қайтадан басталады.

Демалыс күндері бұдан өзгешерек. Нәйла екеуі серуенге аттанады. Барар жер алыс емес. Орталық жақтан келе жатқан автобусқа отырып, екі-үш аялдамадан соң түседі. Қатар-қатар салынған төрт этажды үйлер. Ірі панельді. Таудың сұр тасынан қашап жасағандай. Өлшеп, кесіп-пішіп алып, ондаған терезе тесіп шығарған, көрші үйлердің терезелері қосылып кетпес үшін арасынан қатар-қатар балкон орнатқан тәрізді. Бірінен-бірі аумайды. Тұлымханның өзі де осындай үйде тұрады. Осы жүйе. Осы үлгі. Алайда мына үйлердің бір ерекшелігі бар. Жамырап кеп, әлденеден именіп қалт тоқтағандай. Автобус, троллейбус, жеңіл және жүк машиналарының неше атасы гүжілдеп, дүрілдеп, сырылдап оңды-солды сабылып жатқан екі қатарлы үлкен жолға төне түсіп тұр. Тұл тракт — «Северное кольцо» — «Жамбас жол» аталады. Қаланың шекарасы. Ар жағы иен дала. Яғни үй жоқ. Жоңышқа, жүгері өсетін жолақ-жолақ егінжай. Екі жағына иін тіресе, қатар түзеген биік теректер шаншылған терең арықтар. Алма, шие, өрік ағаштары. Нәйланы мойнына мінгізіп алған Тұлымхан ұзаңқырап барып, суға жақын, көлеңкелі саяға тоқтайды. Баласын епте жерге түсіреді. Көгал үстіне торқалтаға салып аркалай келген одеялын жаяды. Содан соң қызық ойын басталады. Әкелі-балалы екеуі күреседі. Футбол ойнайды. Қошқар боп сүзіседі. Шаршап әрең тоқтайды. Үйден әкелген бірдеңелерін жеп, тамақтанған соң Нәйла ұйықтайды. Тұлымхан күнге қыздырынады. Үйге екінтіде, кейде кеш бата әрең оралады.

Қыста да қала сыртына шығады. Тек күн жылы болса ғана. Сырғанақ тебеді. Қар лақтырысады. Ақпатаяқ ойнайды. Аққала жасайды. Қарындары ашып, бірақ көңілдері көтеріліп, мәз боп түс ауа қайтады.

Шәрипа ешқашан ермейді. Кір жуу керек. Үйді тазалау керек. Магазин аралау керек. Тағы басқа толып жатқан іс бар. Оның бәрін кім істейді. Жоқ, үйде қалады. Бәрібір бұған қызық емес. Тұлымханның үгіттегеніне де, жалынғанына да көнбейді. Өзін және үйде қалдырмайды. Шаруаға бөгет жасайсыңдар дейді. Дем алуларың керек, таза ауада бой жазуларың керек. Қажетті жабдықтарын қолдарына ұстатады, үйден итергендей қып шығарады.

Қамқор әйел. Абзал ана.

Тұлымхан осы өмірге риза еді.

Тек бір-ақ нәрсе мазасын кетіретін. Командировка. Айына бір рет. Міндетті түрде. Кейде үш күн. Көбіне төрт-бес күннен. Билет алу керек. Аэропортқа бару керек. Самолетке отырасың. Бір сағат, екі сағат, үш сағатта межелі жеріңе жетесің. Түсесің. Мейманхана. Мұны бәрі таниды. Бес-алты ай бұрын келген. Өткен жылы келген. Арғы жылы, одан арғы жылы келген. Орын дайын. Бірақ Тұлымхан үшін бұл — жат орта. Бөтен адамдар. Өз үйіңе түнеп, өз дастарханыңның басында отырғанға не жетсін.

Облыстық мекемеде мұны жақсы қарсы алады. Үлкен қызметкер. Орталықтан келген. Бәрі құрақ ұшып тұрады. Бәрі сыйлайды. Тұлымхан астанадағыдай, өзін алып машинаның ең кішкентай тетікше темірі емес, көзге де көрнекті, қолға да толымды аса маңызды бөлшегі сезінеді. Өзі болмаса, үлкен мекеменің алыс түкпірлерге созылған аяқ, қолдарынан жан кетердей, тіпті, жұмысы тоқтап, қатардан шығардай сезінеді. Марқайып, өсіп қалады.

Күндіз абыр-сабырмен уақыт тез өтеді. Азап кешке қарай басталады. Жұмыстан келгенде мойнына асыла кететін кішкентай қызын ойлайды. Тоңып қалған жоқ па екен. Іші ауырды ма. Тісі ауырды ма. Түнде оянып су сұраушы еді. Шәрипаның ұйқысы қатты, шөлдеп қалмаса қайтсін. Әлде өзім ішем деп төсектен құлап жүре ме. Ой көп. Уайым көп. Тұлымхан түннің бір уағына дейін қызының қамын ойлап, қайғырып бітіп, енді әйелі туралы қиялдауға көшеді. Оның шаруаға ыңғайлылығын, семьяға жайлылығын еске алады. Ісінен, қылығынан бір мін таппайды. Содан соң басқа қасиеттерін саралауға көшеді. Сызат әжімсіз аппақ төсі, көтеріңкі, толық анары, жұпар иісті жұмсақ мойны, қолға оратылып тұрған жалаңаш белі... Тұлымхан жастықты бауырына басып, қиял әлеміне енеді. Алғашқы айлар, алғашқы жылдарға қайта оралады. Өте қызу еді. Қызық көрсете білетін. Қызық көре білетін. Ойлап тұрса, бәрі түс сияқты. Келе-келе Шәрипа сылбыр тартты. Жалыққандай. Немесе жерігендей. Рас, күйеуінің қолын қақпайды. Бірақ міндетін амалсыз өтейтін сияқты. Әйтсе де кейде дүниені ұмытып, ынтызар көңілмен құлайтын. Әлі қыздай. Тұлымхан өмірі бөтен ешкімді көрмесе де, әлемде мұндай әйел бар деп білмейді.

Соңғы кезде Шәрипа тосын мінез таныта бастаған. Неге әлі күнге жалғыз бөлмелі үйде тұрамыз? Сені жұрттың бәрі сауда қызметкері дейді, бай санайды, қашан табыс табасың, жаритын күніміз бола ма? Сенен соң жұмысқа тұрғандар да аға инспектор боп кетті, қашан өсесің? Осы тектес жай-

сыз сауалдарды Тұлымхан бұрын да естіген. Нәйла тумай тұрғанда. Онша назар аудармаған. Әлде жеткілікті мән бермеді ме, әлде Шәрипа дәл қазіргідей күйініп, түңіліп айтпады ма — есінде жоқ; назар аударғанда, мән бергенде не істемек. Заң бойынша екі адамға бір бөлмелі секция. Оның өзін кезектен тыс, сәті кеп, сонау микроаудандағы жалғыз бөлмелі үйге баруға ешкім тіленбеген соң алды. Рас, тарлау, әсіресе, Нәйла туғаннан бері тарылып кетті, бірақ қаншама жұрт үйсіз-күйсіз жалдамалы пәтерде жүр. Соны ойлау керек қой. Тәуірірек үй алудың реті келмей жатса бұл қайтпек. Үлкен бастықтардың ғана қолындағы нәрсе. Барып талап ете алмайды ғой. Ал енді өсу жағына келсек, бұл да бастықтарға байланысты. Жұмысқа кешікпей барады, мезгілді уағында тапжылмай отырады, алдына келген шаруасын тиянақты атқарады. Бұдан артық не істемек. Мені өсір деп кімге жалынады. Жалынғанмен нәтиже шыға ма. Мұндағы қызметкерлердің бәрі де институт бітірген. Бөлім бастығы боп отырған пәленшекең менен төмен деп айта алмайсың. Рас, шұғыл өсіп жатқан жігіттер бар. Бірінің өзі мықты, бірінің туысы мықты. Ал мұның қолынан келері күту ғана. Лайық деп тапса, бастықтар өсіре жатар. Ал табыс... табыс қызметке байланысты. Алған ақшасын тиынына дейін шашау шығармай әйелінің қолына әкеп береді. Тіпті, командировка пұлынан да аз-маз бірдеңе қайтады қалта түбінде.

Тұлымхан әйелінің өзіне артқан кінәсін орынсыз деп тапты. Әйтсе де осы тарапта сөз шыққан сайын қатты жайсызданатын. Үйткені қазіргі қызметінің жалақысы аздығы өз алдына, семья тынышын кетіретін берекесіздігін іштей мойындаушы еді. Жаңадан келген бойдақ жігіттердің бірімен алмастырыңыз деп, сөзі жетер жердегі басшыларына қыңқылдай бастаған. Онысынан әзір нәтиже жоқ. Тұлымхан істеп жүрген жұмысты жөпшеңгі адам атқара алмайтын көрінеді. Амал не, бұрынғы орнында қала берді. Тек мүмкіндігінше командировкаға шықпауға, шықса, ұзақ мерзімге бармауға тырысатын. Сондықтан да күздің лайсаң күндерінің бірінде кезекті сапарға қыңжыла-қынжыла әрең аттанған.

Командировка мерзімі әдеттегіден көп — он бес күн еді. Әлде ұзаққа бара жатқаннан ба, әлде, күйеуінің қабағын танып, көңілі жадырасын деді ме, Шәрипа өзі шығарып салды. Баласын, үйін ойламауын сұрады, жұмысын тиянақты істеп қайтуын, жаман атаққа шалынбауын өтінді. Екі-үш күн аралатып хат жазып тұруға уәде берді. Екеуі алғаш

қосылған кезіндегідей жарастықпен сөйлесіп, қимай айрылысты.

Тұлымханның бұл жолғы бет алған жері — Қызылжар еді. Мұнда қыс түсіпті. Азынап тұр. Мейманханаға орналала салысымен нысаналы мекемесіне тартты. Алайда бірден жұмысқа кірісіп кете алмады. Бұл арнап келген бөлімнің меңгерушісі науқастанып жатып қапты.

Тұлымхан он күн күтті. Бөлімде бастықсыз шешілуге тиіс шаруаның бәрін тәмамдаған соң, бұдан ары жата берудің мәні қалмады. Алматымен хабарласты да, қайтуға рұхсат алды. Қолма-қол самолетке отырды. Кеш бата үйге жетіп барады. Қызы қандай сағынды екен. Енді бес-алты күннен соң келеді деп отырған Шәрипа қандай қуанар екен. Жалғыздық қиын ғой әйелге.

Бірақ жолы қырсыққан екен. Алматы қабылдамай, түні бойы Қарағанды аэропортын күзетті. Және мұндайда белгілі ғой. Ұшу екі сағатқа шегеріледі дейді. Содан соң енді үш сағат тосыңыздар дейді. Оны тағы бірер сағатқа созады. Не ұйықтамайсың. Не дем алмайсың. Жаза күткен адамдай, елеңдеп отырғаның.

Ақыры ұшты-ау. Таң ата. Күн көтеріле.

«Экспресске» отырып, микроауданға түс әлетінде жетті. Бұл кезде Шәрипа үйге келетін. Шай ішуге. Тұлымхан әйелін таң қалдырмақ болды. Құлыпты өзіндегі кілтпен ақырын ғана ашып, үйге кірді де есікті ішінен қақты.

— Үйде кім бар?

Үйде кісі бар сияқты. Әйткенмен, бір сәт тым-тырыс бола қалды.

Содан соң қыстыққан, үрейлі дауыс естілді.

— Кто там?

— Шәрипа Тұлымхан әйелі осында тұра ма?— Тұлымхан өзінің қуақы әзіліне өзі мәз боп, қарқылдап күлді.

— Қазір,— деді Шәрипа даусы тарғылдана.— Аяғың былғаныш, тұра тұр.

Сол сәтінде өзі де жүгіріп шықты. Үстіне жеңіл халат ілген. Алдын түймелеп үлгермепті. Тыр жалаңаш.

— Сен не?— деді Тұлымхан айран-асыр боп.

— Мен... мен... ұйықтап жатыр ем,— деді Шәрипа, саусақтары дірілдеп, омырауын түймелене бастады.

— А-а...— деді Тұлымхан.

— Мен ауырып...— деді Шәрипа Тұлымханның бетіне жасқаншақтай қарап.— Екі-үш күннен бері ауырып, жұмысқа бара алмай...

Шынында да Шәрипаның өңі боп-боз еді. Ентігіп, екі иінінен әрең дем алады.

— Нәйла қайда?— деді көңілі біртүрлі жайсызданған Тұлымхан.

— Нәйла бақшада. Сен тұра тұр шешінбей. Үстің шаң. Өзім щеткелейін. Тұра тұр дедім ғой!— Шәрипа айғайлап жіберді.— Аяғыңды да шешпе. Жаман шүперек әкеп, өзім сүртіп алайын. Қозғалмай осылай тұр.— Тұлымханның мойнынан құшақтап, ерніне ернін тигізді. Жанып тұр екен.— Қазір.

Бірақ Шәрипа көп бөгелді. «Қазір, сабыр ет»,— дейді абыржып. Бірдеңені тасып, бірдеңелерді көшіргендей, ерсілі-қарсылы жүгіріп жүр. Әлдекіммен сыбырласып, үзік-үзік сөйлескендей болды. Шифоньердің бе, балконның ба есігін ашып, қайта жапты. Содан соң ғана ауызға шықты.

— Неге шешінбей тұрсың?

— Щеткаң қайда?— деді Тұлымхан.

— А? Иә... Таба алмадым.

— Қазір табамыз,— деді Тұлымхан.

Манадан көтеріп тұрған жуан портфелін Шәрипаға ұстата салды. Аяқ киімін де тез шешіп, төрге шықты. Бопбоз болған Шәрипа портфельді құшақтаған күйі Тұлымханның соңынан ере бере, босағаға сүйеніп қалшиып тұрып қалды.

— Сен төсекке жат,— деді Тұлымхан.— Мұндайыңды білгенде ертерек келетін едім. Жат деймін.

Шәрипа портфельді босағаға қоя салды да, тірі аруақша сүйретіліп, жастығы қобыраған, көрпесі жиырылып, еденге салбырай түскен ұйпа-тұйпа төсекке кеп отырды.

— Бір, екі, үш — жасырына түс... Бір, екі, үш — жасырына түс... Бір, екі, үш,— жасырына түс... Болдың ба? Іздеймін!

Алдымен төсек астын қарады

— Төсек астында жоқ...

Сосын диванның астын.

— Диванның астында жоқ...

Телевизордың артын.

— Телевизордың артында жоқ... Жоқ, жоқ, жоқ! Аһа,— деді содан соң.— Шифоньердің ішінде отырсың.

Бірақ шифоньердің ішінде де ешкім жоқ боп шықты.

— Қайда?— деді айран-асыр болған Тұлымхан.

— Кім?

— Мен жаңа ғана естідім ғой, сенің сыбырласып сөйлескеніңді.

— Мен ешкіммен сөйлескем жоқ.

— Жарайды,— деді Тұлымхан даусын көтеріп.— Мен

таба алмадым. Нәйла, шық! Мен сені сағындым. Кел құшақтасайық.

Нәйла шықпады. Оның есесіне Шәрипа орнынан атып тұрып, құшағын жайып кеп, Тұлымханның мойнына асылды.

— Рас, Нәйланы таңертең бақшасына апарып тастағам,— дейді. Өзі айрылмайды. Тас қып құшақтап алған. Сағынып қапты.— Фу!— деді содан соң мұрнын тыжырып. Қандай кірлеп кеткенсің...

Бөгелмей, костюм-шалбарын сыпырып алып, өз қолымен ваннаға қарай жетеледі. Тұлымхан сол кезде ғана аңдады. Коридорда, дәл босағада, өзінің мыжырайған күздік қоңыр туфлиінің артында табаны қалың, қалың болғанда тура екі елі, айылбас түймелі күжбандай қара бәтеңке тұр екен. Тұлымханның демі бітіп қалғандай болды.

— Әй... әй, мынау... кімдікі?..

Өзін сүйреген әйелінің қолын сілкіп тастап, жақындап кеп көрді. Иә, бөтен.

— Біздің үйге қайдан келген?

— Кім?

— Кім... мына бәтеңке.

— Өзі келді.— Шәрипа сақылдап күлді.— Ой, маубасым-ай. Бол енді. Біреу әкелмесе жансыз бәтеңке қалай келуші еді. Мен әкелдім. Туған күніңе.

— Туған күнім...

— Немене, бір ай бұрын алуға болмай ма екен? Тек көріп қойғаның жарамады. Енді қызығы кетіп қалды.

Әйтсе де Тұлымхан сеніңкіремеді. Жат аяққиімді анықтап қарамақ боп қол соза беріп еді, Шәрипа артынан құшақтай алды.

— Болмайды,— дейді.— Сыйлаған күні көресің.

Зорлағандай етіп, ваннаның ішіне кіргізді. Кранна су ағызды. Сабын, ысқыш тәрізді керек-жарақты түгел әкеп берді. Содан соң есікті шылапшын ба, орындық па, көр-жер бірдеңелермен сыртынан бастырып жапты.

— Қашып кетесің — дейді айғайлап, ваннаға сарылдап құйылып жатқан судан даусын асыруға тырысып.— Тез жуын. Мен тамақ әзірлей берейін. Қарның ашқан шығар.

Тұлымхан ырымын ғана жасап, тез шайынды. Көңілінде түйткіл бар. Қара бәтеңке. Жарыққа көрмек. Бірақ бәтеңке орнында жоқ боп шықты.

— Не іздеп жүрсің,— деді Тұлымханның аяққиім полкасын түгел ақтарып, астын үстіне түсіріп жатқанын көрген Шәрипа.

— Әлгі..,

— Оны қайтесің?

— Дұрыстап көрейін деп ем. Біраз киілген тәрізді.

— Жаңа,— деді Шәрипа.— Жап-жаңа. Айттым ғой, туған күнің болсын. Сонда ғана берем.

— Маған ұнамайды,— деді Тұлымхан — Сондай... не... құбыжық сияқты.

— Ал мен ұнаймын ба?

Әлі киінбепті. Сол жалаң халатшаң күйі. Түймелері тегіс салынған. Тек етек жағындағы ең соңғы түймесі үзілген екен. Ашылыңқырап тұр. Жұп-жұмыр, аппақ саны көрінеді.

Тұлымхан өзінің көзі тұманытып бара жатқанын аңдады.

— Шайды артынан ішсек қайтеді?

— Жарайды,— деді әйелі.— Мен де сені сағындым.

* * *

Не күз емес, не қыс емес қара қатқақ шақ созылып кеткен. Нәйла мен Тұлымхан екеуі демалыс күндерін үнемі үйде өткізуге айналды. Бой жазып серуендеуге күн салқын, ызғырық. Шана теуіп ойнауға жерде мардымды қар жоқ. Күндіз жіпсіп, түнде қайта сіреуленіп жатқан көктайғақ бірдене. Шәрипа да синоптикалық хабарларды тыңдағыштап, мазасызданып бітті. Ақыры демалысқа қарсы кештердің бірінде қабалақтап қар жауа бастағанын көргенде бәрі де қуанған.

Тұлымхан жаз бойы балконда байлаулы тұрған шананы алып, тазалап, сүртіп, жібіне дейін жаңадан тағып, әбден сайлап қойды.

Таңертең тұра салысымен әкелі-балалы екеуі тамақтарын асығыс ішіп, қала сыртына жөнеген. Шәрипа почта бөлімшесінің қасындағы телефон-автоматқа дейін шығарып салды. Қызметтес бір әйелмен хабарласуы керек екен.

Бұл бір сәтсіз серуен болды. Қар тым жұқа екен. Асты кедір-бұдыр мұз, немесе тоң қара жер. Сырғанақтан алғаш түскен жолы-ақ шанасы аударылып, Нәйла мұрнын бұзып алды. Балалар жығыла береді. Үстін де қақпастан атып тұрып, ойынға қайта кіріседі. Төмпешік басында қалған Тұлымхан шана төңкерілгенде қол шапалақтап, айғай салған. Бірақ бет-аузы қып-қызыл ала боп, бақыра түрегелген қызын көргенде зәресі ұшып кетті.

Қан тез тыйылды. Нәйла да жылағанын қойды. Еш жеріне зақым келмеген тәрізді. Әйткенмен, ойынның қызығы қалған жоқ. Тұлымхан Нәйланы жетелеп, шанасын сүйретіп, үйге қайтты.

Босағадан аттай бере аңтарылып қалды. Басына қара папах киген, мұрны қоңқиған еңгезердей біреу пальтосын иығынан жаңа шешіп жатыр екен. Тұлымханның таңырқағаны соншалық, есікті өз кілтімен ашқанын ұмытып, бөтен үйге кіріп кеттім бе деп ойлаған. Бейтаныс кісі де абыржып қалды. Пальтосының оң жақ жеңін сыпырған күйі, көзі тостағандай боп, қалшиып тұр.

— Вы... вы... извините... я так...— дейді көктұқыл бетаузы жыбырлап.

Осы кезде ар жақтан Шәрипа да жүгіріп шықты. Бірақ ол таңданып үлгере алмады. Ештеңеге назар аудармай, пимасын лақтырып тастап, төрге беттеген Нәйла шешесін көре сала мана жығылғаны, мұрны қанағаны есіне түссе керек, аңырап жылап қоя берді.

— Мынаған не болды?— деді шошып кеткен Шәрипа Тұлымханға қарап.

— Шана дығылды,— деді Нәйла шешесінің етегіне бетін басып.

— А-а... ештеңе етпес,— деді өзін-өзі билеп алған Шәрипа.— Сен неғып тұрсың,— деді сосын Тұлымханға қарап орысша сөйлеп.— Бізге қонақ келді. Құрметті қонақ. Төрге шақыру керек.— Күйеуінің орнынан қозғалуын күтпей, қонақты өзі шешіндірді. Тұлымхан сонда ғана байқады, бейтаныс кісінің сол қолы шолақ екен.— Міне, Сурен Арамович,— деді Шәрипа мейманының қаракөл жағалы ұзын пальтосын іліп жатып.— Осындай үйшікте тұрамыз. Жалғыз-ақ бөлме. Он сегіз квадрат метр. Кухнясына кішкене стол әрең сыйып тұр. Адам айнала алмайды. Келгеніңіз жақсы болды. Ай, мен сіздерді таныстыруды да ұмытып кетіппін,— деді сосын басын шайқап, зорлана күліп.— Мынау — менің күйеуім. Аты Тұлымхан. Сурен Арамович Карапетян. Бізде директордың орынбасары. Жоғары шығыңыз, Сурен Арамович. Нәйла, аяққа оратылмай былай кет.

— Рахмет,— деді Сурен Арамович беті қатпарлана жымиып.— Аяқты шешіп тастайық... Жер былғаныш...

Тұлымхан еріксіз мейманының аяғына қарады. Қалың, жалпақ табанды, айылбас түймелі қара бәтеңке...

Кенет Тұлымханның жүрегі зырқ ете қалды. Сол! Осы! Қонағының аяғына бір, әйелінің бетіне бір қарай берді.

— Менің бәтеңкем қайда?— деді сосын қазақшалап.

Әйелі басын шайқап, мазақтай күлді.

— Жоғалды.— Артынша орысшаға көшті.— Сурен Арамович, кешіріңіз, мұндай сауалдарды тек әйелдер ғана қояды, аяғыңыздағы бәтеңкені қайдан алдыңыз?

— Қайдан?

— Мархамат етіңіз, жоғарылатыңыз.

Қонақ диванға кеп отырды. Оның соңынан үй иесі Тұлымхан да сөлбірейіп төрге шықты. Бірақ отырмай, түрегеп тұрды.

— Қайдан?— деді Сурен Арамович жаңағы сөзін мағнасыз қайталап.— Білмеймін. Әйелім әкелді.

— Иә...— деді Шәрипа.— Сіздің әйеліңіз бақытты болу керек. Не әкелсе де қабыл аласыз. Ал мына біздің кісі ондай емес. Әнеукүні дәл сіздің аяғыңыздағыдай бәтеңке әкелдім. Таныстар арқылы әрең қолға түсіріп ем. Ұнатпады. Қимеймін дейді.

— Бекер, бекер,— деді Сурен Арамович. Төс қалтасынан тарағын алып, онсыз да жып-жылмағай боп жатқан жылтыр, бұйра шашын тарады. Самайы ғана ағарған екен.— Жылы. Берік. Тамаша бәтеңке. Ағылшын бәтеңкесі. Көп киіс береді.

Бірақ Тұлымхан жадырамады. Көңілі бықсыған күманға толы. Тек лап етуге жол таппай тұр.

Мейманның Нәйланы мақтап, басынан сипағаны да, өзінің жұмыс жағдайын сұрап қауқалақтағаны да алданыш бола алмады.

Ауа райын, анау-мынау көр-жерді әңгімелеп сәл отырған соң Шәрипа орнынан тұрды да, ымдап Тұлымханды шақырып алды.

— Сен немене, бұзаулайтын сиыр құсап маңып отырсың,— деді даусын көтермеуге тырыса, тістене ысылдап.— Үлкен адам. Не деп кетеді. Өзі қазақ та емес. Бір келген қонақ. Саған айтпап па ем, біздің комбинат үй салып жатыр деп. Жақында бөліске түседі. Менің арызым бойынша, біздің жағдайымызды көрейін деп арнайы келіпті. Сұмдық әділ адам. Оның үстіне қолында билік бар. Соған ақылың жетпей ме?

Басы мең-зең боп кеткен Тұлымханның қолына үлкен сумка ұстатып, қалтасына жеткілікті етіп ақша салып берді.

— Коньяк, бір бөтелке. Болса армян коньягін ал. Төрт жұлдызын. Сыр жүз елу грамм. Плавленный алып қойып жүрме. Эстонский, немесе советский. Жақсы колбаса болады. Ысталған...— Кенет ашуы басылып, шарасыз қалыпта қолын сілтеді. Сен мәңгу мына күйіңде ештеңе әкеле алмассың. Жазып берейін. Ана жаңа бәтеңкеңді ки,— деді төрге қарай кетіп бара жатып.— Мынауыңның өкшесі мыжырайып кетіпті. Көшедегі елден ұят.

Манадан бері қалай байқамағанына Тұлымханның өзі де таң қалды. Аяққиім полкасының үстінде аппақ жаңа

корапша тұр екен. Ішінде былғарысы жылт-жылт еткен қара бәтеңке. Табаны екі елі. Айылбас түймелі. Ағылшын бәтеңкесі. Жап-жаңа.

Тұлымханның өне бойы дірілдеп кетті. Бәтеңкені асығыс аяғына киді. Іші қалың түкті, жұп-жұмсақ. Жып-жылы. Қолы қалтылдап, ілгегін әрең салды. Сырт киім киюді ұмытқан бойы далаға тұра жүгірді.

— Білемін,— деді артынан дауыстаған әйеліне баспалдақтан айғалап.— Ақымақ емеспін. Сыйлы қонаққа не әкелуді өзім де білем.

* * *

Көп ұзамай Тұлымхандар жаңа пәтерге көшті. Екі бөлмелі. Үшінші этаж. Микроауданның «Жамбас жолға» тіреліп тоқтайтын тұсында, Абай проспектісінен төмен. Бұрынғыға қарағанда Шәрипаның жұмысына сәл алыстау. Бірақ, әлі де жаяу баратын жер. Әдеттегіден бес минут ерте шықса болғаны.

Құдай берсе құлай береді деген, іле-шала Тұлымхан дәл үй іргесінен жаңадан ашылған гастрономға жұмысқа ауысты. Директор емес. Орынбасар емес, басбух емес. Әйтсе де белді қызметкер. Бәрі өз қолында. Табыс шаш етектен. Әрі семьяға жайлы. Ешқайда командировкаға шықпайды. Түсте үйден кеп тамақ ішеді. Шәрипаның реніш айтуына жол жоқ. Тіпті, демалыс күндері де жалғыз қалмайды. Барар жер бес-алты-ақ қадам — баласы, әкесі, әйелі боп түп көтеріле шығады. Бітпей жатқан не бар. Бір уақ өмірдің де қызығын көру керек қой.

Арада ай өтпей-ақ Тұлымхан таң қараңғысынан дірдектеп автобусқа жүгіретінін де, апталар бойы жылы төсектен безіп, командировкада жүретінін де ұмытты. Әу бастан бәрі өстіп қиысып тұрғандай. Әлмисақтан қағанағы қарық болғандай.

Тек Шәрипа ғана әлі күнге жаңа жағдайға көндіге алмай жүр деседі.

1973

◇

МЕНІҢ БАЛАЛАРЫМНЫҢ ТУЫСҚАН АҒАСЫ

Киноға кіре алмадық. Зоопаркке өткен аптада шешелері апарған. Әткеншек, зырылдауық, шайтан дөңгелек деген тәрізді пәлелерді суханым сүймейді. Балмұздақ жеуге әзір күн салқын. Шашлық таяу маңнан табыла қоймайды. Ұсақ-түйек бірдеңемен көңілдерін ауламақ боп, ойыншық магазинінне ертіп әкелдім.

Мол дүниенің ішіне енген соң ұлдардың есі шығып кетті. Машина, бульдозер, көтергіш кран.... Бронетранспортер, ракета, самолет... Ая, жолбарыс, арыстан... Маймыл, тасбақа, құрбақа... Бірін алды, екіншісін тастады. Бәрін де қолға ұстап көрді. Ақыры таңдап тоқтасты. Қолтықтарына целлофан дорбаға салынған бір-бір автомат қысып алған. Сыртынан шүріппесін басса оқпанының аузы қызара діріл-деп, тырылдай жөнеледі. Шын от шашып, шын атылып жатқандай. Екі ұл да күрестен жаңа шыққандай ентігіп тұр. «Осыны алдық» дейді.

Мен бұлардың әдетін жақсы білетін ем. Дәл осындай екі автоматты қыстығүні ғана әпердім. Бірі қашып, бірі қуып, шифоньердің ішіне, төсектің астына тығылып, диван, креслолардың тасасынан баспалап аңдысып, тура екі күн атысқан. Үйдің әптер-тәптерін шығарып, берекемізді кетірген. Үшінші күні, автоматтың батареялары таусылған соң ғана тыныштық тапқандай едік — алданыппыз. Ызыңдап қоймаған соң шешелері амалсыздан жаңа батарея әкелген. Бұл жолы екі күнге де жеткізбеді. Батареяны емес. Автоматтың өзін, Лампочкаларын алмастырып, сымдарын қайта

жалғап, ілдебайламақ әрекетімнен ештеңе шықпады. Сол беті қалды. Балдақтары мен қорамсалары жұлынған, қақпақтары жоғалған екі автоматтың пластмасса қаңқасы үйде әлі жатыр. Ойнамақ түгілі қарамайды да.

«Автомат алмайсыңдар!» деп кесіп айттым да, қолайлырақ ойыншық қарауға кірістім. Бұл екеуінің бір қасиеті, не нәрсенің болмасын ішін ашып көргілері кеп тұрады. Шекарнын ақтарамыз деп арыстанды сойды. Дыбысының қай жерден шығатынан білеміз деп гармошканы тілді. Серіппе мен қырқаяқ темірін аламыз деп машинаны талқандады. Іздегенім — балталаса сынбайтын мықты, әрі әдемі бірдеңе еді, табыла қоймады. Екеуі автоматтарын құшақтаған күйі қыңқылдап соңымда жүр.

— Көкесі, а көкесі,— деді кенет біреу мені ақырын ғана иығымнан қағып.— Әперсеңіз қайтеді...— Бейтаныс кісі.— Енді бұзбаймыз, ақымақ болмаймыз дейді...

— Бұрын да талай айтқан сөздері,— дедім мен.

— Бұл жолы шын уәде беріп тұр. Алысып жүгірмейміз, тәртіп сақтаймыз дейді.

Мен бейтаныс кеңесшімнің бетіне бажайлай қарадым. Жасы қырықтардың жуан ішіндегі адыраққөз арық қара. Қасқаланууға айналған сирек төбе шашы көкбурыл. Самайын да ақ шалған. Бір қолтығында үрме рәзеңке крокодил, екінші қолтығында үлкен пластмасса паровоз. Жанқалтасынан үйректің бе, қаздың ба тұмсығы қылтияды. Балажан сорлылардың бірі тәрізді. Алайда көрінгенді дос санап, жан атаулымен өзімсіне сөйлесетін кеңетек ауыл қазағы емес. Қатырма жағалы мата көйлекке жалпақ қоңыркай галстук тағып, шақпақты арзанқол сұр қостюм киген интеллигент кейіпті адам. Көлденең іске араласуы жөнсіз-ақ еді. Мен салқын жүзбен сырт айналдым да, қалаулы тұрған ойыншықтарды ақтарыстыра бастадым. Әйткенмен, бейтаныс адам қояр болмады.

— Әперсеңіз қайтеді, а?— дейді. Бейне өзі үшін сұрап тұрғандай.

Үлкен кісі тарапынан қолдау тапқан соң балалар да күшеюге айналды.

— Көке, автомат әпер! Көке, осы автоматты ал!— деседі.

— Әпере салыңыз,— деп жалынып бейтаныс адам тұр. Басқа жұрт та бізге қарай бастаған тәрізді. Тоқтау салмай болмады.

— Отағасы,— дедім, балаларымның адвокатына бұрылып та қарамастан.— Өзіңіз қалаған нәрсеңізді ала беріңіз. Басқаларда шаруаңыз қанша,

Отағасы жым болды. Балалардың да дабыры басылды. Мен рәзеңке, пластмасса ойыншықтардан жеріп, құны, мансап-дәрежесі автоматпен шамалыс, тіпті, одан да жоғарырақ бірдеңе іздеуге көштім. Машиналарды да, тракторлар мен бульдозерлерді де жаратпай, танкке тоқтадым. Қос зеңбіректі үлкен темір танк. Бөлуге, жаруға келмейтін бітеу. Үстінен поезд өтсе көтерер мықты. Әрі бұрын ойнамаған дүниелері. Екеуіне екеу әпермекпін. Тек формальді ризашылықтарын сұрау керек.

Автоматтарын құшақтаған бойлары ауыз жақта тұр екен.

— Танкке қалай қарайсыңдар?— дедім дауыстап.

— Біз автомат аллық.— деді екеуі қатарынан жамырап.— Аға әперді.

— Қайдағы аға?

— Жаңағы аға. Туысқан аға.

Рас боп шықты. Ақшасын төлеп, чегін сатушыға өткізіп кетіпті. Көнуге тура келді. Балалар да меншіктеніп қойған дүниелерін тастамас еді. Жарылқаушы ағамызды магазиннің ішінен де, таяу маңынан да таба алмадым. Шаруасын бітіре сала із-түзсіз жоғалыпты.

Әрине, балалар сөгіс естіді. Үйге келген соң автоматтарын бастарына көтерген күйі бұрышқа тұрғызылды. Шешесі екеуміз қосылып алып, әдеп туралы, тәртіп туралы, бөтен адамға көз сүзу — сұғанақтық деп аталатын жаман мінез екендігі жөнінде, тағы сол тәрізді моральға қатысты мәселер төңірегінде көп лекция оқыдық. Ақыры шаршап тоқтадық. Ал балалардың шаршайтын түрі көрінбеді. Тіпті, төбесімен тұруға әзір сияқты. Жылаған жоқ, томсарған жоқ. Қолдарындағы осынша бейнетпен алынған асыл дүниеге қабақ астымен ұрлана көз салады. Жүздерінде қуаныш, масаттық ізі бар. Мәз, риза. Апасы екеуміз бір-бірімізге қарадық та кешірдік. Кешірдік те тамаққа шақырдық. Күндегідей үш-төрт шақыртпай, айғайлап шуламай, орындыққа таласпай дастархан басына кеп тыныш отыра қалды. Тек автоматтарын тастамады. Мойынға асқан күйінде тамақ ішті. Партизандар өстиді дейді. Күлдік те қойдық. Қайыра ұрыспадық.

Бірақ мен бейтаныс адамға ашулы едім. Өзімді мазақтап кеткендей көргем. Түр-тұлғасы жадымда. Көшеде кездесе қалса ақшасын қайырып бермекпін. Айтар сөздерім де даяр.

Әйткенмен бәрі далада қалды. Біз кездейсоқ ұшырастық.

Футболдан жаңа шығып,— нөпір топты жарып, баспал-

даққа ілініп жүре беретін студент кез емес,— автобусқа міне алмай тұрғам.

Біреу иығымнан қағады.

— Қалай, бауырым?— Анадағы бейтаныс. Жүзінде кекесін табы, сынау, не мазақ ізі жоқ. Сағынысқан ескі досын көргендей ыржиып тұр. Өзіме күле қараған адамды беттен қаға алмайтын жасық мінезім бар еді, абдырап қалдым.

Қол алысып амандастық.

— Жігіттер қалай?

— Сіз ойынды көрген жоқсыз ба?

— А... не.. «Қайратты» ма. Жоқ. Қалай ойнады?

— Ұтты,— дедім мен.— Қосымша уақытта он бір метрлік доптың бесеуін де соқтық. Бір ұпай алдық.

— Бір-ақ ұпай ма?— Азырқанып тұр.

— Ордабаев болмағанда соның өзі жоқ еді,— дедім мен.— Пай, пай... Доп та сарт етті, ол да ытқи секірді. Яшиніңізді де көріп едік... Ай сабазым-ай! Қырымнан қағып түсірді.

— Сегізбаев қалай ойнады?

— Сегізбаев?.. Сегізбаев тренер ғой. Тренер ойнамайды.

— Солай ма... Мен Сегізбаев дейтін де футболист бар деп естіп ем...

Шарықтап шыққан үш жарым қат көктен қайта жерге түстім.

— Мейлі,— деді жанкүйер емес бейтаныс танысым.— Бұлардікі де еріккендік.— Әлденені ұнатпаған қалыпта қолын сілтеді.— Балалар ойнаса бір сәрі. Көруге тұрар еді... Айтпақшы, сіздің батырлар қалай? Ойнап жүр ме? Автоматтарын бұзған жоқ шығар. Маған уәде берген.

Бұл кезде мен де әбден есімді жиып алған едім.

— Отағасы,— дедім.— Даусыма қажетті тон бере алмасам керек, үнім айбарсыз шықты.— Сіздің мұныңыз жарамады.— Бұдан ары тығылып сөз таба алмай, қалтамды қармалай бастадым.

Отағасының бет аузы тыржиып кетті. Бас сап қолыма жармасты. Бірақ мен де бола қоймадым. Ақыры отағасы қолымды қойнымнан суырып алғанда саусағыма умаждалған оншақты сом ақша ілініп шықты.

Отағасының төбе шашы үрпие селдіреп, бет аузы бірақ уыс боп кетті. Бір сұрланып, бір күреңітіп, ештеңе дей алмады.

— Бауырым, мұныңыз ұят,— деді бар болғаны. Оның өзін қылмысты адамдай жасқаншақтап әрең айтты.

Мен ненің ұят екенін жақсы білетін ем. Тек сөз таластырып жатар жай жоқ.

— Екі балаға ойыншық әперетін бес-он тиын біздің үйден де табылады,— дедім де, ақшасын сол умаждалған күйі пиджагінің жанқалтасына сұға салдым.

Сол беті бұрылып жүре бермек ем, қолымнан ұстай алды. Тас жабысқан. Алыспасаң жіберер түрі жоқ.

— Шырағым,— дейді.— Шырағым, балаға сыйлаған ойыншықтың пұлын қайырып, сен мені қатты қорладың. Білместігің, жастығың болар.— Мен басылып қалдым. Бейтаныс танысым қолымды босатты да, қалтасынан жаңа мен салған ақшаны алып шықты.— Мен сіз ойлағандай қожанасыр емеспін.— Бес сомдық, үш сомдық және екі бір сомдық.— Бір теңгеңіз артық. Мінекиіңіз.— Қалған ақшаны умажын жазып, мұқият қаттады.— Қарынбай да емеспін.— Шалбарының сағат қалтасынан алты-жеті сом ақша алды. Бәрін қосып, үш қайыра бүктеп, қайта салды.— Толық есеп айырыстық. Қарызыңыздан құтылдыңыз. Ар-ұжданыңыз таза. Енді менімен адамша сөйлесуге мүмкіндігіңіз бар. Құлағым сізде.

Бел алғаны анық еді.

— Былай... не... ыңғайсыз болды,— дедім мен сөз таба алмай.— Мәселе тиын-тебенде емес қой... Өзіңіз де өстір едіңіз...

Бейтаныс танысым маған сынай қарап тұрды да, әлде түсінген, әлде мүсіркеген кейіпте арқамнан қақты.

— Айналайын, қанша асықсаң да мына нөпірде автобусқа міне алмайсың. Халық сейілгенше мен бір әңгіме айтып берейін.

— Айтыңыз,— дедім самарқау. Бейтаныс танысым жарытымды әңгіме шыға қоятын адам тәрізді көрінбеді. Бірақ көбіне тоқтамай өтіп жатқан, онсыз да лықа толы автобусқа міне алмайтыным, мінсем, үсті-басымнан, ілгек, түймемнен ештеңе қалмайтыны хақ.

— Менен ауыз тұшыр әңгіме табылмайды,— деді бейтаныс танысым.— Жай мысал. Бастан өткен. Оңашарақ барып тұрайық. Жайшылықта жұрттың бәрі адам сияқты. Осындайда қалай ес-тұсынан айрылып, жабайы боп кететініне мый жетпейді. Былайырақ. Аяқ астында қалармыз.

Халық көктемгі тасқында жарқабағынан аса төгілген өзен сияқты. Толқи сапырылысқан қара нор. Автобуспен де, троллейбуспен де, жеңіл машиналармен де кетіп жатыр. Жөнкіле жаяу шұбырғаны қаншама. Сонда да ортаятын түрі байқалмайды. Арты стадионнан да шығып бітпеген. Бес-он қадам аулағырақ барып тұрдық.

— Мен әке-шешеден ерте айрылдым,— деп бастады

бейтаныс танысым.— Әйткенмен ешқандай кемшілік көргем жоқ. Жетімдіктің не екенін білмедім. Өзімнен көп үлкен жалғыз әпкейім бар еді. Бірден қолына алды. Жездем әке орнына жүрді. Тіпті, өз әкемнен де артық болған шығар... Әкем марҳұм ешқашан менің оқуыма назар аударған емес-ті. Тірі жүрсе бопты деп, тамағымның тоқтығын, киімімнің бүтіндігін ғана қадағалайтын. Ал жездем алғашқы күннен-ақ қатаң тәртіпке баулыды. Сабақтан қалмауға, белгілі сағаттарда үй тапсырмасымен отыруға, қажетті мөлшерде әдеби кітаптар оқуға тиіс болдым. Тұрмыс талқысымен өзі білімнен кенде қалған жан, оқу атаулыға қатты табынатын. Мені қайтсе де білімдар адам етіп шығарғысы келді.

Семья құрғандарына жеті-сегіз жыл өтсе де әпкем мен жездем перзентсіз еді. Содан ба, әлде табиғатында мейірбан, бауырмал жан ба, жездем мені туған баласынан әрмен әлпештеді. Онжылдықты бітірген соң Алматыға өзі жетектеп әкелді. Ол кезде қазіргі қырғын конкурстар жоқ. Оқу іздеген жұрт та аз. Шынымды айтсам, менің де ықыласым шамалы-тын. Тартқан — оқу емес, қала. Қаланың қызығы. Документ өткізе салып, университеттің пілдей студенті болдым да шықтым.

Тұрмыстың тар кезі. Бірақ мен таршылық көргем жоқ. Жездем ай сайын ақша салады. Ара-арасында жасырып, әпкем де бірдеңе қыстырып жіберіп отырады. Стипендия тағы бар. Басың жас, көңлің желді. Еңсең биік — ол кезде студент атын министр, профессормен дәрежелес көреміз. Қыста — қала, жазда — ауыл. Не керек, жалғанды жалпағынан бастым. Әпкем мен жездем, университет пен Алматы, бар дүние тек мен үшін ғана сияқты.

Әйтіп-бүйтіп үшінші курсты бітірген жылым еді, әдетімше жазғы демалысқа елге қайттым. Үй жайлауда екен. Көлденең арбаға мінгесіп, ара қонып әрең жеттім. Бізді анадайдан көріп, әпкем мен жездем екеуі қабат алдымнан шықты. Жылда өститін. Тек биыл бір өзгеріс барын байқадым. Аяңдай басқан екеуінен озып, маған қарай екі-үш жасар кішкене бала жүгіріп келеді екен. Мен арбадан секіріп түскен кезде состиып тұра қалды да, кейін қашты. Сонда ғана есіме түсті. Әпкем қысты күні жазған бір хатында жиенді болдың деп менен шүйінші сұраған еді. Жездемнің шөбере інісінің тілі жаңа шыққан кенже ұлын асырап алыпты. Аты Әбзел екен. Ғайыптан пайда болған бауырым туралы екеуі әр хат сайын жазатын, бірде, тіпті, алақаны мен табанының сұлбасын да сызып жіберген. Жете мән бермедім бе, тарс есімнен шығып кетіпті.

Қос шекесінде ұзын қос тұлымы бар, бұтына ауы ойық қызыл шалбар киген, үлкен қара көзі танадай жарқыраған кішкене сары ұл үйге келген соң да менің маңыма жуи қоймады. Тек шай ішіп жайланған соң шабаданымды ашқан кезде ғана тіземе асыла кеп отырды.

Менде осыдан басқа үй, әпке-жездемнен басқа туған, туысқан жоқ. Өзімді осы шаңырақтың мүшесі санаймын, көңілім қаяусыз. Обалы қане, сәлем-сауқатсыз келмейтінмін,— әрі шығынға шығатын ақша өздерінікі. Бұл жолы да қоржыным тоқ: жездеме костюм, әпкеме көйлек; шайшақпыт, тәтті-мәтті тағы бар. Осы үйге де, көрші-қолаңға да жетерлік. Суырып әперіп жатырмын. Шабаданның түбінде өзіме тиесілі ұсақ-түйек дүниелер ғана қалды. Жауып, төсек астына тастай салмақ едім. Кенет тіземде отырған жиенім қыңқылдап, шабаданның аузына жармасты.

— Шина...— дейді.

Мен ештеңе түсінбей, кішкене ұлға қарадым. Көзінде үміт сәулесі бар. Шәйт десең еңіреп жылағалы тұр.

— Шина... беп-беп...

Жүрегім зырқ ете түсті. Машина! Ойыншық машина сұрайды. Жұрттың бәрін жарылқағанда жұдырықтай жалғыз жиенімді ұмыт қалдырыппын.

Кенет үй ішінде шыбынның ызыңы естілерлік өлі тыныштық орнады. Әпкем мен жездем де, маған сәлемдесуге, қайырлы болсын айтуға келген көршілер де демдерін іштеріне тарта қатып қалған. Тек кішкене жиенім ғана әлсіз қыңқылдайды. Үнінде жалыныш бар.

— Шина... Беп-беп...

Әпкем мәмпәси берді. Бала қарамады. Жездем төсек астын ақтарып, толып жатқан ойыншық алып шықты. Тапанша. Ат. Ит. Мысық. Түгел қайыңнан ойылып, қолдан жасалған. Тіпті, бітеу ағаш машина да бар. Бала бәрін де лақтырды.

— Шина...— дейді маған бір, шабаданға бір қарап.— Шина... Беп-беп...

— Қыс бойы ағам машина әкеп береді деп қуанып жүр еді,— деді әпкем күрсініп. Жездем күйбеңдеп, шашылған ойыншықтарды жинауға кірісті. Жұрт та тарай бастады.

Мен өмірімде тұңғыш рет сол күні өзімді бұл үйге бөтен адам сезіндім. Бәрі бұрынғыша тәрізді. Әпкем құрақ ұшып барын алдыма тосып жүр. Жездем оқу жайын, денсаулығым жайын сұрастырып асты-үстіме түсіп отыр. Бірақ арамыздан бір суық жел жүріп өткені анық еді. Беттеріне тура қарай алмай, тайқақтай бердім. Ал жиеніме көзім түссе-ақ өкпе-баурым езіліп бара жатқандай болады. Оның

ұзамай тәттіге алданғаны да, мойнымнан құшақтап, маңымнан шықпай қойғаны да көңілге медеу болмады. Мен өзімді кінәлі, кінәлі емес-ау, қылмысты санадым.

Күйзеліс үстінде екі-үш күнді әрең өткіздім. Бұлай жата беру мүмкін емес еді. Қайтадан жолға қамдандым. Тығыз шаруам бар деген сөзіме сенсе керек, үй іші кетуіме қарсылық білдірмеді. Жездем жылдағыша барлы-жоғын сықап қалтама салып берді. Әпкем жылдағыша, көшеде байқап жүр, қыздармен сақ бол, қарның ашпасын, арақ ішпе деген тәрізді дүниауи ақылдарын айтты. Бөгелмей жүріп кеттім.

Бәрі баяғыша. Жездем айына бір рет ақша жібереді. Ақша алған күні мен де үйге хат жазам. Тек тұлымды жиенімді сұрауға бағылым бармайды. Олар да кішкене ұл жайлы сөз ете қоймайды. Бірақ әдепкі жылы лебіз. Тек хаттары сиреңкіреді. Қыста екі-үш ай бойы мүлде хабарсыз кетті. Әйтеуір ақшаны үзген жоқ.

Тағатсыз күткен жазғы емтихан сессиясын да өткердім. Бұл жолы әдеттегідей қиналмай тапсырғам. Жалпы, ауылға соңғы барып келгеннен бері менің мінез-құлқым да, оқуым да жақсарған еді. Бұрын сасық бай көретін курстастарымның бәрі қазір мені мейірбан жолдас деп танитын. Сонымен, емтиханды тәмамдай сала ауылға тарттым. Асығатын жөнім бар. Елді қатты сағынғам. Өткен жылы ауыл бетін жөндеп көре де алмағам. Әпке-жездем тағы тұр. Ең бастысы мені кішкене жиенім күтіп отыр. Шабадан толы ойыншық. Машинаның өзінің бес-алты түрі бар. Жиенімнің тұлымшағы жалбырап, мұрны пышылдап, кілтпен бұралатын, батареямен жүретін, жіп байлап сүйретететін, жүк таситын, тіркемелі, тіркемесіз, үлкенді-кішілі көп машинаның ортасында отырып қалай қуанатынын елестетем. Бармай тұрып, көрмей тұрып өзім одан әрмен қуанышты едім. Ес жоқ.

Ауылға екінті әлетінде жеттім. Алдымнан ешкім шықпады.

Әпкем де, жездем де үйде екен. Әпкем бықсыған шаланы тұтата алмай жатыр. Жездем бір ұшын төсектің аяғына байлап қамшы өріп отыр. Екеуі де шөгіп, қартайып кетіпті. Мен есіктен кіргенде бірі тізерлеген, бірі малдас құрған қалпында состиып отырып қалды. Үйдің іші де бар жылуынан айрылғандай сұрқай.

Жүрегім су ете түсті.

— Әбзәл қайда?

Әпкем етегін қағып, сүріне-қабына орнынан тұрды да

мені құшақтап аңырап қоя берді. Жездем де еңіреп жіберді. Азан-қазан болдық та қалдық.

Қыс ортасында қорасаннан қайтыпты. Әпкем мен жездем жандарына қайғы қанша батқанмен, маған естірте салудың өзін артық көрсе керек. Сырттай сыр беріспегенмен, жыл бойы араз едік. Қаза үстінде қайта табыстық. Бірақ не керек...

— Есіме түссе әлі күнге ішіме қан толып кетеді,— деді бейтаныс танысым. Қалтасынан орамалын алып, көзін сүртті.— Ойлап көріңіз... Сәби... нәресте... Үш-ақ жылдық келте ғұмырында жалғыз-ақ тілегі бар еді. Машина. Ойыншық машина. Оны әперу, баланы бақытты ету менің қолымда тұрды...— Үндемей аз бөгелді.— Міне, содан бері,— деді қайтадан қатайып алып,— мен кішкене балалардың көзіне қараймын. Не тілегі барын бірден танимын. Баланы риза ету үшін, баланы бақытты ету үшін қанша нәрсе керек. Болмашы бірдеңе. Сол болмашыға бола көңілдері қаяуланбаса деймін... Ойлап көріңіз. Кішкене жиенім мен барғанда есен-ақ жүрсін. Бәрібір өткен жылғыдай қуанбас еді. Тіпті, сондай қуанған күннің өзінде өткен жыл қайтып келе ме. Өткен ай, өткен күн, өткен сәт қайта орала ма? Жоқ. Ешқашан оралмайды. Қазақ айтатын есесі қайтты, орны толды дегеннің бәрі бос сөз. Сіз балаларыңыз қалаған ойыншық автоматты ерте ме, кеш пе, әпердіңіз дейік. Бәрібір. Олардың сіз бен біз кездескен сәттегі тілегі орындалмаған күйінде қалар еді. Өшкен жанбайды, жанса — басқа от, өткен оралмайды, оралса — басқа сәт. Бала үшін ғана емес, үлкен үшін де. Жалпы адам атаулы үшін...

Халық сейіліп қапты. Мен жан-жағыма қарайлай бастаған едім.

— Ғафу етіңіз,— деді бейтаныс танысым келте қайырып.— Уақытыңызды алдым білем қысыр әңгімемен. Сау тұрыңыз.

Артына бұрылып та қарамады. Шұбатыла жылжи берген ұзын «Икарустың» баспалдағына ырғып мініп, кете барды.

Мен «Тоқтаңызшы!» деп те айта алмастан сол орнымда тұрып қалдым. Өзімді кінәлі сезінген едім. Бейтаныс танысымның алдында. Танитын, танымайтын көп адамның алдында. Бүкіл әлем алдында. Тіршілікте алысасың, жұлысасың, тартысасың, тебісесің — кімнің көңіліне қарай бересің. Ал түптеп келсең адам атаулының бәрі кешегі сәби емес пе, бүгінгі өзің емес пе. Онымен есептеспейсің. Қаншасын беттен қағасың, қаншасының жолын кесесің.

Тіпті қарбаласта автобусқа бұрын мініп кетсең де біреу сыртта қалады. Тек өкініштi жері, мұнсыз өмір сүру тағы мүмкін емес. Үйткені біз... біз үлкен кісіміз.

Балалық мінезден әлі арылмаған бейтаныс танысымды қайтып көргем жоқ. Көрсем де танымай кетер ем. Таныған да қайтесің. Амандасарсың. Одан мәртебесі өспейді. Оғаш қылығың үшін кешірім сұрарсың. Бәрібір өткен іс орнына келмейді. Ештеңе болмады деп ұмытқаннан абзалы жоқ. Шынында, апта өтпей бәрі де естен шықты. Тек балалар ғана ұмытар емес. Әлдебір ойыншыққа көңілі соқса қашанда: «Ертең туысқан ағамыз әпереді» деп сөйлейді. Сондағы автоматтарын да бұзған жоқ. Әлі ойнап жүр. Туысқан ағаларына уәде берген көрінеді.

1973

МҰРАГЕР

Көшеде кездейсоқ ұшырастық. Бір қалада тұрсақ та көріспегелі жылдан асыпты. Сол қалпы. Былтырғы емес. Алдыңғы жылғы емес. Бұдан он жыл бұрын, біз аспирантурада оқыған кездегі қалпы. Маңдайын сындыра, көзге түсіре киген фетр шляпа. Иектей, салқам оралған қара ала шарф. Күздік шолақ пальто. Тар балақ шалбар. Ұлтаны қалың, тікпетабан туфли. Қара былғары биялайын сол қолына немқұрайды ұстаған. Мода жаңарады, жыл мезгілдері алмасады — бірақ Сембек үйренішікті қалпынан жазбайтын. Күзгі жаңбырда да, қысқы аязда да дәл осылай жүрер еді. Тек киім киісі ғана емес. Түр-тұлғасы, мінез-құлқы, тіпті, ақыл-ой, білім дәрежесі де мен көрген он жыл ішінде бір мысқал өзгерген жоқ.

Ал ең алғаш танысқанда мен бұл жігіттің үлкен ғылыми атақ, зор болашақ күтіп тұрған ғажайып адам екеніне күманданбағам. Жасы жиырма екіде. Тарих факультетін үздік бітіріп, Ғылыми кеңестің шешімі бойынша аспирантураға қалдырылған. Орысша, қазақша бірдей. Неміс, ағылшын тілдерін де тәп-тәуір біледі екен. Қазір парсы, араб тілдерін үйреніп жүрген көрінеді. Содан соң қытай тіліне ауыз салмақ. Мен де жиырмадан жаңа асқам. Мен де университетті үздік бітіргем. Мен де... Мен де... Бір сөзбен айтқанда кеудем көріктей еді. Сонда да Сембектің өзімнен артықшылығын, оның шын ғылым адамы екенін көп ұзамай-ақ іштей мойындадым. Рас, мамандығымыз әртүрлі, оның үстіне тілге қабылет — ғылымға қабылетпен парапар

нәрсе деуге болмайды. Мені таңырқатқан Сембектің алғырлығы емес, терендігі еді. Шетсіз, шексіз эрудициясы еді. Көп ұзамай ол отырған жерде өз пәнім — филология төңірегінде сөз айтудан қалдым. Тек мен ғана емес, жатақханадағы бүкіл аспиранттар қауымы Сембекті пір тұтатын. Оның мезгілінен бұрын қорғайтынына, көбіміз әлі кандидаттықты тәмамдай алмай жүргенде докторлықты да дөңгелетіп тастайтынына ешкім шәк келтірмеген.

Жастық шақ — адамның сезімге басыбайлы кезі. Тез берілеміз, алаңсыз құлаймыз — қолма-қол айнимыз, жеріп сырт айналамыз. Бір жыл өтті, екі жыл өтті — Сембектің елден ерек туған данышпандығына күман көбейді. Үшінші жыл орталанғанда бәріміз де оның жұпыны жан, тіпті, көбімізден төмен тұлға екендігіне көзімізді жеткізгендей болдық. Соншама уақыт ішінде екі-ақ минимум тапсырды. Бірде-бір мақала жариялатқан жоқ. Тіпті, диссертациясын әлі бастамапты да. Жалқауланды ма, ішіп кетті ме, серілік жолына түсті ме — жоқ, жоқ, жоқ. Күн-түн демей кітапханаларда, архивтерде отырды. Екі рет Қазанға, бір реттен Москва, Ленинградқа барып келді. Бәрібір тұқ шығара алмады. Ақыры, тұрғылас жігіттердің көбі аспирантураны бітіре қорғап, қорғамағандары жақындап, жұмыстары ыңғайланған соң академияға, жоғары оқу орындарына кетіп жатқанда Сембек үш минимумын өткізіп, аспирантураның теориялық курсын аяқтады деген бір жапырақ жадау куәлікпен орталық архивке қатардағы қызметкер боп орналасты.

Екеуміз жаһаттас дос болмағанмен, жақсы қатынаста едік, ара-тұра көшеде кездесіп қалғанда бас изесіп өте шықпай, қол алысып амандасатынбыз. Үй-жай, бала-шаға, жұмыс туралы сұрасатынбыз. Дәлірек айтсам, тоқтайтын, қол беріп амандасатын мен едім де, анау-мынауды сұрастыратын ол еді. Кісіні менсінбей ме, әлде байқамай ма, қарсы алдында тұрсаң да көрмейтін, алдымен өзің сәлемдессең ғана ұйқыдан шошып оянғандай, қолыңды бас салатын. Әйеліңнің қызметін, бала-шағаңның саулығын, докторлығыңның жайын жауап алғандай тәтпіштеп, түгендеп шығатын. Ал сен оған мұндай сауалдар беруге батпайсың. Әйелі жоқ, әйелі болмаған соң бала-шағасы да жоқ. Кандидаттық диссертация қорғамағандықтан әлі докторлығына кіріспеген. Бір кездескенде сұрайсың, екі кездескенде сұрайсың, үш кездескенде сұрайсың — ақыры қоясың. Жалғызбасты адаммен, бәрінен махрұм қалған адаммен сөйлесу өте ауыр. Мақсатына жете алмаған, сәтсіздікке ұшыраған жандар шамшыл келеді. Егер ондай

кісімен өмір жолын бірге бастаған болсаң тіпті қиын. Сөйлеспеу мүмкін емес, ананы-мынаны сұрамауға тағы болмайды. Сен бірденеге жеттің, ол ештеңе шығара алмады. Мардымсып тұр деп қалуы мүмкін. Бұл — таяқтың екінші басы.

Бір жақсысы, сыралғы жанға көзің түскен бетте-ақ дәл қазір не жөнінде айту керек, неден сақтану қажет — жазбай танисың. Он жылдың ішінде мен де Сембекті танып үйренген едім. Қол алысып, көптен көріспегенімізді айтысып, амандық-саулық сұрасып аз тұрған соң мен алғашқы әсерімнің алдамшы екенін, Сембектің бойында үлкен өзгеріс барын байқадым. Аққұба өңі бұрынғыдан да бозарыңқы. Ер адамға тән емес жұқа ерні қатқылданған тәрізді; оң жақ ұртында кекесінді мысқыл ойнайды. Көзі жанарсызданып, мұрны қырлана түсіпті. Қалың қара қасының қақ ортасынан терең әжім — маңдайын қақ бөлуге таяп барып жоғалатын жалғыз сызық пайда бопты. Бұрынғы әдетінше өзі ешқашан көрмеген менің әйелімнің денсаулығы, әлі мектепке де бармаған балаларымның қандай тілдерді үйреніп, қай салаға қарай бейімделіп жүргені туралы сұрастырған жоқ. Қолымды сүйектері тарам-тарам арық алақанына қос қолдай қысып ұстаған күйі бетіме қадала қарап үнсіз тұрып қалды. Бірденеге айтқысы келгендей. Мен тосын хабар күттім. Алайда Сембек ештеңе айтпады. Кенет менің бетіме қадалған өлі жанарынан оның көңілі әлдеқайда, бөтен ел, бөтен планетада жүргенін, тіпті, қарсы алдында кісі тұрғанын да ұмытқанын аңдадым. Сембек мені мысқылдағандай, жұқа танауы қусырылып, әзәзіл күлкімен жымиды. Бірақ оның ойы әлі алыста еді.

— Денсаулығың қалай?— дедім бұдан ары тұра беруге төзімім жетпей.

— А?— Сембек селк ете түскенде менің өзім де шошып қалдым.

— Жүдеп кетіпсің,— дедім, қолымды темір қышқаштан босатып алуға тырысып.

— Сәмет ақсақал дүниеден көшті,— деді ол.

Сірә, жақын туысы болу керек. Көңіл айттым.

— Туысым емес,— деді Сембек.— Сен оны білесің. Архив басқармасында істеген. Оң аяғын сылтып басатын кішкентай шал бар еді ғой. Сол.

Мен білетін ем. Кісіге әманда көзін сығырайта, өз артықшылығын сезінген түрмен сынай қарайтын. Қағанақтай сары шал еді. Бірақ оның... бірақ ол...

— Ол кісі қайтыс болғалы...

— Дұрыс айтасың.— Ақыры қолымды босатты. Арық

адамның мұндай күшті болғанын көрсемші.— Біз аспирантурада жүргенде. Міне, бүгін тура жеті жыл тоғыз ай жиырма күн болды.

Төбе құйқам шымырлап кетті. Сембек, қазақша айтқанда, оқу соғып, жүйке ауруына шалдығыпты деген сыбысты аспирантурада жүрген кезде-ақ естіген едім. Оған сенбегенмен, көңілімде қашанда буалдыр күман тұратын.

— Ол менен қорықты,— деді Сембек.— Жеңілетінін сезді. Сондықтан да ізін жасырды. Бірақ мен қазірдің өзінде онымен парапар еңбек еттім деп айта алам. Ал ол — ұлы ғалым еді. Сонда да адымын ашырмадым... Ол кісінің қолы жетпеген жерлер көп. Мен жетем оған. Білемісің қайда екенін? Стамбұл университетінің кітапханасында. Сосын Британ музейінде...

Бас изеп келіскен сыңай таныттым да, кетуге беттедім.

Қенет Сембек мені иығымнан ұстап тоқтатып, бетіме шұбалы жүзбен қарады да, қарқылдап тұрып күлді.

— Құдай ақы, осы қазір сен мені не мас, не сандырақтап тұр деп ойлайсың. Бәлки, тіпті, біреулердің мені жын соғыпты деген сөзіне де нанатын шығарсың?

Мен олай емес деп сендіруге тырыстым. Кітапханаға бара жатқанымды, асығыс екенімді айттым. Қоңілімде бөтен ой жоқ деп екі мәрте қайталадым.

— Мейлі,— деді күлкісі пышақ кескендей тыйылған Сембек.— Жұрт қалай ойласа олай ойласын — маған бәрібір. Алайда сен менің ескі көз досымсың. Сондықтан білуге тиіссің. Білуге тиіссің. Менің кім екенімді. Осы он жыл бойы не шаруамен айналысқанымды. Кітапханаңа дейін шығарып салайын. Менің әңгімем бес-он минуттан аспайды.

— Аспирантураға жаңа түскен кезде қандай күшті болғанымды сен жақсы білесің,— деп бастады Сембек өзінің хикаясын.— Жұрттың бәрі менен үлкен іс күтті. Ғылым төріне жарқырап шығатынымға, және көп ұзамай екі-үш жыл ішінде шығатынымға өзім де күмәнданғам жоқ. Оған білімім де, ақылым да, қажыр-қайратым да жететін еді. Аспирантураға қабылданған соң жарты сағат өтпей архивте отырдым. Мен асықтым. Қатты асықтым. Демалыс дегенді, ойын-сауық, кино, театр дегенді білмедім. Күніне он бес-он алты сағаттан жұмыс істедім. Және сен білесің, мен бір сағатта басқа біреудің бес сағат, бес күн, тіпті, бес ай істеуге тиіс жұмысын тындыра алатын едім.

Архивті қопаруға кіріскен алғашқы күннен бастап,

өзімді бір адамның бақылауға алғанын аңғардым. Қандай іс, қандай тігінділерді ақтардым, оның қай тұсын оқып, қай жерін көшіріп жатырмын — ешқайсысы да назарынан тысқары қалған жоқ. Жанары өшкен кәрі көзін сығырайтып, анадайдан бір сәт қана қарайды, немесе мойнын да бұрмастан қасыңнан өте шығады, әйткенмен мен оның осы қасқағым уақта өзіне қажет мәліметті алып үлгеретініне күманданбайтынмын. Басында таңырқап ем, келекеле қызық көрдім, бірақ осы жаттанды көрініс күн сайын әлденеше рет қайталанып, айдан-айға созылып бара жатқан соң ызалана бастадым. Аңдушымды алжастыру үшін, тек алжастыру үшін ғана емес, мазақ ету үшін мен не істемеді дейсің. Өзіме мүлде қажеті жоқ істерді алдырдым, екі-үш папканы қатарынан алдыма жайып қоятын болдым — бірақ ол қашанда менің не іздеп отырғанымды, не қажетін, нені тапқанымды жазбай танитын. Архив жайын өзің білесің. Кейде өнімсіз тірлікпен әлденеше күн, тіпті, ай бойы бос қармалануға тура келеді, кейде бір-ақ күнде жылдық азық болар мол қазынаның үстінен түсесің. Міне, аңдушым сәтсіз күндері менің маңыма жуымаушы еді. Мүлде көрінбейтін. Ал бірдеңенің шеті шығатын сағаттарда,— о ғажап!— төңіректеп жүріп алатын. Мен өзіме жіпсіз байланған осы кішкентай сары шалдың көріпкелі барлығына сене бастадым.

Жазға салым менің жолыма гүл бітті. Архивтен қазақ тарихына қатысты, әлі еш жерде басылмаған, ғылымға белгісіз аса құнды документ таптым. Қолма-қол баспасөз бетінде жарияланары, мені қалың қауымға танытары, даңқ әкелері күмансыз дүние еді. Ғылым жолына жаңа түскен барлық жас жігіттер сияқты, мен ол кезде тым атаққұмар едім, аса тәкәппар едім. Қалайда көзге түсуге, қалайда алға шығуға ұмтылатынмын. Бағым көтерілуге, жұрттан озуға мүмкіндік беретін жаңа дүниелер табатыныма, ғылымда соны соқпақтар салатыныма сенімді едім. Сондықтан да өзім ашқан жаңалықты заңды сыбаға ретінде қабылдадым. Әйтсе де қуанышымда шек жоқ-ты. Мұқият оқып шықтым. Фотокөшірмесін алдым. Қажетті жерлерін тегіс қазіргі үлгімен қағазға түсірдім. Шағын анықтама мақала жаздым. Бәрі дайын болды. Міне, дәл осы кезде қыс бойы ізімді баққан сары шалмен бетпе-бет кездесуіме тура келді.

Әбден етім үйренді ме, я қызық соңында отырып оған назар аударарлық шамам болмады ма, соңғы күндері шалдың мені тым төңіректеп кеткенін, бірер рет, тіпті, жаныма кеп тұрып алғанын аңдағанмен, жеткілікті мән берме-

ген ем. Әйтсе де, барлық шаруамды тәмамдап, архивтен шыға бере, сары шалдың мені есік алдында күтіп тұрғанын көргенде таңырқадым. Бұған дейін ол ешқашан менімен тілге келіскен емес-ті, ешқашан жолымды тосқан емес-ті. Мен оның қайда істейтінін, не кәсіппен айналысатынын да білмейтінмін. Қасынан өте бермек едім, шал «Ассалау-мағалейкө-өм!» деп, екі қолын бірдей созып, ізетпен сәлемдесті. Бұрын жыл бойы күнде көрісіп жүргенде ешқашан амандаспағамыз. Бүгін күнұзақ бір бөлмеде отырғанда бас изеспегеміз. Күлкілі еді. Сонда да ақсақалдың сәлемін алдым. Тіпті, қысылып қалдым. Сәлем беру жолы жасы кіші менен еді. Сырдесте болмаса да көзтаныс адам, алты ай қыста бір рет иек көтеріп, амандық ишаратын жасамаппын. Ақсақал мені ұялтқалы тұр екен деп ойладым.

Солай болғаны-ақ жақсы еді, бірақ шал әңгімені бөтен тараптан бастады.

— Сіз соңғы аптада жақсы жұмыс істедіңіз,— деді.— Құттықтаймын. Аса құнды документтің үстінен түстіңіз.

Мен ештеңе дей алмадым. Тек өзімнің алаңғасарлығыма, шалдың қасыма келе беруіне ертерек тиым салмағаныма өкіндім.

— Енді не істемексіз?— деді шал.— Жариялатасыз ба?

— Әрине,— дедім де, автобус аялдамасына қарай тұра жөнелдім. Шалдан қалайда тезірек құтылмақпын. Бірақ шал қиралаңдай жүгіріп, қатарласты, алды-артымды орап, жүргізбей қойды. Енді менің шын ызам келді.

— Ақсақал, не ақыңыз бар, айтыңыз,— дедім.

— Алдымен тоқтаңыз,— деді шал.

Тоқтадым.

— Ал, айтыңыз. Сосын маңымнан аулақ жүріңіз.

— Ғафу, ғафу...— деді шал ентігін баса алмай.— Менімен бұлай сөйлесуге хақыңыз жоқ! Мен де сіз сияқты ғалым адаммын. Оның үстіне жасым үлкен. Сақал сыйлау деген қайда?

Мен кешірім өтіндім. Тым асығыс екенімді айттым.

Шал соңғы сөздеріме назар аударған жоқ. Қашып кетер дегендей, тырнағы өскен, ұзын, тап-таза, боп-боз саусақтарының ұшымен омырауымнан ұстап алды да, бетімебетін тақап, көзіме қадала қарады.

— Сіз мына,— иегімен менің қолымдағы портфельді нұсқады,— документ туралы өзіңізден басқа ешкім білмейтініне сенімдісіз бе? Қолыңызды көкірегіңізге қойып айта аласыз ба, осы жаңалықты алғаш ашып отырған мына дөдең деп?

Мен ойланып қалдым.

— Aha!..— деді шал.— Айта алмайсыз. Үйткені бұл — сізден бұрын да белгілі нәрсе.

— Қайда, қашан жарияланған?— дедім мен. Ешқайда басылмағанына сенімді едім, әйтсе де, май ішкендей, жүрегім кілкіп қоя берді.

— Ешқайда ешқашан жарияланбаған.

Кенет көңлімде түйткіл пайда бола қалды.

— Сіз? Сіз ғой алғаш ашқан?

— Дәл таптыңыз,— деді шал масаттанып.

Еңсесін жазып, екі қолын кеудесіне айқастырып, көкірегін кере тұрды. Астыңғы ернін жымқыра тістеніп алған, екі езуінде, сығырая қараған кішкентай қой көздерінде мысқыл ойнайды.

— Түсінікті,— дедім мен.— Қеше кешке таптыңыз. Сізді әуел баста столымның маңынан жүргізбеуім керек еді. Шашыңыздың ағын сыйладым.

Шал басын шайқады.

— Қандай қызусыз. Бұл — қазаққа хас мінез емес. Бірақ мен сізді ұсінем. Түсінгендіктен кешірем. Әйтсе де мына сөздеріңізді қайтып алуыңызға тура келер. Қателігіне өзіңіздің-ақ көзіңіз жетеді. Жүріңіз. Біздің үйге.

Екі ойлы қалыпта сәл тұрдым да, шалдың соңынан ердім.

Ортақ кухнялы коммуналдық пәтерде, жалғыз бөлмеде тұрады екен. Есікті ашқан бетте көзіме бірден түскен нәрсе — табалдырықтан төрге дейін жайылған газет болды. Жол кілем орнына төсепті. Бес қабат, он қабат, бәлки, жиырма, отыз қабат. Үстіңгісі ескіргенде бетіне жаңасы жабыла берген сияқты. Әйтпесе, бәрін бірдей алмастырып отыру үшін күн сайын бірнеше килограмм газет сатып алу керек болар еді. Шынында да солай екен. Шал босағаға рәзеңке табанды киіз бәтеңкесін шешті де, пальтосының төс қалтасынан бүктеле ширатылған бір бума газет алып, еденге төсеуге кірісті. Есіктен терезеге дейінгі аралыққа ұзынынан жайылған төрт газет жетеді екен.

— Жоғарлатыңыз,— деді маған, кілемін жаңартып болған соң.

Аяққиімімді босағаға тастап, төрге шыққан соң ғана жан-жағыма бажайлап қарадым. Терезе жақ бұрышта арқалығы сыммен шандылған жалғыз орындық, сыры көшкен кішкентай стол тұр. Оң жақ қабырғада жалғыз кісілік, енсіз, ұзын темір төсек. Қалған жердің бәрі, еденнен төбеге дейін иін тіресе қойылған кітап сөрелері. Алайда мен бір де бір сөренің ішінен кітап көре алмадым. Бірінің үс-

тіне бірі қаланған папкалар. Жай қатырма тысты, немесе шүперек түпті, көкшіл, сұрғылт, қоңыр, қызыл, я түсі оңған, әбден тозған, қашаннан тұрғаны, қайдан шыққаны белгісіз үлкенді-кішілі, жуанды-жіңішкелі папкалар.

Шал мені үйіндегі жалғыз орындыққа отырғызды да, есік жақтағы сөрелердің бірінен лидерин тысты жұқалтаң көк папканы алып келді. Теріс қарап тұрып ашты да, біраз ақтарып, іздеген нәрсесін тапты.

— Мінекиіңіз!..

Бұл — мен осыдан бір апта бұрын архивтен тапқан, ғылымға әлі белгісіз документтің фотокөшірмелері еді. Алты-ақ жапырақ қағаз. Соңғы алты күн емес, тұтас алты ай бойғы еңбегімнің нәтижесін мансұқ етті.

— Сіз жаңа менің ғалымдық қана емес, адамгершілік намысыма да тиетін ауыр сөздер айттыңыз,— деді шал.— Соңғы апта бойы іс сіздің қолыңыздан шыққан жоқ. Қай уақытта көшірмесін алып үлгермекпін? Әйткенмен, күмәндану орынды. Мен өзім сол архивтің қызметкерімін.— Бұл — мен үшін жаңалық еді. Шал өзім күнде баратын орталық архивте істейді деп ойламағам.— Сіздің қандай жаңалық ашқаныңызды біліп алып, арам ойымды жұмыс соңынан да жүзеге асыруым ықтимал ғой. Бірақ сіз мына фотоқағаздарға қараңыз. Кешелі-бүгінгіге ұқсамайды. Сарғаюға айналған. Бұл да сөз емес. Мен әдейі ескі қағаздарды әзірлеп қоюым мүмкін. Көрдіңіз бе, сіздің қалай ойлауға да хақыңыз бар. Бірақ, жігітім, өзің де жақсы білесің, архивтерде қандай тәртіп барын. Тексеріп көр. Сол папканы қашан, кімдер ақтарды екен. Сен. Және мен. Осы екеуміз ғана. Бірақ сенің фамилияңның тұсында «4—10 апрель 1963 жыл» деген дата тұр. Ал менің фамилиямның тұсына... қалай ойлайсыз? Менің фамилиямның тұсына «7—25 март 1956 жыл» деп жазылған. Жеті жыл. Бұл жаңалықты мен сізден тура жеті жыл бұрын аштым! Әне! Көрдіңіз бе?!

Жер болдым. Күйзелгенім соншалық, не айтарымды білмедім. Тіпті, манағы артық-ауыс сөздерім үшін шалдан кешірім сұрау да ойыма келмепті.

— Неге мезгілінде жариялатпадыңыз,— дедім бірталай үнсіз отырған соң, өзімнің жеңілгенімді мойындап.

— Уақытым болмады,— деді фотокөшірмелерді жиып алып, қайтадан папкаға салып жатқан шал.

— Қалай уақытыңыз болмады? Жеті жыл бойы... Сондай маңызды дүние...

— Шырағым,— деді шал мені мүсіркей арқамнан қағып.— Менің сөзіме илан. Бұл — түкке тұрмайтын нәрсе.

Түкке тұрмайтын. Құнсыз дегенім емес. Құнды. Аса маңызды документ. Бірақ Шекспир айтқандай, достым Горацио, бұл фәниде біздің ойымыз түгіл түсімізге де кірмеген неше түрлі ғажайып сырлар бар. Ғылымда да солай. Әсіресе жаңа өркен жайған қазақ ғылымында. Теңіз тұрғанда тамшыға алдануға мұрша қане.

— Яғни, мына документ туралы мақала, зерттеу, тым құрса анықтама жазған жоқсыз?

— Жоқ,— деді шал. Жалғыз ұлын бауырына қысқан балажан әкедей көк папканы кеудесіне баса құшақтап алған.

Көңілімде үміт сәулесі пайда болды.

— Рас, бұл документті алғаш ашқан сізсіз,— дедім мен.— Бірақ жариялатқан жоқсыз. Дүниеде сондай нәрсе барын, оны бірінші боп ашқаныңызды өзіңізден басқа ешкім де білмейтін еді. Білмеген күйі жеті жыл өтті. Енді сол документті мен аштым. Сіздің көмегіңізсіз. Өз бетіммен. Рас па? Хақым бар ма солай деп айтуға.

— Әлбетте, әлбетте.

Үміт ұлғая түсті.

— Ал бұл дүниені жарыққа шығаруға сіздің уақытыңыз болмады. Пәленінші іс, пәлен санды тіркемеде сондай нәрсе жатқанын ғана білесіз. Ол туралы жазған ештеңеңіз жоқ...

— Қысылмаңыз, айтыңыз,— деді шал.

— Айтсам, сіз жазбаған мақаланы мен жаздым. Толып жатқан пікір ұсындым. Нақты ғылыми байламдар жасадым. Мұның бәрі таза менің еңбегім.— Шал қолын ербеңдетіп бірдеңе айтпақ болып еді, тыңдамадым.— Менің еңбегім. Оған ешкімнің дауы жоқ. Әйтсе де, белгісіз документті алғаш ашқан сіз болғандықтан, мен мынадай ұсыныс жасамақпын. Мына мен жазған мақаланы қарап шығыңыз. Толықтыратын жерлеріңіз болса көрейік. Өзгеріс енгізетін жерлеріңіз болса ақылдасайық. Бірақ алып қосар ештеңе жоқ деп ойлаймын. Мұқият оқып шықсаңыз болғаны. Содан соң қолыңызды қойыңыз. Сіз екеуміздің атымыздан жарияланады.

Шал мефистофель күлкімен мысқылдай жымиды. Мен әлдебір қастандық жасар деп қауіптенгендей кеудесіне басып алған көк папканы сөредегі орнына апарып қойды да, шынысын сарт еткізіп жапты.

— Жоқ!— Қолын артына қайыра ұстап, носкишең жалаң аяғымен кілем-газеттерді сытырлатып, есіктен төрге қарай ерсілі-қарсылы жүріп кетті.— Жоқ! Жоқ!

— Неге?— дедім мен де орнымнан тұрып.

— Мен біреу жазған мақалаға қол қоя алмаймын.

— Онда алдымен өзіңіз жазыңыз. Сіздікі мен менікін қосып, бір мақала жасайық.

— Менің уақытым жоқ,— деді шал.— Мен... мен... жазғым келмейді.

— Онда сау боп тұрыңыз. Мен өз атымнан жариялатам.

— Сіздің хақыңыз жоқ!— деді шал баж етіп. Жіңішке даусы ащы екен. Құлағымды жарып жібере жаздады.

— Неге?

— Алғаш ашқан менмін.

— Ал мен — менмін деймін.

— Олай емес қой. Өзіңіз де көрдіңіз ғой. Көрдің ғой өзің де, шырағым-ау. Көзің жетті ғой жаңа ғана. Мен ғой, Мен аштым ғой.

— Қайда барып, кімге дәлелдей аласыз?— дедім мен.— Кім сенеді жеті жыл сақтап отырғаныңызға?

Шал бірден басылды. Иығы қушиып, мойны салбырап кетті. Әп-сәтте шүйкедей боп қалды.

— Сіз ондай арамза іске барсаңыз мен бөгет жасай алмас ем... Бірақ сіз...— Шал тағы да өзінің шибиген арық саусақтарының ұшымен менің жағамнан ұстады,— сіз — ақыл-ойға кемел, білімге жетік жассыз. Жағынып тұр деп ойламаңыз. Мен сізді алты ай бойы бақыладым. Қыздан зият жігітсіз. Айтыңызшы, мені құрт-құмырсқаша тапап өтіп, мына дүниені өз атыңыздан ғана жариялату ғалымдық, адамдық арға сия ма. Әрине заң жүзінде сіздікі жөн. Ал мораль тұрғысынан алғанда ше?

Шалдың сөзі жүйелі еді. Жаңа деректі өз бетіммен тапсам да, оны менен бұрын танып, біліп үлгерген ақсақалдың келісімінсіз жарыққа шығаруға арым бармас еді. Бірақ айтқан сөзімнен қайтпадым. Шалға екі апта мерзім бердім. Мақала жазсын. Сонда жаңа табылған құнды документ екеуміздің атымыздан жарияланады. Жазбайды екен — жалғыз өзім шабам.

Архив мекемесінің қызметкері Сәмет ақсақалмен мен осылай таныстым. Екеуміз азап арбасын сүйрейтін ортақ қамытқа осылай жегілдік.

Жас кезінде адам қатал болады. Рахымсыз болады. Сәмет — онсыз да денсаулығы нашар, жүрегі әлсіз адам еді. Қазір ойлап отырсам, ауруының асқынуына, ажалынан бұрын өлуіне бас себепкер мен боппын.

Ішінде құнды деректер бар тәрізді көрінген бірнеше папканы қаншама рет заказ берсем де ала алмай қойғам. Түптеліп жатады. Қалпына келтіріліп жатады. Жөнделіп,

қайта тысталып жатады. Әйтеуір менің алдыма келмейтін бір себебі болады. Сәмет ақсақалдың осы архивте істейтінін білген соң-ақ көңілімде күман туған.

Мәймөңкені қойып, тура бастыққа бардым. Папкалар тегіс орнында боп шықты. Сұраған адамға қажет нәрселерді осы уақытқа дейін тауып бермеген Сәмет ақсақал сөгіс естіді, мен шаң басқан жуан папкаларды құшақтап залға аттандым. Енді Сәмет мені күн сайын жұмыс аяғында есік алдында күтіп тұруға айналды. Көрген сайын жүрегім мұздап кетеді. Сенгім келмейді. Сенбеуге тағы реті жоқ. Бірақ үйіне барудан бас тартам. Тіпті, оған бейсауат сөз айтқызбауға тырысам.

— Мақала жазылды ма?

Сәмет иегі кемсеңдеп, ештеңе айта алмайды.

— Дұрыс — деймін мен.— Үш күн уақытыңыз қалды. Үш-төрт күн өткен соң кешқұрым тағы да есік алдында ұшырасамыз.

— Бітіріп әкелдіңіз бе? Жарайды. Енді бес күн мұрсат берем. Сізді жақсы көргеннен емес. Оған дейін өзімнің де қолым тимейді. Мен тағы да көп жаңа дүние таптым. Бұрынғы түк емес.

Бес күннен соң кездесеміз.

— Енді жеті күн мәулет,— деймін.— Сақалыңызды сыйлағаннан емес. Қолым босамай жатыр. Бүгін тағы бірдеңелер таптым. Әлі қарап тұрыңыз. Бұл — басы ғана. Архивтеріңіздің астын үстіне түсірем. Мен енді жарты жыл отырған соң мұнда басқа жұрт қарайтын ештеңе қалмайды. Сау тұрыңыз. Мақаланы ұмытпаңыз.

Аямадым. Ақсақалдығына да, аурулығына да қарағам жоқ.

Ол да мені оңдырмады. Күз түсе, диссертациямның материалын жинастырып біткен кезде қоярда қоймай үйіне шақырды. Белгісіздік жанымды жегідей жеп, өзім де шаққа жүргем. Бардым. Менде бар жаңа деректердің кейбірі алдымнан шығарына күмәнданбағам. Бірақ,— о керемет,— жыл бойы тірнектеп жинаған мүкәмалымнан түк қалмады. Бәрі де Сәметте бар, бәрі де Сәметке мағлұм боп шықты.

Не таңырқарымды, не қапаланарымды білмедім. Миым ауырлап, бас сүйегім шытынап бара жатты. Есімнен адасқанға жуық халде едім. Сонда да беріскем жоқ. Өзімнің ескі өлеңімді айттым. Ол жаттанды қайырмасын қайталады. Алайда, ешқандай күман болуы мүмкін емес-ті: мен жеңілдім, ол жеңді.

Әрине, диссертация жазуыма болатын еді. Алдыма еш-

кім кесе көлденең тұра алмайтын. Ғылымға белгісіз, тың деректердің негізінде құралған еңбек маған қатардағы кандидаттың қарапайым дипломын ғана емес, үлкен абырой, атақ әкелуге, докторлық диссертацияға, оның соңын ала өз аяғымен келер профессорлық, академиктік атаққа жол ашуға тиіс еді. Бірақ өзіме ғана аян, деректерім тың емес, жаңалық деп ұсынатын көл-көсір материалдың ешқайсысы да соны емес. Бәрі де менен бұрын табылған, бәрін де менен бұрын біреу ашқан, көшіріп алған, фотоға, микрофильмге түсірген. Мұнымен келісу қиын еді. Әйткенмен, амал қанша, ақиқат шындық солай-тын.

Мен дүниенің бар қызығынан жерідім. Өлгім келді. Шын өлгім келді. Бірақ сорыма қарай мен өзіме қатты сенетінмін. Ұлы адам екеніме, елден ерек туғаныма ешқашан күманданып көрмегем. Мен тағдырдың мазағына, өмірдің соққысына, дауылға, боранға, ештеңеге қарамастан, ұлы істер тындыруға тиіс болатынмын. Иә. Ұлы істер. Мен міндетті едім. Сондықтан өле алмадым. Өлі денемді сүйретіп, өмір сүре беруге мәжбүр болдым.

Жаңа тақырып алдым. Өте сәтті тақырып. Күрделі мәселеге арналған. Қажетті материалдар Қазақстаннан аулақ жерлерде, Россия Сыртқы істер министрлігінің, Ішкі істер коллегиясының архивтерінде, Мәскеу мен Ленинградтағы әртүрлі сырлы қоймаларда ғана жатуға тиіс-тін. Мен тағы да қыс бойы жұмыс істедім. Аспирантураның бір жылы сарсаңмен өткен; бос жоғалтқан уақыттарымның орнын толтыру үшін күндіз-түні бірдей табан тартпай отырдым. Материалды қорытуға, ойлануға уақыт жетпеді, соңынан саралап алармын деп, қолыма ілінгенін шиге тізе бердім. Жаз шыға уһ деп дем алып артыма қарасам, әртүрлі үзінділер, сілтемелер тіркелген қағаздар, фотокөшірмелер, микрофильмдер үлкен екі шабадан бопты. Бір кандидаттық диссертацияға жетер жүк. Арқалап алып, Москва — Алматы поезына отырдым.

Поезд Алматыға үш-төрт сағат кешігіп, түн ортасына таман жетті. Такси ұстадым да, шабадандарымды тиеген беті Сәмет ақсақалдың үйіне тарттым. Әлі жатпапты. Яғни, жатыр екен, әлі ұйықтамапты. Сырқат көрінді. Соған қарамастан түрегеп, киініп отырды. Көзі шүңірейіп, ұрты суала түскен. Бойы кенет ұзарып кеткендей. Сүйектері саудыраған тірі қаңқа. Көңлім күпті еді. Әйтсе де дәл осы жолы шалдың тырнағына ілінбейтініме сенгем. Бекер, алдамшы үміт екен. Мен тапқан, жинақтаған материалдардың барлығы да Сәмет ақсақалға белгілі боп шықты. Ана сөреден де суырып алады, мына сөреден де суырып алады.

Фотокөшірмелер... ксерокөшірмелер... Жер, көкті басып кеткен көшірмелер... Рас, бәрі бірдей алдымнан шыққан жоқ. Алайда өзімде қалғаны — маңызы кемірек, екінші қатардағы, кәкір-шүкір нәрселер еді. Мен өзімді-өзім ұстай алмадым. Отыз ұлым бір күнде қазаға ұшырағандай, еңіреп тұрып жыладым.

Шал мені жұбатты.

— Қамықпаңыз,— дейді. Филателистер бір марканың соңында өмір бойы жүреді. Өмір бойы қолға түсіре алмай кетеді. Үйткені, марка — бөтен адамда. Сатып алу керек, айырбастап алу керек. Ал біз ше? Өзімізге өзіміз иеміз. Кім қағады біздің қолымызды? Бәрі өзіңізге байланысты. Қаншалық еңбек еткеніңізге байланысты. Біздің кәсіптің артықшылығы да осында.

Содан соң мені бекіте түскісі келді ғой деймін, күш бере сөйледі.

— Сіз өте талантты жігітсіз,— деді.— Менің жеті жыл жасаған шаруамды айналасы жиырма айдың ішінде дөңгелетіп тастадыңыз. Екпініңіз қатты. Мен өмір бойы тінтенектеумен жүрдім. Міне, мына сөрелер — қырық екі жылғы тынымсыз еңбектің жемісі. Ал сіз бұл қарқыныңызбен менің қырық жыл жасаған шаруамды он бес-он алты жылда тәмамдайсыз. Асса отыз тоғыз-ақ жасқа келеді екенсіз. Одан ары қаншама өмір бар. Әлі мені далада қалдырасыз. Ақиқаты сол. Заман сіздікі.

Тағы басқа да көп жылы сөз айтты. Сөзінен не пайда, барыңды сыпырып алған соң. Бірақ Сәмет ақсақал ары таза, адамгершілігі зор кісі еді. Маған әуелгідей шарт қойған жоқ.

— Егер соншама сынға шыдай алмаймын деп қорықсаң, менен азатсың,— деді.— Ойыннан шық. Осының бәрін алғаш ашқан менмін де де, жариялай бер, қорғай бер, алдыңнан кесе көлденең тұрмаймын.

Тұра алмайтын да еді. Қайталап айтайын, мораль мәселесін ұмыта тұрсақ, заң жүзінде әділдік менің жағымда еді. Бірақ мен бәрінен де бас тарттым. Бұл тақырыптың ешқандай қызығы қалған жоқ. Ғашық боп, қыз деп алған әйеліңнің бұрын әлдебір былапыт шалмен ашна болғанын білсең қайтер ең. Кешір, дөрекі теңеуім үшін. Мен де сондай сезімде болдым. Бәрін талақ еттім де, жаңа тақырып алдым. Аспирантураның үшінші жылы. Үшінші тақырып. Профессор қатты ренжіді. Ұрысты. Үгіттеді. Қайыспадым. Мені жақсы көретін еді, мархұм. Сенетін еді маған. Ақыры ырқыма көнді. Мен профессорымның алдында қандай беделді болсам, профессор да Ғылыми кеңестің

алдында сондай беделді еді. Қоярда қоймай жаңа тақырыбымды бекіттіріп берді. Араға екі күн салмай Қазанға аттандым.

Қазан — түркі мәдениетіндегі қара шаңырықтың бірі. «И Қазан! Дәртлі Қазан, мұңлы Қазан, нұрлы Қазан!..» Е-ей, бауырым! Не жоқ дейсің онда. Туырлып жатыр. Сыңсып тұр. Күмп беріп ортасына түстім де кеттім. Бұл жолы бұрынғыдай жалаң тақырып қуғам жоқ. Қармағыма ілінген соны, тың дүниелердің бәрін жағаға шығарып, теңдей бердім. Не керек, шалқар теңіздің тұнығынан еркін жүзіп сусындадым, күз бойы, қыс бойы дүниені шайқадым.

Алматыға ерте көктемде келдім. Шаруам тәмамдалғандықтан емес. Жетекшіммен ақылдасу керек еді. Және, жасыратын не бар, Сәмет ақсақалға кіріп шықпақпын. Тіпті ең басты шаруам осы. Бірақ мені үлкен сәтсіздік, сәтсіздік емес-ау, бақытсыздық күтіп тұр екен. Сәмет ақсақал дүние сапты.

Маған хат тастап кетіпті. Бір бет қағазға қиғаштай айдақтатып екі-ақ ауыз сөз жазған екен: «Бәрі де менде бар. Менде бәрі бар!»

Мен сендім. Сәмет ақсақалда менің жыл бойы тырбанып жинаған дүниемнің бәрі барына күмәнданғам жоқ. Әйтсе де өз көзіңмен көргенге не жетсін. Мархұмның кітапханасы жайлы сұрадым. Көршісі білетін боп шықты. Сәмет осыдан бірер квартал жерде тұратын ағайынына қалдырған екен, ол өзіне қажетсіз болғандықтан, комиссия магазиніне өткізіпті. Яғни сөрелерді. Ал сөрелерге жиналған папкалар жайын анық білмеді. Осы үйден шыққан кезде сөрелер бос болатын деді. Сәмет ақсақал өзінен әл тайғанын аңдаған соң бірнеше күн бойы ескі қағаздарын өртеді, жыртты, суға ағызды, әйтеуір түгел жойды. Сізге хатты содан соң ғана жазды деді. Сенбеске шарам жоқ-ты.

Бақталас адамнан құтылған соң менің бойым жеңілейді деп ойларсың. Жоқ. Керісінше. Тірі жүргені жақсы еді. Енді мен бар тыныштықтан айырылдым. Үйткені ғылымға беймәлім не нәрсе тапсам да, оны менен бұрын Сәмет ақсақалдың ашқан-ашпағанын анықтай алмайтын ем. Қандай соны деректің үстінен түссем де мұны мен аштым деп айта алмайтын ем. Менің өлгім келді. Соңғы үш жылдың ішінде осымен екінші рет. Бірақ үмітсіз — шайтан, менің болашақтан үмітім зор еді. Өлмедім. Өле алмадым. Сәмет ақсақал құраған дүниенің шеті, шегі бары есіме түсті. Тұтас бір халықтың тарихына, өнеріне, әдебиетіне қатысты барлық деректерді, қандай данышпан болмасын, бір адамның жинақтап түгесуі мүмкін емес. Мен де түгесе

алмаспын. Бірақ Сәмет ақсақалдан қабылетімнің де артықтығы, мүмкіндігімнің де молдығы күмансыз еді. Өзі де мойындағандай, мархұмның қырық екі жыл тірнектеп терген мұлкін менің он бес-жиырма жыл ішінде жинақтап бітіретінім ақиқат-ты.

Мен дүниеден баз кешіп, осы жауапты істің соңына түстім. Сендер үйлендіңдер, пәлен бөлмелі жаңа пәтер алып, түтін түтеттіңдер, бала-шағалы болдыңдар — менде оның бірі жоқ. Сендер тегіс кандидат атандыңдар, алдың докторлыққа аяқ басты — менде ешқандай ғылыми дәреже жоқ. Бірақ мен бәріңнен бақыттымын. Бәріңнен жоғарымын. Сендер алдамшы атақ соңында жүргенде мен үлкен шаруа тындырдым. Қыруар қазына бар менде! Міне, ғылым қуғаныма небәрі он-ақ жыл өтіпті, қаншама материал жинақталды. Иә. Бес-алты емес, үш-төрт жылда, енді үш-төрт жылда менің дүнием көлем жағынан Сәмет ақсақал қырық екі жыл жинаған дүниемен парапар болады. Сан жағынан. Ал сапа жағынан... сапа жағынан одан әлдеқайда асып түседі. Бірақ мен сонымен ғана тоқталмаймын. Ары кетем. Үйткені әлі қаншама құпия сыр бар ашылмаған. Қаншама қазына, баға жетпес қаншама қазына жатыр жер жүзінің архивтерінде!.. Е-ей шіркін, Стамбұл мен Лондонда бір-бір жылдан отырар ма еді...

Орталық кітапхананың алдына жеткен екеміз. Сембек те әңгімесін тәмамдағандай. Мен түршігіп кеткен едім. Не ойларымды білмедім. Не айтарымды білмедім.

— Мұның бәрі жақсы,— дедім ақыры.— Бірақ неге жарыққа шығармайсың? Неге жазбайсың?

— Ойбо-ой, бауырым, оған уақыт қайда?— деді Сембек. Мен материал жинақтау үстіндемін. Межелеген шегіме тақап қалды. Енді жеті-сегіз жыл, ұзаса он жыл отыру керек. Сосын қолға алам.

Мен бұл жауапқа қанағаттанбадым.

— Сонда сенің іздеп жатқаның қандай нәрселер? Тапқан дүниелеріңнің ішінде не бар?..

— Бәрі бар!— деді Сембек.— Қазір өзімнің кім екенімді өзім де білмеймін. Сірә, тарихшы болуым керек. Оның үстіне мен әдебиетшімін, өнер зерттеушісімін. Фольклористпін, этнографпын. Үйткені менде бәрі бар.

— Не бар?— Досым мені мазақ етіп тұр деп ойлай бастаған ем.

— Жазған анау-мынауларыңды мұқият оқып жүрем. Әрнеден аз-маз мағлұматың бар жігітсің,— деді досым.— Ал білсең айтшы. XVI ғасырдың бас кезінде орыс мемле-

кеті мен қазақ хандығы арасында қандай байланыс болды?

— Қасым хан тұсында қазақ елі мен Москва арасында дипломатиялық қатынас орнаған,— дедім мен.— Бірақ қандай дәрежеде және қалай болғанын айту мүмкін емес. Іс қағаздары түгел өртеніп кеткен...

— 1812 жылғы Москвадағы өрт кезінде. «Игорь жорығы туралы жырдың» тұпнұсқасымен бірге,— деді досым мырс етіп.— Самолеттер жоқ. Қазіргі артиллерия жоқ. Эвакуацияның қалай жүргенін, қаланы кім өртегенін және қашан өртегенін тағы білесің. Яғни ондай маңызды қағаздардың жойылып кетуі мүмкін емес еді...

— Немене, сен таптың ба?— дедім мен.

— Бұл қатынас қағаздардың саны өте көп еді және бәрі де қазақ тілінде жазылған болатын,— деді Сембек менің сөзіме тура жауап бермей.— Азаматтық тарихымыз үшін ғана емес, жалпы мәдениетіміз үшін қаншалық маңызы барын өзің де түсінерсің.

— Қайда екен? Сен шын таптың ба?— дедім мен дегбірсізденіп.

— Борис Годунов патша тұсында Рязань облысындағы Қасым қаласын билеген қазақ сұлтаны Ораз-Мұхамед Ондан ұлы жайынан хабардар шығарсың,— деді Сембек менің сұрағымды мүлде естімегендей сөзін одан ары сабақтап.— Ал сол Ораз-Мұхамедтің бай кітапханасы болғанын, ол кітапханаға араб, парсы, түркі ғалымдарының ғана емес, орыс жылнамашыларының ғана емес, қазақ тілінде жазған қазақ авторларының да кітаптары жинақталғанын білемісің? Қайда сол кітапхана? XVIII ғасырда Абылай ханның тапсырмасы бойынша қазақ тарихы жазылды. Қайда сол тарих?

Сембек осындай риторикалық сұраулармен мені мүлде тұралатып тастады. Қарсы сауалдарымның ешқайсысына жауап қайырмады.

— Жарайды,— деді ақыры қашуға айналып.— Бос мылжыңдап уақытыңды алдым білем. Гуд бай.

Бірақ мен ақымақ боп қалғым келмеді. Жібермедім. Сонымен қатар тура сауал қоюдың да пайдасыздығын аңдаған едім. Қиялап кеп басқа жақтан сыр тартпақ болдым.

— Қайда істеп жүрсің?

— Бұрынғы жерде,— деді Сембек есінеп.

Басым әбден шатысып кеткен екен, Сембектің бұрынғы жері қайсы екенін есіме түсіре алмадым.

— Жүдеп кетіпсің,— дедім басқа сөз таба алмай.— Дем алу керек.

— Шаршағаннан емес,— деді Сембек.— Көңіл сүйген жұмыстан кісі шаршамайды. Шаршағаннан емес.

Жан-жағына қарап алды да менің бір жас жігітті білетін, білмейтінімді сұрады. Білетін ем. Кейінгі кезде баспасөз бетінде қазақ фольклоры туралы бірнеше жақсы мақалалар жариялатты. Жаңылмасам, әлдебір ескі қаһармандық жырдың бұрын ғылымға белгісіз әрі көне, әрі көркем жаңа бір нұсқасын тапты-ау деймін.

— Нашар жігіт екен,— деді Сембек.— Мен оны үйге шақырып апардым. Көрсеттім. Ескерттім. Оның хақысы жоқ еді. Ешқандай моральдық хақысы жоқ еді. Бірақ қазіргі жастар тым дөкір. Ай-шайға қарамайды. Ұялмайды. Жариялатты да жіберді. Қазір күнде архивке келеді. Мен бақылап, қарап жүрмін. Оның таптым деп жатқан нәрселері тегіс менде бар. Бәрі де менде бар. Тағы да ескерттім. Тағы да айттым. Арсыз екен. Тыңдамайды. Осы арада ғана ойыма кеп тұр. Мен саған бір өтініш жасайын. Ескі доспыз. Ол бала әлі қорғаған жоқ. Бірақ жұмысы дайын. Созуға болмайды. Қатты өтінем. Сенің ғылыми атағың бар. Именеді. Барсаң, сөйлессең қайтеді, а? Бәлки ақылына келтірерсің? Соның бәрін алғаш ашқан мен ғой. Әділдік қайда? Адалдық қайда?

Не айтарымды білмедім. Бір есептен Сембектің сөзінде қисын бар. Екінші тұрғыдан алып қарағанда, жас жігіттікі де дұрыс. Ақыры, бұл іске араласа алмайтынымды айттым.

Әлде опасыз санап, шын ызаланды ма, әлде ұялас көрді ме — Сембек мені тарпа бас салды.

— Сендер — бәрің бір қалыптан шыққан шикі кірпішсіңдер,— деді.— Бәрің де ғылымның иісі мұрындарыңа бармайтын надансыңдар. Ештеңе білмейсіңдер. Аяқтарының астында жатқанды көрмейсіңдер. Сөйте тұра ғылыми атақ аласыңдар. Атақ алған соң да дір-дір етіп тұрғандарың. Тегіс сужүрексіңдер. Менің атағым жоқ. Сонда да ештеңеден қорықпаймын. Үйткені мен өзіме сенем. Өз құнымды білем. Мен турасын айтатын адаммын. Мына сен доктор болғалы жүрсің. Жалтармай-ақ қой. Жұрт айтады. Дақпырт сөздің өтірік болғанын көрген емеспін. Басқа мақсат, басқа тірлік жоқ сенде. Докторлық... докторлық... Ал татымысың сол атаққа? Осыны ойладың ба? А? Татымайсың. Сен білемісің...

Осыдан соң шынында да мен білмейтін ұзақ тізім кетті.

— Тында,— дедім Сембек алқынып барып тоқтаған кезде құшақтап арқасынан қағып.— Сен жаз.

— Қалай ойлайсың,— деді Сембек.— Ана баланікі дұрыс емес қой!

— Сембек,— дедім.— Мен сені түсінем. Бірақ сен бір нәрсені ұқпайсың. Осының бәрі не үшін? Мақсат не? Тоқсан мың жылқы айдап, бір бүтін шапан кимеген Қарабайдан қанша айырман бар? Қарабайды кешіруге болады. Өз малы. Ал сенің шкафқа тығып отырған дүниелерің кімнің малы? Сыртқа, жарық әлемге шығармай ұстап отыруға хақың бар ма? Қазақ атаңның қазынасы. Ал сен — алтын қақпаға қара құлып салған қылмыскерсің. Үйткені ғылым — филателия емес.

Сембек мен айтқан аксиомаларға назар аударған да жоқ.

— Баланікі дұрыс емес,— деді бар болғаны.

— Дұрыс,— дедім мен.— Сен өзің жинақтаған дүниелеріңді қашан отқа жағады, қашан жыртып, суға ағызады деп күтіп отыруы керек пе. Дұрыс онікі.

Екеуміздің он жылға созылған достығымыздың тамыры дәл осы арада үзілді. Мұны Сембектің жүзінен оқып білдім.

Бірақ оған тағы бірнеше ауыз сөз айтуды өзіме борыш санадым. Тапқан документтерін, ашқан жаңалықтарын жариялауы керегін, кейбір дүниелерді бастыру үшін, тіпті, мақала жазып, әуреленудің қажетсіздігін, екі-үш сөйлемнен тұратын анықтаманың өзінің жететінін, ғалымдық ар, халық алдындағы борыш, тағы басқа жоғары материялар турасында айттым, қойшы, қыза-қыза талай жерге бардым. Бірақ Сембек илікпеді. Маған көңілі қалғанын жасырмады. Содан соң мен де сабама түстім. Суық айрылыстық.

Арада бірнеше күн өтті. Мен көп ойландым. Басында Сембек айтқан сөзге тегіс нанып ем. Алғашқы әсер көмескілене келе, осының бәрі бос сандырақ деген пікірге тоқтадым. Ұйқым түзелді. Асқа тәбетім де жақсарды. Бұрынғы адам қалпыма келдім. Тіпті, өзімді абдыратқан әңгімені де, қырық екі жыл архивте отырып, қыруар жаңалық ашқан, ақыры қырық екі жол еңбек жазбай, өлер алдында бар қазынасын харап еткен кішкентай сары шал Сәметті де, оның ісін алға бастырушы мұрагері, өзімнің ескі досым, табиғат берген дарынын далаға шашып жүрген Сембекті де ұмытуға айналдым. Өзімді қатты толқытқан хикая — жас кезімде әжем айтқан ертегі іспеттес боп қалды. Бірақ кеше... яғни алдыңғы күні кешке таман мұның бәрі — өзімді алдау екеніне көзім жетті.

Жуан портфелімді арқалап, архивтен жаңа шыққан

бетім еді, сайтандай сап ете түсті. Сәмет емес, әрине. Сембек. «Аңдамай» өте бермек әрекетім сәтсіздікке ұшырады. Дауыстап, атымды атап тоқтатып алды. Шаруасына амандық, саулықсыз, бірден кірісті.

— Мен білем,— деді.— Сен үлкен еңбек жазғалы жатырсың. Материалын жинап біттің. Соңғы аптадағы, әсіресе бүгін түстен кейінгі жұмысың аса сәтті болды. Бірақ масаттануға әлі ерте. Мұның бәрі баяғыда ашылған, белгілі нәрселер. Менде бәрі де бар. Сенбейсің бе? Өз көзіңмен көр. Жүр біздің үйге.

Миым айналып бара жатты. Сонда да әзәзілдің жетегіне ермедім. Аспанмен ұштым ба, жермен жүрдім бе, білмеймін, әйтеуір үйге жеткенде әйелім шошып кетті.

Құдайға шүкір, шалық шалған жоқ, дертке ұшырағам жоқ. Бірақ осы көргенім, осы естігенім ішіме сыймай бара жатты. Сыртқа шығармасам бырс етіп жарылып кететінімді сездім. Ақыры, әлденеше рет бастығырылып, әлденеше рет оянып, мыж-тыж боп ұйқыдан тұрған соң үш шынаяқ қою шай іштім де, стол басына кеп отырдым. Күнұзақ шимайлап, түні бойы көшіріп, жиырма төрт сағат ішінде осы әңгімені жазып шықтым. Әйелім машинкаға басты, балам оқып, қатесін тексеріп берді. Қалайда бүгін, жұмыс аяғына дейін үлгеруге тырысып, редакцияға қарай жүгірдім. Жолда келе жатып, мынадай ой түсті. Әңгіме жаздың — хош. Әйтіп-бүйтіп бастырарсың — жөн-ақ. Ал бес жыл бойы жиналған бір сандық материалды қайтеміз? Ғылымды не істейміз? Ақыры, редакцияның есігінен аттай бере ойдың ұшығына жеттім. Ғылымды қоямыз. Профессорлық атақтан жерігеннен емес. Қиындықтан қашқаннан емес. Сембектен қорыққаннан. Оның өзінен емес. Кебінен. Сол кепті киюден қорыққаннан.

Тәмәт тәмам.

1973

□

повестер





ТАЗЫНЫҢ ӨЛІМІ

1

Сүлдерін сүйретіп басына бір, аяғына бір шықты. Үстін кіршіксіз таза ақша қар басқан кішкентай ғана төмпешік. Меңірейіп қалған Жазда, алғаш үйілген кезінде әлі дымы құрғамаған қоянжон топырақтан жылы леп, мейірбандық есіп тұратын. Мүмкін солай көрінген болар. Әйтеуір тазы мұнда жиі келетін. Төңіректеп жүреді. Қиыршық тас аралас сарғыш топыраққа тұмсығын тығып жіберіп, қорқырай дем алады. Сыздықтап әлдебір иіс білінетін. Сүйкімсіз иіс. Терісін сыпырып, аулаққа лақтырып тасталған түлкіден екі-үш күн өткен соң дәл осындай күлімсі леп шығар еді. Үстіне құрт-құмырсқа қаптап кететін. Тазы жеркене лоқситын-ды. Ал мына жас топырақты қаба дем тартқан кезінде бойын мүлде басқа сезім билейтін. Қолқаны атары рас, бірақ соның өзінде әлденендей таныс, жанға жақын бірдеңе бар. Не екені де белгілі. Шіріген етпен аралас, мұрынға болмашы ғана лебі жеткен иіс — иесінікі. Ол осы арада жатыр! Қисынға келмейтін нәрсе, бірақ анық солай. Өз көзімен көрген. Тазының бойы же-

ңілейіп, еңсесі көтеріліп қалатын. Алысқа ұзаған жоқ қой әйтеуір. Ертең-ақ оянады. Қашанғы жата берсін... Енді міне, сол белгінің өзі жоғалыпты. Бәлки, тұрып кетіп қалған шығар? Мүмкін, ендігі үйде отырған болар? Жоқ. Қар түнде ғана жауды. Ешқандай із көрінбейді. Ол осында. Тазы сау аяғымен қабырдың етегін қазуға кірісті. Жұқа көбік қар тез аршылды. Топырақ көрінді. Буы бұрқыраған жас топырақ емес, жел үрлеп, жауын жуып көнерген, иесіз, ескі іннің аузындағы үйінді сияқты сұрықсыз топырақ. Сіресіп қатып қалыпты. Тырнақ батпайды. Тазы ұзыншақ төмпешікке бажайлай қарады. Сұп-суық. Жансыз. Шомбал қара тастан қанша айырмасы бар. Бар, әрине. Астында иесі жатыр. Иесі жатыр! Тазы еңіске көз тастады. Шілікті сай. Бас жағында суы мұздай бұлақ бар. Сай табаны құлын, тайлардың жоны ғана көрінетін көк шалғын еді. Жазда ауыл отырған. Қазір бәрін аппақ қар көміпті. Тек кең сайға бүйірден қосылатын, қарсы беттегі шағын қолаттан бір кездегі адамзат мекені ескі қыстаудың жұқанасы — қисайса да құламаған жалғыз қабырға қарауытады. Тазы дәл ауыл көшер күні сол жетім дуал түбінде дімкәс көкжақ тоқтының өлексесі қалғанын есіне алды. Ол ешқашан да тұрмайды, ешқашан да маңырамайды. Шөп те жемейді, су да ішпейді. Қазір саудыраған сүйекке айналған шығар... Кенет тазының санасын найзағай қамшысы осып өткендей болды. Оған ғаламат құпия — осы уаққа дейін өзіне беймәлім боп келген сыр ашылған еді. Бұл сырдың қорқыныштылығы, алапаттығы соншалық, тазы құлағы түрілген, етекке көз тіккен күйі мелшиіп тұрып қалды. Тоқпақ жілікті кеміріп бітетіндей уақыт өткен соң ғана есін жиды. Сол-ақ екен, буын-буыны қалтырап, тұла бойы дірілдеп қоя берді. Тамағы жыбырлап, арқа жүні тікірейіп, төбе құйқасы шымырлап кетті. Тазы шоқиып отыра бере тұмсығын көкке созды. Ауыз еріксіз ашылып, ар жағынан үрейлі үн шықты. Сілтідей тынып тұрған тау-тас күңірене жөнелді. Тазы ұлуын күшейте түсті. Оның көз алдынан енді қайтып келмес бақытты күндері тізіліп өтіп жатты...

2

Дүние кең екен, жарық екен. Аспан неткен әдемі, көкпеңбек. Аспандағы күн қандай жақсы, бетіне тура қарауға болмағанмен мейірлі, жып-жылы. Қораның іргесінде шоқиып, шуаққа қыздырынып отырған ақ күшік рахаттана

қынсылап жіберді. Асты құп-құрғақ әрі жұмсақ: үгілген жылқы тезегі, қиқым шөп-салам. Қарсы алдындағы ойпаң шұқанаққа су іркіліпті. Сап-сары су. Орнынан тұрып барып жалап көрді. Дәмі ашқылтым, сүйкімсіз екен, мал қиының иісі шығады. «Ішуге жарамайды» деп ойлады күшік. Ол өзі білетін нәрселерді ішіп-жеуге жарайтын, ішіп-жеуге жарамайтын деп екіге бөлетін және соңғысының алдыңғысынан әлдеқайда көп екенін білетін. Күшік алға қарай аршындай секірді. Қар. Күресінге үйілген қар. Әр жері омырылып, төмен түсіпті, ойқы-шойқы. Беті қоқым. Күшік батып кеткен оң жақ алдыңғы аяғын көтеріп еді, астынан жылымсы су көрінді. Қар еріп жатыр. Түйіртпек-түйіртпек кішкентай мұзға айналған. «Бұл да бір жақсы нәрсе,— деп ойлады күшік.— Тек жеуге жарамайды, жалауға ғана болады. Ешқандай дәмі жоқ, суық». Әйткенмен, күшік мұздақ қарды жаламады: сыртқа шығарында ғана бір дәлеңке сүт ішіп тойып алған еді. Қоразданып, жанжағына қарады. Жаңа өзі отырған жерді топ шөжесін ерткен шұбар тауық иемденіп үлгіріпті. Қоқыр-соқырды аударыстырып, тынымсыз қыт-қыттайды. Үрпек жүн, сап-сары, доп-домалақ кішкентай балапандар шиқ-шиқ етіп енелерінің аяғының астында ерсілі-қарсылы шауып жүр. Мәз-майрам. Шешелері бірдеңе тауып алып, дыбыс берсе болды: «Әкел, әкел! Маған, маған!» десіп жамырай ұмтылады. Содан соң қайта бытырайды. Қолма-қол: «Таптым, таптым! Кел, кел!» деген қуанышты айғай шығады. Шөжелер сүріне-қабына қайта жүгіреді. Қимыл-әрекеттерін қызықтап сәл тұрған соң балапандарды қуып ойнауға зауқы соғып кеткен күшік кішкентай құйрығын бұлғалақтатып шаңқылдап екі-үш үріп алды да күресінен түсе берді. Сол-ақ екен тауықтың: «Аттан! Аттан!» деген даусы естілді. Тырағайлап жүрген балапандар әпсәтте енесінің бауырына кіріп, тегіс ғайып болды. Тауық қанатын қомдап, дүрдиіп тұр. «Кет! Кет! Кет, қу күшік!» дейді. Күшік тауықтың өзіне жат пиғыл таныту себебін түсіне алмай, абдырап қалған еді. Кенет сап-сары, әдемі балапандардың бірі қылт ете түсті де мамықтың арасына қайта еніп кетті. Делебесі қозған күшік алға қарай екі-үш қадам басты да, бауыры жер тірей, төрт тағандап жата бере үрді, түрегеп тағы үрді. Енді тауық шындап ызаланған сияқты. «Кет-кетін» күшейтіп қана қойған жоқ, шабуылға көшуге ыңғайланған түрі бар. Мұндайды күтпеген күшік сасайын деді, бірақ қиқарлықпен алға қарай және бір аттап түсті. Тауық дүрдиген беті орнынан көтерілді. Тұра ұмтыла ма деп еді, теріс айналды. Іргені жағалап,

сол «кет-кеттеген» қалпы жылысып барады. Балапандар түгел бауырында, ешқайсысының да мұнымен ойнағысы келмейтін тәрізді. Арсаландап жүгіріп, бой жазып, көңіл көтермек ниеті іске аспағанына қынжылған күшік те кері бұрылып, ауыл сыртына таман беттеді.

Топырақ әлі дегдімеген. Ойпаңдар мен шұқанақтарда булары бұрқыраған іркінді сулар жатыр. Әр жерде — қомақты, биік тобылғылардың түбінде тулақтай-тулақтай қар қалдығы көрінеді. Бірақ әлем өзгеше түрге енген. Төңірек күн сәулесіне бөгіп, манаурап тұр. Ауа хош иіске толы. Күшік жұпар шашушы нәрселердің бірі — өзі тапап келе жатқан сабағы жіңішке, құлтебас шөп екенін аңғарды. Тұмсығын тақап еді, жеуге жарамағанымен, иісі ұнамды көрінді. Аяқ асты жұмсақ, түп-түп болып тығыз өскен қалың шөп. Тереңнен көк кеулеп келе жатқаны байқалады. Кейбір түптердің ағынан көгі басым. Күшік осы жаңа тебіндеген көдені де иіскеді. Рахат! Тамаша! Бойын түсініксіз қуаныш кернеп жасыл мамық үстіне аунап-аунап алды. Содан соң табандарын тарбитып, керги созылған қалпы бауырын күнге төсеп ұзақ жатты.

Маужырап, көзі ілініп кеткен екен, түс көрді. Сары үрпек балапан шиқ-шиқ етеді. Кел, ойнайық дейді. Өзі кіп-кішкентай. Сүйкімді. Күшік қуанғаннан арсаландап үре береді. Міне, екеуі бірін-бірі қуып ойнап жүр. Шөже мұндай жүйрік болар ма, жеткізер емес. Әйткенмен, күшік те қалмайды, салдыртып келеді. Құлағының түбінен жел гу-гу етеді. Міне жетті ақыры. Ұстайды енді. Құртақандай өзі. Аузына сыйып кетер еді. «Жеуге жарайтын нәрсе!»— деген ой келді күшіктің басына. Иә, жеуге жарайтын нәрсе. Бірақ кенеттен балапан күшікке қарсы қарап тұра қалды. Ығатын түрі жоқ. «Р-р-р!— дейді.— Мен болдым, енді сен қаш. Р-р-р» Күшік селк етіп, көзін ашты. Үстіне төніп дәу қара төбет тұр. Күшік аспай-саспай ұзын тілімен аузы-басын бір жалап алды да, есіней керілді. Содан соң мана балапандарға үргеніндей, жіңішке даусымен шаңқылдай үріп, орнынан көтеріле берген. Екі ойлы тұрған төбет сол сәтінде-ақ бас салды. Күшік не боп кеткенін аңғара да алмай қалды. Өне бойы от тигендей дуылдап, көз алды қызылды-жасылды сәулемен тұманданып, дүние теңселе төңкеріліп бара жатты.

— Кет-ай, кет! Кет!!

Жан ұшырған ащы дауыс пен жерді солқылдатқандай дүбір қоса естілді. Кеудені қысқан зіл батпан жүк босап кетті. Арашаға иесі келгенін аңғарған кішкентай күшік қаңсылап жылап жіберді. Иесі қалбалақтап аттан түсіп

жатыр. Міне, жерден көтеріп алды. Денесіне қол тигенде өне бойы найза сұққандай шанышқылап қоя берген күшік дүлей төбеттің аузына қайта түскендей, шарылдай, ұзақ қаңсылады.

Атын шылбырынан жетектеп, күшікті құшақтай көтерген бойы қираландай басып үйге келген соң иесі оның жарақаттарының аузына әлденелер жағып, жанын қинап көп әуреледі. Содан соң әр жерін ақ дәкемен орап байлады да, ауызғы бөлмеде бұрышта тұрған екі жағы торлы кішкентай темір төсекке салды. Тамақты өз қолымен береді. Күніне үш-төрт мәрте сыртқа алып шығады. Басқа уақыттарда күшік үнемі төсек үстінде қимылсыз жатады. Көп қозғалуға жер тар, ал өз бетімен тордан секіріп түсіп кете алмайды. Және өйтіп дала бетін көруге әрекеттенген де жоқ.

Екі-үш апта бойы жақсылап күткеннен кейін денесіндегі жаралар жазылды. Бірақ күшіктің жүрегіне басқа бір жара түскен еді: ол дүниеде әділетсіздік, зұлымдық, зорлық барын, басыңа бақытсыздық төнсе ақтығың, жазықсыздығың арашалап алып қала алмайтынын ұқпаса да, бұдан былай бейтаныс жан иелерінің бәріне күмәнмен, дұшпан көзімен қарайтын болған.

3

Күшік әбден торалып, қайта қутыңдай бастаған кезде алыстан бір кішкене бала келді. Өзі сотқар екен. Арбадан түсер-түспестен-ақ күшікке ұмтылды. Бұл кезде күшік адам атаулыны иелерім,— өзіне күнде тамақ құятын, үйдің бар шаруасын істейтін ұзынетек кісі де осы санатқа қосылатын,— және бөтен жандар деп екіге бөлетін. Ал мынау— бөтен бала. Күшік иесіне тығылды. Бірақ иесі оған қарамаған да жоқ, баланы бауырына басып, бетінен сүйіп жатыр. Әйткенмен бала тез босанып, күшікке қайта қол созды. Иесі тәуір көретін кісі болғандықтан күшік енді қаша қоймады. Оның үстіне иесінің өзі де «Лашын, Лашын, бара ғой!» деп жылы шырай танытып тұр. Баланың қолы жұмсақ екен. Кеудесіне қыса құшақтап алды. «Күшім, күшім» деп, басынан, арқасынан сипап, аузынан жалап, еркелете бастады. Сауыны өткен биені қайырып келе жатқан, анадайдан «Әділ! Әділтай!» деп айқайлаған шешесіне назар аударған да жоқ, күшікті құшақтаған беті үйге кірді.

Сол күні кешке үйге көп адам жиналды. Үлкен дөң-

гелек столды алқалай отыр. Дастархан үсті тау боп үйілген бауырсақ. Бауырсақ бетінде ағарандап жатқан шақпақ қанттың көптігінен көз тұнады. Әділ Лашынды алдына алған. Бір бауырсақ, бір қанттан аралас береді. Жұрт көңілді, ду-ду етеді. Түйе сүтін қатқан қою, қызыл күрең шайды сыздықтата тартып, дабырласып отыр.

— Жігіт болды деген осы,— дейді Омар ақсақал.— Ұзағынан сүйіндірсін.

— Ал Қазы, сен қырық күн той жасауың керек. Мұғалімдері бірінші класты бітірген жиырма бес баланың ішіндегі ең үздігі деп отыр. Екінші, үшінші кластың есебін шығарып, кітабын оқи беретін көрінеді,— дейді Әділді ала келген сатушы сепкіл бет Есенжол.— Бұдан бұлай ертегі, жыр айт деп ешкімді мазаламайтын болды. Күзге дейін сенің Қызылотауындағы бар кітапты оқып тауысып кетері анық.

— «Ата көрген оқ жонар» деген...

— Еңбек біждің Қәмийа шіңіміждікі ғой,— дейді аузы тола бауырсақты малжаңдай шайнаған қалпы Есенжолдың әйелі Айсұлу.— Пышық қой Қәмийа. Көймейшіңдей ме, ешіктің айдында үйуйі тұйған қиды. Шайуаға мығым ғой, мығым...

— Қатын, сен ол әңгіменді кейін айтарсың, ақсақалдың сөзін бөлме.

— Ошы шен маған неге қожаңдай бейешің? Мен жаман бойшам жақшы қатын неге тауып аймайшың?

— Қой дедім ғой!

— Көжге шыққан шүйейдей иғи шетке қағып кемішітешің де отиашың. Төйкініме кетіп, шойыңды қайнатаймын би күні...

— Жетер, бірдеңе көргің келмесе қой енді!

— Қойдық, бати-екеші. Кәмийә пышық емеш дешең үндемей-ақ отиайын...

— «Ата көрген оқ жонар»,— деді Омар ақсақал сөзін жалғап.— Әмір мархұм,— мына Қазының әкесін айтам,— жігіттің сырттаны еді-ау. Қолынан қыран тазы арылған емес. Түлкіні құйындай соғатын қаншырдай құмайлар. Е-е, көзімен көрмегенге бәрі өтірік. Сендер қазір малды асылдандырамыз деп жүрсіңдер. Мал жағын білмеймін, қазақ сол кездің өзінде-ақ аңшы иттерінің тұқымын асылдандырып бітіп еді. Желмен жарысқан не бір жүйрік қырандар өтті ғой бұл өңірде. Дариға-ай десеңші... Анау Мамай шалдың Бесқара дейтін тазысы болды. Осындағы бір байдың аңқұмар мырзасы бес құлынды бие ұсынғанда айырбастамады ғой қисық шал,— ол кезде, әрине, қыл-

шылдаған жігіт шағы,— содан Бесқара атанып кетті, өз ныспысы басқа еді. Көктарғыл, құдды жолбарыс кейіптестін. Қеудесі шынтақтан сынық сүйем десем өтірік, тура үш елі төмен, құшақ жетпес зор; бір қырындап жантаймаса, түзу жата алмайтын. Басы үлкен, шықшытты. Дене бітімі мөлшерден тыс ірі болатын. Адамзатта не бір асылдар, не бір даналар, не бір жүрекжұтқан батырлар жаралады ғой. Құданың құдыреті күшті. Жан-жануар, махұлықтар ішінде де өз тұрғыластарынан озып туған ерекшелері кездеседі. Бесқара сондай ит еді. Бөгде кісі айтса бұ дүниеде сенбес ем, бірақ қыстауларымыз іргелес кез, өз көзіммен көрдім, бір жылы жалғыз өзі он үш қасқыр алды. Ал қоян, түлкіде қисап жоқ. Арқарға да жиі шығатын. Мамай шал сол Бесқараның ұрпағы деп анау кезде бір көк тазы ұстап жүрді. Әбден алжып, соғыс бітер жылы көктемде өліпті. Ажал тақағанын сезісімен қаңғып кетіп қалса керек. «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді»,— деген сол. Мамай нешеме күн аза тұтыпты деседі. Адам кісі өлгенде өйтпес. Шынында да, Бесқарадай болмағанмен, қыран-ақ еді, шіркін. Ондай тарлан тазылар қазір жоқ. Ит баптап, құс күйттеп, бұлғақтап жүретін уақыт қайда.

— Онда үкіметтің малын кім бағады, шөбін кім шабады...— деді Қазы. Жөтел қысып, сөзінің аяғын айта алмады.

— Арақты кім ішеді,— деді Есенжол сепкіл беті шабдарлана жымиып.

— Шатушы боймай кет,— деді Айсұлу.— Жынды шуы жоқ мәгәжін мәгәжін бе тәңйі!

— Сол кәпіріңнің жоғы жақсы, әкелмегенің жөн болған,— деді Омар ақсақал.

— Әкелмейін дегем жоқ-ау, баздың өзінде таусылыпты. Қанша артта қалған, қазақы дегенмен, біздің аудан да мәдениетке аяқ басып келеді. Алдыңғы жылы бір жәшік арақ осы ауылдың бір қысына жетіп еді. Ферма бастығымен екеумізден басқа ақаңа құмар ешкім жоқ-ты. Ал өткен күзде ақ, қызылы аралас үш жәшік алғызып ем, жұғын болмады. Ауданға соңғы барған жолы мына Қазы да үйреніп кепті. Ферма орталығында жатақта қалатын айналдырған үш үйміз, ақсақал намазым бұзылады деп ішпейді...

— Астапыралда! Тіпті, намаз оқымайтын адамның да әуестенетін нәрсесі емес.

— Дәмін білмеген соң айтып отырсыз ғой. Ішпеген адам мына Қазыдай-ақ шығар, бір рет ұрттап көріп еді, баяғыдан бергі өмірінің бос өткеніне көзі жетті. Бәрінен

бұрын маған жақсы болды, серік табылып. Осы қазір, құдай біледі, бір жартылық араққа қатынын сатып жіберуге әзір.

— Әй, сен де қоймайды екенсің. Жай бір реті келіп қалған соң дәмін татып ем...

— Ләйім, тата бер!

— Екеуі баяғының құрдастарындай ойнайды,— деді Омар ақсақалдың бәйбішесі, ақ кимешекті арық қара кемпір Нұрила, әңгімені басқа жаққа аударғысы келіп.

— Құйдаш деген қыжық қой,— деді Айсұлу.

Бұл кезде бауырсақ пен қантқа тыңқия тойып алған күшік Айсұлудың сөзін мақұлдағандай өзінен өзі үріп-үріп жіберді.

— Ай, кәрілік-ай,— деді Омар ақсақал,— бірді айтып бірге кете берем. Мана не деп ем?

— Иттердің ішінде адамнан да артық не түрлі жайсаңдар кездеседі дегесіз,— деді Есенжол қуақыланып.

— Иә, адам атасына тартпай қоймайды екен-ау. Мына кішкентай Әділдің итке құмарлығы Әмір марқұмнан аумай қалыпты...

— Оның үстіне жаңа өзіңіз мақтап отырған Мамай шал менің туған нағашым ғой,— деді Қазы. Мына күшікті қыста Бақанас бойына барғанда сол кісіден алдым. Енесінің бауырында жалғыз екен, шыны керек қой, бергісі келмеді. Балам өз бетімен ит жүгіртуге жарап қалды, жылайды деді. Бірақ мен тентектікке басып, қырық серкештің төлеуі деп зорлағандай қып алып кеттім. Сынап жіберіңізші.

— Жақсы итті көп көргенмен, өзім аңшылық құрған жан емеспін. Менен қай бір сыншы шығады дейсің.

— Қалай десеңіз де бізбен салыстырғанда көшелі сыншы екеніңіз анық. Әділ, күшігіңді сырмақтың үстіне түсірші. Ал, ақсақал, айтып жіберіңіз.

— Кеуделі екен, ұзаққа шабар. Қысқа мойын, әрі шықшытты, езулі көрінеді, қайратсыз да болмас. Артқы аяғы да келісті, маймақ біткен — жүйріктіктің белгісі. Қасқыр алады деп кесіп айтпайын, бірақ түлкі тымаққа жарытынымыз анық.

— О, пәлі! Аузыңызға май! Алғашқысы сіздікі,— деді Қазы риза болып.

— Бәсе, Мамай шал тегіннен-тегін қиналмаса керек қой,— деді Есенжол.

Сәлден соң үстіне құлағы жалбыраған, құйқасы сы-

дырыла піскен семіз бас салынған үйме табақ ет келді. Бұл кезде Әділ мен ақ күшік тұмсық түйістіріп, ірге жақта ұйықтап жатыр еді.

4

Лашынның өміріндегі қайғысыз, қамсыз қызық күндер басталды.

Әкесі Әділге:

— Өзі ауылдан шығып, қаңғып кете береді, анада Есенжолдың әлгі Бардасоқ дейтін жаман төбеті талап тастады. Мал қайырып келе жатып кездейсоқ үстінен түспегенімде өлтіреді екен. Сенің кішкентай кездегі төсегіңе салып, жиырма шақты күн бағып әрең аяғынан тұрғыздым. Енді қасыңнан тастама,— деп тапсырған.

Әділ онсыз да Лашынды жанынан қалдырмайды. Иен даладағы үш үйде өзінен бөтен бала жоқ, кітап оқығаннан соңғы ермегі — күшік. Алғашқы күні-ақ ұзын құрықтың басына түлкінің құйрығын байлады. Не екенін білмесе де Лашынның оны тістеп көргісі келген. Бірақ Әділ тістетпеді, тұмсығының алдына әкеп иіскетті де, аузына түсірмей біраз ыза қылып барып, кенет өзі бір орында тұрған қалпы шырқ көбелек айналдырып дөңгелете жөнелді. Күшік қуып берді. Бірақ құрық ұшындағы түлкінің құйрығы жеткізер емес. Тұмсығына тиер-тимес жерде толқындана созылып, зулап барады. Ақ күшік жүгірісін тездете түседі. Түлкінің құйрығы да бұрынғыдан гөрі жылдамырақ қашады. Күшік одан сайын өршелене шабады. Жетті ақыры. Міне, тістейді енді! Бірақ жаңағы пәле басынан қарғып өтіп, кейін тартады. Күшік артына бұрыла сала қайтадан шеңбер жасай қуады. Аяқтары ауырлай бастайды, қарқыны да кілт кемиді. Алайда бұлаңдаған нәрсе ұзап кетпейді. Одан шыққан жат, әрі сүйкімді иіс көңіліндегі құмарлық отын оятып, ата қанымен бойына біткен аңшылық сезімін қамшылайды да, күшік бұрынғыдан да асқан ызамен қууға кіріседі. Ақыры, ұлпа құйрық ауызға ілінеді. Күшік рахаттана, сүйрей тістелеп, ырылдай жұлқылап, ұзақ ойнайды. Кенет әлгі антұрған лып етіп аузынан шығады да, қаша жөнеледі. Қуғын қайта басталады. Ақ күшік құрық басына байланған түлкі құйрығын қаншама рет ұстады, қаншама рет жұмарлап талады, бірақ ешқашан да құмары тарқаған, жалыққан емес.

Ұшар басына дейін ақ көде мен түп-түп тобылғы өскен тоқал биіктің ықтасынды етегіне салынған іркес-тіркес төрт-бес қораның алды еңіс. Бітік көк шалғын жел соқса

теңіз бетіндей толқиды. Қарсы қабақта оқшырайған шоқының тастақ етегінен қайнап шығып жатқан қасқа бұлақ бар. Сайды бойлай, төмен құлай ағады. Өн бойы жапырыла өскен боз шілік. Әділдің мойнына жүктелген бар жұмысы — енді ғана толысып келе жатқан нәрлі шөпті ора жайылып, сауын мезгілін өткізіп ала беретін көк биені қайырып әкеп тұру. Күшік қалың шөп арасынан басы ғана қылт-қылт етіп, секіре жүгіріп, Әділдің соңынан шауып бара жатады. Қайтар жолда шәуілдей үріп, биені қуа жөнеледі. Бірақ көк бие тұра шапқанда ілесе алмай қалатын да, арсалақтап кеп Әділдің аяғына оратылатын.

— Мына қу күшігіңді несіне ерттің, жайлап айдамаған соң бие исініп кетіпті,— деп ренжитін Қәмила. Алайда Әділ күшігін соңынан ерткенін қоймады, ал күшік биені үркіткенді қызықтағанын қоймады. Ақыры шыдамы таусылған шешесі:

— Қіп-кішкентай боп қиқарын қарашы жетпегірдің,— деп, өзін желкеден бір түйіп, күшігін таяқпен көміп өткеннен кейін ғана Әділ ақылға түсті. Күшіктің мойнына оюөрнекті жез қарғы жасатып тақты да, содан ұстап жүретін болды. Бірақ әдеттеніп кеткен күшік көк биені көре салысымен-ақ шабалана үретін, ал бие «осы пәлені шаңқылдата бермей аулақ кетейін» дегендей, бұрынғыша ауылға қарай шапқылай жөнелетін. Қазы қоржынына кітап теңдеп алып, түстік жердегі шөпші ауылға, бір шеті мен екінші шеті күндік жерге созылып жатқан жайлаудағы мал отарларына кеткен кезде Әділ мен Лашын Қәмиладан талай рет таяқ жеді.

Төңірек тегіс шоқы-шоқы, белес-белес. Қырқалардың арасындағы тарам-тарам жүлгелі өлке бойы шөккен түйе көрінбес қымыздықты көк шалғын, мұздай суық, мөлдір сулы бұлақ, тал, терек, шілік араласа өскен шағын тоғай. Жаз ортасы ауа, күн әбден қызып, шөп басы толған кезде Әділ осы төбешіктерден асып, сай-салаларды шарлап кетті. Бұрын үй төңірегінен ұзап шығып көрмеген Лашын жаңа бір дүниенің есігін ашқандай еді. Мұрынға жүз түрлі иіс келеді. Шаңытып тұратын сұр қияқ исі, жапырыла өскен шалғын исі, сары, көк, алқызыл дала гүлдерінің исі, шым топырақ исі, шіріген ағаш исі — толып жатыр... Ауаға тараған хош иістен басы айналған күшік өзінен-өзі үріп, көк шөпке аунап, Әділдің басына секіріп, арсаландап ерсілі-қарсылы жүгіріп, құмары тарқағанша шапқылайтын. Ауылдан ұзаңқыраған соң әртүрлі махұлықтар исі көбірек ұшырасатын. Мынау — жылқы, мынау — сиыр исі, мына жерден кісі жүріп өтіпті, ал мынау — құрықтың

ұшына байланған, күн сайын өзі қуатын ұзын құйрықтың исі. Міне, мына бір жерді қазып тастапты, содан соң түп тікенді айналып өтіпті де, тауға қарай беттепті. Лашын осы иістің жөнімен жүре бергісі келетін, бірақ соңынан Әділдің қайт деп шақырған даусы естілген соң амалсыз кері бұрылатын. Әйткенмен, таныс иістерден гөрі бейтаныс иістер көбірек еді. Олардың қайсысы болмасын Лашынның делебесін қоздыратын.

Сай бойына біткен шоқ тоғайлар іші қоңыр салқын. Топырақ дымқыл, шөп жұмсақ. Сылдырап аққан су сыбдыры келеді құлаққа. Итмұрын, долана, құлмақ исі мұрын жарады. Бірақ соның бәрінен де қарақат исі басым шығады. Қалың талдың көлеңкелі саясы сыңсып өскен қарақат бұталарына толы. Әділ дымдана мөлдіреп, тұнып тұрған жеміске кішкене шелегін әп-сәтте-ақ толтырып үлгеретін. Содан соң мәуесі мол, шөбі қалыңдау тұсты таңдап алып, басына томар жастанып шалқасынан жата кетеді. Үш айыр, үшкіл жапырақтар арасынан аспан теңбіл-теңбіл, жырым-жырым боп көрінеді. Бірақ әдеттегіден әсем және тым алыс емес, түрегеп тас лақтырсаң жетер шамада. Онсыз да мол жеміс төменнен қарағанда тіпті көбейіп кететін. Бұрынғыдай жапырақ тасаламайды, моншақша тізіліп, жыпырлап тұрады. Әділ аяғын айқастырып, мардымсып жататын да, қарақатты уыстай сауып, аузына құя беретін. Қол жетер жерді тауысқаннан кейін, шынтақтай жылжып, орын ауыстырады. Көп ұзамай уыстап емес, үзімдеп жеуге көшеді. Содан соң екі қолын желкесіне қойып, ала бұлт көшкен көгілдір аспанға қарап қимылсыз ұзақ жататын. Иесіне еліктегісі келгендей, ақ күшік те жанға жайлы қоңыр леп есіп тұрған сызды көгалға бауырын төсеп, алға созылған екі аяғының үстіне басын қойып, қыбыр етпестен қатып қалатын. Мазаны кетіретін — шыбын-шіркей ғана. Әйтпесе неше түрлі тәтті түс көріп, ұйықтап алуға да болар еді. Күшігі екеуі өстіп рахаттанып біраз тыныстаған соң Әділ кенет есіне бірдеңе түскендей «әуп!» деп орнынан көтеріле береді. Құйрығын бұлғаңдатқан күшік те атып тұрып, дүр сілкінеді. Екеуі шіріген томар, құлаған ағаштардың арасымен жылтырап ағып жатқан бұлақтан қарғып өтіп, тал, теректі матастыра біткен шырмауықтарды бытырлата үзіп сыртқа шығатын. Сай бойы бүк, ыссы. Шақырайған күн шекеден өтеді. Әділ ұстарамен қырылған тап-тақыр басына қол орамалын байлап алады. Содан соң күшік екеуі жарысып, самал жел соғып тұрған белеске қарай жүгіре жөнеледі. Белес асты — ауыл.

Өз иелерінің, иелері ғана емес, жалпы екі аяқты атаулының өмірінде, тұрмыс-салтында түсініксіз жайлардың көптігін, өте көптігін Лашын жасы алты айдан асып, бойы өсіп, денесі іріленіп, үлкен итке жақындаған кезде ғана аңғарды. Бұрын бәрі де дұрыс, бәрі де орынды сияқты көрінетін. Енді ойлап қараса, ешбірі де ақылға сыймайды. Мәселен, жылқы. Орнықты төрт аяғы бар, Әділ құсап ешқашан сүрініп құламайды. Жүйрік, шаба жөнелсе адам атаулыға қарасын көрсетпейді. Күшті, анада көк бие әлденеге шамданып, қос аяқтап тұрып тебінгенде екпінінен тал шарбақ жапырылып құлап түсті, осы тұяқ адамға тисе қайтер еді? Быт-шыт қылмай ма! Соған қарамастан адамның айтқанынан шықпайды, не бұйырса да, нендей жұмыс тапсырса да орындай береді. Оларға, тіпті кішкентай Әділдің өзі қожа. Әрине, ақыл жетпес нәрсе. Немесе сиырды алыңыз. Арбиған, жуан, үшкір қос мүйізі бар. Әнеу-күні өзі бұзау маңынан шықпай қойғанда өкіріп тұра ұмтылды. Лып етіп бір бүйірге секіріп түсіп, бар пәрменімен зытпағанда сүйектерін күлпарша қылатын еді. Осы сиыр да адамға қызмет етіп жүр. Ал анау өркеші сорайған алып денелі, он кісінің әлі келмейтін жүкті бір өзі оп-оңай көтере беретін түйе дейтін жарықтық адамның жұмысын істей-істей әбден и болып кеткен; боздап жылап жүреді, алайда ешқашан да осы ауыр тұрмысына наразылық білдірмейді. Немесе жазғытұрым өзін талаған қара төбетті алыңыз. Азуы сұмдық. Тұра ұмтылса, кімді болмасын бүктеп салар еді. Бірақ ол да адамға құл. Тіпті, Лашын құсап үйге де кіре алмайды, үнемі далада жатады. Өмірдің көзі, дүниедегі ең қажетті нәрсе — тамақ атаулы да тегіс осы екі аяқтылардың қолында. Өздері ең тәттісін, ең жақсысын жейді және қанша жеймін десе де ерікті. Рас, Лашын астан тарығып көрген жоқ, бірақ қара төбеттің ауладан аула аралап, ылғи тіміскіленіп жүретініне, үнемі бүйірі қабысып тұратынына қарап, оның тойып тамақ ішпейтінін аңғарған.

Күн өткен сайын түсініксіз нәрселер көбейе берді. Мәселен, бірде ауылға көлік жекпей өзі жүретін, және жүрген кезінде күннің баяу, үздіксіз күркірегеніне ұқсас дыбыс шығаратын ғажайып арбаға мінген кісілер келді. Енді бір жолы ауыл отырған сайдың етегі кеңіп, үлкен, жазық алаңқайға айналатын тұсқа алып құс қонды. Аттарына міне сала шапқан жұртпен қанжығаласып Лашын да барды. Қәдімгі ақ темір. Ішінен адамдар шықты. Олар жерге түсіп, ат үстіндегілермен сөйлесіп, әлденені сұрап біраз тұрды да, құстың қарнына қайта кірді. Темір самрұқтың

даусы қорқынышты екен, оның үстіне ұшарында дауыл тұрғызды. Лашын жел лебінен ыққан аттардың алдын ала зырқырай қашқандықтан ғана аман қалды, әйтпесе бір зияны тиюі де мүмкін еді.

Жұмбақ жайыттар молайған сайын Лашынның адамның құдырет, күшіне деген сенімі арта берді. Өстіп жүргенде болған бір ерекше оқиғадан соң Лашын жан иесі атаулының бәрі адамзатқа бас ұратынына таңырқауын қойды, адамның басқа махұлықтардан артықшылығын құлай мойындады. Әділ екеуі қарақат теріп, кезекті сапардан қайтып келе жатқан. Беткейдегі шоқ үшқатты айнала беріп еді, қарсы алдарында, шылбыр бойындай ғана жерде тұрған Бардасоқтың үстінен түсті. Үнемі аш жүретін қара төбет тышқан үйген жем-шөпті талқан етіп шашып тастап, енді жұмсақ топырақты бұрқыратып жатыр. Болмашы қазады да, тұмсығын інге тығып жіберіп, құмарлана, қорқырай иіскейді. Содан соң әлгіден де қызу, құтырына қимылдайды. Ін түбіне тақаса керек. Күтпеген көріністің үстінен шыққан Әділ таңырқай қарап тұрып қалды. Ал Лашынның жүрегі дір ете түскен. Буын-буыны қалтырап, иесінің аяғының астына тығылды. Сабалақ төбеттің баяғыда күшігін талағаны сонда ғана есіне түссе керек, Әділ еңкейіп, жерге қол созды. Тысырды құлағы шалған төбет басын іннен жұлып алды, бірақ қауіпті тым кеш аңғарған екен, бұрыла бергенше ауыр тас қара қабырғадан сарт етті. Қаңсылаған даусы тау жаңғырықтырып, шарылдаған беті бүгежектеп қаша жөнелді. Соңынан қуа зулаған екінші, алғашқыдан гөрі кішірек үшкір тас Бардасоқтың үстінен асып, тобылғының арасына түсті. «Қап!» деді тірі нысанаға дарыта алмағанына өкінген Әділ санын соғып. Оқиға барысы дәл бұлай болады деп күтпеген Лашын аңырып қалған. Иесінің өкініштің даусы шыққан кезде ғана селт етті. Кенет бойын ашу-ыза буып, шаңқылдай үрді де, артына жалтақ-жалтақ қарап, қаңсылай безіп бара жатқан төбеттің соңынан қуа жөнелді. Ізінше қоса жүгірген Әділдің жалына шақырған даусына дұшпанын әжептәуір жерге ұзатып салған соң зорға тоқтады. Өзінің өмір, тұрмыс, күшті мен әлсіз жайлы балаңқы түсініктерін астан-кестен еткен ғаламат оқиғадан соң әлі есін жиып болмаған-ды. Екі аяқтылардың ең кішкентайы Әділ мынаны істегенде үлкендері қайтпек?

Мен қайдан келдім, қалай жаратылдым, дүниеде құдай бар ма, жоқ па деген сияқты сауалдар күшіктің басына келген емес-ті. Бірақ осы оқиғадан соң Лашын әлем-

де құдыретті күш иесі — тәңірі барлығына және оның қолынан келмейтін нәрсе жоқ екеніне ден қойды. Бұл тәңірінің аты — Адам еді.

5

Күрк-күрк жөтелген Қазы есіктің ілгегін әрең ағытты. Иесінің алдын орай сыртқа атқып шыққан Лашын бетке ұрған жарық сәуледен көзін аша алмай қалды. Қеше ғана қап-қара боп жатқан төңірек өзгеше түрге еніпті: маңайдағы төбешіктер де, аула мен қора-қопсы да тегіс ақ көрпе жамылған. Салқын лептен денесі сәл-пәл тітіркенген ит алға қарай екі-үш аттап түсті. Аяқ асты сықыр-сықыр етеді. Бұрылып кейін қарады: жүрген ізі сайрап жатыр. Міне, иесі мал қора жаққа бетеді. Оның да артында тізбектелген таңба қалды. Лашын тосыннан ашқан жаңалығына таңырқап сәл тұрды да, қораның сыртына шықты. Дәл өзінің ізіндей із жатыр. Тұмсығын таяп, иіскеп көріп еді, қара төбет Бардасоқ салып кеткен таңба екен. Тамақ іздеп тіміскіленіп жүрген кезінде түскен белгі.

Ауада бөтен иіс жоқ, салқын, бірақ дем алған сайын көкірекке күш құйылғандай. Лашын ақша қарды бората арсалақтай жүгіріп, ауланы әлденеше айналып шықты. Бұлақ жаққа барып, түйе мойнақ белестерден асып, төңіректі шарлап кеткісі келді. Ізіне қарағанда таяу маңда жүргені анғарылған Бардасоқтан именіп қана тоқтады. Және иесінің атты шарбақтың сыртына шығарып байлағанын көрген соң, бір жаққа барады екен, мүмкін, мені де ерте кетер деп үміттенген еді.

Көктемдегі добал аяқ, сабау құйрық, шардақ қарын маубас күшік қазір үлкен тазыға айналған. Омырауы даладай боп, кеудесі іріленіп, іші тартылып, бойы кішігірім бұзауға жеткен. Денесімен салыстырғанда рабайсыз үлкен, шодыр төбелі басына түйе жапырақтай жалпақ, ұзын, шашақты құлақтары әсем кейіп беріп тұр. Аузын ашқанда көрінген, қаз-қатар тізілген үлкенді-кішілі сойдақ, аппақ азулар атан түйенің жілігін де омырып жіберетіндей.

Қияқ басы тікенденген шақта Әділ оқуына кеткеннен соң ересейіп қалған күшікті баптау Қазының өз қолына көшкен-тін. Бойға май бітіретін тамақ бермей, алғашқы сонарды асыға күтуде еді. Бірақ Қазыға ерегескендей күз тым ұзаққа созылды. Жылауық жаңбыр төгіп, қара дауыл соқтырып тұрып алған. Тазы үйіне жеткенше аң ұстамаса мойны қатып кетеді де, епті, алғыр ит бола алмайды. Қа-

зыны мазалаған да осы жай еді. Табаны тиеді деп қара жерде жүгіртпеген. Сондықтан көптен аңсап күткен шақ туып, алғашқы қар жауысымен-ақ, түні бойы дөңбекшіп шыққан Қазы алакеуімде тұрды да, сабырсыз қимылмен ат ерттеп, Лашынға жеңіл сорпа ғана жалатып, айналасы сүт пісірімдей уақытта жүріп кетті.

Жауыртағыны бөктерлей қақты. Қар беті толы таңба. Ірілі-уақты, аралары жиі не алшақ біткен әртүрлі іздер. Тазы кез келгеніне түсіп кетуге аңсары ауып, иесінің тежеуімен әрең келеді. Ақыры манағы қара төбет тастаған белгіге ұқсас, бірақ одан әлдеқайда кіші із кездесті. Тұмсығын тығып жіберіп иіскеп еді — сырықтың ұшына байланған, жазда өзі талай қуған ұзын құйрық екен. Тазы басын төмен салған беті тастақ беткейге қарай бұлкектей жөнелді. Алайда иесі соңынан ермеді, қайта баяу дауыспен кері шақырды. Қарама-қарсы жақты нұсқайды, ат басын солай бұрып апты. Қателескенін жаңа ғана аңғарған Лашын кейін тартты. Сәлден соң иесінен озып, із жөнімен соқтыртып бара жатты.

Ұзын құйрық ойпаң еңісіне шоқ-шоқ қараған, басы мен беткейіне түп-түп сирек тобылғы өскен бұйратты шағылға жеткен соң жүрісін кілт тежеп, бұта-бұтаның түбін тіміскілеп кеткен екен. Қараған түбінде екі-үш жерде тышқан інін қазып әлі тоң боп қата қоймаған сары топырақ пен күпсек қарды араластырып тастапты. Бірде қырға көтеріледі, бірде ойға түседі, әр бұтаның түбінен несібе іздеп, әжептәуір жерді шиырлап шығады да, ары қарай асады. Ізден айрылмай, иіс қуып келе жатқан жас тазының ауыл орнындай жерді он айналған ілгерінді-кейінді нәтижесіз жүрістен әбден берекесі қашты. Міне, иесі де жақындап қапты. Құмарлық сезім өршелендірген Лашын із ыңғайымен желе шауып, енді қырға қарай беттеді. Төбені аса бергені сол еді, етектегі боз қараған ішінен манадан бері бейнеттеніп іздеп жүрген аңы ата жөнелді. Құйрығы ұзын, өзі ит тұрықтас, бірақ одан әлдеқайда кіші. Қып-қызыл. Қалай көз тұнбасын. Кір шалмаған ақша қардың бетінде жосылып барады. Сұлу көрініске қас қағымдай уақ аңырып қалған тазы келер сәтте-ақ аяғының астындағы ұлпа қарды бір-ақ серпіп, ағыза жөнелді. Аралық тез қысқарды. Тазының мұрнына түлкінің күлімсі иісі келді. Дене мүшесі тегіс анық көрінді. «Мен жүйрікпін,— деп ойлады жас тазы.— Ой, мен қандай жүйрікпін!» Түлкінің аяғы қысқа екен, жыбыр-жыбыр етеді, бірақ жүрісі өнімді боп шықты, жеткізер емес. Алғашқы ағынмен арқан бойындай келген Лашын енді аралық тұтамдап ұзара бастағанын

аңғарды. Жүгірісін шырата түскен түлкі көлденең салып, бірте-бірте тау жаққа қарай ойысты. Тастақ белестерге ілінсе бой жасырып кетуі оп-оңай. Бірақ түлкінің сорына қарай алдан қарауытып ит иесі көрінді. Өтер жолды кесіпек боп, көлденең шауып барады. Түлкі де барын салды, әйткенмен атын сабалап, айғайға басып келе жатқан кісі алдын орай берді. Екі аяқтының тұмсығының астынан өте шығуға жүрегі дауаламаған түлкі қиғаш тартты. Біраз жер ұтып барып аттының алдын кесіп өтіп, тауға сіңіп кетпек. Аздан соң бөктер жақ қапталмен шауып келе жатқан атты қала бастады, тазы да қауіпсіз шамада. Түлкі аман құтылғанына күмәнданбаған. Бірақ дәл осы сәтте алдарынан жалпақ ойпаң шыға келді. Жер межесін жақсы білетін түлкі қарбаласта үлкен қателік жіберіп алғанын жаңа байқады. Еңіс бойы жұқа қармен шабдар алаланып тұрған қалың қау. Өмірі орақ тимеген, жылқының жоны ғана көрінер көк шалғын қазір солған, құлап жатыр, әйткенмен жатаған түлкіге үлкен бөгет. Бірақ басқа амалы жоқ түз тағысы ойпаңға қойып кетті. Бұйра толқындана ұйысқан бітік шөп бауырын сызып, орғи, секіре жүгірді. Ал аяғы ұзын, күш-қайраты мол тазыға қураған шалғын бөгет бола алмады, екпіні бір мысқал да кеміген жоқ. Түлкінің төрт аяқтың бар қуатын жұмсап, қарыстап ұтқан аралығы тез қысқарды. «Жетем,— деп ойлады тазы.— Қазір жетем!» Қара терге малынған түлкінің құйрығы салбырап кетті. Желмен толқып су-су етпейді, қар сызып, жүрісін одан сайын тежейтін сүйреткіге айналды «Жеттім,— деп ойлады тазы.— Жеттім-ау ақыры!» Әдемі ұзын құйрыққа ауыз сала берген. Бұл кезде шалғынды ойпаң бітіп, түлкінің аяғы қары жұқа, боз көделі, қасаң жерге ілініп еді. Бойына соңғы күшін жинап, жан ұшырып, алға еміне түсті. Ажал аранынан аулақтады, бірақ қара үзіп ұзап та кете алмады. Аралық шылбыр бойындай ғана. Оның үстіне еңістен өтуге көп күш жұмсалыпты, ауыр тартқан аяғы бұрынғыдай еркін алынбайды. Аман құтылатынына кәміл сенім жоқ, еңсесі түсіп, аруағы қаша бастаған. Дұшпанның қарпымды аяқ тастасын байқататын бір қалыпты сықырлаған қар даусынан, суық өткір тістердің нәзік денесіне қадала түсуге шақ қана қалғанын аңғартатын ентіге ырсылдаған дыбыстан түлкінің есі шығып кетті. Бойын түпсіз үрей биледі. Көзге тер құйылып, дүние бұлдырап бара жатты. Себі тиер деген үмітпен емес, әдет жетегімен ұлпа құйрығын көтеріп, иттің алдына тоса берді. Ең жұпыны амал, ең соңғы далбаса. Алайда тәжірибесіз күшік тазы тұзаққа оңай түсті. Ол

манадан бері түлкіні ұстау, талау ниетімен қумаған. Қызық жарыс сияқты ғана көрген. Жетіп алып, тіс батырыспай қар бетінде аударыспақ ойнамақ болған. Көз алдынан қызыл құйрықтың елбең етуін ойынның жаңа бір түрі деп ұққан тазы енді соны ауызға түсіруге тырысты. Бірақ бұландаған құйрық ұстата қоймады. Тұмсығына тиертимес келе жатып, кенет көлеңдеп, оң жаққа қарай шақырады. Тазы бұрылып, ауыз сала бергенде лып етіп ырғып түседі. Ағынымен өтіп кеткен тазы құйрықтың да, түлкінің де сол жақ қапталға, құрық бойындай жерге шығып алғанын көреді. Бұрыла сап қайта қуады. Бастырмалатып-ақ келеді. Енді ұзын құйрық солға қарай жетелейді. Тазы құр ауаны қауып, қайта бұрылғанда түлкінің тағы да есік пен төрдей жер ұтқанын біледі. Айлакер түлкінің бұландаған құйрығын қуған Лашын әбден шаршады. Ақыры осы нәтижесіз әрекетпен, бір өрге көтеріле бергенде түлкі үй орнындай тобылғыны айнала қашты да, тазының сілесін құртып, құйрығын соза сүйреткен қалпы ұзай берді. Сол сәтінде-ақ іргелес біткен екі төбешіктің аралығындағы түйемойнақ белден асып жоқ болды. Тазы алға аттай түсіп тұрып қалды. Әбден сілікпесі шыққан екен. Кеудесі қос өкпеден қысып, тілі аузына сыймай барады. Аяғы сырқырап, басы айналып қоя берді. Ақ қар басқан әлем шайқалып, тербетіліп тұрғандай... Кенет тазы бойын жиып алды, бірақ өз көзіне өзі сенбеді. Жаңа айрылып қалған түлкісі тоқал төбешіктің желкесінен асып, қарсы салып келеді. Қу түлкі өзінің зәресін ұшырған зор денелі тазының әлі үйіне жетпеген көкасық екенін білмеген және мұншама жүйрік ит ақырына дейін қумай қала берер деп тағы ойламаған. Аралықты ұзартып, белестен асысымен-ақ оңға бұрылып, із түспес тастақты беткеймен төбені айналып өтіп еді. Өкшелеп келе жатқан тазыны біржола адастырам деп айналған. Бірақ қулығы өз түбіне жетті: құтылдым деген дұшпаны қарсы алдынан шыға келді. Түлкі ажал тырнағына ілінгенін білді, әйткенмен жандәрмен бұрыла сала кейін қашты. Сәл-пәл тыныығып қалған тазы енді оны екі аттатпай-ақ қуып жетті. Жеткен бойда шұбатылған ұлпа құйрықтан ала түсті. Түлкі лып етіп артына қайрылып, тазыны бетінен қапты. Сұлу аңға әлденендей қастандық жасау ойында жоқ тазы етіне тіс тигеннен кейін әбден ызаланды. Босаған соң қайта қаша жөнелген, өзімен салыстырғанда шүйкедей түлкіге бір-ақ қарғып жетті де, таңынан алып көтеріп соқты, кеуде сүйектерін күтірлете азуды басып-басып жіберді; сол бетімен түлкі өлі денеге айналғанша жұлмалап талай берді.

Артынан иесі де жетті. Аттан аунап түсіп, умаждалып жатқан жансыз түлкіні «Күшім, күшім, қой!» деп жүріп, тазының аузынан айырып алды да, құйрығынан көтеріп тұрып қарға соқты.

— Үйіріңмен үш тоғыз!

Лашын иесінің неге өйткенін, не айтқанын түсінбеді, бірақ өзіне риза екенін, қатты масаттанғанын аңғарды. Сөйтіп, тазы өлтіруге үйренді және сол үшін мақтау естітінін ұқты. Оның өмірінде жаңа бір кезең — ерлікке, күреске, қан төгіске толы дәурен туған еді.

6

Ауызданып алған соң тазы түлкіні қынадай қырды. Ат жетер жердегі еркек кіндікті тегіс жаңа түлкі тымақ киген. Бәрі де риза. Әсіресе Омар ақсақал. «Жаман елтірі бөріктен басым тоңушы еді, кішкентай Әділдің арқасында көзім ашылды ғой, айналайын, өркені өссін, оқуы бестен түспесін, тең құрбысының алды болып, атағы алты алашқа жайылсын!»— деп, Қазының үйіне келген сайын қауқылдап, алғысын жаудыратын да отыратын. Таяу маңдағы қыстаулардағы малшы, күзетші ағайындар не түнделетіп келіп, не біреуден сәлем айтып жіберіп, тегіс түлкі алғызған. Ферма бастығы Бекқали, тіпті, екі тымақ істетті: бірін ауыл арасына, бірін колхоз орталығына, не ауданға барғанда кимек. Түлкі байланбаған — сатушы Есенжол ғана. Қазы: «Елді шоттан жегенін тоқтатсын, жалақорлығын қойсын!» депті-міс.

Алғашқы сонардан соң көп ұзамай Қазы жылдық есеп беруге бара жатқан Бекқалимен бірге аттанған да, аудан орталығында екі аптадай жүріп қайтқан. Сол күні кешқұрым ферма басы аталатын төрт үйдің адамы тегіс Қазынікіне жиналған-ды. Дастарханның әдеттегіден айырмасы — дөңгелек столдың қақ ортасында мөлдір су құйылған екі-үш шөлмек тұрды. Әңгіме баяғыда Әділ келген кездегідей қызған жоқ, көбіне көп сөйлеп отырған — Омар ақсақал. Ал басқа жұрт — отызға әлі ілінбесе де қарны шығып, бет-аузы быртиып кеткен толық Бекқали да, қызыл түлкідей жылмаң қаққан секпіл бет Есенжол да, сақау Айсұлу да жаңағы иісі сүйкімсіз мөлдір суды сімірумен болды. Тіпті, Бекқалидың келіншегі мен Қәмила да бірер рет көтерді. Олардың ашырқанып, тыжырынғанына қарап Лашын: «Онша жақсы нәрсе емес-ау, сірә»,— деп ойлаған. Бірақ Қазы тартынар емес. Қайта бастырмала-

та, үсті-үстіне құйып, жұртты еріксіз алғызады. Ал өзі ниһаятсыз көп ішті. Күркілдей, шиқылдай жөтеліп отырады да аузына құя салады. Ақыры қонақтары тарартарамастан жастықты шынтақтай қисайған қалпы қорылдап ұйықтап кетті. Лашын иесінің бұл мінезін мүлде түсінбеді, тек оның өмірінде бір өзгеріс болғанын байқаған.

Қазы аңға жиі шығатын. Ұзақ сонар, келте сонар, қан сонар деп аталатын, жаңа қар жауған, түлкі қағуға қолайлы күндерді құр жібермейді. Кейде оған да қарамайды. Итінің ішілдігіне, жүйріктігіне сенетін. Сәтсіз деген жолы бірер қоян алып қайтады. Бұл кезде Лашынның күш-қайраты молайып, денесі жұмырлана, бұлшық еттері толыса түскен, сұлу мүсінді, бірақ бейсауат кісі қорқатындай зор арланға айналған. Тек ауыл төңірегінде еркін сайрандай алмайды, тіпті, өз үйінің жанында да қорғалақтаңқырап тұрады: жас кезінде қара төбеттен жеген таяқ есінен кетпеген.

Көксау Қазы өзінің ащы суын ішіп, терлемек боп жатып қалған бір күні ымыртта сыртқа атқып шыққан Лашын есік алдында төрттағандап тұра қалды: күресін үстінде тіміскіленіп қара төбет Бардасоқ жүр екен. Тазыны ол да көрді. Қырын тұрған беті мойнын бұрып, тісін ақсита ырылдады. Лашын бірден аңғарды: ырылда айбаттан гөрі қорқыныш басым. Бұған таңырқаған, әрі жүрегі орныққан тазы көптен көрмеген төбетке бажайлай қарады. Дене бітімі бұрынғыдан әлдеқайда кішірейіп кеткен сияқты, тіпті, далба-дұлба, тым қораш. Төбет те өзін тазымен салыстырып, ұрыс абыроймен аяқталмайтынына көзі жетсе керек, сол ырылдаған қалпы, құйрығын бұтына қысып алып, өз үйі жаққа қаша жөнелді. Бойын кенет лып еткен дүлей ыза буған тазы қара төбетті екі-ақ қарғып қуып жетіп, түлкі ұстағандағы әдетімен таңынан алып көтеріп соқты да, басып қалды. Бірақ төбет түлкіден әлдеқайда күшті екен, бажылдай қаңсылаған қалпы аузына түскен жерден тістелеп жатыр. Тазының қышқаш азулары тамаққа ілінген кезде ғана қарсылығын тоқтатты. Даусы тұншыға, қырылдай шығып, төрт аяғы сереңдеп, жанталаса тыпырлауға көшті.

Көзін қан жауып, ештеңені көрмей, сабалақ төбетті алқымдай сығымдап жатқан тазы кенет тиген соққыдан есін жиды. Бел омыртқасы үзіліп кете жаздаған еді, темір тағанды саптама етікпен пәрмендей тепкен Есенжол екен. Қайтара тебе бергенде құрбандығын тастай сала ырғып түсті. Бірақ қашқан жоқ. Ақсия ырылдап қарсы қарап тұра қалған. Иттердің таласқанын құлағы шалған Қазы

да дәл осы сәтте сыртқа шыққан екен. Қираландай басып жүгіріп келеді.

— Әй, итімді неге ұрасың!?— деді ақырып.

— Ұрмақ түгіл терісін сыпырып алам.

— Омай, кімсің сонша?

— Әлі білмей жүр екенсің ғой!— деді Есенжол кекете мырс етіп.— Білерсің. Білгізермін. Нағашыңның соңынан кетерсің.

— Нағашымда шаруаң болмасын,— деді Қазы. Қарқыны басылып қалды.— Ал өзіме түк те істей алмайсың. «Ақ иіліп бүгілмес» деген. Мен қан төккен адаммын. Жұрттың бәрі біледі. Міне!— Қазы сәл еңейіп, ағаш аяғын алақанымен салып қалды.

— А, шіркін-ай,періштедей таза бола қалуын!— деді Есенжол. Даусы көтеріліп, қалтырап кетті. Сөйлеген сайын еліріп, айғайға басты.— Ешкім сезбейді деп ойлайсың ғой! Көреміз, білеміз. Көз бен құлақ бар бізде де. Қызыл отауға қандай кітаптарды жинап алып отырсың? А!? Қандай кітаптарды жинап алып отырсың деймін?

— Совет баспасынан шыққан кітаптарды.

— Оларды шығарған да сенің нағашың сияқты отанын сатқан адамдар. Бәрің сыбайлассың. Мен білмейді деймісің? Жазда Есжанның студент баласы сенен қандай кітаптар алып оқыды? Ылғи неміс, американ. Осындағы хат танитын жұртқа ұсынатының не? Тізімге ілінген, газетте сыналған, ескілікті көксейтін кітаптар. Оларды баяғыда-ақ өртеу керек еді. Тыққыштап, жасырып жүрсің. Не мақсатың бар? Кімдердің сойылын соғып келесің? А? Әрине, үндемейсің. Үндемей-ақ қой. Бірақ біз — ақниет Совет адамдары үндемей отыра алмаймыз! Нағашың да...

— Тоқтат, алаяқ малғұн!— Қазы Есенжолдың жағасынан ала түсті. Бұл кезде ауыл адамдары да жиналып қалған еді.

— Мінеки, көріңдер, ағайын,— деді Есенжол алақанын жая, екі қолын екі жаққа созып.— Көріңдер, ағайын. Тазысы итімді талады, енді өзі мені сабамақ. Куә болыңдар!..

— Азғын!— деді Қазы тістеніп.— Аузыңды қан жалатайын ба!

— Ай, кетші ары!— Есенжол жағасына жабысқан қолды оп-оңай ажыратып алды да, Қазыны бар пәрменімен итеріп жіберді. Жалп етіп қар үстіне отыра кеткен дұшпанына қарап:

— Маскүнем сорлы!— деп жирене мырс етті де бұрылып жүре берді.

Ақ тазы ұрыс үстінде айтылған сөздердің мағнасын түсінген жоқ. Әйткенмен де жанжалдың шығуына өзінің қара төбетті талауы себеп болғанын ұққан. Қазы да Есенжолды жағадан алған сәтте арқа жүні тікірейіп, иесіне көмекке ұмтылуға айналған еді, келіп қалған ауыл адамдары бөгет жасады. Алайда Лашын өзінің иесі шелтиген жаман сатушының дал-дұлын шығаратынына күмәнданбаған. Бірақ күш жау жағында болып шықты...

Тазы адамдардың өзара қатынасына назар аударған емес-ті. Рас, ол екі аяқтылардың да әртүрлі екенін білетін. Мәселен, Қәмила өзінің үлкендігін пайдаланып, кейде оңашада Әділді желкелеп алатын, содан соң Әділ бие қайырып келуге, немесе су әкелуге жөнелетін-ді. Сол Қәмила бірде Әділге бақырып, төніп келген кезде Қазы шешіп жатқан сыңар етігін жіберіп қап, мықтының өзін үйден қуып шыққаны бар. Лашын осының ешқайсысына да мән берген емес-ті. Ал мына оқиғадан соң адамдардың да күштісі, әлсізі болатынына, олардың бәрі бірдей емесіне көзі жетті. Әйткенмен иесіне деген қадыр-құрметі кемімеді, қайта қысылтаяң жағдайлардың өзінде қауіптен арашалауға әзір екенін білген соң бұрынғыдан да жақсы көріп кетті.

7

Ажал шеңгелінен әрең құтылған қара төбет Қазылардың үйінің маңын баспайтын болды, тіпті ауыл ішінде бұрынғыдай еркін жүруден қалды. Лашынның қылпын шалса-ақ бой тасалауға тырысады. Ал Қазы бетпе-бет айқаста жеңіліс тапса да Есенжолдан ықпайды. Қайта, күнара, немесе екі-үш күнде бір рет дүкенге барып, қалтасынан шытырлақ қағаз алып береді де, қойнына мөлдір су құйылған шөлмек салып қайтады.

Тазы иесіне еріп сатушының үйі жаққа барғанды ұнататын. Үнемі далада жататын қара төбет бұларды анадайдан көрісімен-ақ тыныштықтан айрылады. Дәлізге бір кіріп, сыртқа бір шығып, әбден берекесі кетеді. Ақыры Лашындардың тура осылай қарай беттегеніне күман қалмаған кезде қақпаға еніп, зым-зия болады. Бірақ Қазы сатушының үйіне кірмейді, үймен жапсарлас салынған, ішінде екі адам әрең айналатындай шағын дүкеннің есігін ашады...

Тазыға барар жол ұнағанмен, қайтар жол ұнамайтын. Қираландай асыға басқан иесінің соңынан еріп, сатушы-

ның қора-жайынан ұзаңқыраған кезде сұмпайы төбет қалқиып күресінге шығады да, қарлығыңқы, сүйкімсіз дауыспен бар-бар етіп үре бастайды. «Менен қорқасыңдар ғой, ә! Қорықтыңдар ғой! Кетіңдер, кетіңдер! Тез кетіңдер!» дегендей. Алайда Лашын артына бұрылып тұра қалса, жым болады. Тіпті, құйрығы шұбатылып, аулаға еніп кетеді. Бірақ тазы иесінің соңынан ере жөнелгенде Бардасоқ ит мінезін қайта бастайтын. Алғашында қатты ызаланған тазы қазір бұған мүлде мән бермейді. Оған ұнамайтын басқа нәрсе еді. Үйге барысымен иесі бөтелкені түбінен періп қап сарт еткізіп тығынын ашады да қырлы, үлкен стаканды мөлдірете құйып алып, бір-ақ тартады. Содан соң мінез-құлқы өзгеріп сала береді. Жоқ, тазыға тимейді, аяғының ұшынан басып, лыпылдап жүрген Қәмилаға да тимейді. Ешкімге соқтықпайды. Қайта, басын үн-түнсіз қос қолдап ұстаған қалпы қимылсыз отыра береді. Қанша момақан көрінгенмен мұндай сәттерде Лашын иесінен қатты қорқатын.

Небары жиырма шақты ғана шаңырақтан құралған алыстағы мал отарын қант-шай, азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз ететін магазинге күн ұзаққа көп болса екі-үш-ақ адам келіп сауда жасайды. Алайда Есенжол таңертеңгі сағат оннан кешкі алтыға дейін тапжылмастан отырады. Есеп-шотын сарт-сұрт еткізіп, әлденені санап, әлденені қаттап, қайта буып жатқаны. Түсте бір сағат үзіліс жасайды, жексенбіде тынығады. Иен далада өзі орнатқан осы тәртіптен айныған емес. Егер демалыс күндері шалғайдағы қыстаулардан ат сабылтып біреу-міреу келе қалса, қаншама жалынып, жалбарынғанымен дүкенді аштыра алмайтын. Сатушы: «Есікті мөрлеп қойдым, үкіметтің тәртібін бұзатын менің басым екеу емес» дегеннен бөтен сөз айтпайды, ақыры әлгі адам не бос қайтады, не ертеңгі күнді күтуге мәжбүр. Демалыс дегенді білмейтін, апта бойы, ай бойы, жыл бойы мал соңында жүретін жұрт Есенжолдың бұл мінезіне қазір үйренген еді. Оның товарларды үстем бағамен сататынын, шоттан тағы жейтінін сезсе де, мән бермейтін, осы дүкен жоқ болса қайтер едік, сол қу қаққан бес-он тиыннан ырысымыз шайқалмас деп, сақара тұрғындарына тән дархан мінезбен бәрін де кешіре беретін.

Бір күні Қазы дүкеннен шөлмексіз қайтты. Ащы су таусылыпты. Наныңқырамаған еді, сатушы бос жәшікті көрсетті. Амал жоқ, шоқаңдай басып, сылбыр қимылмен үй жаққа қарай аяңдады. Жабырқаңқы. Бірақ Лашын көңілді еді. Борасынмен нығыздалып қалған қатты қарды

сықыр-сықыр еткізіп, иесін айнала жүгірді. Екі-үш рет аунап алды. Қиыршық ұшқындап тұр. Сонар болады. Ертең үйде отырмайтындары анық.

Тазының ойын сезгендей иесі атты бұлаққа жетектеп апарып суғарды да, шарбақ ішіне әкеп байлады. Алдына шөп салып, ер-тұрманын оңтайлап қойды. Жұқа бұлт арасынан өлімсіреп әрең көрінген қызыл-күрең күн таудың тасасына жасырынған шақта ғана екеуі үйге кірді.

Бөлме ала-көлеңке. Қазы сыңар етігін сыпырып босағаға қойды, ағаш аяғын да шешті, оны әдетінше төсек астына тастады. Содан соң пеш түбіне — екі бүктелген көрпе жайылып, жастық төселген сырмақ үстіне шынтақтап жата кетті. Тазы иесінің аяғын ала жайғасты. Үй іші күңгірт тарта түсті. Шойын плиталы пешке толтыра салынған, гуілдей жанып жатқан қидың жарығы ғана сәулелендіріп тұр. Кейде от сырттағы ұйтқи соққан жел лебімен кейін серпіліп, жалп ете түседі. Пеш аузына қарсы қабырғадағы саржолақ сәуле толқындана ағарып, бөлме іші бір сәт жап-жарық боп кетеді. Тазы иесінің сол үнсіз, тұнжыраған бойы қараңғы бұрышқа тесіле қарап, қатып қалғанын көреді. Шыт перделі жалаң қабат терезеден түскен бозамық жарық мүлде өшті. Пештің ауыз жағындағы сарықи енді дуылдай жанбайды, бетін сұрғылт күл қаптаған шоққа айналған, сәулесі кеміген. Бөлмені қараңғылық басты. Тек үстіне қазан асылған, шәугім қойылған плита ғана қып-қызыл боп көрінеді. Қазанда бұлкілдеп ет қайнап жатыр. Жылқы еті. Бұрқыраған иісі Лашынның мұрнын жарып барады. Қенет Қазы орнынан тұрды да, жалғызаяқтап секірген қалпы төр үйге кіріп, бірдеңе әкелді. Домбыра екен. Пеш түбіне қайта жайғасқан соң сәл үнсіз отырды да, бұрын құлақ естімеген бейтаныс әуенді тартып кетті. Домбыра шегін екпіндете ұрмайды, санамалап баяу ғана қағады. Тазының өне бойы шымырлап қоя берді. Көңілі құпия сырлы мұңға толып, әлденені аңсағандай. Көз алдына көк шалғын жайқалған еңіс, аңызақ жел соққан белес-белес төбелер, күн қақтаған сары жазық елестеді. Иесі екеуі түйенің өркеші әрең көрінетін қалың қауды кешіп өтіп, қырқа-белестерден асып, қоңыр самал ескен кең даланы кезіп кеткендей. Иесінің астындағы ат бұлк-бұлк желеді. Тұяқ тиген жерден шыққан жіптіктей шаң көтеріле бере жел лебімен ауаға тарап жатады. Жортқан аң ізінде қисап жоқ. Бірақ бұлар ешқайсысына да назар аудармайды. Кесіп өте береді. Мұрынға сан түрлі иіс келеді. Түз гүлінің иісі, жусан, көкпек, селеу иісі, белгілі, белгісіз жан-жануарлар иісі. Әне бір бұтаның түп-

бінен қоян секең ете түсті, ал анау қалың қызылкүрең тобылғының тасасынан елбең еткен — түлкі; бірақ тазының бойындағы құмарлық сезім мүлде түйтеленіп қалғандай, делебесі қозбайды, тұра қуып, әудем жер асырмай шалып түспейді, азуды қарыштай, батыра салып, кеудесінен жанын сығып шығармайды. Оның бірі де жоқ. Бойын жалғыз-ақ сезім, жалғыз-ақ арман құрсаған. Неткен сезім, не арман — өзі де білмейді. Асу-асу белдер таусылар емес, сары даланың шеті-шегі жоқ сияқты, ал иесі екеуі бұлаңқұйрықпен жүріп келеді, жүріп келеді...

Қенет ғажайып көрініс ғайып болды. Иесі дем ала алмай, қыстыға жөтеліп жатыр. Домбыра үні үзілген. Есік ашылып, құшақ-құшақ аязбен бірге Қәмила кірді. Малды жайғап келген беті. Есік жабылар-жабылмастан реніштү үнмен сөйлей бастады. Жөтелі басылған Қазы үндемеді. Қәмила сөйлеп жүрген бетінде сырт киімін шешті де, қолын пеш аузына тосып, болмашы жылынған соң пиялалы ондық шамды жақты, Қазының алдына дөңгелек стол жасап, дастархан жайып, шамды оның есік жақ шетіне қойды, қолына жайпақ сырлы табақ пен кәкпірін алып, ет түсіре бастады.

Ет турап отырған иесі тазының алдына кемік сүйек тастады. Бір жақ ұшына жабысқан қол басындай майлы сіңірі бар. Қәмила кейіп бірдеңе деді. Қазы сонда да үндеген жоқ, әйелінің алдына шала аршылған омыртқа қойды. Бірақ оған Қәмила риза болмаған тәрізді, суырылып сөйлей жөнелді. Әдемі, оймақтай аузы сүйреңдеп, мөлдіреген үлкен қара көздері шатынап, аққұба өңі сұп-сұр боп кетеді екен. Тазы жайсыз күйге түсіп, сүйегін де жөндеп кеміре алмады. Көңіліне күпті қауіп ұялады. Ақыры Қәмила біраз сөйлеп барып басылған кезде ғана тыншыды. Иесі де, иесіне байланып қалған долы әйел де ет жеп жатыр. Бірақ екеуінің де жүзі салғырт. Лашын алдына түскен жаңа сүйекті қаужауға кірісті.

Дариға-ай, ол да бір қызық дәурен екен-ау!

8

Ертеңіне иесі екеуі таңға бір ұйқы қалғанда тұрды да, шығыс жақ бозара бастаған шамада жүріп кетті. Іңір әлетінде жауған болмашы қырбақ қар жел лебімен сырғи көшіп, ойпаң жерлерге ауыпты. Көкжиекке дейінгі өңірді тегіс алып жатқан, әбден көнеріп, кірлеген ескі қардың бетінде ақтандақтанып, ойдым-ойдым болып көрінеді,

бұл — меңіреу далаға тіпті көңілсіз кейіп бергендей. Ауа аязбен, таңғы өлкек ызғарымен шыңылтырлана түскен. Жел күнгі өзен бетіндей кей арада бұйралана, кей арада жал-жал боп сіресе қатқан ақ әлемде әр жерден бір қарауытқан сирек тобылғыдан басқа көзге шалынып, көңіл алаңдатар ештеңе жоқ. Суықтан ба, жаңа айқастарға асыққаннан, құмарлық сезімнің толқынысынан ба, үйден шыға бере тазының бойын жеңіл діріл алып кеткен-ді. Ауыл артта қалды. Лашын өзіне өзі жаңа келгендей. Жүрісі ширай түскен. Иесінен арқан бойы ілгеріде, оңды-солды қағып келеді. Мұндай күні із кесу де, түлкі ұстау да қиын екенін білгенімен, Қазы бекер аттандым-ау демеді. Қанжығасы майланатынына сенімді.

Аңшыларды артынан қуа, көкжиекті орағаң ұзыншақ ақ шарбы бұлтты түре көтеріп, күн де шықты. Қазанның қақпағындай үлкен, дөп-дөңгелек, әрі отқа балқыған темірдей қып-қызыл. Шашақты, ұзын сәулелері жылусыз, қайта ызғырық төгіп тұрған тәрізді. Бірақ дүние өзгеше түрге енді. Сіресіп жатқан өлі далаға жан біткендей. Жалжал күртік қарлардың көлеңке беттері қарауытып, үңірейіп көрінсе, күн жағы көшпелі алтындай толықси құбылады. Ал түнде жауған жаңа қар үйірілген тұстар күмісше жарқырайды. Аппақ ақ ұшқын атып жатқандай.

Көзкөрім жерге жете бере күңгірт сәулемен астасып кететін ұзын көлеңкелердің сирағы қысқарып, аз-маз қалыпқа түскен шақта алдан бір қоян қашты. Аралық әжептәуір еді. Қоян өрге салғанмен, табаны қышып келе жатқан тазы жер танабын қуырып жіберді. Екпіндей ұмтылған бойы жақындап-ақ қалған. Тебіне шапқан Қазы аппақ қоянның қып-қызыл қанын қар үстіне шашырата бауыздап, артқы екі аяғынан салақтата қанжығасына байлайтынына құманданбаған. Лашын да солай ойлағанды. Бірақ дәл осы сәтте ақылға сыймас іс болды. Арттан тықыр таянғанын аңғарған қоян қос құлағын жымитып алып, зулай жөнелді. Тазы да барын салды. Әйткенмен аралық бір тұтам қысқармады. Сол бетімен олар қырқа үстіндегі жазық алаңға шықты. Жел қанша нығыздағанмен қар босаңдау екен. Қоянды еркін көтергенімен, итті көтере алмады, опырылып түсіп кете берді. Тазы енді қоянның өзінен шыжымдап ұзай бастағанын аңғарды. Талай түлкі, талай қоян ұстаған Лашын әзір алдынан ешкім тірі құтылмағанымен, аңдардың өзі әрқилы екеніне, олардың ішінде малма аяқ шабандары да, желмен жарысқан жүйріктері де ұшырасатынына көзі жеткен, істің сәті түсу, түспеуі алыстан не жақыннан қосылуға ғана байла-

ныcты еместігін ұққан. Мына құйрық жағы қоңырқай тартып, түлей бастаған ұзын сирақ ақ қоян өз аталастарының ішіндегі сырттаны тәрізді. Бір бүктеліп, бір жазылып, жұлдыздай ағып барады. Тірі жан иесі ілесе алмастай. Әйткенмен, ештеңеден беті қайтпаған тәкаппар тазы өзіне сенімді. Қазір-ақ пара-парасын шығарады. Сарқылмас күш бойына ата қанымен дарыған тазы қоянды көз жазып қалар жерге жібермей, бір қалыпты шабыспен қуа берді. Талай қырқадан асты, талай ойдан өтті. Тазы аяқтарының ауырлай бастағанын сезді. Сонда да берілмей келеді. Ақыры қары қопсыған қияқты ылдидан өтіп, қайтадан өрге көтеріле берген шақта қоянның арқан бойындай ғана жерде бара жатқанын көрді. Қимылы манағыдай ширақ емес. Ұзын, қаудыр құлақтары салбырап түсіп кеткен. Құрбандығының санаулы ғана минуттары қалғанын байқаған тазы бойына бар күшін жиып, ентелей түсті. Аралық жұтылып барады. Әйтсе де жан ұшырған қоян белден бұрын асты. Арғы бет қалың боз қараған екен, талып жеткен ит енді-енді ауыз сала бергенде қалыңға қойды да кетті. Арыстай тазы бет-аузын сабалаған бұталардан именіп кібіртіктеңкіреген еді, мұндай бөгетке ұшыраспаған қоян әп-сәтте-ақ жынысқа сіңіп ғайып болды. Көз көрім жерге дейін созылған ну қараған іші толы қоян жымы; тазы тілі салақтап, ырсылдаған қалпы әрлі-берлі бірраз шапқылады да, ұзынқұлақтан біржола айрылғанын білген соң кері қарай аяңдады.

Барлыққан атын сабалай, ізді қуа далбаңдап келе жатқан Қазы Лашынға ұшыраса салысымен ағаш аяғын серең еткізіп, қарғып түсті. Ең алдымен тазының тұмсық, ауыз жағын, омырауын бажайлап қарады. Шашырап жабысқан қан көрінбейді. «Апырай!» деді дауыстап. Үнінен кейістік те, таңырқау да аңғарылады. Әрине, Қазы өзінің итіне шалдырмас аң жоқ деп біледі, бар кінә — тазының салмағынан ойыла берген қарда. Қоян қуатын шақ өткен. Бірақ аңшылардың ырымы бойынша, ауылдан шыға бере қоян кездессе, оны қалай да соғып алу керек. Әйтпесе сол күнгі сапар сәтсіз аяқталмақ, тіпті, жуық арада бірдеңе оралуы қиын. Қазы күтпеген жерден жолының байланғанына өкінген. Әйткенмен, бөгеліп тұрмай, итінің табанын қарады. Бүтін екен. Тек өзінің сыны кетіңкіреп қапты. Мойнының қыртыс-қыртысын, қолтық түбін, қос бүйірін тер жапқан. Өне бойын ақ қырау көме бастапты. Қазы сеңсең тонын шешіп, қар бетіне жайды да, үстіне итін жатқызып, орап тастады. Қайдан суырып алғаны белгісіз, қол басындай құйрық май асатты.

Бие сауымдай уақтан соң атқа қонған Қазы ауыл жаққа бет бұрды. Бүгін ештеңе ілінбесіне ден қойған. Ал тазы басқаша ойлайтын сияқты. Бойына күш құйылып, тынығып қалған екен. Тіпті, түк көрмегендей. Әдетінше иесінен әудем жер озып, алға түскен беті оңға бір, солға бір шығып, сумаңдай бүлкектеп, із кесуде. Дегенмен ештеңе ұшыраса қоймады. Осы қалыпта біршама жүрген соң олар қары жұқа құба жондағы қой жайылған шиырға түсті. Қабыршақтана қатқан бет жағы ойылған соң астындағы түйіртпек, мұздақ еспе қар мың сан тұяқ серпінімен мидай араласып кеткен. Бытырай шашылған құмалақтар күн қызуымен жылынып, қарды ұялай бата бере тоқтапты. Әр жерде тоқты-торымның аузынан кездейсоқ аман қалған селеулердің басы желбірейді.

Өріске түскен соң ішілдік машығынан жаңылған тазы кенет осы маңда жат иіс барын аңғарды. Жаңа ғана өткен бейтаныс махұлық исі. Тұмсығымен жер сүзе іздей жөнеліп еді, аяғын аттар-атамастан үстінен шықты: қой тұяғы сапырылыстырып тастаған қар бетінде ит ізі жатыр. Бірақ исі бөтен. Қоян емес, әрине. Түлкі де емес. Таңбасы тым үлкен. Жау, Иә, жау! Тазының делебесі қозып, мана қояннан айрылған ызасы қайнап шыға келді. Денесі болмашы ғана дір етті; арқа жүні дүрдиіп сәл тұрды да, ізге түсті.

Дұшпан қаптай өрген қой шиырын қуалай жүріпті. Лашын із сорабынан айрылып қалмауға тырысып, бүлкектей жортып келеді. Көлденең белге шыға бергенде алда бірер шақырымдай жерде бытырай жайылған ақтылы қой көрінді. Қары сөгіле бастаған сирек тобылғылы бұйратқа ендеп кірген. Шопан арғы жақ шеттегі оқшау төбенің басында ермек үшін оба соғып отыр. Тұсаулы аты етекте тұр. Кенет тазы дәл аяғының астынан зор денелі сұр ит көрді. Бір желіп, бір тоқтайды. Алдындағы кішкене төбешікті тасалап, бұқпантайлап бара жатқан тәрізді. Тазы құтырына, ащы даусы тымық ауаны қақ айырып, қатарынан екі-үш үрді де,— өмірінде бұрын-соңды болмаған әдет,— төмен, ылдиға қарай құлдырай жөнелді. Осы кезде арт жақтан иесінің дем бере айғайлаған даусы да естіліп еді.

Қалт тұра қалған шолақ арлан басына қауіп төнгенін аңғарысымен бұрыла сала тау жаққа тартты. Алайда соңынан бастырмалата шапқан адамнан ғана емес, иттің алып денесі мен батыл қимылынан да именсе керек, артына алақ-жұлақ қарап, бүгежектеп қаша алмады. Тазы көп ұзатпай, бірер белді асар-аспастан-ақ қуып жетті.

Иесінің даусы жебеген, жауының бойында қорқыныш, үрей барын сезген Лашын ентелеп келген бетінде өзінің түлкі ұстағандағы әдетіне басып, қасқырды таңынан ала түсті. Көтеріп соқпақ. Бірақ бөрінің денесі құрыштай берік, ауыр екен, домалатып астыға баса салуға келмейтінін байқатты, жұлқығанда арт жағы болмашы ғана қопаңдады да қойды. Сол сәтте-ақ тазының құлағының түбі сақ ете түсті. Қайрыла серпіліп құлақшекеден қапқан бөрінің аузы еркін жетпей қалыпты. Көзі қып-қызыл боп шатынап, қатар-қатар тізілген сойдиған аппақ тістері ызғар шаша, ысылдай ырылдап бұлқына тулаған күйі қайта емінгенде тазы көз ілеспес жылдамдықпен ыршып түсті. Қасқыр құр ауаны ғана қармап қалды, бірақ өзінің денесі де тазының қышқаш азуынан босап кетті. Төрт аяқты атқа міниіп шауып келе жатқан екі аяқтының айғайы естілді. Бөрі артына тамшылаған қанды із салып, қаша жөнелді. Бұл кезде тазы әбден долданған-тын. Айқаса кеткен бетте астына бүктей алмағанына ызалы. Бұл жолғы жауының осал емесін де аңдаған. Жаңа ептілігінің, жылдамдығының арқасында ғана аман қалғанына көзі жеткен. Бірақ именшектемеді, қайта бойын күш кернеп, ерлене түсті.

Қара төбетті талағаннан соң тазы төбелесқой болып алған-ды. Малшы ауылдардан қатынаған жұрттың соңына еріп келген иттерге тыныштық бермейтін. Жөн-жосықсыз тиісетін. Өз тұқымының бойына туа біткен қасиет: ептілік, жылдамдық, әдіскойлықтың арқасында өзінен күші кем соқпайтын тайыншадай төбеттердің талайын қан қақсатқан. Кейде өз етіне де тіс тиетін. Бірақ үнемі мерейі үстем шығатын еді. Және майданды ұзаққа созбай, тез, әрі ойсырата жеңетін. Лашынның азуының күшін бір рет байқаған ит енді қайтып бұл ауылдың маңынан жүрмейтін болған.

Қасқырды Маңқасқалар мен Бөрбасарларға қарсы қолданатын әдістерінің бірімен ғана жеңу мүмкін екенін аңғарған тазы енді ұрыс әдісін өзгертті. Ретін тауып оңтайлы жер: құлақшеке мен алқымның бірінен қаппақ оймен қатарласа берді. Қашып құтылмасын білген қасқыр бой салып жүгірген жоқ. Итті жазым етіп қана жан сауғалайтынына көзі жеткен. Тазы да қасқырдың от шашқан жанарынан оның ештеңеден тайынбайтынын ұққан. Қан майданды асыға күтті. Әйткенмен, аңысын аңдып, алдымен бастамады. Бірінің қимылын бірі бақкан бөрі мен ит тұмсық түйістіре, арбаса, қатар жарысқан қалпы сондарынан келе жатқан Қазыдан әжептәуір ұзап шықты. Көк

шолақ арланға керегі де осы екен, күтпеген жерден шабысын қалт тежеді де, ағынын баса алмай оза берген тазыға жойқын күшпен тұра ұмтылды. Бұл жолы да тазы жылдамдығының арқасында ғана аман қалды. Бөрі аузы еркін жетіп, нық ұстай алмады, әйткенмен де тазының бір жақ қабырғасын жұлып түсті. Сыздықтап қан ағып қоя берді. Дұшпанының жарадар болғанын көрген қасқыр екіленіп кетті. Ал тазы ет қызумен жараланғанын білмеген. Тек денесін от шарпып өткендей көрінген. Бойына жаңа жігер құйылғандай, өршелене түскен. Әйткенмен де шабуылдаушы тазы емес, бөрі еді. Көздері ұшқын атып, алақ-жұлақ етіп, тұра-тұра ұмтылады. Бірақ тазы оңтайын бермеді. Екеуі де үнсіз. Қасқырдың ысылдай алған демі мен ауаны қауып сақ-сақ еткен тістерінің дыбысы ғана естіледі. Қайратты да жырынды жауға ұшырасқанын білген тазы бір ғана тегеурінді соққымен ұрысты аяқтау үшін бөрінің қалт басқан қимылын бағуда еді. Біраз арбасқаннан кейін сол сәт туды. Тазыдан өз күшін әлдеқайда басым деп есептеген қасқыр шыдамы таусылып, кеуделей ұмтылған-ды. Көзіне қан толып, сақтықты ұмытқан. Тазы лып етіп бір бүйірге ырғып түсті де, қасқырға бас салды. Көздегені тамақ тұсы еді, сәл қиыс кетіпті — жуан мойыннан ұстады. Бірақ мол, берік қарпыған екен. Жан таласа ышқынған қасқыр да иттің омырауынан, иығынан алуға тырысып еді, батыра тістеуге ыңғайы келмей, тықыр жүнді теріні ғана сыдырып, еңбегі еш болды. Тазы қасқырдың мойнын өткір, қайратты азуларымен сықырлата қысып, қайырып әкетіп бара жатты. Бұрап жықпақ. Қатерлі азуы Лашынның денесінен алыстағанымен, бөрінің өзі жығылмады. Бұлшық етті жуан мойын өте мықты екен, тас боп қатып қалған тәрізді. Алайда, қасқырдың бұл қалпында ұзақ тұра алмайтынын білген тазы айбат шаша езуден ырылдаған қалпы дұшпанының мойнын сығымдай түсті. Осы тістеген жерінен айрылмау керегін, өзінің жеңгенін аңғарған. Кенет ат дүбірі, ышқынған айғай естілді. Төрттағандап сіресіп тұрған бөрі сәл босаңсып кетіп еді, өзіне көмекке иесінің келуі қосымша қуат берген тазы сол сәтінде-ақ құрыш мойынды бұрап жіберді де қасқырдың төрт аяғын серең еткізді. Алайда бөрі әлі де бериекен жоқ-ты. Тазыны көтеріп кетуге тырысып, қарды бұрқырата тыпырлап жатыр. Бірақ осы сәтте «а құдайлаған» Қазы атынан домалай түсіп, сүріне-қабына құлаған беті қонышынан қандауырын суырып алып, қасқырдың ішін есіп жіберді.

Қазы иттің қарысып қалған жағын қамшының сабын салып, мылжаланған ұйпа-тұйпа мойыннан әрең ажырат-

ты. Қабырғасындағы жарақат аумақты болғанымен қауіпті емес екен. Тері мен бір қабат етін ғана сыдырып өткен тәрізді. Ал омырау тұсындағы, жауырын үстіндегі жаралар тегіс сызат, бес-алты күнде-ақ бітіп кетері анық. Қазы тазысының денесінен аққан қанның тыйылғанына қуанды.

Шынында да Лашын көп ұзамай жазылды. Тек қабырғасындағы алақандай жара ғана қарақотырланып біраз жүрді. Ақыры, бүртік-бүртік болып ол да бітті. Ал бойын суық шалған Қазы сырқаттанып ұзақ жатты.

9

Қар кетіп, көк шығып, жер аяғы кеңіген шақта Қазылар көптен қорада жинаулы тұрған ескі киіз үйді дөңгелегі қаңсыған шиқылдақ арбаға тиеп, шөпші ауылмен бірге жайлауға көшті. Қызылотау Есенжолдың әйелі сақау Айсұлудың қолына өткен-ді. Қазы ренжіген жоқ. Аурудың дендей бастағанын аңғарған соң ендігі жерде биесін сауып ішіп, жан күтіп, тыныш жатқанды мақұл көрген.

Шөпші ауыл — бес-алты-ақ түтін. Күн қызып, төл отыққан соң алдындағы отарларын бөлшектеп, әр қойшыға қосып беріп, пішен дайындауға шығарылған малшылар. Сондықтан әр үйде екі-үш ит бар. Көбі төбет, бірлі-жарымды дүрегейлер де кездеседі. Бұлардың кейбірі Лашынға таныс, талай таяқ жеген сабаздар. Ал қалғандары көп ұзамай-ақ кезек-кезек тазының умаждауынан өтті. Иттердің арасына түскен иелері талай рет ренжісті. Алайда бір де бір рет қыста Есенжолмен болған жанжал қайталанған жоқ, ондағыдай ауыр сөздер айтылған емес. Жайлауға шыққан соң көп ұзамай бір күні іңірде ауылға өзі жүретін дырылдақ, жүйрік арбаға мінген, киімдері бөтен үш адам суыт келді де аялдамастан Қазыны ертіп әкетті. Лашын бұл оқиғаға мән бермеген: қайрат-күші толысып, дер шағына жеткен тазы өзіне мүлде белгісіз болып келген жаңа бір қызықтың есігін ашқан-ды. Оның себепкері — қыналағаннан бері осы ауылдың бар итін соңынан шұбыртып жүрген дүрегей қаншық Ұшар еді.

Нағыз қан майдан енді басталды. Көбіне жалғыз қалатын, бар ит бір өзіне жабылатын Лашын орасан күштілігінің, әдіс, айлаға жетіктігі мен жылдамдығының, қауіп-қатерге қарамайтын жанкештілігінің арқасында ғана ажал тырнағынан аман қалып жүрді. Сабалақ жүнді маң төбеттердің талайының құлағы жұлынды, талайы үстінен қан сорғалап, ұрыс даласын тастай қашуға мәжбүр болды. Лашынның өзінің де денесін жарақат басып кетті. Бірақ

екі-үш күнгі үздіксіз айқастан соң дұшпандарын бет қаратпай жеңіп, дүрегей қаншықты жалғыз өзі иемденіп алды. Қалған иттер бұлардың қызығына қарап төңіректеп қана жүреді. Ешқайсысы жақындап, таяқ тастам жерге келуге батпайды. Әйткенмен тазы ұзақ салтанат құра алмады. Басқа балалармен бірге жазғы демалысқа ауылға келген Әділ арбадан түскен бетінде үйге бас сұға сала қайта шықты да, қолындағы кішкене таяқпен ит біткенді жасқай қуып, Лашынды ұстап алды; қарғысынан жетектеп әкеп, қыл шылбырмен босағаға байлап тастады. Тазы кіші иесінің келгеніне қуанғанмен, мына ісіне ризашылық білдіре қоймады. Әйткенмен Әділ оның қыңсылағанына, тыншымай аласұрғанына қарағаң жоқ. Базар тарқаған кезде бір-ақ босатты.

Әділ былтырғыдан көп өзгеріпті. Бойы өсіңкіреп, кішкене кекіл қойғаны өз алдына, жасына жетпей салмақты бола қалған. Аз сөйлейді, әр ісінде үлкен кісіге ұқсауға тырысады. Ауыл балаларымен көп ойнамайды. Үйде қалынды-жұқалы он-он бес кітап бар, соларды кезекпе-кезек, қайта-қайта ақтарады. Басқаларынан гөрі көрнектірек біреуін тіпті қолынан тастамайды. Нақышына келтіріп, судыратып оқып отырғаны. Әділдің даусын естісімен-ақ, биыл қыстаудан Қазылармен бірге көтерілген, қайрақшылық жұмысқа жегілген Омар ақсақал ұзын таяғымен киіз есікті серпе ашып, үйге кіреді. Малдасын құрып, төрге жайғасқан соң:

— Бұл қай батыр?— деп сұрайды.

— Алпамыс.

— Жөн-ақ, қарағым. Жалғыздың жары құдай деген. Ол да осы сендей жалғыз. Бойына отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын, атса оқ, шапса қылыш өтпейтін қасиет, мың сан қолға қарсы шабар қайрат дарыған батыр болған соң, дұшпандарын мұқатып мұратына жетті. Ондай алыптар қазір жоқ. Бірақ өнер, білім бар. Адамға күш береп, қанат берер, кеудесіне арыстанның жүрегін орнатар, көкірегіне жұлдыз жағар құдыретті нәрсе осы білім. Оқы, қарағым. Тәңірі тізгінін оңдаса, ертең-ақ ортан қолдай азамат боласың. Тек сол күнге қаражаяу жетіп жүрме. Оқы. Оқысаң бір жерден жарып шығасың.

Екеуі де үнсіз қалады. Сәлден соң Омар:

— Ал, Әділжан, атаңның еңсесі көтеріліп қалсын, қиссаңды оқып жібер,— дейді.

Осы көрініс күн сайын дерлік қайталанады.

Кейде Әділ өткен жылғыдай Лашынды ертіп, ауылдан шығып кетеді. Бірақ бұрынғыша жолай кездескен бұталар

мен апандардан секіріп, қолына ұстаған солқылдақ шыбығын көкке көтере сермеп, өзінен-өзі айғайлай жүгіріп, қурай, сасыр біткенді белінен бір салып, отап түсіріп, таутасқа жаңғырыққан үнін тамашалап, көгалға аунап, асыр салып ойнамайды. Таяу маңда басқа төбешіктерден гөрі еңселірек шоқы болса, соның басына көтеріліп, әлдебір биік тастың үстіне шығады да, бір қалыпты соққан қоңыр самалға кекілі желбіреп, иреленделей созылып барып көз ұшынан өшетін жам жолға қарап ұзақ отырады. Мұндайда Лашын да желге кеудесін төсеп, арқасын күнге қыздырып, көкала қына басқан тастың ернеуінде, Әділдің қасында рахаттанып жататын.

Шөп басы сола бастаған кезде бір күні түс ауа Қазы аудан орталығына барған Бекқалиға еріп қайтып келді. Әділ әдеттегіше Омар ақсақалға жыр оқып отырған. Ер Тарғынның Бұлғыр таудың ішінде қалған жеріне жеткенді. Сырттан абыр-сабыр дауыс естілген соң жүгіріп шықты. Көкесі аттан түсіп жатыр екен. Құшақтай алып, омырауына бетін басып ұзақ жылады.

Кешіне бүкіл ауыл Қазының төрт қанат киіз үйіне жиналды. Бәрі де көңілді. Әсіресе Омар ақсақал. Қозғалақтап бір орында отыра алмайды. Жан-жағына қораздана қарап, үйге жаңа біреу кіріп-шыққан сайын:

— «Ақ иіліп-бүгілмес» деген. Пәле-жаладан аман келгенің мына Әділдің, ана ақ келіннің тілеуі. Тәуба құдайға,— дейді. Насыбайын бір атып, бір алады. Осыдан аз жыл бұрын ел басына төнген қиыншылықтарды, кешегі өткен қырғын соғысты еске түсіріп, соның бәрінің артта қалғанына шүкіршілік айтып қояды.

Ал Қазы көп сөйлемей, үнсіз ғана отырды. Әділді бауырына баса құшақтап алған. Кекілінен сипай береді. Андасанда қыстыға жөтеледі. Түрі өзгеріп кетіпті. Өңі қашып, бозара түскен. Ширатылған қап-қара мұрт қойған екен. Онысы ұнасқанымен, бетіне бұрынғыдан да жүдеу кейіп береді. Ескілікті сырқаты меңдеген сияқты.

Шынында да Қазы қайтып оңала алмады. Ауыл қоныс аударып Суықбұлаққа қонған күні ажал жастығына бас қойды да, ертеңіне түн ортасында көз жұмды. Ел жауын астында көшкен еді. Жұмыс тоқталып, бас көтерер ер-азамат тегіс үйде отырған. Әп-сәтте бұлақтың ылди жағындағы кішкентай төбенің басынан кісі бойы қабыр қазылды. Ұзақ күтпей жаназасын шығарып, ертеңіне сәріде өлі денені жер қойнына тапсырысты. Көзіне жас алмаған адам жоқ. Омар ақсақал даусы дірілдеп, құранды оқып біткенше әлденеше рет үзіп алды. Сазарып, үнсіз қалған Әділ

ғана. Тек ақ кебінге оралған мәйіт терең қабырға түсірілген кезде ғана көзі болмашы жасаурады. Үлкендердің айтуымен қолына алған бір уыс топырақты көкесінің үстіне септі де, артын күтпей бұрылып жүре берді.

Төсек тартып жатқан иесі оянбай қойған кезде Лашын онша мазасызданған жоқ. Аулаққа апарып, көміп тастағанда да бөтен ой келмеген. Адамзаттың түсініксіз істері көп, соның бірі шығар деп түйген. Иесі күні ертең-ақ ұйқысынан оянып, үйге қайтып келеді. Талай рет жолаушылады ғой. Үнемі оралатын. Бұл жолы оншама ұзаған да жоқ. Ауылдың іргесінде жатыр. Бір күні болмаса бір күні тұрары анық. Әйткенмен, басына келіп қайтқан сайын тазының көңілі құлазып қалатын. Мазасыздана бастаған. Бұл — иесі жазда үш ай қатарынан жоғалғаны сияқты, ұзақ уақыт бойы тұрмай қояр ма екен деген қауіп еді. Сондықтан Омар ақсақал өгіз арбаға оқуға баратын бесалты баланы салып алып, ауылдан шығып жүре бергенде тазы олардың соңынан ерді. Әділ кет деп қанша зекігенімен қалмады. Ақыры арбадан түсіп, тас лақтырған кезінде ғана кері бұрылды. Жазықсыз жәбірленгеніне қатты өкпелеген еді. Әділдің өзінің қандай сезіммен кеткенін білген жоқ.

10

Қазы төбе басында ұйықтап жата берді. Тұрмай қойды. Үйге ең құрмаса бір рет келіп қайтпады. Ақыры, жапырақ солып, аспан жүдеу тартқан шақта шөпші ауыл тарап, әдеттегідей үйреншікті қыстауларына көшті. Лашын мен Қәмила да ферма орталығындағы өздерінің тамына кеп кірді. Ал Қазы топырақ астына көмілген қалпы ескі жұртта қала берді.

Үш бөлмелі үй қаңырап тұр. Сыртқа шыға қашқын келеді. Бірақ дала да көңілсіз. Ақ жауындар басталған. Нөсерлетіп төгіп те жібермейді, толас та таппайды. Ертеден қара кешке дейін сілбіреп тұрғаны. Алда-жалда бір сәтке басыла қалса, ызғары сүйектен өтер салқын жел соғып қоя береді. Суық. Көңілсіз.

Лашын бұрынғыдай тойып ас ішпейді. Кейде Қәмила мұның бар, жоғын мүлде ұмытып кететін сияқты. Бір күні тамақ сұрап аяғына оратылғанда теуіп те жіберді. Сұрамсақтанғанмен ештеңе өнбейтінін аңғарған тазы енді пеш түбінде бүрісіп жата беретін болды. Ол иесін күтуде еді. Есік ашылған сайын басын жұлып алады, бірақ үйге кірген басқа кісі болып шығады. Сырттан еркектердің да-

бырласқан даусы естілсе есікті итеріп ашып атқып шығады, алайда сөйлесіп тұрған адамдардың ішінде иесі көрінбейді. Мұндай ауыр тұрмысқа тазы көндіге алмай-ақ қойды. Тірлігіне мағна берген нәрсе — нем қайтып келеді деген үміт сәулесі ғана еді.

Бір күні іңір әлетінде үйге Есенжол кірді. Көптен қабағы ашылмай жүрген Кәмила көңілді-тін. Қазанда ет қайнап жатқан. Есенжол табалдырықтан аттай бере күліп бірдеңе деді де, әй-шәй жоқ, төрге жайғасты. Кәмила да бөгелмей дастархан жасап, ет түсіруге кірісті. Есенжол қойнынан мөлдір су құйылған шөлмек алып, стол үстіне қойды. Жылмия күлгенде секпіл беті бір-ақ уыс боп кетеді екен. Табақ келісімен-ақ Лашынның алдына сүйекті үйіп тастады. Еті шала сыпырылған кемік сүйектер. Тазының қыстауға қонғаннан бері жарытып тамақ жегені осы еді. Баяғыдан ұмытылмай көкейінде жүрген ашу-кегі тарқап, сатушыға риза боп қалды. Аш қарынға түскен астан әлі құрып, маужырап, қалғи бастады. Сәлден соң көзі ілініп кетті.

Қанша ұйықтағанын білмейді, ыңырсыған үннен оянды. Шам сөндірілмепті. Дастархан жинаусыз. Табақ түбінде бір шөкім ет көрінеді, шөлмек босап қапты. Лашын қайтадан қалғи бергенде ыңырсыған дауыс тағы естілді. Кәмиланың даусы. Төргі бөлмеден шығады. Өзін біреу буындырып жатқан сияқты. Ұйқысы шайдай ашылған тазы столдан қарғып өтіп, төргі үйге жетіп барды. Ауызғы бөлмеден түскен жарық сәулесімен бірден көрді: төсек үстінде Кәмиланы Есенжол тұншықтырып жатыр екен. Умаждап астына басып алыпты. Көмекке ұмтылған тазы бірінші қарғығанда олардың үстіндегі көрпені жұлып түсті. Келесі сәтте ұзын, өткір азулар қорғансыз май құйрыққа бойлай кірген еді. Ойбайлаған дауыс шықты. Апыр-топыр екеуі де атып тұрды. Тазы Есенжолға қайта бас салған сәтте анасынан жаңа туғандай тыр жалаңаш Кәмила көмектесудің орнына Лашынның өзіне ұмтылды. Бірақ қолында ештеңе жоқ екен, көзіне қан толып кеткен ит ыға қоймады. Ақыры Кәмила Қазының төсектің аяқ жағында тұратын таяғын алып, Лашынды сыртқа қуып шықты. Сол күні тазы өмірінде бірінші рет далаға түнеді.

Осыдан былай қарай Лашынның тұрмысы жан төзгісіз боп кетті. Кәмила арнап тамақ құймайды. Тазы күресінге лақтырылған сүйек-саяқты ғана талғажау етеді. Кейде нәр сызбай қатарынан екі-үш күн ашығатын. Сонда да қара төбетше тіміскіленіп, үй-үйдің жуынды төгетін жерлерін аңдыған емес. Тышқан аулап, өлмес қорегін айырып жүр-

дi. Бір рет ауылға жақын жерден қоян да ұстап жеді. Ең қиыны — күздің қара суығы еді. Тазы қораның сыртында жатқан, мал аузынан қалған бір құшақ сабанды паналайтын. Алайда жылы үйде өскен итке оның берер қызуы шамалы еді. Әсіресе таңға жақын, шөп басын қырау көміп, өкпек жел қатая түскен шақта діріл қағып, жанын қоярға жер таппайды. Ал жаңбырлы түндері тіпті қиын. Тазы қораның ық жағына шығып алып, шоқиып отырған қалпы көрер таңды көзімен атырады. Есік аш деп қыңсылamайды, Қәмиланың жібімейтінін біледі. Ауылда жанына жақын тұтар жалғыз-ақ адам қалған-ды. Ол Омар ақсақал еді. Лашынның далада түнеп жүргенін аңғарған соң бір күні іңірде әдейі кеп, үйіне ертіп әкетті. Мол қып тамақ құйғызды. Енді осында жата салар деп еді, тазы есіктің ашылуын ғана күтіп тұр екен, сыртқа атқи жөнелді. Барып, қора артындағы үйреншікті орнына жайғасты. Омар ақсақал Лашынды қарғысынан жетелеп, әлденеше рет үйіне әкелді. Алайда тазы мұнда тұрақтамады. Тамағын ішіп алады да, тайып тұрады. Ол иесін аңдуда еді. Енді бір рет көрсе айрылмақ емес. Қайда барса да соңынан ере кетпек. Бірақ иесі келмей қойды. Кейде күнара, кейде екі-үш күнде бір рет түн ортасы ауа, я таңғы алакеуімде біреу терезе тықылдатады да, іштен Қәмила есік ашады. Алғашқы жолы беймезгіл келген адамның иесі екеніне құмандан-баған тазы сүріне-жағыла атып тұрып, жетіп барып еді, лып етіп үйге кіріп бара жатқан Есенжолды көрді. Содан былай қарай таң алдында терезенің ақырын ғана тырсылдағаны, есіктің сықырлай ашылғаны Лашынға үйреншікті нәрсе боп кетті. Қозғалмай жата береді. Секпілбет сатушыны сұбыханы сүймейді; әйткенмен өзінің араласуы жөнсіз екенін білгендіктен табиғатында қабағандық мінез жоқ тазы іштен тынған-ды.

Бірде түн ортасында жапалақтап қар жауа бастады. Ауа тымық, түн әдеттегіден жылы еді. Арық тазы сабанға тығыла бұйығып, ұйқылы-ояу қалыпта жата берді. Таң сыз бере, қар жауып біткен шақта ғана көзін ашты. Дүние тазарып, аспан кеңи түсіпті. Төңірек тегіс аппақ. Маңайдағы төбешіктер тапал тартып, бұрынғыдан алыстаңқырап кеткендей. Тазы керіліп, құрысқан бойын жазды да, дүр сілкінді. Салқын, таза ауаны көкірек кере жұтып, тұрған орнында өзінен-өзі секіріп-секіріп алды. Әлдекімге еркелегісі келгендей. Қораны айнала жүгіріп өтті. Үйге біреу кіріп шығыпты. Келген із жартылай қар басқан көмескі де, кеткен із ап-анық, етіктің табанының бедеріне дейін көрінеді. Есенжол. Иесінен ешқандай хабар жоқ сияқты.

Тазы Жауыртағының өркеш-өркеш биіктеріне қарап біраз тұрды да, әлдененің соңынан көңілсіз ергендей аяңдай басып ауылдан шықты. Артына қарап сәл бөгелді. Содан соң Суықбұлақты бетке алып, жортып кетті.

11

Қар беті толған із, қар беті толы жазу. Сайрап жатыр. Өз ғылымына жетік сарыасық тазы бәрін де еркін оқиды. Кім өтті, қашан өтті, қайда бармақ, қай жерде аялдауға тиіс —тегіс біледі. Мынау үш аяқтап жортқан — сары кіс. Бір түп оқшау тобылғының тұсынан қарға сіңіп кетіпті. Он-он бес қадам жерден қайта шығады. Міне, шықты. Енді оңға қарай тартыпты. Лашын ізіне түспейді. Өзі шүйкедей, әрі бағасыз аң. Ал мынау көлденең өткен із — күзендікі. Кішкентай болса да қайратты, әдісқой, әрі шақар пәле. Иесі жақсы көруші еді. Түлкінің ізін қуып келе жатқанда кездесе қалса, осыған бұрылатын. Бірақ қазір Лашынның уақыты жоқ. Кейін, иесі екеуі бірге жүргенде аулар. Міне, түлкінің өзі. Қып-қызыл шығар. Бұл да бір қырын кетті. Соңына түсуге мұрсат қайда. Тағы да із. Күшік түлкінікі. Бұл да барсын. Тағы да түлкі. Осы жаңа ғана өтіпті. Ізі ірі. Арлан. Түгі күнге шағылыса жайнап, ақ қар үстінде толқына бұлаңдап кетіп барады-ау!.. Бірер төбе ғана асты. Қап! Болмады енді. Ізге түсе жөнелген тазы алдындағы қырқаға шыға бере иек артпадан баспа қып қарап еді, түлкі шынында да ойдағы шоқтала өскен быртық қарағанның арасында жүр екен. Тау жақ қапталды ала лап берді. Қамсыз түлкі дыбысын естіп тұра қашқанша арқан бойындай келіп қалып еді. Одан ары әудем жер жібермей ұмар-жұмар астына басты.

Тазының өзі де таң қалды. Бұрынғы құмарлық жоқ. Неге қуды? Кім үшін ұстады? Өлтіріп қажеті қанша еді? Білмейді. Түлкі ұзынынан созылып, қимылсыз жатыр. Қар үстіне тұмсығынан бір тамшы кірлеуіт қан тамыпты. Тазы таяу маңда ешкім көрінбес пе екен деп жан-жағына қарады. Адам жоқ. Айтпақшы, біреу бар. Өз иесі. Тіпті жақын жерде жатыр. Үйден не үшін шыққаны ойына түскен тазы өлі түлкіге назар да аудармастан Суықбұлаққа қарай текіректей жөнелді. Төте жол есінде. Итмұрын, тікен, үшқат өскен қия жартасты тар саймен асып түсу керек.

Тауға ене берген сәтінде өзін біреу сырттан бақылап тұрған тәрізденді. Артына мойын бұрды. Ешкім көрінбейді. Сезікті ештеңе де жоқ. Тазы бөгелмей, алға қарай жүре берді. Бірақ жайсыз сезім қайтадан пайда болды. Ті-

тіркеніп кеткен тазы төңірегіне именшектей көз тастады. Көңіл аударар, ошақ еткен жан жоқ сияқты. Әйткенмен, жүзі ызғарлы құпия күш иесі өзінің құрсауын тарылта түскендей. Алдан да, арттан да, қос бүйірден де қысып, жақындап келеді. Жылжи сырғып дәл қасына жетті. Тазы бойын бейтаныс махұлықтың суық демі шарпығандай қалтырап қоя берді. Жүрісін ширата түсті. Міне, мына қос жартастың арасындағы қылыдан өтсе, ар жағында таяқ тастам жерде иесі жатыр. Қенет, тазы есі шыға қалшиып тұрып қалды. Қарсы алдында биік сұр тасқа шынтақтай сүйеніп біреу тұр. Бет бейнесі де, тұр тұлғасы да буалдыр. Әйткенмен, Қазы екені анық: басында түлкі тымақ, үстінде күзен ішік. Лашынға қарап жымиған сияқты. Үнсіз ымдап шақырғандай. Қуанғаннан даусы шығып кеткен тазы арсалаңдап, иесіне қарай бір-ақ қарғыды. Әлдене сарт етті. Қазының сүлдесі ғайып болған. Манағы қорқынышты елес темір тіспен оң жақ алдыңғы аяқтан, кәріжіліктің басынан нық қауыпты. Тазы осы төңіректі күзеген малшылардың бірінің қасқырға құрып, ұмыт қалдырған қақпанына түскен еді.

12

Әу баста бойын үрей буып, ышқына секірген. Темір қышқаш қалмады, қоса көтерілді. Екінші қайтара секіргенде қақпанға жалғанған кере құлаштай шынжырдың ұшына бекітілген шойын қырқаяқ сопақ етіп қар бетіне шықты. Бірақ ауыр салмақ алдыңғы аяқтан тартқан тазы екпінін баса алмай, тоңқалаң асып түсті. Қәріжілік бел ортасынан морт сынды. Көзіне қан толған тазы тұра сала қақпанға салды ауызды. Жеңіл тот басқан сұрғылт болат шақыр-шұқыр етті. Әйткенмен, тазының азуынан ыққан жоқ, сол сірескен қалпынан жазбады. Тазы жансыз темірді қарш-құрш шайнай берді. Сәлден соң қақпанды да, қар бетін де қып-қызыл қан басып кетті. Алайда темір құрсау жұмсармады, қайта бұрынғыдан да нығызырақ қыса түскен тәрізді. Ақыры қалжыраған тазы қар үстіне сылқ құлады. Талмаусырап ұзақ жатты.

Бір кезде көзін ашты. Ессіз үрей бойдан кеткен, қорқынышты елес те ғайыпқа айналыпты. Енді тазы аяғына тас боп жабысқан пәлеге адам қолынан шыққан қауіпті қарулардың бірі деп қана қарады. Сары тот басқан, сынған осындай бір ескі қақпанның өздерінің қорасында да жатқаны есіне түсті. Осының өзі-ақ денесіне күш құйған еді.

Есін жиған тазы бойында аяғының ауырғанынан да қатты бір дерт барын аңғарды. Ол екі-үш күннен бері нәр сызбаған аш еді. Мана ұстаған түлкісін ойлады. Өмірі түлкі етін татып көрмесе де, сонда жеп, тойып алмаған екем деп өкінді. Кенет оның көзі алдындағы жентектеліп жатқан қанға түсті. Қақпанның түбі ғана емес, төңіректегі екі-үш адым жер тегіс қызыл ала. Тазы орнынан тұра сала мұздақтана қатқан қанды асай бастады. Сәлден соң қар бетінде қызарған бір де бір дақ қалмады.

Аш қарынға шамалы ас барып, әлденген тазы темір құрсаудан өз бетімен құтыла алмасын түсінді. Бұл күйден иесі ғана шығаруы мүмкін. Мүмкін емес, анық. Тек басына жету керек. Алыс емес. Иек астында. Жетуге болады.

Қақпанның ұшына сүйретпе тоқпақ ретінде байланған қырқаяқ темір ауыр екен. Тазының әрбір тұтамды жан төзгісіз қиындықпен жеңіп алуына тура келді. Сынған сүйектер өзара үйкелесіп, шықыр-шықыр етеді. Аяқтың басы үзіліп түсіп қалғаны-ақ жақсы еді, үзілмеді. Сіңір мен етке ілініп, берік тұр. Жаралы аяғына күш түскен сайын тазының көз алдын қызылды-жасылды от шарпығандай болып, дүние мұнарланып кетеді. Әйткенмен бір қарыстан соң екінші қарысты ұтып, алға жылжи берді. Кейде сүйретпені тас қағып, немесе бұта іліп қалады. Мұндайда тазының ұзақ азаптануына тура келетін. Бір жолы қырқаяқ тобылғыға матасып, мүлде шықпай қойды. Тазы ет пісірімдей жанталасты. Ақыры, кері бұрыла тартып, әрең босатты. Содан соң бұтасыз, тассыз жермен жүруге тырысты. Алайда бөгеліссіз бір қалыпты жылжи алмады. Ілгері аттаған сайын қақпан ауырлай берген. Қанша тегіс жермен жүрдім деп ойлағанмен қар астына жасырынып жатқан, жолды ауырлататын кедергілер таусылмады. Бәрінен де иесі жатқан төбеге көтерілу қиынға соқты. Бұрын екі-ақ ырғып шығатын кішкене төбешік өлшеусіз биіктеп кеткендей. Бір жақсы жері, бұл кезде жаралы аяқ мұз боп қатып қалған-ды. Жансыз, бөтен дене тәрізді. Тазы бойына ең соңғы күшін жинап, алға еміне түсті. Үміт жібі жетелеген азапты сапарын сәскеде бастаған Лашын екінті әлетінде иесінің басына жетіп еді...

13

Тазы ұзақ ұлыды. Қысқа қайырып өксіп-өксіп ұлыды. Аруанадай аңырап, даусын соза тартып, зар төге ұлыды. Тау-тасты күңірентіп жіберді. Ұлымасқа шарасы жоқ-ты,

жыламасқа шарасы жоқ-ты. Ол өзі осы уақытқа дейін ашқан жаңалықтарының ішіндегі ең сұмдығын ашып еді: адам, тірі махұлық атаулының бәріне әмір жүргізген, көк темірге жан бітіріп, көлік етіп мінген, қолдан құс жасап, қыран қалықтар биіктен де жоғары самғаған тәңірі текті, құдыретті адам да өледі екен, жүзі ызғарлы ажал алдында адамзаттың өзі дәрменсіз екен. Тазы иесінің мәңгілік ұйқы құшағына енгеніне, енді қайтып тұрмасына көзі жетті. Қол ұшын беріп жәрдем етер ешкімі жоқ, аяғынан темір талқы кейпіндегі ажал қапқан, әбден қансырап, әлі құрыған өзінің де санаулы ғана сағаттары қалғанын ұқты. Тазы әзірейілдің әміріне қарсы сөз айта алмай, топырақ астына көмілген иесін жоқтап ұлыды. Сол өлімді өзі де мойындап, жарық дүниемен, кең дүниемен қоштасып ұлыды.

Бірақ ажал тазы ойлағаннан да тез, әрі күтпеген жақтан келді. Буы бұрқыраған, түтіні будақтаған қыстауларды, жайылымдағы ендей өрген малды бірнеше күн торыса да ауыздарына ештеңе түспеген, бүгін таң қылаң бере сонарлап, қоян, түлкі қағуға шығып, ештеңе шала алмаған үш бөлтірікті қаншық қасқыр, зарлана ұлыған ит үнін естісімен, бойлары өзіне жете-қабыл жас қанішерлерін артынан шұбыртып, осылай қарай соқтырта жөнелген. Мен мұндалап шақырған дауыс жөнімен жаңылмай тапты. Алыстан баспа қып тұрып, таяу маңда екі аяқтының жоғын да, бұл — адасып жүрген жалғыз ит екенін де көрді. Ауызға өзі түскен ас қашып әуреге салмасын деп үнсіз келіскендей, төртеуі төрт жақтан бұқпантайлай келіп, төбешікті қоршап алды да, көздері от шашып, аппақ, сойдиған, пышақтай өткір тістерін көрсете, ауыздарын арандай ашып лап берді.

Бір күн ішінде соншама бейнет шеккен, өзіне мәлімсіз сұмдық сырдың бетін ашқан, азапты тіршілік қажытқан тазы қорықпады да, таңырқамады да. Бірақ өмір өз заңын жүргізді. Тазы өлімге мойын ұсынып, беріле салмай, тіршілік үшін күреске түсіп, арпалысып кетті. Жалғыз итті оңай олжа көріп келген бөрілердің алғашқы шабуылы нәтижесіз аяқталды. Тек қаншық қасқыр ғана Лашынның санын жұлып өтті. Тазының сақ-сақ еткен, оңды-солды лыпып тұрған азулары тәжірибесіз бөлтіріктердің тісін денеге дарытпады. Күтпеген қарсылыққа ұшырасқан қасқырлар қас қағымдай уақыт аңтарылып қалды да, шешімтал, дүлей қимылмен қайта ұмтылды. Тазы біреу, қасқыр төртеу. Тазы байлаулы, қасқырлар бос. Қасқырлар күші бойына сыймай жалақтап жүрсе,

тазы күн ұзаққы күрестен әбден қалжыраған. Таразы басы тең емес еді. Шабуыл жасаушы жақтың күші төрт есе, бес есе, мүмкін, тіпті, он, жиырма есе артық-тын. Оны тазы да сезді, қасқырлар да білді. Осы қазір жылы қан ішіп, жас ет жейтініне көпті көрген кәрі қаншықтың күманы жоқ-ты. Сондықтан сақтық атаулыны ұмытқан еді. Бәрі ұмар-жұмар болып қалды. Ең астында ақ тазы. Бірақ ол өзін үш бөрі үш жаққа тартып кергілеп әкеткенге дейін, көз ілеспес шапшаң қимылмен қаншық қасқырды шаптан іреп үлгерген еді.

Бөлтірік қасқырлар енелерінің анадай жерде өз бүйірін өзі қауып, шегі шұбатылып, шырқ көбелек айналып жүргенін тазыны жеп тауысқан кезде ғана аңғарды. Қарындарына түскен бір шөкім арық ет жұғын болмаған. Бұрынғыдан да ашықтыра, бұрынғыдан да ширықтыра түскен. Жарадан шашыраған қан ізін көрісімен бір сәт те бөгелместен үшеуі қатар лап қойды. Бір шай қайнатым өтер-өтпесте үш қасқыр өздерін тапқан, емшек сүтін беріп асыраған, бауырларын көтергеннен бастап осы қарақшылық өмірге баулыған енелерінің шолақ құйрығының ұшы мен төрт табанын ғана қалдырған еді.

14

Жауыртағы тауының көк майсалы, қалың шілік, мөлдір бұлақты сайларының біріне құлай біткен тақиядай төбенің басында топырақтан үйілген кішкентай төмпешік бар. Жайлауға шыққан ауыл жылда осы араға қонған күні қолына ырғай таяқ ұстаған ақсақал адам кішкентай баланы жетектеп келеді де, бетін құбылаға қаратып, тізерлей отыра қалып, бар мақамына сала құран оқып шығады. Мархұмды есіне алып, топырағын сипайды. Шешесінен таяқ жеген күні баланың өзі де үнемі осында келіп, жақ жүні үрпиіп үн-түнсіз ұзақ отырады. Бұл төмпешік — бір кезде сыңар аяғымен болса да жер басып жүрген Қазының моласы. Ал кішкене бала — Қазыдан қалған көз Әділ.

Осы қабырдың дәл іргесінде қыран тазы Лашынның да қаны төгілген-тін. Бірақ оны ешкім де білмейді. Тазыдан қалған жалғыз белгі — ауыл еркектерінің басындағы түлкі тымақтар да көп ұзамай тозып бітті. Олардың орнын елтірі тымақтар мен арзан малақайлар басты. Үйткені Лашын осы өңірдегі асыл нәсілді ең соңғы тазы еді.

1969. Алматы

ӨТКІНШІ

Жас ақын Уақас Дүйсенбайұлы Жалбағаевты туған аулы құрметпен қарсы алды. Аяғы жерге тиер-тиместен-ақ жұрт ол түскен Қармыстың үйіне жапырлап кеткен. Әуелі бала-шаға жетті. Бірақ олар босағадан аспады: ерекше батылдары болмаса, көбі ішке кіре алмай, есіктің саңлауынан сығалағанды місе тұтқан. Әйткенмен, бұдан соңғы көріністі ұйымдастырған, негізінен осы қарасирақтар еді. Олар Уақастың—Алматыда тұратын жазушы ағаларының келгенін бүкіл ауылға хабарлап қана қойған жоқ, көбі үйлеріне барып, күн ұзаққы ауыр жұмыстан жаңа тыныстап отырған әке-шешелерін, аға-жеңгелерін сүйреп әкелген де, шағын төрт қанат үйге еркін кірген соң осы ауылдың үлкендері өздеріне үлгі ете сөйлейтін, оқудың түбіне жеткен ақын Уақас Жалбағаевқа, оның қасындағы шашы қысқа қиылған бұйрабас қара келіншекке, алты-жеті жастар шамасындағы үйелмелі-сүйелмелі екі балаға армансыз қарағаң.

Біреу кіріп, біреу шығып сапырылысып жатыр. Тізе бүккен үлкендер ғана. Бәрі те таныс жандар. Алайда олардың бойында өзгеріс барын Уақас бірден байқады. Өзі ауылдан кеткен кезде әлі күш-қуаты қайтпаған, «қарасақал» аталатын межеге жаңа ілінген кісілер енді ақсақалды қарияларға айналыпты, дер шағындағы жігіттер ілгері жылжыған ағаларының орнын басқан: алдыңғы буын сияқты сақал-мұрт қоймағанымен, беттерін әжім торлап,

егде тартқандары, біразының, тіпті, немере сүйіп, ата болғандары аңғарылады. Әйелдер жағы да сондай. Уақас өзіне айран, сүт, бауырсақ беретін нұр жүзді, әдемі екі-үш жеңгесінің енді жасамыс, сарқарын қатын болғанын көрді. Өз тұстастарынан бір-екі-ақ адам кіріп шықты: институт бітіргендері басқа жаққа қызметке ауысқан, я көрші ауылдарда, аудан орталығында тұрады да, оқымай қалғандары жайлауда — мал отарларында екен. Әйткенмен, жастар жағы басым. Беттерін күн қаққан, кісінің көзіне тайсалмай, тік қарайтын, денелері сымбатты өрімдей-өрімдей бозбала жігіттер. Ағалап, қол қусырып сәлем беріп жатыр. Уақас кейбіреулерінің ғана түсін шырамытты.

Кейіпкеріміз есіктең аттамай жатып, жұрттың жапырылып түсуінде бірнеше себеп бар еді.

Уақастың әкесі Дүйсенбай кісілігі мол, ауыл-аймағына сыйлы азамат-ты. Қиыншылық жылдары кірешілерге еріп қалаға кетіп қалды да, екі-үш қысты өткізіп, орысша үйреніп, хат танып қайтты. Сауаты қаншалық дәрежеде болды, орысша қаншалық білді — ол жағы беймәлім. Әйтеуір қара танитын, еті тірі жігіт көп ұзамай-ақ колхоз бастығы сайланды. Өзі ата-ана баурынан тыс, таршылықта өскен жан, алыс-жақынға бірдей қайыр-шапағатты болды да, жақсы атаққа ілінді. Сөйтіп жүргенде соғыс басталды. Дүйсенбай майданға сары күзде аттанған еді, көп ұзамай, қыс ортасында қара қағазы келді. Әйелі мен үш жасар ұлы Уақас сопайып қала берді. Бұл — жас балаға төнген бақытсыздықтың басы ғана екен. Күзде оңаша қалғаннан бері оғаш мінез танытып жүрген, етегінің желі бар жас келіншек күйеуінің қырқын күтпестен, әйелі өлген, балашағалы қартаң біреуге тиіп алды. Онымен тұзы жараспай, екі-үш ай өтпей айрылысты. Содан соң-ақ жесір келіншектің үйі ерінбеген еркектің бәрі қалаған уағында бауырын жазып, бой суытып кететін ойнаққа айналды. Әйткенмен, бұл сайран жарты-ақ жылға созылды. Бір күні таңертең түні бойы жылап шыққан баланың даусы тыйылмай қойған соң барған жұрт, оның төсекте өліп жатқанын көрді. Сіресіп қатып қалыпты. Қайғырушы болмады. Бәрі де Дүйсенбай марқұмның аруағы атты деп шешкен. Жесірін тиюға шамалары жетпей, масқара қорлықтан жарылғалы жүрген ағайын-туғандар Уақасты өз қолдарына алды. Сөйтіп, кеше ғана жайнақ қағып жүрген Дүйсенбайдың шаңрағы құлап, оты өшті. Қайғы, қазаға толы соғыс күндерінде бұған ешкім мән бере қойған жоқ еді, қырғыннан аман шығып, соғыс аяқталған соң ауылға қайтқан ер азаматтар жақсы ағаларының түтіні түтетусіз қалғанына

қатты қайғырысты. Әйткенмен, «Ат тұяғын тай басар» деп оқу жасына келіп қалған баланы көңілге медеу еткен. Сол жылы-ақ мектеп жанындағы қоғамдық интернатқа орналастырды. Міне, енді көз алдарында өскен қаршадай Уақас үлкен азамат болып, бала-шағасымен туған еліне келгенде жұрт алыс сапардан оралған өз бауырларын көргендей сезімге бөленген. Шынында да, ауылдағы он-он бес үй тегіс бір рудың балалары. Уақасқа бірі бес атадан, бірі жеті атадан қосылады. Сегіз-тоғыз буыннан туысатындар да бар. Енді бірі нағашы, енді бірі жиен. Басқа жақтан келіп қоныстанған кісілер болса, олар Уақастың жаңағы туыстарының бірінің не қыз беріп, қыз алысқан құдасы, не біреуінің баласының кіндікшеше, кіндікағасы, әйтеуір бір ілігі бар, сайып келгенде жекжат боп шығады. Сондықтан он шақты жылдан бері көріспеген, алыстан жолаушылап жеткен ағайынды бәрі де риясыз қуанышпен қарсы алған.

Оның үстіне қошамет те жоқ емес-ті. Газет бетіне шыққан сөзді құрмет тұтатын, кітап атаулыны қастерлейтін жұрт сондай жазушы, өнер иесі адамның өз араларынан шыққанына мақтанысатын. Қандай болды екен, келмейді-ау, көрсек десетін. Бүгін соның сәті түсті... Асқа бөгеліп, Уақаспен бір дастархан басында қалған үлкендердің тізелерінде отырған балаларына қарата айтқан: «Қәзеттен, кітап, жорналдан жазғандарын көріп жүрген Уақас ағаң осы; жақсы оқысаң сен де осындай боласың, Алматыда тұрасың»,— деген сөздері, өзі көз алдында өскен Мұртсыз Матайдың,— бұл — алпысқа келгенше қырынып жүрген себепті құрдастары қойған ат, әйтпесе қазір мұрт түгіл сақалы да бар, аппақ құдай қария,— Мұртсыз Матайдың: «Алыста шапқан тұлпардың дүбіріндей атақ-даңқың бізге де жетіп жатады; күні кеше ғана көк шыбықты ат қып мініп, шауып жүрген қаратабан бала едің, құдай таудай талап берген соң, маңдайың жарылып, өз келеңнен оздың, біз сені о жақта да күнде көкпар тартқан көптің бірі емес, алысқа сілтер, бірегей шыққан тарлан болғай деп тілейміз»,— деген сөзі Уақастың көңліне жел бітірді. Еңсесі көтеріліп, өсіп қалды. Ауылдың тайлы-таяғы қалмай түгел амандасып шығуын, еркектердің сөзінде, әйелдердің шай құюында, қимыл-әрекетінде ілтифат, ықылас ізі барын, өзі сөйлегенде жұрттың тына қалуын — тегіс заңды, солай болуға тиіс нәрсе есебінде қабылдай бастады, ақынның атақ абыройына, даңқына оқырман қауымның бас июшілігі деп ұқты. Әу баста ыржалақтап күле берген еді, сәлден соң бұл — мәшһүр, мәртебелі кісіге жа-

распайтын мінез екенін аңдап, салмақтана қалған. Шынында, мұндай күтпеген құбылыстарға оның бойы үйренген еді.

Онжылдықты орташа бітірген, интернатта тәрбиеленген жетім бала ары қарай оқуға ниет етпеген. Қалаға баруға қаражат жоқ, барған күннің өзінде шеп бұзар қауқар жоқ. Конкурс қатты. Тобымен кеткен жұрт тігісі сөгілмей, топырлап қайтады. Институтқа түсетіндер қадау-қадау ғана. Мұныкі де құр әурешілік болар еді. Онша қапаланбады. Тек басқа балалар сияқты тым құрмаса, үлкен қаланы көріп қайтарлық мүмкіндігі болмағанына қорланған.

Уақаспен бірге оқыған, мектепті алтын медальмен бітірген Секен дейтін жігіт: «Мен институтқа емтихансыз түсуге хақым болғанымен, еңбек жолын қаладым; арманым — ел игілігі үшін қар жастанып, мұз төсенетін жылқышы болу» деп, облыстық газетке мақала бастырды да, қолына құрық алды. Өйтіп мақтанып мақала жазарлықтай жағдайы жоқ Уақасты колхоз басшылары қойға жіберді. Аға шопан — жер жағдайы, мал күтімін жақсы білетін, егде тартып қалған адам — осы бүгін өзі үйіне түсіп отырған Қармыс еді; әкесі мархұмның нағашы жұртынан.

Қармыс жас жиенін бірден қой соңына салмады. Қыстауға шөп тасу, қи ою сияқты күш-қайрат тілейтін, екі қолын қайда қоярға білмей жүрген жігітке лайық жұмыстарға жекті. Содан соң ара-тұра, ашық, жылы күндері орнына шығарып жүрді. Онда да кеш батуын күтпей, түс ауа екі аяғы саландап шауып жетіп келетін де, Уақасты үйге қайтаратын. Қыстау оңаша. Қейде апта бойы, ай бойы ешкім қатынамайды. Бос уақыт көп. Уақас көбіне іші пысып, не істерге білмейтін. Сөйтіп жүргенде бір күні сандық түбінен Абайдың кітабын тауып алды. Баяғыда, ақынның жүз жылдық тойына арнап шығарылған бір томдық толық жинақ. Қармыс нағашысының үйіндегі бар кітап осы-ақ екен. Қолына басқа ештеңе ілінбеген Уақас оны әлденеше қайтара оқып шықты. Мектепте мұғалімдері арнайы тапсырма бергенде жаттамай, талай рет екі алып еді, енді өлеңдер өзінен өзі көкейге жазылып қалатындай. Бірер айдан соң Абай түгелге жуық жатталып бітті. Содан соң Уақастың өзі де жазуға кірісті.

Жоғарғы кластарда оқығанда қыздарға арнап екі-үш ауыз махаббат сәлемі, әзіл, қалжың жырлар шығарып жүретін. Енді өлеңге біржола берілді. Кей кездерде күнтүні сонымен ғана отыратын болды. Шалғайда жатқан малшы ауыл, қысқы айлы түн, әупілдеп үрген иттер, қора торығаң қасқырлар, мұржаны құлата жаздап, үй үстінен

аса соққан боран, қар басқан ен даладағы қым-қиғаш шимай аң іздері, оңаша жүрген жас жігіттің қыз жайлы, махаббат жайлы армандары, ұйқысыз түндер... Біреу-міреу оқиды-ау, баспасөз бетіне жарияланады-ау деп ойлаған жоқ. Көңіліне келгенді ірікпей, қалай толғанса, солай қағаз бетіне түсірді. Бұл өлеңдердің бәрінде де табиғилық, сезім шындығы бар еді. Бозбала жігіттің пәк жаны көрінетін. Бұдан соң Уақас көк кілем бүркенген кең дала, қараңғы түнде сылдыраған бұлақ басында сүйгенімен жолығысқан жігіт туралы жырлар жазды. Алдыңғыларына жетпегенімен, бұлар да сәтті шықты.

Сол жылы қыс ортасында мұз жауып, жұт болды. Колхоз малы көп шығынға ұшыраса да, қыстауы қолайлы жерге орналасқан, және әу баста алыс жайылымдарды ғана жеп, жақын маңды, тау бөктерін, ықтасын сайларды қорға сақтаған Қармыстың отары аман еді. Қыс ызғары қайтып, күн жылып, қар ери бастаған шақта ауылға орталық газеттердің бірінің тілшісі белгілі журналист Жартыбай Тауасаров келді. Бүкіл ауданды араласа да жұртшылықты елең еткізерліктей мақалаға өзек болар соны материал, таба алмаған-ды. Озаттар, орденділер бұрын да талай рет жазылған, ал жаңадан өрлеп келе жатқан ешкім көзге шалынбады. Сол өкінішін айтқанда біреулер осы Қармысқа сілтеп жіберіпті.

Қармыс малды баққан, бар қиыншылықты мойнымен көтерген осы деп, бәрін жиеніне аударды. «Қартайғанда кәрі боз жорға шығыпты» боп елді шулатпай-ақ қояйын, жазса осы қам көңіл өскен, өмірі алда тұрған жасты жазсын» деп ойлаған. Малды шын кім баққанын іші сезгенімен, тілші Қармыстың ыңғайына жығылды: баланың өмірбаяны тамаша екен, қалай толғаса да сияды; іздеп жүргені де осы тектес материал еді. Ойламаған жерден мол олжаға кенелген тілші қолма-қол қағаз, қаламын алып, әлденелерді сүйкектете, асығыс жазып, үнсіз қалған. Басын көтергенде жас шопанның да өзін ұмытып, қойнынан суырған, екі бүктелген оқушы дәптеріне төніп отырғанын көрді. Малдың есебі ме деп еді, оған ұқсамайды. Өлең болып шықты. Тілшінің өзі де бір кезде поэзиямен әуестенген еді. Әдебиетті түсінетін көзі ашық жан. Қысылғанына, қарсылық білдіргеніне қарамастан Уақастың барлық жазғандарын алып оқыды.

Тілшіге өлеңдер ұнамады. Өлең бұлай жазылмайды деді. Шығарма арқауы етуге татымайтын арзан нәрселерді күйттеп кеткенсің деді. Әр нәрсенің «бисмилла» деп басталуы, «алла-акбар» деп аяқталуы болады, сенде сонын

бірі де жоқ, көргендеріңді таңдау-талғаусыз алып, ортасынан ойып жаза бергенсің деді. Сөйлемдерің тым еркін құрылған, теңеулерің құлаққа жат естіледі деді. Ең бастысы және мені қатты ренжітіп отырғаны — осының бәрі өмірден алшақ дүниелер, бүйтіп жазу жақсылыққа бастамайды деді. Қорытып айтқанда, әлі баспасөз бетіне шығарарлықтай дәрежеге жетпегесің деді.

Тілші не айтарын білмей, қызарақтап отырып қалған Уақасты біраз жұбатты. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктеріңе қарамастан әжептәуір төселіп қалғаның байқалады деді. Ұйқастарың жақсы екен, ақын болып кетуің де мүмкін деді.

Ол үшін не істеу керектігі жайлы ақылдарын да аямады. Өзара сынға төзімді болған жөн, сен сыртқа шығарып айтпағанмен іштей мойындамай отырсың, мұның жарамсыз мінез деді. Өмірдің қайнаған ортасында жүрген адамсың, сондықтан туындыларыңа тақырыптарды да осы төңіректен алу қажет. Оқиғалы, сюжетті өлеңдер, көлемді дүниелер жаз. Мәселен, өзіңнің осы биылғы қыстағы жанқиярлық еңбегің туралы поэма жазуға болар еді, әрине, мен сөйттім деп емес, көлденең ат қойып, үшінші жақтан баяндайсың ғой. Халық ақын-жазушыларымыздан идеялық қазығы берік, жұртшылықты ерлік еңбекке баулитын, қоғам мүлкін көздің қарашығындай сақтауға үндейтін шығармалар күтеді. Осы сенімді ақтау әрбір қаламгердің қасиетті парызы.

Тілші кеткеннен соң көп ұзамай-ақ бір күні кешқұрым талайдан ат ізін салмаған ферма бастығы Мұртсыз Матай суыт келді. Күресін тазалап жүрген Уақасты көрісімен атынан домалап түсіп, бас салып құшақтап, екі бетінен кезек сүйді де, омырауын ағытып, ішкі төс қалтасынан әлденеше бүктелген бір газетті әрең суырып, аң-таң боп тұрған жігіттің қолына ұстата берді.

Уақасқа арналған «Жалынды жас» деп аталатын очерк газеттің ортаңғы екі бетінің қос етегін бірдей алып жатыр екен. Бірі сақал-мұртты, бірі көктұқылдана қырынған екі шал шайды сораптай отырып, әлденеше қайтара оқытты.

— Шіркін, жазушы болсаң осындай бол!— дейді Мұртсыз Матай басын шайқай тамсанып.— Сені тапқызған атаң Тауасардан айналайын.

— Ерім, келістірген-ақ екен,— дейді Қармыс бурыл сақалын сылап.

— Көбі өтірік,— деді ақыры, шыдай алмаған Уақас.

— Қарағым-ау, анда-мында емес, көзіттің өзіне жа-

зып отырған соң ептеп қоспаса бола ма,— деді Мұртсыз Матай.— Қазит түгіл ауданға жай ақпар бергеннің өзінде пәлен қора жөнделді, қыстау басына пәлен сентнер шөп түсірілді деп аз-маз үстемелеп жібереміз.

— Етке де тұздық құйылады. Өстіп әдемілеп суреттемесе сөздің дәмі кіре ме,— деді Қармыс та.

Уақас үндемеді. Шынында, қаламы қарпымды тілші әсем сөзді аямай төгіп, желдірмелетіп-ақ жазыпты. Оқыған жанды үйіріп әкеткендей. Уақасты ренжіткен — тілшінің шын еңбек иесі Қармыс ақсақалды мүлде атаусыз қалдырып, бар атақ-абыройды бір өзіне аудара салғаны еді. Әйткенмен, мақтауды іші теріс көрмеді.

Тілші тым арыдан қозғапты. Озат шопанның әкесі ауылды советтендіру, коллективтендіру ісіне белсене араласқан жан, осы өңірдегі тұңғыш колхоздың тұңғыш председателі, туған елімізге неміс фашистері опасыздықпен шабуыл жасағанда тіленіп майданға аттанып, Москва түбіндегі шайқаста қаһармандықпен қаза тапты; шешесі жан жолдасы әскерге кеткен соң зағиптығына қарамастан соғыстағы азаматтардың орнын басқан, сөйтіп тылда ерлік еңбек етіп жүргенде ескілікті сырқатынан қайтыс болған; өзі жетімдік көрмей, қоғамдық интернатта тәрбие алған; он жылдықты бітірісімен еңбекке бет бұрып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау жолындағы күреске белсене араласты, айтулы малшылардың өздерінің отарлары шығынға ұшырап жатқан жұт кезінде жас шопан бір тоқтысын сетінеткен жоқ, енді әрбір жүз саулықтан жүз елуден қозы алмақ... Очерктің аяғында тілші қазіргі кезде ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы керағар алшақтықтың бірте-бірте жойылып бара жатқаны туралы толғана келіп, оның айқын бір мысалы — осы сөз болып отырған шопан жігіт депті де, Уақастың қысқы дала жайлы өлеңінен екі шумақ үзінді келтіріпті. «Кім білсін, әкелер жолын алға апарушы, озат еңбегімен ел құрметіне бөленіп отырған осы ұяң да биязы, бірақ қажырлы, әрі қайратты жас жігіт қой соңында жүріп-ақ талай-талай том жазып бастырар. Озат шопан Уақасты біз осы қырынан да көргіміз келеді»,— деген сөздермен тәмамдалыпты очерк.

Тауасаров жарамсыз деп ешбір өлең алған жоқ еді, мақалаға бұл туралы да жазу ойына кейіннен келсе керек. Уақас шағын үзіндідегі кейбір сөздердің жайдақталуын, ал бір тармағының мүлде бөтендігін тілшінің жаңылғанынан деп ұқты. Әйткенмен, көлдей болып жатқан мақаладан гөрі **осы сегіз жол өлең ыстығырақ көрінген.**

Арада төрт-бес күн өтпей тағы бір күтпеген оқиға болды. Уақас республикалық әдеби журналдың бас редакторы белгілі ақыннан хат алды. Ол — журналист Жартыбай Тауасаровтың мақаласында келтірілген өлең өзіне ұнағанын, енді жас жігіттің шығармаларымен бажайлап танысқысы келетінін айтыпты. Алғашқы сыншысынан жеген таяғы әлі есінен кете қоймаған Уақас, енді одан да еңселі жанның сотына түсуден қорықты — үлкен адамның сөзін жығуға жүрегі тағы дауаламады. Екі түн ұйқысыз отырып, қыс бойы жазған барлық өлеңін қалың дәптерге әдемілеп таза көшірді де, ақын ағаның атына — Алматыға салып жіберді. Тек тілші кеткеннен соң айналасы бес күннің ішінде жазып шыққан «Алтын өңірлі жігіт» атты поэмасын ғана алып қалды. Поэмада орта мектепті алтын медальмен бітірген жігерлі жас Серік ауыр да болса құрметті еңбек жолын қалайтын да, жылқы бағатын. Бұл — сюжетті шығарма еді. Кейіпкер табиғаттың дүлей күші — асау боранмен арпалысады, қасқырлармен алысады. Ақырында бәрін де жеңіп, еңбек зейнетін көреді: омырауына екінші бір алтын медаль — еңбек ерінің орақ балғалы жұлдызын қадайды. Поэманың көркемдік дәрежесі ойдағыдай шықпағанымен, идеялық бағыты дұрыс, тәрбиелік мәні зор еді. Басуға әбден жарайтын. Бірақ қырсыққа қарай шығарма кейіпкерінің прототипі — өзінің кластас досы Секен жылқышының ауыр тұрмысына көндіге алмай, қыстыгүні қалада тұратын инженер ағасының үйіне қашып кетіпті. Уақас мұны дастан жазылып біткен соң бір-ақ естіді. Еңбегінің зая болғанына өкінгенмен, поэмасын жыртып тастай алмады. Мүмкін, Секен өзінің қатесін түсініп, қайтып келер деп ойлаған. Және бірталай тер төккен көлемді дүниесін қимаған еді.

Журнал редакторының сараң сөзбен қысқа жазылған келесі хатынан соң Уақастың өмірі жаңа арнаға түсті. Редактор өзі оқыған шығармалардың ақындық таза сезімнің жемісі екенін, көптеген туындыларда жұртта жоқ жаңалеп, сонылық барын, олардың таңдаулылары журналдың жақындағы сандарының біріне басылатынын хабарлапты; сонымен қатар Уақас өлеңдерінде тәжірибесіздіктен, балаңдықтан кеткен көптеген кемшіліктер ұшырасатынын, қас қаламгер болу үшін талмай іздену, тынымсыз еңбектену қажетін баса айтып, жас ақынның Алматыға, журнал редакциясына келіп қайтуын сұрапты.

Бұл кезде мал жайлауға шыққан еді. Қармыс ескілікті сырқаты — бруцеллез дендеп, ауруханаға жатып қалған. Малдан асқан бас көтерер әйел-еркек тегіс жемшөп

жинауға бөлінген. Қолхоз басшылары бүгін-ертең Қармыс ақсақал да жазылып қалар, сәл сабыр ет деп астыүстіне түсіп, жікжапар болысты. Ақыры, әні-мінімен жүргенде жаз өтті, күз түсті, ел қыстауға қонды. Орнына мектепті биыл бітірген екінші бір жас жігіт келген Уақас алдындағы малдан осы кезде әрең құтылды. Сол күні-ақ колхоз орталығына жетіп, өзіне тиесілі тиын-тебенін алып, ағайын-туғанмен қоштасты да,— туған аулынан біржола кетіп бара жатқанын іштей сезінген еді,— құрылыс материалдарын әкелуге жіберілген жүк машиналарының біріне жабысып, екі жүз шақырымдай жердегі теміржол станциясына жол тартты.

Вокзал басында қуанышты хабар күтіп тұр екен. Қиоскіден ауылға үнемі кешігіп келетін журналдың соңғы санын алған еді, бірінші бетін ашып жібергенде Уақасқа жер үстіне нұр шашылғандай көрінді. Буын-буыны дірілдеп, қолы қалтырап кетті, өз көзіне өзі сенбеді. Қайтақайта оқиды: «Уақас Жалбағаев. Шопан даусы». Ірі әріптермен теріліпті. Баяғыда тілші түсіріп әкеткен, пұшпақ бөрік, шидем шекпенмен отырған суреті қоса басылған. Журнал редакциясы шағын кіріспе сөз беріп, Уақас Жалбағаевтың орта мектепті бітірген соң өзі тіленіп мал шаруашылығына барғанын, тез арада-ақ республикадағы озат шопандар қатарына қосылып, ел сүйіспеншілігіне бөленгенін, жалынды жастың қойшының ақ таяғы мен автоқаламды қоса ұстап, жұмыс күнін атқарып келген соң кешкілікте үнемі өлең жазып стол басында отыратынын, еңбекте үлгі, өнерде озат азамат дәрежесіне жеткенін көркем тілмен баяндап шығыпты. Таныстыру соңында оқырмандар назарына ұсынылып отырған өлеңдер Уақастың тырнақалды туындылары ғана екені ескертіліп, жас ақынның болашағы үлкен үміт күттіретіні атап айтылыпты.

Поезд астанаға үлкен мейрам қарсаңындағы кеште жетті. Алматы билеп тұр екен. Қызыл, жасыл, көкала оттар. Музыка. Көше толы халық. Шолақ көйлекті, шаштары қиылған қыздар, тар балақ шалбар, қызыл жейде киген, мойындарына галстук орнына бәтеңкенің бауы тәрізді ызылған жіп таққан жігіттер. Бәрі де оғаш, бәрі де қызық. Вокзалдан шыққан беті кең проспектімен жоғары өрлеген Уақас әлі толық салынып бітпеген үкімет үйінің алдына көбірек бөгеліп қалды. Ашық, кең аланда би болып жатыр екен. Фокстроттың өзін шала білетін Уақасқа астана жастарының биі шек қатырардай күлкілі, әрі тым әдепсіз көрінді. Әйткенмен, бұл арада көп тұра беруге үстіндегі киімінен ұялды. Ауылдағы магазиннен костюм табыла ма,

өзінің күз бойы малға киілген, қалың, түкті, қарапайым матадан тігілген, «лыжный» деп аталатын шалбар, кеудешесімен жүре берген.

Бар білген орысшасымен әркімнен сұрастыра келе, ақыры іздеген үйін тапты. Есік ашқан Секен Уақасты көргенде бір сәт селтиіп тұрып қалды да, кенет құшақтай алып, өксіп жылап жіберді. Ауылды сағыныпты. Әке-шешесін сағыныпты. Оның үстіне биыл жоғарғы оқу орындарына қабылдау ережесі өзгеріп, орта мектепті медальмен бітіргендер жұрт қатарлы емтихан тапсыратын болыпты да, бір сабақтан төрт алған Секен конкурстан өтпей қалыпты. Уақас досының мұндай сәтсіздікке ұшырағанына шын көңілімен қынжылса да, оның ауылға қайтып кетпегеніне, бейтаныс, жат жерде жолдас табылғанына қатты қуанды. Уақастың өлеңдерін оқып,— журналдың бір санын Секен де сатып алған екен,— мектепте өткен қызық күндерді, бірге бітірген балалардың қайсысы қайда жүргенін айтысып, екеуі таң атқанша әңгімелерін тауыса алмады.

Журнал редакциясы шопан ақынды жылы жүз, ыстық ықыласпен қарсы алды. Бұл кезде екі-үш газет бетінде Уақас өлеңдері жайлы арнайы мақалалар да жарияланып үлгерген екен. Өзінің солақайлығымен даңқы шыққан, ақын жазушылар арасында Ұр Тоқпақ атанған бір жас сыншы бұл жолы табиғатына мүлде жат мінез танытып, Уақасты көкке көтере мақтапты. «Талантты бағалай білген ләзім,— деп жазыпты ол.— Пушкин, Лермонтовтар он жеті-он сегіз жастарында-ақ ғажайып жырлар туындатып, өздерінің ұлылығын әйгілегені белгілі. Мүмкін бұл сөзді кейбіреулер өз замандасымызға қимас. «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» кім өзі, аяғы аспаннан салбырап түсіп пе»,— дер. Бірақ таң мезгілі жеткенде ешкім де күнді шығармай ұстап тұра алмайды. Көкейіміздегіні бүкпей, турасын айтайық: әдебиетімізге болашақта үлкен істер тындыратын, бойына сирек талант дарыған жас келді. Оның аты — Уақас Жалбағаев!» Ал екінші газетте басылған мақала жас ақынның қарапайым халық ортасынан шыққан еңбек адамы екеніне айрықша назар аудара келіп, Ұр Тоқпақтай лепірте дәріптемегенімен, шопан жырларына жоғары баға беріпті.

Жұрттың өзіне деген сый-сияпатқа толы қарым-қатынасынан, баспасөз бетіндегі осындай мақалалардан Уақастың басы айналып, есі шығып кетті. Өңі емес, түсі сияқты. Биікте, ақшарбы бұлттардан да жоғарыда, көк күмбез астында қалықтап ұшып жүргендей. Кей кездерде көкірегін қуаныш кернеп, жылағасы келетін.

Келер жылы баспадан әсем көркемделген, көлемі төрт баспа табақ «Шәй, шәй, қойым!» атты тұңғыш кітабы шықты. Оған жұртшылыққа таныс өлеңдермен қатар жинақ редакторының тілегі бойынша жазылған, идиллияға, романтикаға толы шопан өмірі жайлы цикл жырлар, «Әке өсиеті» атты ұзақ толғау және «Алтын өңірлі жігіт» енгізілген еді. Поэманың алғашқы нұсқасынан айырмашылығы: бас кейіпкер әу баста бел шешпей үнемі ат үстінде жүретін ауыр тұрмысқа шыдай алмай, үйіне қашып кетеді; бірақ комсомол ұйымында, жолдас-жоралар арасында талқыға салынғаннан соң қателігін түсініп, қарына құрық қыстырып, қайтадан атқа қонады, сөйтіп, табиғаттың стихиялы күштерін ғана емес, өз бойындағы қалыптасып қалған ақсаусақтық, жігерсіздік сияқты жарамсыз мінездерді де жеңіп шығады. Бұл қосымша — дастанның сюжет желісін ширықтырып, құнын арттыра түскен еді.

Мадақ сөздерге, қошаметке бойы үйреніп қалған Уақас жинағының көкке көтере дәріптелетініне құманданбаған. Алайда, бәрі басқаша болып шықты. Талантты, құдіретті деп көп мақталған жас ақыннан ерекше дүние күткен жұртшылық «Шәй, шәй, қойым!» көңіл ауқымынан табылмағанын жасырмады. Редакцияларға әр тараптан «сенген қойларың осы болса...» деген тәрізді хаттар түсті. Ниеттері түзу сыншылардың өзі сырт айналғандай. Рас, өтірігі белгісіз, Уақастың құлағына Ұр Тоқпақ енді жинақты біржола талқандайтын мақала жазып жатыр-мыс деген сыбыс жетті. Ақыры, екі-үш солғын рецензия шықты. Бір сыншы кітапқа енген туындылардың көбінің көркемдік дәрежесі төмен, ақын жалаң ұран қуып кете берген, өмірде кездесетін қиыншылықтардың бәрін оңайлатып, жайдақтатып жіберген, соның нәтижесінде кейіпкерлері көздеген мақсаттарына оп-оңай жетіп жатады деп жазса, екіншісі жас ақын көбіне өлең өрнегін әсемдеп тоқимын деп шығармаларының идеялық қазығын әлсіретіп алады, мұның кесірі жақсы ойланған «Алтын өңірлі жігіт» атты поэмаға да тиіпті, поэмада жас жылқышы бәріне өз бетімен жететін сияқты, аға ұрпақтың басшылық ролі көрінбей қалған депті. Үшінші сыншы он жылдықты үздік бітіргендерге берілетін медаль сөлкебай түрінде болады, автор айтқандай омырауға тағуға келмейді, бұл — жас ақынның өмірді әлі жете білмейтінін аңғартады деп жазыпты; әйткенмен жинақтағы «Шопанның бір күні» атты цикл өлеңдер мен алдыңғы буын — ата-аналар өмірінен үлгі алуға шақырған «Әке өсиеті» атты толғау поэма жоғары бағаланған екен. Сыншыларының қайсысының пікірін қабылдарын білмей

Уақастың басы қатты. Көңілге медеу еткені — сүйекке батыра айтылған сындары бола тұра, рецензиялардың барлығының да: «осындай кемшіліктеріне қарамастан жинақ жас ақынның табысы деп бағалануға тиіс»,— деген қорытындыға тірелетіні еді.

Әйткенмен, Уақас ең үлкен соққыны жыл қортындысына арналған жиналыста алды. Поэзия жөніндегі баяндамашы Ұр Тоқпақ жас ақындар творчествосына тоқталардан бұрын кейбір жолдастардың жастарға қамқорлық деген сөзді қате түсінетінін, ондайлардың өлеңге аз-маз икемі бар жігіттерді мезгілі жетпей орынды, орынсыз мақтап, ақыры бұзатынын, сөйтіп әдебиетке, ортақ мүддеге өлшеусіз зиян жасайтынын күйіне айтып, осының мысалы ретінде Уақастың атын атады. Сипай соға, емексіте келіп жинақтан түк қалдырмады. Бұдан соң сөйлегендер де тым қатты кетпегенімен, осы төңіректен табылды. Уақас жаурыны қушиып, желке шашы үрпиіп, жер сүзіп отыр еді, мінбеге журнал редакторы шықты. Өзіне қамқорлық жасап, жырақтағы ауылдан астанаға сүйреп әкелген ақын ағасы — Уақастың ең соңғы үміті еді. Ол үміт жартылай ғана ақталды. Ақын аға Уақасқа айтылған сындардың көбіне тойтарыс берді, Ұр Тоқпақты улы тілмен шенеп, мүлде орнынан тұрмастай етті, алайда осыдан соң өзі де Уақастың атына көптеген сын пікірлер айтты. Жас ақында ізденіс жоғына, білімнің аздығына баса назар аударды. Қабылетті екені даусыз, тек өзін өзі тәрбиелеуі, өзіне үнемі сын көзімен қарауы қажет деп аяқтады сөзін.

Алматыға келгеннен соң екі-үш айдан кейін Уақас жастар газетіне қызметке орналасқан. Әріптестері — журналистика факультетін жаңа ғана бітірген немесе соңғы курсқа көшкен соң орналасып алған өрімдей жігіттер, ақсақал есептелетіндерінің өзінің жасы жиырма бестің о жоқ, бұ жағында. Уақас бұлармен етене араласып, жұғысып кете алмады. Газетте ауызға іліне бастаған талапкер ақын, жазушы жігіттер де бар еді, олар әу баста аты дабыралы, он тоғызға жаңа жеткен балаға қорғалақтай қараса, таныса, білісе келгеннен соң жиреніш сезімдерін жасырмады. Газет қызметкерлерінің дені профессионал журналистер-тін: бөлмедегі жұрттың тығыздығына, у-шуға, кіріп-шығып жатқан адамдарға назар аудармастан құлаштай-құлаштай мақалалар жаза береді, кейде, тіпті, қаламды қоя салып, бір жапырақ қағазға түртілген бес-алты цифрға қарап отырған бойлары газеттің тұтас бір бетін алатын ұзақ очерктердің өзін машинкаға бөгеліссіз, ауызша айтып жаздырады да, үстінен көз жүгіртіп шығып, те-

руге жібере береді. Мұндай ортада жұмыс істеу Уақасқа қиынға соқты.

Алғашқы бетте одан ешкім де көлемді очерктер, әдемі суреттемелер тілеген жоқ, үйренесің ғой, әзірге қалауың білсін дескен. Бірақ өзі істейтін ауыл шаруашылығы бөлімі бойынша күніне газеттің кезекті санына екі-үш жүз жол материал дайындап беру қажет. Уақастың жер-жерден келген хаттардың, мақалалардың ішінен іріктеп алып ұсынған дүниелері түгел дерлік жарамсыз болып шықты; тілін өңдеу, артық жерлерін сылып, кем жерлеріне қосу — газет тілімен айтқанда қорыту қажет көрінеді, және бұл — ағымдағы жұмыстардың ішіндегі ең жеңілі саналады екен. Уақасқа осының өзі оңайға түспеді. Дайындаған материалдарының тең жарымынан артығы не редактордың, не оның орынбасарының немесе жауапты секретарьдың алдынан қайтып жататын. Журналистикаға икемі жоғы, газетте, газет болғанда дәл осы газетте істей алмайтыны анық еді. Бірақ әуелде әрі қызметке жаңа алынған жас жігіт, әрі қарапайым шопандар қатарынан көтерілген талантты ақын болғандықтан жұмыстан шығарып жіберудің реті келмеді, ал келер жылы ол редакцияда орнығып қалған адамдардың есебіне қосылды да, қызметтен босату қиынға айналды. Оның үстіне Уақас бұл кезде университеттің журналистика факультетіне сырттан оқуға түскен,— стационарға тапсыруға батылы бармаған, әрі жалаң стипендиямен күн көре алмаспын деп қорыққан-ды,— газет жұмысына да аз-маз машықтанып қалған. Жүз-жүз елу жол хабарламалар, екі жүз-үш жүз жолдық суреттемелер жариялата бастаған. Бірер рет командировкаға шығып, көлемді очерк те жазып келді; редактор өзіне қайтарып беріп, үстінен жөндетіп, бірталай бейнетке салғанымен, ақыры басуға рұхсат деп қол қойды. Әйткенмен, өзінің бөлім бастығы айтқандай, Уақастың әріптестері алдындағы беделі газеттің жұртшылық алдындағы беделіне кері пропорционал еді.

Айтарлықтай ештеңе бітірмесе де күн ұзаққа редакцияда отыратын Уақас кешке пәтеріне келгенде сұлап түсетін. Шаршағанына қарамастан газеттің кезекті санына шұғыл баруға тиісті мақаласын жазады, немесе шұқылап, алда тапсырылуға тиіс емтихан сабағын оқиды. Өлеңнің аулы алыстай берді. Бұрынғыдай өзінен-өзі келіп, еркін құйылмайды. Кейде өлең шығарайын деп әдейі отырғанда таң атқанша өңі солғын екі-үш шумақты әрең құрастыратын.

Бұрынғы жазғандарының қайсысы жақсы, қайсысы

жаман екенін өзі де білмейді. Бұдан ары қалай жазу керегі мүлде қараңғы. Тек журнал редакторы — аузы дуалы ақын ағасы айтқан әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерін бажайлап оқу қажет деген сөз ғана жадында қалыпты. Уақыт тауып оқи бастады. Алғаш қолына ілінген — Пабло Неруда мен Уолт Уитмен еді; жазу тәсілі жат, ой жүйесі күрделі ақындарды нешеме қайтара оқыса да толық түсіне алмады. Әйткенмен, оған Уитменнің сөз қолданысы, Неруданың бұзып-жарып еркін сілтейтіні ұнады. Екеуінің де мәнері ақ өлең аталады екен. Біліктілігін, әлем поэзиясынан жақсы хабардарлығын танытпақ болған Уақас ақ өлең үлгісімен «XXI ғасырға сәлем» атты поэма жазып шықты. Өз ойынша, бұл — бұрын қазақ әдебиетінде болмаған соны дүние еді. Ақын космос кемелерін ұшырып, көк жүзін тілгілеген, өзіне ай мен күнді табындырған Адамзаттың құдырет-күшін мадақтай келіп, бүкіл әлемге, осы ғажайып заманды көре алмай кеткен қадым заман адамдарына жар салатын, өзі әлдеқайдан атын естіген ренессанс дәуірі суретшілерінің, университетте зачет тапсыру кезінде жадында қалған көне грек, рим ақындарының аттарын атап, XX ғасырда әлем қандай түрге енді, оянындар, тұрыңдар, көріңдер деп толғанатын. Бұдан ары ақын өз замандастарына арнап жырлайтын. Екпінге, пафоска толы поэманың үшінші — соңғы бөлімі XXI ғасырда дүниеге келмек ұрпақтарға аманат, өсиет ретінде айтылатын.

Баспасөз бетінде жарыққа шығысымен-ақ поэма сәтсіз дүние деп бағаланды. Бір қисайса сол бетімен кететін Ұр Тоқпақ «Құр айғай бақырған...» атты мақала жазып, Уақасты поэзияның әліппесінен бейхабар жан деп жариялады, тіпті, оның надандығына мысал ретінде көне дәуір ақын, суретшілерінің есімдерін дұрыс жаза алмағанына дейін тізіп көрсетіпті. Сойқанды жерден аулақ жүретін, егде тартқан, сақ, әрі салмақты екінші бір сыншы «Ниет пен нәтиже» атты мақаласында жас ақынның көңілі адал, идеялық бағдары түзу болғанымен, жауапты тақырыпты меңгеруге қаламгерлік тәжрибесі жетпей қалғанын, сондықтан жекелеген сәтті шумақтар ұшырасқанымен, тұтастай алғанда шығарма оқушысын қанағаттандырмайтынын айта келіп поэманың түр ерекшеліктеріне тоқталыпты да, «бұл — ақ өлең емес, формализмге ден қойғандық; өзінің үлкен ақындық қабылетімен танылған дарынды жастың мұндай теріс ықпалға берілуі көңілде мазасыздық сезімін туғызады»,— деп қайырыпты. Осы сөздер көп жұрттың тіліне тиек болып кетті. Формализм дегеннің не

екенін білмейтін Уақас формалист деп жарияланды. Поэзияның қазіргі күйі, бағыт-бағдары, көркемдік ізденістер жайлы сөз қозғалғанда сәтсіздіктің, шалыс басылған қадамның мысалы ретінде үнемді дерлік «XXI ғасырға сәлем» аталатын. Бұл сындар Уақастың өлеңмен біржола қоштасуына себеп болғанымен, оның ақындық даңқын көтере түскен еді. Біреулер қалай көзге шалыну қажетін білетін жырынды журналист поэманы «Атың шықпаса жер өрте» деген қулықпен жазды деп ойласа, екінші біреулер «Сүрінбес тұяқ жоқ», бұл — талантты жастың іздену жолындағы жаңылыс эксперименті деп ұқты. Осының бәрі жұртшылықты әдебиетке бір үлкен ақын келе жатыр деген сенімге тіреген.

Уақыт жылжып өте берді. Уақас үйленді, бала-шағалы болды; Тастақта, Горный гигантта, Малая станицада бірде қазақтың, бірде ұйғырдың, бірде орыстың үйінде пәтерлеп алты-жеті жыл жүріп, ақыры үй алды; орта есеппен әрбір екі курста үш жылдан отырып, бейнетпен университетті бітірді; «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады» деген, жарғақ құлағы жастыққа тимей талаптанып, еңбектеніп жүріп, даңқы болмағанмен, әжептәуір аты бар құбатөбел журналистердің санатына қосылды. Бірақ газет жұмысы да қажытқан еді. Бұрын бірге істеген жігіттер тегіс басқа жақтарға ауысып, жастар газетіндегі жалғыз шал — отызға келген өзі болып қалды. Ақыры, әр жердегі тамыр-таныс, дос-жарандарды сағалап жүріп, бейнеті аз, еңбекақысы тәуір қызметке ауысты. Өлеңнен мүлде қол үзгенімен, әртүрлі әдеби жиындарда, баспасөз бетіндегі шолу мақалаларда өсіп келе жатқан қабылетті жас ақын Уақас Жалбағаевтың да есімі аталып тұратын. Жұртшылық оның көпке ұнаған алғашқы өлеңдерін де, ешкімге ұнамаған «XXI ғасырға сәлем» атты поэмасын да ұмытпаған еді. Тыныш жерге барған соң кәрі жыны есіне түсіп, өлең жазуды ойлаған, бірақ ештеңе өндіре алмаған Уақас өткен жинағына сыймай қалған жырларын, әр кезде белгілі ақын-жазушылардың тойларына, үлкен мейрам, елеулі оқиғаларға арнап шығарған дүниелерін құрастырып, баспаға тапсырды. Алғашқы жинағы жарияланғаннан бері тоғыз жыл өткенін, тағы бір кітап шығаратын уағы жеткенін, оның ішінде әлгі сәтсіз поэма болмайтынын айтып тиісті жерлерге барды. Сөйтіп, баспаның алдағы жылғы жоспарына енгізді. Жоспар бекіген соң көп ұзамай жинақ өндіріске кетті де, аванска біраз тиын-тебен алған Уақас кезекті демалысына шығысымен он жылдан бері талай

мүмкіндік болса да жүздеспеген ағайын, туғандарды, кіндік кескен жұртты көріп қайтпақ оймен қасына әйелін, екі ұлын ертіп, ауылға бет түзеген еді.

Тәжрибелі журналистің көреген көзі алғашқы күніақ бәрін байқады: туған аулы мүлде өзгерген екен, өлшеусіз өскен екен. Озат техникамен қарулану толықтай дерлік жүзеге асқан, халықтың әл-ауқаты артқан. Ауылшаруашылық машиналарының құлағына отырған механизаторлардың дені сегіз, немесе он жылдық білім алған жастар... Бір сөзбен айтқанда, жазатын материал жеткілікті. Уақас кейбіреулерін ойша долбарлап та қойды.

Түні бойы іргеден самал есіп тұрады. Жаңа шабылған көк шөп исі келеді. Уақас тұяқ серіппей қатып қалатын. Тек таң қылаң бере дәл құлақ түбінен бірнеше трактор қатарынан үздік-создық быт-быттап, қақалып-шашалып тырылдай жөнелгенде амалсыз оянады. Жазылмақ очерктердің бірінің алғашқы жолдары ойға оралады: «Тракторшы жігіттер темір тұлпарларын баптауға кірісті. Су жаңа «Беларусь» осы жалпақ даланың жалғыз иесі менмін дегендей...» Ұйқылы-ояу біраз дөңбекшіп жатып әрең көз іледі. Сәскеге дейін ұйықтайды. Тұрған бетте шелпек, бауырсақ пен шай, ұлы сәске кезінде қымыз бен сүр ет, түсте қуырдақ пен шай, бесін әлетінде қымыз, кешке тағы ет, жатарда қымыз... Бүгін бір ағайын, ертең екінші ағайын дәмге шақырады. Алыстағы шөпші ауылға автодүкен сирек келетінін, арақтары жоғын қысыла-қымтырыла айтып, қайта-қайта кешірім сұрайды. Содан соң бар мәзіріміз осы, қайтейік, жоққа жүйрік жетпейді, ұяттымыз деп дастархан жасайды. Үй иесінің қомсынып отырған дастарханының өзі көлдей. Неткен молшылық! Уақас өзі де байқамай, семьясымен күніне неше сомның тамағын ішіп жүргенін ойша есептеп көріп еді, шошып кетті. Қалада мұндай мол дүниенің қолға тегін түсе бермейтінін білетін әйелі мен екі баласы да мүмкіндігінше көбірек қарбып қалайық деп іштей келіскендей. Тәбеттері жақсы. Он шақты күн өтер-өтпестен-ақ Уақас көзінің алды үнемі көгеріп тұратын, бет сүйектері шығыңқы, қабығы сыдырылмаған қу таяқтай қатқан келіншегінің бет-аузы дөңгеленіп, мықыны толыса бастағанын, тіпті, өңі де ағаруға айналғанын, ал мойындары ырғайдай, болбыр екі ұлының көздері жайнап, елгезектеніп кеткенін аңғарды. Іштей қысылып қалған. Дастархан басына адам көбірек тоғысқан жолдары бір-екі рет сөз арасында:

— Сіздер Алматы дейсіздер, астана дейсіздер. Тілеген нәрсесін алатын магазині қасында, от жағып, су әкелем

демейді, бәрі үй ішінде — шаһарда тұрған адам ғой, дүниенің рахатын көріп жүрген дейсіздер. Бәрі де жөн. Бірақ кең далада өскен біздің қазақ баласы аяқ басатын бос жері жоқ, үйлері самсаған, халқы құжынаған қаланы жерсінбейді. Мінеки, мені көрмейсіздер ме, ауылға келген соң бірер жетінің ішінде-ақ семіріп, торалып қалғанымды,— деп, өзі де күліп, жұртты да күлдіріп алған соң ғана көңілі жайланды.

Тынымсыз іше беру, күйсеп жей беру де жалықтырады екен. Уақас әйелін, балаларын ертіп, үй іргесіндегі төбешіктердің басына шығып қайтып жүрді. Ақсақалдардың бірі осы ауыл сағасында отырған таудың ішінде жар тастардың жайпақ беттеріне қашап салынған адам бейнелері, арқар, киік, бұғылардың суреттері, арабша да, орысша да емес, белгісіз таңбалы жазулар бар деген еді, таба алмады. Шынында, бой салып іздемеген — тастан тасқа шығып, бос арамтер болуға зауқы да соқпаған еді. Көңіл көтеретін киносы, ресторапы жоқ, көпшілік серуендейтін сквер, парктері жоқ ауыл енді Уақастың ішін пыстыра бастады. Оны үй иесі Қармыс та аңғарыпты.

— Уақасжан-ау, саржамбас боп жата бересің бе,— деді бірде кешқұрым жұмыстан келген соң.— Қолыңа мылтық алып, бой жазбаймысың. Рас енді, аяқ артар көлік жоқ — тегіс жұмысқа жегілген. Тіпті, ат болған күнде де жаяу шыққаның мақұл. Қазір күн ыстықта сайсайда тобылғы, қараған түбіне үйездеп арқарлар тұрады. Қоян да қалың. Бірлі-жарым дуадақ, құр кездеседі. Ештеңе атпасаң да жүріп қайт. Міне, маликалабыр мылтық, үш-төрт қорап оғы бар. Аң аулаймысың, құзғын, қарға атамысың, нысана тігіп ермек етемісің — өзің біл.

Бұл сөзді мақұл көрген Уақас ертеңіне таңертең ащы қуырдақ жеп, қымыз ішіп сылқия тойып алған соң, кіші калибрлі винтовканы иығына іле сала ауылдан шығып кетті.

Аяғындағы үшкіл тұмсық, су жаңа, қоңыр югослав туфлиін тас шекіп кете ме, қыры пышақтай сұр шалбарының балағына тікен, ошаған жабыса ма деп, әр қадамын аңдап басып, қамсыз келе жатқан. Ауылдан да ұзаған жоқ-ты: шашырай тігілген киіз үйлер қырқа астында көзден тасаланғанымен, сол тұста, биікте әлі еркін сейіліп кете қоймаған көкбуалдыр түтін көрінеді. Біріне бірі мінгесе біткен төбешіктердің ішінде мойны озыңқы тұрған шоқыдан аса бергені сол еді, кенет дәл алдынан сатыр-сұтыр дыбыс естілді. Селк ете түскен Уақас келесі сәтте ғана көрді: қарсы бетте жер түстес үлкен қоңыр

арқар кетіп барады екен. Сайды құлдай аз қашты да, шоқыға ұштасатын жал биіктердің біріне шығып, ойқастай қарап тұра қалды. Уақас жаңа аңғарды: құлжа емес, ешкі екен, қасында егіз лағы бар. Мылтығын кезене берген еді, арқар асықпай бұрылып, сылбыр қимылмен текіректей шауып, төбеден асып кетті. Уақас қарауылға алып үлгермеді.

Қорбаңдай жүгіріп, жаңа ғана арқар бөгелген жерге жетті. Ештеңе де көрінбейді. Ешкі де, оның соңына ерген екі лақ та зым-зия жоғалған. Әлі құрыған Уақас жайпақ тас үстіне отыра кетті. Болмашы жүгіргенге алқынып қапты: қос өкпесі қысып, басы айналып қоя берді, екі-үш рет лоқсып алды. «Денсаулықтан айрыла бастаған екем»,— деген ой келді көңіліне.

Терістіктен қоңыр леп есіп тұр екен. Уақас ақ нейлон көйлегінің түймелерін ағытып, көкірегін тосты. Самал жел өн бойын еркелете сипап, сергітіп тастады. Салқындап, рахаттанып қалды.

Ес жиған соң жан-жағына қарады. Таяу маң — аралары енді, енсіз сайлармен тілгіленген үлкенді-кішілі қырқа, төбелер. Ойпаңдағы көкжасыл шөп өңі солғындай береді де, төбе баурайына жеткенде ақшыл сұр түске енеді екен, ал ол биікке өрлеген сайын күлгін тартып барып, қарақоңырға айналады. Уақас қай шамада қай шөп өсетінін есіне түсірді: шалғын, қияқ, көде, жусан; тау басы жалаң қара тас.

Белестерден ары, алыста күн қақтаған сары жазық көрінеді. Бұдан елу, алпыс жыл бұрын бір атақты бидің,— есімі жадында жоқ,— асында осы жазықта бәйге өткізіліпті. Жүз жетпіс төрт ат шауыпты, оның отызына жүлде тігіліпті... Осы өңірде өткен ең соңғы ас еді деседі ақсақалдар. Күрес, жамбы ату, теңге алу, көкпар, бәйге... Жүз жетпіс төрт ат... екі жүз ат... үш жүз ат... Мың сан тұяқтан көтерілген шаң... Пай, пай! Міне, шынында да жазықтың дәл орта тұсынан шаң шықты. Бәйгеге қосылған аттар емес, әрине. Құйын ғой. Мүмкін, ауып бара жатқан бір табын бөкен шығар. Жоқ, үйіріле соғып, көкке көтерілді, құйын екен.

Кең жазықтың бір жақ ұшы қоңыр күлгін тарта қалды. Сары сорғыштың бетіне төгіліп, бірте-бірте жайылған сиядай шеттен ортаға қарай тұтаса, баяу жылжып келеді. Сәлден соң бұлт көлеңкесі жазықты түгелге жақын басты. Әріректе аспан мен жердің арасына көк жолақ торғын перде тартылыпты. Найзағай жарқылдайды. Өте әлсіз. Шақпақ шаққан кезде шығатын ұшқындай

ғана. Бұдан әлденеше жыл бұрын Секен жазған «Жаңбыр» атты өлең есіне түскен Уақас өзінен өзі күліп жіберді.

«Шай, шай қойым!» баспадан шығар қарсаңда міндетті әскер қатарына аттанып бара жатқан Секен,— жазда ол негізгі сабақтардың бәрінен төрт алып, тағы да конкурстан өтпей қалған,— өзін аға, жеңгесімен бірге вокзалға шығарып салған Уақастың қолына тері тысты қалың дәптер ұсынған. «Өлеңдер,— деген ол аянышты түрмен жымиып.— Сенің әсеріңмен жаздым. Жараса газетіңе барарсың». Уақас үйге келген соң дәптерді ашқан бетінде-ақ күлкіден бүктетіліп түскен. Сонда ерекше есінде қалған өлеңдердің бірі осы «Жаңбыр» еді. Жинағы сыналған кеңестен соң өзіне қамқор ақын ағасы Уақасты үйіне ертіп апарған да, табиғи талант, оны өсіру, тәрбиелеу төңірегінде әңгімелей отырып, әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерін зерттеп оқу, әдебиет қана емес, философия, тарих сияқты қоғамдық ғылымдардан да жақсы хабардар болу қажеті туралы айтқан. Қазіргі заманда оқусыз, ізденіссіз тәуір нәрсе жазуға талпыну бос әуресілік деген. Уақас бұл пікірмен келісе қоймаған және онысын жасырмаған да. Мектепті өзімен бірге бітірген, әдебиеттен де, тарихтан да, тіпті, физика мен математикадан да кілең беспен өтіп, алтын медаль алған бір жігіттің өлең жазуға талап еткенін хикаялап, соның нәтижесі ретінде осы «Жаңбырды» оқып берген. Әр шумақтан соң пауза жасай отырып, қайтер екен деп сынай қарап оқыған. Ақын аға бұл күткендей күлмеді. Тек алғашқы:

Қара бұлт үйіліп,
Төбемізден төндің сен,
Жарқыраған жалғыз күн
Сол уақытта сөндің сен,—

деген жолдарда ғана жымиған. Қайта оқытқан. «Жарқыраған жалғыз күн!» деп басын шайқаған. Талапкер бұдан соңғы шумақтарда алдымен күн күркіреп, найзағай ойнағанын, содан соң жаңбырдың өзі жауғанын, далада жүрген жұрттың бәрінің үсті су болғанын хабарлай келе, өлеңін:

Осы жолғы жауған жауын
Айтарлықтай қатты болды,—

деген сөздермен тәмамдайтын. Ақын аға ойланып сәл отырған соң: «Әрине, «Ерінбеген етікші болады» деген нақылдың көркемөнерге қатысы жоқ,— деген, қабағының

арасы жиырыла қалып.— Досың — ақындықтан махрум жан. Бұл — анық. Бірақ балалық мінезден арылмаған аңғал жігіттің бойында бір жақсы қасиет бар екен: көргенін, сезінгенін табиғи қалпында жеткізуге тырысады. Пәк, адал...— ақын аға жымиған.— Жақсы азамат болып шығар деп ойлаймын».

Өлеңнің соңғы жолдары есіне түскен Уақас күле бере тоқтады. Таяу маңда қаз қаңқылдаған тәрізді. «Таулы жерде адасып жүрген неткен қаз!»— деп мырс етті ол, өз құлағына өзі сенбей. Әйткенмен, демін тарта, қыбырсыз тыңдай қалды. Бірдеңе ызылдайды. Уақас отырған тас түбін жанамалай өскен түп құрай екен, жел лебімен ыңырсып жылап тұрған. Әлдеқайдан шөп машинаның қақала-шашала тырылдаған даусы естілді. Ұзамай ол да тына қалды. Тастардың қуысына соғылып, гуілдеген жел үні ғана келеді.

Мылтық ұстаған қолымен жер тірей орнынан көтеріле берген еді, бытырай шашылған құмалақтарды көрді. Қойдыкінен ірі, әрі сопақша. Арқар құмалағы. Кебуге айналыпты. Жаңағы егіз қозылы ешкіден қалған жалғыз белгі. Уақас еңкейіп, ұстай берді де, жерге қайта тастай салды. Қолым былғанар деген. Содан соң өзінің баяғыда мал бағып жүргенде осылай тыныс алып, отыра қалса Қармыс ақсақалдан көрген әдетімен ермек үшін арқар құмалағынан, немесе қой құмалағынан бал ашатыны, онысын көбіне мектепте өзінен төменгі класта оқыған бір қызға арнайтыны есіне түсіп, болмашы жымиды. Жотаны құлдай төмен беттеді.

Кенет аяғының басына көзі түсті де қалт тұра қалды. Отыз бес сомдық туфлиінің екеуінің де тұмсығы адам көргісіз. Тас сыдырған. Бірінің ұшында ұзыншақ ақ жолақ пайда болса, екіншісінің басындағы бармақтай жердің терісі жалбырап, түскелі тұр. Осындай үлкенді-кішілі таңба өкше жақтан да көрінеді. Қалада киюге жарамайтыны хақ. Іші ашып кетті. Арқардың соңынан жүгіріп несі бар еді. Енді үстіндегі киімдеріне бажайлап қарады. Көйлек аман, әрине. Шалбар... Арты былғанып қапты. Құс саңғырығы. Қағып, тырнап байқап еді, тазара қоймады. Тізе жағына да бал сияқты жабысқақ бірдеңе жұғыпты. Құрайдың, не сасырдың шайыры. Бұл жалғанда кетпейді. «Тфу, черт!»— деді ыза болған Уақас жер тебініп.

Аяқ астында әлдене бытыр-бытыр сынды — жабайы жылқы жуа ішіне кіріпті. Қосалқы сабақтары саржағал тартып, басы бүршікті сояулары ғана қалған. Олардың

өзі көкпеңбек емес, өңі көше бастаған бозғылтым. Әр жер шұқылап қазылған екен,— ауыл балаларының ісі,— маңында күнге күйіп жартылай оңған қызғылт сары қабықтары будырап шашылып жатыр. Уақас еңкейіп, сабағы ұзын, әрі жуан сарымсақтардың бірін тартып қалды. Тұтас жұлынбай, тіні орта тұсынан үзілді. Үзілген жерінен аппақ сүті шығып тұр. Аузына салып еді, удай екен. Шайнай алмай түкіріп тастады. Маңағы ыза қайтадан лып ете түсті. Күнде өзі жеп жүрген ет пен қуырдақтың дәмін енгізетін осы екенін білгенімен: «Әй, надандық-ай,— деп ойлады ашыған тілін қайда қоярға білмей, үсті-үстіне түкірініп жатып.— Біздің қазақ осыны да дүние көріп, асқа пайдаланады-ау!»

Еніс көлденеңі жарты шақырымдай, етек жағы созылып барып маңағы сары жазыққа ұласатын қалың шалғынды кең алқап екен. Әлі шөбі шабылмаған. Уақас түскен тұста ауыл орнындай боз шілік өсіпті. Дәл басындағы екі түп терек бақшадағы ұсақ балаларды серуенге апара жатқан тәрбиеші келіншектер тәрізді. Талай аунаған жер. Ол кезде терек екеу емес, топтаса өскен екіүш түп еді. Шілік аздау болатын. Содан ба, бұл ара Уақасқа мүлде бейтаныс өңір тәрізді әсер етті. Теректің дәл түбі тұма. Суы мол. Шілік тоғайын қақ жарып өтіп, сонау ойға жеткенде жайдаққа шығады да, шалғын арасына сіңіп жоғалады.

Алдында бұлақ бары есіне түскенде Уақас аңқасы кеуіп шөлдеп қоя берді. Күндегі қымыз ішетін уақыт өтіп барады екен. «Тұмаға келгенім қандай жақсы болды!— деп ойлады ол.— Тап-таза, суық су. Зәмзәм суы дерсің».

Бұлақ, шынында да, өз орнында екен. Бір жақ жиегі көгалды, биіктеу, екінші жиегі қиыршық тас басқан, тақыр. Өрісте жүрген сауын мал, ірі-қара су ішіп, жайдақтап тастаған. Сиыр, жылқы тезектері жатыр. «Ағын суда арамдық жоқ — ішейін,— деп ойлады қаны кеуіп бара жатқан Уақас. Бұлақ мөп-мөлдір. Түбіндегі бұрқырай қайнап жатқан үлкенді-кішілі көздері анық көрінеді. Уақас қолымен жер тірей еңкейіп, суға бас қойды. Мұздай екен. Тісінен өтіп кетті. Екі-үш-ақ жұтуға шамасы келді. «Ангина боп қалмасам жарар еді,— деп ойлады қайта еңкейе бере. Кенет, дәл көз алдынан, су түбіндегі кішкентай тас астынан жыбырлап бірдеңе шыға келді. Су қоңызы. Ұсқыны қандай жаман кәпірдің. Өз түрінен өзі ұялғандай, жалпақ қара қоңыз қайтадан ұясына кіріп кетті. Әйткенмен Уақас су іше алмады. Тазалығына анық көзі жетпей тұрып бірден бас қойғанына өкінді. «Дизентерияға шалды-

ғам-ау» деп қорыққан. Шөл де қысып барады. Енді үйге қайтқаннан басқа амал қалмады.

Келген сорабымен таудан асып түсуге ерінді. «Алыс та болса жақын»— сайды құлдап барып, тұмсықты айналып өтетін бейнеті аз жолмен тартты.

Шөп бітік, белден келеді. Он шақты жылдан бері көрмеген туған жер сезімін қытықтап, жалаңаяқ жүгірген кездегі оқиғаларды, бозбала шақтағы әлденелерді есіне түсірді. Шөп басын сипай, қалың шалғын ішімен жүрді. «Домбыра болар ма еді, осы қазір тартып кететін»,— деп ойлады. Көңіліне өлең жолдары оратылғандай. Кенет осының бәрі шорт үзілді: Уақас етпетінен жығылды, мылтығы анадай ұшып түсті. Ол көгал арасындағы су толы шұқанақтардың біріне ұрынған еді. Шалбары қара санына дейін су болыпты, сыртына балдыр, шөп-салам жабысқан, ал аяғының басын көкшіл-қоңыр лай қаптаған. Уақас күйіп кетті. «Қарғыс атқанның жері!»— деді тістене дауыстап. Сол-ақ екен, қарсы алдынан екі қаз қаңқылдай көтерілді. Қолтықтары, қанаттарының асты аппақ, бауыр, арқалары сап-сары. Сары ала қаз. Сұлу-ақ. Уақас еңбектеп барып мылтығын алды. Қаздар қабаттаса қаңқылдаған беті тау жаққа қарай ұзаңқырап барып қайта оралды. Баяу ұшып, жақындап келеді. Уақас алдыңғысын нысанаға алып, шүріппені басып қалды. Тырс еткен әлсіз дауыс естілді. Қаз құламады. Артқысы да құлаған жоқ. Тек төменнен жел көтергендей қалт биіктеп, қанат қағыстарын тездете, сол қаңқылдаған беттері Уақастың үстінен өте берді. Жалмажан мылтығын оқтап үлгерген Уақас енді артқысын нысанаға байлап атты. Бұл жолы да ешқайсысы түспеді. Көп ұзамай тағы кері иілді. Алайда, қатер барына көздері жетсе керек, екеуі екі бөлек: бірі кісі тұрған сезікті жерден аулағырақта, тауды көбелей, айнала ұшып жүр, мылтығының аузын көкке қаратып шалғын арасында жасырынып отырған Уақас оны бірде көріп, бірде көрмейді, қай шамада екенін қаңқылынан ғана аңдайды; ал даусы қоңырлау, екінші қаз ұзар емес, жаңа көтерілген жеріне көзге көрінбес жіппен байланып қалғандай, шеңбер жасай ұшады. Уақас тағы екі-үш рет атты. Бұл жолдары да дарымады, тіпті, оғы мылтықтың аузынан шықпайтын тәрізді, тырс етеді де тына қалады, тек қаздың бірқалыпты сұңқылдаған дыбысы ғана естіледі. Бұл әрекетінен ештеңе өнбейтінін байқаған Уақас, бос ата берсем мүлде үркітіп алармын деген оймен енді оңтайлы жерге келуін күтті. Екіаяқтының тегіннен-тегін кете қоймасын аңғарса керек, сары ала қаз да айналсоқтап

ұша бергенін қойып, шалғын қияқты ойпаң бітіп, жусанды, бетегелі қыр басталатын тұстағы ақ соранға барып қонды. Бір түсірсе сол арадан түсіреді. Уақас шалғынның қалың тұсынан төрттағандап, аласа тұсында жер бауырлап,— шалбарда онсыз да аяншақтанатын түр қалған жоқ,— жылжи берді. Дәл алдынан қаздың қаңқ еткен даусы шыққанда ғана тоқтап басын сәл көтеріп қарап еді, отыз-қырық метрдей жерде көлденең тұр екен. Ұшып жүргендегідей онша үлкен емес, қоңыр қаздардан әлдеқайда кіші. Манағы сұлулық жоқ, ұзын мойны болмаса, сап-сары тауық сияқты. Уақас асықпай, мұқият көздеп, тартып жіберді. Дәл осы жолы жалпасынан түсіретініне кәміл сенген. Қаздың қарсы алды бұрқ етті. Қаз сол сәтінде-ақ лып етіп көтерілді де — Уақасты көрмесе керек,— төмендей ұшып, арырақ барып қайта қонды. Жер бауырлап қалың шалғынның шетіне жеткен Уақас бұдан ары жақындай алмайтынын білді, алға енді бір құлаш жылжыса — көзге шалынады. Сары ала қаз — өте сақ құс десетін, жуытпасы анық. Әйткенмен, аралық қашық емес-ті, елу, алпыс метрдей ғана. Уақас мылтығын қайта оқтады. Аяғындағы ішіне су құйылып, ұлтарағы сыпырылған, сыртын сатал-сатал балшық басқан туфлиін шешті де, бірінің үстіне бірін қойып мылтықтың астына тірек жасады; демін ішіне тартып, асықпай көздеп тұрып-ақ атты. Бұл жолы қаздың ар жағындағы беттегі тастардың біріне тиген оқ қайыра серпіліп, шың-ң етіп, әлдеқайда ұзап кетті. Бұдан соңғы оқтың қайда түскені мүлде аңғарылмады. «Неткен масқара, неткен қорлық!» деп күйінді Уақас. Спорт мастері, кіші калибрлі винтовкамен атудан республика чемпионы, университетте оқитын студент жігіт жайлы очерк жазу тарихы есіне түсті. Жатақханадан тауып алып: «Осындай тамаша нәтижеге қалай жеттіңіз?»— деп сұрағанда ол: «Кім білсін қалай жеткенімізді, әйтіп-бүйтіп жүріп жеттік қой»,— деген де, тілші бұл жауапқа қанағаттанбай қалған соң: «Тирге келіңіз, тренеріммен әңгімелесіңіз»,— деген. Уақас тирге келгенде чемпион тізерлеп атып тұр екен. Қасында үш аяқты тұғырға орнатылған жалғыз көзді дүрбіге жабысып иығы қушиған ақбас шал отыр. Уақас сөйлеспек ишара білдіріп еді, «Ары тұр!» дегендей қолын сілтеді де, «Далаға кеттің, жарқыным,— деді шіңк-шіңк етіп.— Сегіздік. Осымен үшінші сегіздік. Шашып ала бересің.— Дүрбісіне үңілген тренер өзіне жақындай берген Уақаска тағы да кет дегендей қолын сілтеді. Маймылдың қолындай ұзын, жүндес, әрі арық, етсіз екен.— Қатарынан үш сегіздік. Сәл тоқмейілсіп ең, машы-

ғыңнан жаңылдың. Тобаяқ шіркін!» Уақас тренердің күйіп-пысқанына ырза болған да,— очерктің осы тұсы өте сәтті шықты,— жас чемпионның қабылетсіздігіне,— әрине, бұл ойын жазған жоқ,— бір түрлі көңілі қалған. Бақса, елу метрден сегіздікке тигізу — сол межедегі ши басына ілінген бауырсақты шекесінен қағып түсірумен бірдей екен. Ал қазір мұның алдында бармақтай бауырсақ емес, төбедей деу артығырақ теңеу, тура төңкерілген қазандай үлкен құс тұр ғой! Мені атып өлтір деп кетпей тұр. Мені ат деп... Шынында, осы қаз неге айналсоқтай берді?.. Уақас өзінің парықсыздығын жаңа ғана аңғарды. Бұл — балалы қаздар екен. Анау қауіпсіз жерде жүрген — атасы, ал мына ұзай алмай тұрған — енесі. Жаңа өзі жығылған шұқанақтан бірнеше қадам жерде сары үрпек балапандар қалыпты. Қайтіп кетсін. Уақас кезене берген мылтығын тартып алды. Мана балалы арқарды атпақ болғаны да есіне түскен. Өзінен өзі қысылып қалды.

Бұдан ары жасырынбай орнынан тұрды. Мұны көрген сары ала қаз да жер бауырлап, қаңқылдай көтеріле берді. Уақастың ойына баяғыда қариялардан естіген: «Сары ала қаз — адамнан азып, құсқа айналған қыз екен, сондықтан атуға болмайды, еті де харам»,— деген аңыз орала кетті. Осы кезде бетін салқын бірдеңе сүйкеп өтті. Дір ете түскен, арқадан аяз қысқандай ерекше күй билеген Уақас қолын жағына апарып еді, дым білінді: жаңбыр тамшысы екен. Уақас кері бұрылды — қоңыр ала бұлт жетектеген сирек жауын қарсы беттегі төбені көгжілтім реңге бояпты. Келер сәтте ойдағы шалғынға түскен ауыр тамшылардың дыбысы естілді. Алды сирек болғанымен, өткінші емес. Жабағыдай ұйысқан тұтас, қалың қара бұлттарды әлде бір дүлей күш артынан еріксіз итеріп әкеле жатқандай. Шіліктер соққан желмен жапырыла шайқалып, шулап қоя берді. Уақас қайтерін білмеді. Қос теректен ұзап кетіпті, ұзамаған күнде де жапырағы аз, пана болу-болмауы неғайбыл... Жауын тамшылары үстіне жиірек себелей бастаған сәтте ғана жаңа сары ала қаз отырған тұстан әріректегі қара жартасқа көзі түсті. Жандәрмен далбақтап солай қарай жүгірді.

Жауынның негізгі легі оны жартасқа жеткізбей басты. Сатырлап үстінен өте берген. Бұршақ аралас екен. Бармақтай-бармақтай, аппақ мұз түйіршіктері таяқпен ұрғандай сабалай жөнелді. Арқасын, басын әлденеше жерден от ұшқыны шарпығандай. Кенет бүкіл әлемді көкшілтім, жарық сәуле қаптады да, аспан қақ айрылды. Жауын тыйыла қалғандай; найзағайдың арты өксігін бір-

ден баса алмай, солықтай күркіреп, алысқа ұзап барып әрең тынды. Уақас көзінің алды жарық ете түскенде-ақ зәресі ұшып, жата кеткен еді. Күркір тоқталған кезде еріксіз артына қарады: манағы қос теректің бірі бел ортадан төменіректен опырыла құлапты, сынған жерінен жіптіктей түтін шығып жатыр. Буын-буыны қалтырап кеткен Уақас екі-үш жығылып орнынан зорға тұрды да, еңкеңдей жүгіріп, жартасқа әрең жетті. Қырсыққанда, арғы жақ беті тік емес, түйетайлы екен, пана бола алмады. Бұршақ басылғанымен жаңағы жай оты аспан теңізінің шүмегін біржола ағытқандай, жаңбыр тіпті өршеленіп кетті. Не істерге білмей сасқан Уақастың көзіне қарсы төбедегі бетін жауын шайып тұрған тік жартастың төменгі жағындағы қарауытқан бірдеңе шалынды. Үңгір сияқты.

Бұл —терең үңгір емес, жел өтінен пайда болған, аузы кең, үш қанат үй орнындай қуыс екен. Оның үстіне жаңбырға қарама-қарсы. Түп жағындағы жарты құлаштай жер ғана қорғаныш етерліктей. Бірде-бір тамшы дарымаған, құп-құрғақ. Уақастың үсті-басынан сорғалаған су әп-сәтте бұл араны да көлкітіп жіберді.

Уақас жалбырап көзіне түскен шашын саусақтарымен салалап қайыра бергенде маңдайы, шекесі, тіпті төбе, қарақұсына дейін бірнеше жерден үлкендігі жүгері дәніндей ісіктердің шодырайып шыға келгенін байқады. Бұршақтан алған сый. Бастан құлақ садаға, жасын түспегеніне тәуба. Бірақ бұл ой көңілге медеу бола алмады. Балағынан сорғалаған су тыйылған, енді жалаңаш тасқа тырс-тырс тамып жатыр. Шалбары да, көйлегі де етіне жабысып қалыпты. Тітіркеніп барады. Қарсы алдынан салқын леп тағы соғып тұр. Уақас тісі тісіне тимей дірілдеп кетті. «Ауыратын болдым,— деп ойлады ол:— Біткен жерім осы шығар».

Жауын сәл толастағандай, әйткенмен бірқалыпты себелеп тұр. Анда-санда тау-тасқа жаңғырыққан күн күркірі естілді. Уақас найзағай оты жарық еткенде көзін тарс жұмады да, қуысқа одан сайын тығыла түседі. Өзі мүлде сенбейтін, баяғыда, мал бағып жүрген кездерде ғана сыйынатын әлдебір әулие, әнбиелердің атын еріксіз аузына алады.

Найзағай тағы бір жарық еткен сәтте көзін тарс жұмып, бүрісіп отырған Уақастың құлағына шатырлай барып басылған күн күркірімен жалғаса шыққан қиқулаған айғай естілді. Шілікті саймен қапталдаса, бергі қабақта бес-алты атты жосылтып келеді екен. Уақас бірден таныды: ат машинамен тау сағасының шөбін шауып жүрген ауыл жігіт-

тері. Көкпар алып қашып келе жатқан тәрізді. Өзгелерінен озыңқы, баран атты жігіттің қолында артқы жақтағы біреуінің қалпағы. Қамшысымен қоса оң қолына ұстаған, жоғары көтеріп алыпты. Артына қарап, ышқына айқайлап қояды. Кенет үздік-создық топтың орта шенінде келе жатқан, қалпағынан айрылған тақырбас жігіттің астындағы боз ат омақаса құлады. Өзі аттың мойнынан асып, анадай жерге ұшып түсті. «Өлді!» деді даусы еріксіз шығып кеткен Уақас. Бірақ өлмеген екен. Үстін қаға-маға тұрды да, шылбырын сүйрете, шатқаяқтай көтерілген атының қасына келді. Алдыңғы жігіттер тізгіндерін іркіп, кері ойқастай шауып, соңғылары мүлде тоқтап, тақырбасқа қарайлаған еді, мертікпегенін көрген соң бәрі де аттарына қамшы басты. Тақырбас та ауып кеткен жайдақ тоқымды апыл-ғұпыл жөндеп, атына ырғып міне сала қиқулап жұрттың соңынан ерді.

Уақас олар тұмсықты айналып, көзден біржола тасаланғанға дейін арттарынан қарап тұрды. Қуысынан шығып кеткенін, бет-аузын, өне-бойын тегіс салқын жаңбыр жуып жатқанын аңғармаған еді.

1969. Алматы

□

ҚАРА ҚЫЗ

Қадырменді Бекесі!

Көптен күткен хатыңызды алып қуанып қалдық. Біздің халіміз жақсы, дін аманбыз. Секіман талтаңдап шауып жүр. «Көкең қайда?» десе, «Көке доқ» дейді. «Қой, жаман сөз айтпа»,— деп саусағыңды безесең, «Көке ау! Көке мау! дейді сұқ қолын көкке шошайтып. Көкем Мәскеуде жүр дегені. Сондай жайдары өзі.

Біздегі жаңалық: паспорт алдым, қолма-қол Секеннің метіркесін реттеп, яслиге орналастырдым. Күндіз-түні сонда болады, демалыстарда ғана үйге береді. Көрші апайдың бір көмегі тиді. Оған бес-алты күн боп қалды. Сосын өзім фабрикаға жұмысқа түстім. Әзірге оқушымын, жалақысы аздау. Бірақ жақсы істесең көп ұзамай қатарға еніп кетесің деседі.

Бекем! Өзіңді сағындым. Қала іші құжынаған халық болса да иенде жалғыз қалған жандаймын. Ауырсаң басыңды сүйеп жұбатар, сүрінсең қол созып демер ешкім жоқ. Неден осыншама сорлы болдық екен!.. Үлкендер айтушы еді, ақыры қайыр болса, мың күндік михнатың бір күндей көрінбейді деп. Тек алла рахмет қылсын.

Көкесі! Жатпай-тұрмай сондағы ғұлама кісілерден ақылкеңес алып, жазғаныңның қатесі болса түзеп, еңбегіңді қорға. Бөтен ештеңе ойлама. Бізді уайымдама. Өзің жазып біткен күннің ертеңіне қорғаймын деуші едің ғой. Уақа емес. Бес-алты айдың арысы не, берісі не. Тек ақырына дейін шыда. Хатыңа қарағанда, кеудең басылып, жабырқап жүр-

ген тәріздісің. Сағынды сындырма. Жақсыны танитын адам ол жақта мұндағыдан көп қой, бірі болмаса бірі ұғар. Тек алған жолыңнан таймасаң болғаны...

Айтпақшы, өзіңіздің жетекшіңіз профессор Махмет ақсақал ауыр халде емханаға түсіпті. Миына қан құйылған көрінеді. Кеше, әлгі аспирантураны былтыр бітіріп, балық шаруашылығы жайлы еңбек қорғаған жылмақай сары жігіт бар еді ғой, Биқали деген, көшеде кездесіп содан естідім.

Басқа не айтам, жортқанда жолыңыз болсын, жолдасыңыз Қыдыр болсын, ата-бабаларымыздың аруағы қолдасын.

Хат жазып, амандық білдіруші — ақ-адал қосағыңыз

Айгүл деп білерсіз.
29 сентябрь 1951 ж.

Мынау Секітайдың қолы. Сәлем бергені. Саусақтарын тарбитып тұрғаны — көкесіне еңбегіңді беске қорғап, тез қайт дегені.

Ұмытып барады екем, үстіңгі иегінен тағы бір тіс шығып келеді. Осымен бес тісі бар. Қолына печенье, прәндік түссе кеміріп өзі жейді. Бүгін бір жарым жасқа толды, жігіт болды деген осы.

Мен жұмысқа орналастым ғой, енді халіміз жаман бола қоймас. Еңбекақымды алған соң ақша салам. Оны күттірмейін-ақ деп едім, ешкімнен қарыз шықпады.

— Түу, Бексейіт-ай, мен келгелі жарты сағат болды, үйді жау шауып кетсе сезер емессің. Осы Совет Одағының барлық архивтеріндегі қоқсықты аз ақтардың ба, енді үйге кеп тағы былықтырып отырсың. Артыңнан бір кісі жүруі керек. Кім жинайды мұның бәрін? Қайдан шықты осыншама қоқыр?

— Соған өзім де қайранмын, бәйбіше.

—Фу, что за манера!.. Недорезанный феодал!

— Байқап тұрған шығарсыз, осы феодалыңыз аз өмірінің ішінде көп іс тындырып тастапты. Міне, мынау — ғылыми журналдарға басылған мақалалардың қиындылары, мынау — әр кезде үлкен жиындарда жасаған баяндамалар, мынау — жеке ғалымдардың еңбектеріне арналған рецензиялар. Қыруар дүние. Дені жарық көрмеген. Міне, осылардың бәрін жинақтап, тағы бір кітап шығармақпын. Бұған қалай қарайсыз?

— Заманчивая идея.

— Тек бір нәрсеге ғана көңілім толмай тұрғаны. Әлгі алғашқы қорғалмай қалған кандидаттық еңбегім бар еді ғой...

— «XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан және патша үкіметінің отарлау саясаты».

— Иә...

— Тіс батпақ тақырып...

— «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» деген, мәселе тақырыпта емес, жазуда.

— Рас. Жарық көрмегені болмаса, тамаша жұмыс еді деп мақтанатынсың.

— Жаңа шолып шықтым. Бұл қалпында баспаға жарамайды. Тым еркін жазылған. Деректер, мәліметтер тегіс дұрыс. Бірақ одан шығатын қорытынды пікірлердің дені жаңсақ... Жаңсақ емес... тым ұшқары. Өкініштi... Бұл еңбегім де іске жарап кетсе, отыз баспа табаққа тарта қалың бір том болатын еді.

— Ал дайыны қанша?

— Он екі-он үш.

— Аздау екен. Мынауыңды жөндеп жібермеймісің?!

— Мұны өңдеп, мүлт басқан жерлердің бәрін түзеп қажетке жаратқаннан — басқа бір тақырып алып, жаңа зерттеу жазып шығу оңайға түседі. Ой, тоба-ай, білмеген у ішеді деген рас екен-ау... Кейбір беттерін оқығанда осыны шынымен-ақ мен жаздым ба деп зәрем ұшты. Аңғал жастық-ай!..

— Қап, кітап отыз баспа табаққа жетсе біраз тиын-тебен түсетін еді.

— «Есіңде бар ма жас күнің...»

— Немене?

— Абай өлеңі. Жарықтық, біліп айтқан ғой... «Құдай-ау, қайда сол жылдар...»

— Түсінікті.

— Ештеңе де түсінген жоқсың. Әрине, жастыққа не жетсін. Көкірек таза, көңіл сергек. Шын, ақиқат өмір ішінде емес, өз қиялың тудырған ғажайып дүние құшағында күн кешесің. Болашақ — жақсылыққа, қызыққа толы тәрізді. Наполеон да, Бисмарк те өзінсің. «Тойдың болғанынан боладысы қызық», сол боладыда жүрген шақ. Мүмкін сені той емес, аза күтіп тұрған шығар... Оны ойламайсың. Үйткені ақымақсың. Жастық сонысымен сәулетті. Ал базар тарқағаң соң қайырылып артыңа қарасаң...

— ...жылағың келеді.

— Иә. Дәп солай. Бірақ сенің не үшін жылағың келетінін білем. Сен ләззәт әлемінің есігін алғаш ашқан шағыңды, бура сан, арыс кеуде ашына жігіттеріңді аңсап жылағың келетін болар. Ал мен...

— Сен әбден бұзылған кісісің. Қайдағы жоқты ойлап табасың да, адамға тыныштық бермейсің. Өзің де...

— Ал мен болсам...

— Сен де менің қолыма тап-таза күйіңде жеткен жоқсың! Мен бір күйеуден шықсам, сен бір әйел тастаған болатынсың.

— Апыр-ай, қоя тұршы енді!..

— Сенің әйелің ауылдың жаман қаратабан қызы еді, ал менің күйеуім дәй деген қызметкер болатын.

— Сенің әйелің жиырмада болса, менің күйеуім одан үш есе үлкен — тура алпыста еді деуді ұмытпа. Бұл да артықшылық.

— Ну... Мәселе кісісінде ғой.

— Кісі танығыштығында қапы жоқ сенің. Күйеуіңмен айрылысуыңа себеп болған, әлгі он сегіз жасар Эрик деген бала да тамаша жігіт еді-ау. Жаңылмасам, сол сабаз кейін көшеде әлдекімдерді тонап, түрмеге кетті ғой деймін.

— Ну, барсын. Мен Эрикке емес, саған шықтым ғой.

— Неге Эрикке емес, маған шықтың?

— Милый, мен сені сүйдім ғой!

— Аһа... Сүйдің...

— Қызғаншақсың. Мен сенен басқа ешкімді де сүйген емеспін. Сенбеймісің? Міне...

— Құшақтамай-ақ қой. Қартайғанда онымен алдандыра алмайсың.

— Сен-ақ қартаяды да отырады екенсің. Қырық төрт деген — адам үшін...

— Ер адам үшін әлі жігітшілік шағы. Ал әйел үшін ше?

— Мен қырық төртке келгем жоқ. Отыз бестемін. Бальзак суреттеген әйелдердің жасы.

— Сен осыдан алты жыл бұрын отыз бесте едің. Әлі сол қалпың. Жарайды, отыз бесте-ақ болшы. Біздің шығыста отыз бестегі әйел — кемпір саналған.

— Гнилый, дикий восток!

— Мейлі. Әйткенмен, сол заманда бір жақсы салт болған: еркектің сөзін әйел бөлмейді екен.

— Кешір, әлі ашуың тарқамапты. Айта ғой, манағы мен бөлген сөзіңнің жалғасын.

— Ұмыттым...

— Жас кезім есіме түскенде жылағым келеді дегенсің.

— Иә... Жылағым келеді. Алайда, өткенді аңсағаннан емес, өзіме жаным ашығаннан...

— Уақасы жоқ. Ойлаған мақсатыңа тегіс жеттің.

— Мүмкін жетпеген шығармын?

— Қойшы, академик те боласың. Алда ұзақ өмір бар

Мына қаусап тұрған шалдар енді қанша жүрер дейсің. Бірақ әзірге сөз солардікі. Тұқ бітірмей бос жатса да айына сегіз-тоғыз жүз сомнан, мың сомнан ақша алады...

— Осыдан басқа не ойлайсың? Сен үшін өмірдің бар мәні ақша табуда, киіну, ішінуде.

— Бұл айтқандарыңнан басқаны ойламау — мещандық. Әйтеуір, мені кемсітіп, қағытып, соқтығасың да отырасың.

— Хош... Сонда тағы не жайлы ойлау керек?

— Шаң басып, тышқан кемірген ескі қағаздарға көміліп аз отырған жоқсың ғой, бір уақ өмірдің қызығын да көру керек емес пе. Қанша айтсам да осыны түсінбей-ақ қойдың.

— Жақсылап түсіндір.

— «Өмір адамға бір-ақ рет беріледі, сол аз өмірді өкінбестей етіп өткізу керек»,— деген Достоевский.

— Бұл сөз көне грек заманынан бері талай адамның аузынан шыққан, бірақ солардың ішінде Достоевский жоқ. Пардон... Достоевскийдің сүйікті кейіпкерлерінің бірі айтады. Свидригайлов па екен, Смердяков па екен...

— Мейлі, кім айтса да. Әйтеуір жөн білетін адам. Өмірді өкінбестей етіп өткізу керек. Уақытты дұрыс пайдаланып, дүниенің бар қызығын көру қажет. Қазіргі заманның мәдениетті адамдары сөйтеді.

— Дұрыс. Кино, театр, ресторан... Курорт, санаторий... Ешқайсысынан кенде қалып жүрген жоқсың. Ал, мәдениетті адамға тағы не керек?

— Жақсы үй, жеткілікті жиһаз... дача, машина... Толып жатыр.

— Сенде соның бәрі де бар. Тағы не керек?

— Милый!.. Менің кандидат болғым келеді.

— А-а... сол-лай ма!

— Иә... Көптен ретін келтіре алмай жүр едім, бүгін сәті түсті. Әлгі өзіңнің кафедраңдағы Биқалидің әйелі бар ғой...

— Биқалидың әйелі барын білем.

— Түу, тыңдасаңшы енді. Сол Қанымшаның сіңілісінің күйеуі француз тілінің маманы екен ғой...

— Хош...

— Гастрономда кездесіп, сөзден сөз шығып тұрғанда білгенім. Ішім удай ашымасы бар ма. Баяғыда естісем ғой...

— Қайтетін едің?

— Қайткені несі? Ең қиыны сол емес пе — шет тілінің минимумы. Соны өткізсек қалғанының жарасы жеңіл.

— Тапсырып біттің дейік. Сосын?

— Сосын диссертация.

— Аһа. Қай тақырыпты алмақсың?

— Маған бәрібір.

— Кім жазып береді?

— Кім жазып бергені қалай? Осы қорғаған жұрттың бәрі америка ашып жатыр деймісің? Ескі кітаптардан, өздерінен бұрын қорғалған диссертациялардан көшіріп алады. Сосын сен не бітіресің? Ана көрінгеннің аузына қарап, қалтаңдап әрең күн көріп жүрген жаман кандидат Биқали да әйеліне қорғатып алды. Өзі жазып беріпті деген сөз бар. Әйтпесе, аузың қайсы десе мұрнын көрсететін нағыз миғұланың өзі.

— Сонда миғұла атаулының бәрі қандидат бола беруі керек пе?

— Әйтеуір кемсітіп, қорлап біттің ғой. Күн орнына ұстағың келеді мені. Шынында, бас пайдаңды білмейтін нағыз миғұла сенің өзіңсің. Мен кандидат болсам саған жаман ба? Қазір завуч, директормен жағаласып, балалармен алысып әрең тауып жүрген тоқсан сом бір-ақ күнде үш жүзге өспей ме? Осыны неге ойламайсың?

— Жүз сомдықтардан көйлек тіккізіп кием демесең, осы қаңыраған үйде сопайып отырған екеумізге жетер ақша бар.

— Жарайды, сенің айтқаның-ақ болсын. Адам ақша табу үшін өмір сүрмейді екен дейік. Ал атақ ше? Өзің профессорсың, әйелің доцент болса жаман ба? Ғалымдар семьясы демей ме жұрт!

— Мәселе жұрттың не айтқанында емес.

— Бар мәселе жұрттың не айтқанында. Сен не үшін еңбек етіп, анау том-том кітаптарыңды жаздың? Не үшін?

— Не үшін?

— Ең әуелі атақ-абырой үшін, бақ, мансап үшін жаздың. Содан соң қу құлқының үшін жаздың.

— Ызыңдамай, кабинеттен шықсаң қайтеді?!.

— Жанды жеріңе тиген соң шыжбалақтай бастадың ба?! Жұрттың бәрін неге өзіңдей көрмейсің? Ал, тыңда енді... Ғылым үшін, халық үшін еңбек еттім деп жұртты алдағың келеді. Оған басқа сенер, дәл мені сендіре алмайсың. Сен өзің үшін ғана өмір сүріп, өзің үшін ғана еңбек етіп жүрген жансың. Нағыз құлқынның құлысың. Ғалым да, әулие де емессің. Ғылыммен сауда жасап жүрген алаяқсың. Доктормын, профессормын деп кеудеңді кергенше алдымен мына мені жарылқап алсаңшы. Ғалымдық неңді алған сенің, сен, тіпті, он екі мүшесі түзу еркек те емессің!..

— Жоғал, неше айғырдың бауырынан өтсе де жыны басылмаған кәрі бедеу!

Көлгірсігені ме, шыны ма, кенет екі қолымен жүзін көлегейлей, еңіреп қоя берген Гүлжиһан жаурыны қушиып, сүй-

ретіле басып кабинеттен шығып кеткен соң да, Бексейіт көпке дейін ашуын тарқата алмады. Терезе жақ бетіне қарата үлкен, әдемі жазу столы қойылған, өзге үш қабырғасын тұтасымен кітап толы сөрелер жапқан, әсем жабдықталған кең кабинет ішінде ерсілі-қарсылы жүре берген. Ойы әлем-тапырық. Бірақ ештеңеге көңіл тоқтатпауға, шиыршық атып тұрған ызасының зәрін қайтаруға тырысты. «Нервті сақтау керек, нервті!..» Үнемі жан қалтасында жүретін, қызыл ағаштан оймыштап жасалған ұзын моншақты алып,— кейінгі кезде тапқан әдеті,— таспық тарта бастады.

Дәл жаңағы оқиғаға қатыссыз бейтарап жайларды ойлауға қанша тырысқанымен, Гүлжиһан көз алдынан кетпейақ қойды. Неткен бетпақ, патшағар. Әйелде де осындай махұлық жаратылады екен-ау. Алғаш танысқанда қандай қылықты, қандай мінезді еді. Жүріс-тұрысынан, жұртпен қатынасынан, сөйлеген сөзінен, тіпті, ас-су ішкенінен де зиялылықтың, тәрбиелі ортада өскендіктің табы аңғарылатын. Қазіргі сиқы мынау.

Бексейіт Гүлжиһанмен қосылғанына ешқашан да өкініп көрген емес-ті. Өзін қатты бағалайтын. Сүйеніші, туған туысқаны жоқ кезде жақын жекжат, жаңа таныстар табуына дәнекер болды, сөйтіп осы дәреже, осы атақ-абыройға жетуіне біршама үлес қосты. Үй иесі-ау деп ешқашан күнделікті шаруа, ішіну, киіну тәрізді тұрмыстық мәселелер, дүниауи тірлік төңірегінде мазалаған емес,— бәрі әзір, бәрі дайын. Күн райын аңдағыш тәжірибелі малшыдай, ерінің қалауын қас-қабағынан-ақ біледі, үнемі ыңғайымен жүреді. Ең бастысы... ең бастысы — Гүлжиһан Бексейітке жақсы әйел дегеннің, XX ғасыр әйелі дегеннің не екенін танытқанды... Алайда, әріптесінің үнемі спорттық бабында болуын тілейтін Гүлжиһанның қатал талабы соңғы кезде Бексейітті қажыта бастаған. Ретін тауып бес-он күнге шет жақтағы институттарға командировкаға барып қайтатын, жаңа еңбегіме материал жинаймын деген сылтаумен бір ай, жарым айға Москва, Ленинград шығып кететін. Келісімен-ақ жастық жігер, жаңа күшпен өзінің зайыптық міндетін атқаруға кірісетін-ді. Жоқ, Бексейіт ешқашан да өкінген емес. Гүлжиһанның қолынан бәрі де келетін. Тек бір-ақ нәрсе оның әмірінде болмай шықты...

Соңғы кезде қанша серпілейін десе де, осы бір ой көңілін құрсап, көкірегін торлай берді. Енді оған мойны қылқиған, қамыт аяқ, бадырақ көз үш жасар сары ұл дүниедегі ең сүйкімді бала тәрізді көрінеді. Тіпті, қос танаудан арылмайтын маңқасының өзі балдырған өңге ерекше көрік бергендей. Секен-Секіман-Секітай-Сейітжан... Сейітжан Бексейіт-

ұлы Атаханов! Москва университеті шығыстану факультетінің III курс студенті, болашақ ғалым Сейітжан Бексейітұлы... Жоқ, әлде жылда оқуға түсе алмай аулына оралатын мыңдаған абитуриенттердің бірі болып ол да қайтты ма... Мүмкін, тіпті, баяғыда-ақ... баяғыда-ақ... Денсаулығы нашар еді ғой...

Есік тықылдады.

— Профессор мырза!

Бексейіт таспиғын тартқан күйі терезе алдында үнсіз тұра берді. Артына қарамады да.

Жайлап есік ашылды.

— Бексейіт!

Бексейіт кілт артына бұрылды — тағы бірдеңе деп тастамақ еді, түк көрмегендей мүләйім қалыпта тұрған Гүлжиһанға көзі түскенде тосылып қалды.

— Хазірет тақсыр, ас әзір...

Бексейіт күліп жіберді. Еріксіз күлген. Әйелінің арсыздығына күлген, өзінің дәрменсіздігіне күлген.

— Бізге араздасуға болмайды,— деді Гүлжиһан да жымиып,— Біріміздің көңлімізді біріміз табуға тырысқанымыз жөн.

«Сенің көңліңді табу оңайға түсе қоймас» деп ойлады Бексейіт.

— «Адам — адамға қасқыр» деп қай философ айтып еді?

— Бартольд.

— Иә, сол Бартольт айтпақшы, төңірек толы дұшпан...

— Хош...

— Сен ғалым адамсың. Ғылымнан басқа ештеңені ойламайтын жансың.

«Осының бәрін несіне айтып тұр» деп ойлады қайтадан ыза бола бастаған Бексейіт.

— Ғалым адам — панасыз торғай тәрізді. Оған қамқорлық керек. Қалтқысыз сүйетін, жанын түсіне білетін әйел керек.

— Сен сияқты.

— «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген, білместікпен ойыңнан шыға алмай қалатын кездерім болар, бірақ көңілім қалтқысыз. Мен саған адал жармын, сен де маған жақсы күйеу болуға тырыс.

«Менің жақсы күйеу болуға тырысуымда қапы жоқ, бірақ сенің қаншалық адал әйел екеніңді бір алланың өзі білсін» деп ойлады Бексейіт.

— Өзімізге өзіміз сүйеніш болмасақ, бізге кімнің жаны ашиды? «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ» деген. Кемшіліксіз пенде бар ма бұл жалғанда. Бірімізді біріміз бос қажамайық.

— Соңғы сөзіңді шын ниетіңмен айтқан болсаң, мазамды алмай, осы кабинеттен, осы үйден, менің маңымнан біржола қаранды батыр!— деді Бексейіт. Бірақ сыртқа шығармай, ішінен айтты.

— Шын ғалым адам үшін әйел де, семья да, бала-шаға да екінші кезектегі, тіпті, мүлде қажетсіз нәрсе. Үйленбей, өмір бойы бойдақ өткен ұлы ғалымдар қаншама!.. Сенің де ең басты міндетің — еңбек ету, ғылыми жаңалықтар ашу, қалың-қалың кітаптар жазу.

«Сайқалдың қиялап келіп шыққан жерін қарашы!» деп ойлады Бексейіт.

— Дүниенің бар қызығын тәрік еткен жан ғана ғылымда бірдеңе тындыра алады деуші ең ғой өзің баяғыда, біз алғаш танысқан кезде.

— Ұмытпапсың,— деді Бексейіт.— Алайда ол кезде саған сөзімнен гөрі ісім көбірек ұнаған тәрізді еді.— Соңғы сөздерді ішінен айтты.

— Ұмытпаймын,— деді Гүлжиһан.— Ешқашан да ұмытпаймын!

«Әрине,— деді Бексейіт ішінен.— Алпысқа жақындаған кәрі күйеу мен жиырма жетідегі жас жігітті салыстыруға болмайды».

— Қандай жақсы едің...— деді Гүлжиһан.

— Қандай күшті едім!— деді Бексейіт.

— Рас,— деді Гүлжиһан,— Жігерлі болатынсың. Мінезің сұмдық биязы, жүзің сондай жайдары еді.

«Құдай-ау, қайда сол жылдар... Ақырын-ақырын жылысып — Алыстап кетті-ау құрғырлар...» Бексейіт басқа жолдарын ойға түсіре алмады.

— Қазір де жақсысың.— Гүлжиһан жақындап кеп, тыптығыз, жұп-жұмыр, аппақ білектерімен Бексейіттің май басқан болбыр мойнынан құшақтады.— Тек анда-санда түсінісе алмай қаламыз. Солай емес пе?

— Солай...

— Ал, асың суып кетті. Мен барып жылыта берейін. Мына шаң қапқан халатыңды тастап жаңа киім ки де, жуынып тез келе ғой.

Бексейіт шашылып жатқан қағаздарын жинастыруға кірісті.

«Қазақ тарих ғылымы Ұлы Отан соғысынан соңғы дәуірде».

«Социализм және ұлттар теңдігі».

«Түркстан — Сібір теміржолының Қазақстанды индустрияландыру ісінде атқарған қызметі».

«Ұлттардың жақындаса түсуі және коммунизм».

«Қарағанды кәсіподақ ұйымының тарихынан».
Толып жатыр...
Кенет мана Гүлжиһан кірген кезде өзі қалаулы қағаздардың арасына жасырған оқушы дәптерінің қос парағына, дәлірек айтсақ сол қос парақтың қақ ортасына тарбита салынған сәби қолының таңбасына көзі түсті.
«Мынау — Секітайдың қолы...»
«...өзіңіздің ақ-адал қосағыңыз Айгүл...»

* * *

Шақырайған күн төбесін тесіп, пысынап бара жатқан соң қолорамалын алып, бұрышын түйді де, басына байлады, көйлегін шешіп қолына ұстады. Жүрісін жеделдете түсті. Нысана — етек жағына қалың қызыл тобылғы біткен қоңыр шоқы. Арғы түбіндегі жалғыз үйлі қойлы ауылға мана таңертең бір жүк машинасы тоқтады деп естіген. Реті келсе сол машинаға мініп, теміржол бойында тұрған аудан орталығына жетіп алмақшы. Бірақ күн қақтаған сары белестер таусылмай-ақ қойды. Алыстан қарағанда қотанда иірілліп жатқан ақтылы қойдың жонына ұқсас, біріне бірі сығылыса, иек сүйесе тұрған қырат жоталар жақындап келсең серіппедей созылып, баурын жазады; енді мүлде басқаша көрініс: көк шалғынды, сұр қияқты ойпаң сайлар, тал, теректі бұлақтар тілгілеген жүлге-жүлге еңіс өлкелер. Кесіп өтсең қайтадан сауыры жалпақ ту жотаға шығасың. Бірақ бұл да жол шеті емес. Әлі жер ортасына да жеткен жоқсың. Жаңа ғана бастадың. Ал дала кең, шексіз. Дала асқақ. Маңғаз, тәкаппар. «Мен не көрмедім!»— дейді. Жеті жұрт келіп кеткен жер. Бір кезде осы бетегелі құба жонды дүбірлетіп, жүрегі ештеңеден шайлықпаған, кеудесін ешкім баса алмаған, жорықта туып, жорықта өлетін ғұндар өтті. Соңына түрік, моңғол тайпаларынан құралған қисапсыз әскер ерткен, жер жүзіне әмір жүргізу — көктегі тәңірінің өзі маңдайыма жазған несібе деп ұққан Шыңғыс өтті. Жарты әлем табанымыздың астында, ел іргесі берік, ер егесі қашанда біздің пайдамызға ғана шешілуге тиіс деп ойлаған қыпшақ мемлекеті де шылпара болды. Тозған рулардан қайта құралып, көк ала ту көтеріп, ақ ала орда тігіп, қазақ атты ел болған жұрт еді. Жүз мыңдап қой өргізіп, он мыңдап жылқы өсірген, барға береке, жоққа ырыс болған жұрт еді. Өмірін тоймен, думанмен өткізген, қамсыз тірлік кешкен халқымның бар байлығы сен едің. Әлденеше ғасырлар бойы төңіректің төрт бұрышынан қамалаған қалың жауға дес

бермей, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалғаны сен едің. Бабамның қаны төгілмеген, анамның көз жасы тамбаған бір сүйем жер қалды ма екен осы сақарада. Топырағынан айналайын туған жерім...

Бетін ақ шарбы бұлт перделеген күн сәулесі күңгірт тартты. Соны күтіп тұрғандай, шөп басы тербеліп, өлкек есті. Бексейіт қалың тобылғының шетіне ілінген екен. Қыратқа көтеріле түсті де, жалаңаш омырауын қоңыр лепке тоса, жұмсақ бетеге үстіне отырды. Басына байлаған қол орамалын шешіп алып, терін сүртінді. Өне бойы салқындап, сәл тыныстаған соң жел өтіне кеудесін бере бір бүйіріне қисайып жата кетті.

Қызыл изен, боз жусан, ақ көде иісін бойына сіңірген арқаның қоңыр самалы көз көрмес, құлақ естімес, ақыл жетпес жырақтағы өзгеше бір әлемнің лебін әкелгендей. Онда бұ дүниенің күйкі, күйбең тірлігінен аулақ, кеуделерін күш кернеген, бойларын отты сезім билеген атпал азаматтар, гүл сыпатты, күн көрікті ару қыздар өмір кешеді. Ойын-күлкі, сән-салтанат. Күнде той, күнде мереке. Жігіттер жиырма бесте, қыздар он сегізде. Өңдері қартаймайды, көңілдері ортаймайды. Балғын, балауса қалпында, солмас, тозбас махаббат құшағында мәңгі жасайды...

Қайда сол арман елі?

— Ау-у, қайда-а-сың?

Кеудесін қуаныш кернеген Бексейіт дауыстап қалай айғай салғанын аңғармай қалған еді. «Ақымақсың,— деді мырс етіп, өзіне-өзі.— Жасың жиырма үшке келді. Ғалым болам, дүниені төңкеріп тастаймын деп жүрген адамсың. Бірақ ақымақсың. Балалықтан арылсаң, ақымақ болмасаң, иен далада өстіп айғай салар ма едің...»

Тобылғы ұшын суылдатып жеңіл құйын соғып өтті. Көзін жапқан шашын кейін серпіп, басын көтерген Бексейіт оқыс дір ете түсті. Қарсы алдында, өзінен төрт-бес қадамдай жерде әлдене арқалаған бейтаныс қыз тұр еді.

— Сен кімсің?— деді Бексейіт тұтығыңқырап. Даусы тарғылдана шықты.

Қыз сәл-пәл жымиды да қойды.

— Мұнда неғып жүрсің?

— Тезек теріп. Сіз шақырғасын...

— Ә-ә...— деді Бексейіт.

Қыз үндемеді. Тек сол именшектей, болмашы күлімсіреген бойы қалшиып тұра берді.

— Кел онда,— деді көңілі орныққан Бексейіт.— Қабыңды жерге қой. Дем ал.

Қыз Бексейіттің қалың қоңыр түк басқан, күнге күйіп қызарған жалаңаш кеудесіне, бұйраланған сарғыш шашты қауғадай басына таңыркағандай, көзі бақырайып, үнсіз тұра берді.

— Жер астынан шықтың ба?— деді Бексейіт.

— Жоқ,— деді қыз кінәлі түрмен тағы да жымиып, Шыбын шақты ма, бір аяғын екінші аяғына үйкеп, балтырын қасыды: ұшы ақжемденіп тесілуге айналған, ұлтаны сөгілінкі, мыжырайған сарғыш кенеп туфли; күнге күйген, жел қағып, тікен жыртып жарылған қара сирақ.

— Онда қайдан келдің?

— Көрші «Жаңаталап» колхозынан. Шешем дүние салған соң қыстыгүні осындағы немере ағайымның қолына келіп ем. Тілеужан деген кісі.

— Екеуміз мұндас боп шықтық,— деді Бексейіт.— Мен де сол Тілеужанның үйіне бара жатырмын. Менің де шешем жақында қайтыс болды.

— Артының қайырын берсін,— деді қыз.

Бексейіт алғыс ишаратын жасап бас изеді де қойды.

— Жақсы кісі еді,— деді қыз үлкендер ұстанатын көңіл айту рәсімінің жөнімен.— Суретіңізді алып, құдай қу жаңғызға медет бергей деп жылап отыратын. Беті теріс қараған соң әл үстінде деп екі рет телеграмма салғызды. Сізді зарығып көп күтті.

— Менің қолым тимеді,— деді Бексейіт қабағын шытып.— Москваға жаңа барғам, архив қарап, бір қызықты материалдардың үстінен түскен кезім еді... Жасың нешеде?— деді содан соң сөзді басқа жаққа бұрғысы кеп.

— Күзде он жетіге шығам.

— Тезегіңді мен алып қашып кетеді деп тұрмысың,— деді Бексейіт.— Жерге қой. Отырып, өзің де дем ал.

Қыз алға қарай екі қадам басты да, ортадан төмен қабын жерге түсірді. Алайда өзі отырмады.

Тезек арқалап, бүкшиңкіреп тұрғанда байқалмапты, қыз сұңғақ бойлы екен. Жуа-жуа әбден тозған, күнге оңған жалғыз қабат жұқа шыт көйлектен бар денесі көрінеді. Жел соққан сайын айқындала түседі. Кішкене баланың айран ішетін тостағанындай томпиған, кіп-кішкентай, бірақ үп-үшкіл, тіп-тік қос анары, тал шыбықтай солқылдаған қыпша белі ерекше мүсінделіп тұр. Қыздың шымыр, жұп-жұмыр саны мен ту құлынның мүшесіндей, бұзылмаған, келісті бөксесіне көзі түскенде Бексейіт жанары тұманданып, ақыл-естен біржола айрылды. Неге келді мұнда? Шақырған соң дейді. Мен қашан шақырдым бұл қызды? Шақырғам жоқ. Өзі келді. Айдалада жатқан жігіт-

ке қыз не үшін келеді?!.. Өзі танымайтын жігіт болса... не іздеп келеді?!.. Бейне бір суық шалғандай, денесі қалтырап қоя берді.

— Кел, қара қыз... кел, отыр!..— Аузы құрғап кеткен екен, екі-үш рет жұтынып барып, бөліп-бөліп зорға айтты.

Қыз орнынан қозғалмады. Сол манағы именшек, әлденеге таңырқаған күйінде қимылсыз қатып қалған.

Бексейіт қыздың өзі келуін күтіп тұрмады.

Қателесіпті. Қыз жанталаса қарсыласты. Жұмсақ көде үстіне жыққанымен, жігіт оны игеріп әкете алмады. Бүкіл денесі серіппелі тәрізді, ал қолы темірдей қатты екен, жігіттің білегінен тас қып ұстап алған, еркіне жібермей қойды. Екеуі ұзақ алысты. Ақыры, әбден шарасы таусылған кезде жігіт қыздың босап кеткенін аңдады. Келер сәтте қыз әлденеден сескенгендей тыпыршып еді, кешіккен екен, үстен жанышқан ауыр салмақ қозғалтпады. Қасқыр тамақтаған еліктің лағындай бық етуге ғана шамасы келген.

Өне бойы дел-сал болған, бірақ бойы жеңілейіп, кеудесі кеңіп, рахат күй билеген Бексейіт қыздың қасында ұзақ жатты. Желпіп қоңыр самал есіп тұр. Қалбалақтап қызылала көбелектер ұшып өтті. Әлдеқайдан суыр шақылдайды. Аспанды торлаған ақ шарбы бұлт тарғылдана түскен. Аулағырақта көкте қалықтаған екі-үш қара сызат көрінеді. Нәпақа іздеп жер шолып жүрген құстар. Бүркіттен аумайды. Тұяқ та, тұмсық та бар, қанаты ауқымды, денесі зор. Бірақ бүркіт емес, күшіген. Ұсақ тышқан аулап күн көреді. Жемтік те жейді... Кенет күшігеннің бірі осылай қарай бет алды. Тура тартып келеді. Жеткен бетте-ақ екіүш айналып өтті де, дәл төбеден төніп тұрып алды. Мыналар неге жатыр деп таңырқағандай. Қанатын болмашы ғана қағады, екеуіне шүйілген күйі қалықтап тұр. Бексейіт еріксіз қызға қарады. Сол қимылсыз қалпы. Ашылған етегін де жаппапты. Тек мойнын ары бұрған. Бексейіт қыздың үнсіз жылап жатқанын аңғарды.

Басын көтерген соң да көз жасы тиылмады. Қыздың еркінен тыс, өзінен өзі құйылып тұрғандай. Сасқалақтаған, көңілін қауіп билеген Бексейіт қызды қалай жұбатарын білмеді. Әбден берекесі кетті.

— Ауылдарыңа келген машина әлі тұр ма?— деді аузына басқа сөз түспеген соң.

— Қой алып, түстен кейін жүрем деп отырған.— Ернін әрең қимылдатып, ақырын айтқанмен, даусы өксіксіз шықты.— Алматыға қайтамысыз?— деп сұрады сәлден соң.

— Иә... «Түс ауып кетіпті, қалып қоймасам жарар еді»,— деп ойлады іштей.

Қыз манадан бері тұңғыш рет Бексейітке тура қарады. Көзі дымданған қарақаттай екен. Екі беті балбыраған, еріндері қып-қызыл. Манағыдан мүлде басқа қыз. Қауызы жаңа ашылған, әлі күнәға былғанбаған пәк түрге енген. Жауыннан соңғы дала гүліндей.

Бексейіт қызды құшақтай алып, құшырлана сүйді. Албыраған нәрлі еріндері оттай ыстық, бал-бұл жанған беті жұп-жұмсақ, майда екен. Өне бойын ток соғып өткендей болды. Қыз қарсылық білдірген жоқ — құмарлық жетегіне де ермеді. Сұлық тұра берді.

— Қайтып келмейсіз ғой...— деді содан соң.

— Келем, саған келем,— деді Бексейіт. Сөз реті келген соң әншейін айта салды.

— Былтыр апамды күтем деп оқудан қалып қойдым,— деді қыз әлдеқайда қараған беті. Енді интернатқа алса, мектепке барам...

— Оныншыны бітірген соң алып кетем,— деді Бексейіт. Бұл сөзді де көңіл үшін айтты.

— Оған әлі екі жыл бар,— деді қыз.

— Кетейік, енді мен машинадан қалып қоярмын,— деді Бексейіт.

Қыз алға түсіп жүре берді де, қалт тұра қалды.

— Маған олай қарамаңыз,— деді артына бұрылып,— Ұялам... Сіз жүре беріңіз. Мен бөлек барайын... Қабымды да ұмытып кете жаздаппын.

Асығып, адымдай баса жөнелген Бексейіт қыздың соңғы сөздерін естімеді.

Шофер,— мектепте Бексейіттерден үш-төрт класс жоғары оқыған жүзі таныс шегір көз сары жігіт,— машинасының жарылған доңғалағын ауыстырып болып, анау-мынау саймандарын жиыстырып жатыр екен. Қабинасы бос көрінді, ала кетуге келісті. Алматы жайын сұрады. Түргенге былтыр ремонтқа машина апарып ем, шекпеген бейнетім жоқ, ара-арасында қол босағанда Алматыға екі-үш рет барып көрдім, сондай қалада тұрған адамда да арман бар ма екен деп тамсанды; астанаға қоныс тепкенің жөн, ғылым қуғаның да дұрыс, бірақ оқудың түбіне ешкім жетпеген, енді сен жетем деп жүрмісің, ана атаңның құлаған шаңырағын қайта тұрғызып, түтінін түтет, қатын ал, елден ұят деді; сен орыс боп кеткенсің, білмейсің, екеуміз жетінші атадан туысамыз, сен Ерсары болсаң, мен Құлсары, екеуі де бүкіл Орта жүзге әйгілі, аруақты Естербек батырдан тарайды, ағаңды танымайсың, боқ мұрын неме, өзіңді соғып алайын ба деді; жарықтық, атыңнан айналайын Естербек батырдың бәйбішесінен бес ұл туған, сенің атаң Ерсары соның кен-

жесі, ең соңғы қалған қара шаңырақ иесі сенсің, осы сөзімді ұғын да, Алматыға барысымен үйлен, батырдың түтінін өшіріп, бүкіл бір атаның баласын жерге қаратпа деді. Осының бәрін қолы тыным таппастан, машинасының бензинін, суын құйып, есік, терезесінің шынысын сүртіп жүріп айтты. Ақыры, енді болдық, кабинаға отыр деген шақта үш қанат қара күркеден шаң-шұң дауыс шықты.

— Ойбай-ай, қу салдақы ай! Жасыңа жетпей әкеңді жалмадың. Асырап отырған шешеңді жұттың. Енді бізді құртайын деген екенсің, қу қаншық. Күні бойы не бітірдің, терген тезегің қайда? Ойбай-ай, ойбай! Енді не бетімді айтайын, есіккақты күң!

Әлдененің салдыраған даусы естілді. Қызыл ала шыт көйлегінің етегі жыртылған қыз үйден атқып шықты. Артынан лақтырылған ағаш ожау оның басынан асып түсіп, машинаның бортына сарт етті. Қыз кабинаға мінгелі жатқан Бексейіттің қасына келді. Бетінен қаны қашқан, өңі сұпсұр. Құрым күркеден әлі айғай шығып жатыр.

— Енді үйге кірші, шашыңды жұлып қолыңа берейін, бетің тілінгір бетпақ! Ой, сорлы басым-ай, мұндай сорлы болармысың. Ойбай-ай, енді қайтейін! Мұны бай да алмайды...

— Аға!— деді қыз. Иегі кемсеңдеп, болмашы жылмсырады.— Аға, онышыны бітірмей-ақ қояйын, мені қазір алып кетіңіз!

— Әкетеміз!— Шегір сары кабинадан домалап түсіп Бексейіт пен қыз екеуін қоса қабат құшақтай алды.— Ой, садағаң кетейін!.. Әкетеміз. Осы қазір әкетеміз! Мына жаманға қатын ал деген сөз жаңа ғана аузымнан шығып еді, аруақтардың құлағы шалғэн екен. Бәсе, атамыз Естербек батыр тегін адам емес еді. Одан туған ұл осал бола ма, мынадай қыздың сөзін алып қойған! Бөгелместен осы қазір тура біздің үйге тартамыз!..

Екі от — аңқау қыз бен аңғалақ шофердің арасында қалған Бексейіт қайтерін білмеді. Біреу еңсесінен баса, тұншықтырып ұстап тұрғандай, не иә, не жоқ дей алмады.

— Бәрекелді, Бексейіт қалқам, бұл Айгүл деген — алтын бала!— Аңғалақ шофер қызды өзі үшін әкететіндей мәресәре болды да қалды.— Мұндай мінезді, мұндай тәрбиелі бала біздің «Жаңатұрмыс» түгіл бүкіл ауданда, бүкіл Қарағанды облысында, қала берді бүкіл Қазақстанда жоқ. Қандай жігіттің маңдайы жарқырап тұр деуші ем, тәубә, алысқа кетпей, өзіміздің руға бұйырды. Келші, қалқам бетіңнен сүйейін...— Арбиған қолымен қызды бас салып, шалп еткізіп бетінен сүйді.— Айналайын, аталы, текті жерге келін болға-

лы тұрсың, бағың ашылсын, үбірлі-шүбірлі бол!— деді содан соң еміреніп.

Бексейіттің басы мең-зең боп кетті. «Қыздың аты Айгүл екен... Онышы класты бітірмей-ақ қояйын дейді... Оқығысы келмейді... Аты Айгүл...»

Аңғалақ шофердің гүж еткен даусы шықты.

— Ойбай-тәте! Ау, Ойбай-тәте!— Есіктен қылтиып шашы дода-дода, орта жастардағы қатқан қарасұр әйелдің басы көрінді.— Ойбай-тәте, біз мына Айгүлді әкетіп барамыз, аз күн шеше орнына шеше болып ең, ақ батаңды бер!

— Бетім-ау, мына шегір не дейді!— Ойбай-тәте саталсатал көйлегі шұбатылып, сүріне-қабына машинаның қасына жүгіріп келді.

— Ойбай-ау, не айтып тұрсың?

— Мына Айгүлді әкетіп барамыз деймін. Алдымен батаңды бер, содан соң жасауын шығар.

Ойбай-тәте бұрқ ете түсті.

— Жетім қызда жасау болады дегенді қай атаңнан естіп ең?

Аңғалақ та ыза болған тәрізді.

— Ана екі сиырдың бірі кімдікі? Мына басыңдағы үш қанат үйдің екі қанат жаңа керегесі кімдікі? А? Бол, көп сөзді қой, машина бос, тегіс тиеп әкетеміз.

Ойбай-тәтенің арыны басылып қалды.

— Өздерің шын айтып тұрмысыңдар?— деді Бексейітке бір, Аңғалаққа бір қарап.

Бексейіт бұл екі ортада есін жиған-ды. «Айгүлді жәбірлеп жатқан соң, сізді қорқыту үшін жай қалжыңдағанымыз еді» демек боп, ұмсына беріп еді, қызға көзі түсіп кетті. Жүзінде манағы реніштің ізі де жоқ. Шиедей қып-қызыл, албыраған еріндері сәл-пәл ғана ашылған, ар жағынан аппақ тістері көрінеді. Көңліндегі қуанышты жасыра алмай, күлім қағады. Бексейіттен жанарын айыра алар емес. Тосылып қалған Бексейіт қыздың өне бойына тағы да бажайлап қарады. Бір көтеріліп бір түскен, қос анарлы апай төс, суреттегі биші қыздардың беліндей нәзік бел, ер жігітті есінен адастырардай балғын бөксе... Көйлектің айрылған жыртығынан бір жақ аяғы қара санына дейін көрініп ашық тұр... Оқтаудай жұп-жұмыр... Бексейіт қызды осы тұрған орнында бас салып, кісі аяғы әлі таптай қоймаған көк шалғын үстіне ұмар-жұмар аунатқысы келіп кетті.

— Шын! Әкетеміз!— Аңғалақтың даусының қатты шыққаны сонша, Бексейіт селк ете түсті.— Апыр-ай, мынаның аңырып тұрысын-ай. Дырау қамшыны алып, бортылдатып соғар ма еді. Бол енді, жық үйді, әкел сиырды!

— Еркем-ау, шының ба?— Ойбай-тәте Айгүлді құшақтай алып, дауыс салып жылап қоя берді.— Бізді-і таста-ап, бала-а-шағасы-ыз қуары-ып отырған аға-а-жеңгенді-і таста-ап қайда-а-а барасы-ың, құлыным-ау-у-у!..

— Уа, пәлі, келісті,— деді Аңғалақ екі бүйірін таянып, мырс етіп. Жерге шырт түкірді.

— Кетем,— деді Айгүл.— Ештеңенің де керегі жоқ.

— Жібермеймін, ойбай, жібермеймін!— Мал-мүлкіне қауіп жоғын байқаған соң көз жасы әп-сәтте құрғай қалған Ойбай-тәте қайтадан айғайға басты.

— Жібермегені несі!— деді Аңғалақ. Бұл жолы шынымен ашуланды.— Әлде күйеу баланды менсінбеймісің! Оқудың түбіне жеткен, Алматының төрінде отырған Бексейіттен артық кім керек саған? Әлде нашар жерге барады деп қомсынамысың? Баяғыда бай десең бай болған, батыр десең батыр болған, қазір шопыр да шыққан, доқтыр да шыққан, оқыды десең оқыған, оқымады десең тоқыған біздің тұқымға қыз бергенге қуанбаймысың қайта!

— Жібермеймін, ойбай, жібермеймін!— деді Ойбай-тәте, бұрынғыдан бетер байбалам салып.— Ойбай-ау, өзіміз жаңғыз үйміз, сиырды кім сауады, тезекті кім тереді, қойды кім күзетеді? Жібермеймін, ойбай!

— Енді бәрін де өзің істейсің. Осы уақытқа дейін баланың еңбегін қанағаның жетеді. Адамды адам қанау баяғыда жойылған. Ал сен бұрынғы заманды қайта орнатқың келеді. Мұның өзі қылмыс екенін білемісің? Үндемейсің. Білесің. Біле тұра қылмысқа барғансың. Біз бұдан былай оған жол бере алмаймыз. Ал, кеттік, Айгүл қарағым, кабинаға мін.

— Ойбай, мыналар жасы жетпеген қызды зорлап алып қашқалы жатыр, ойбай!

— Болды, бос бақыра берме,— деді Аңғалақ зілсіз.— Совет үкіметінде жасы он алтыға толған әрбір азаматтың еңбек етуге, оқуға, дем алуға, сүюге және сүйілуге хақысы бар. Конституцияның өзінде солай жазылған. Заңға қарсымын деп көрші, қане? А? Айтшы қане, заңға қарсымын деп! Менің ісім сенімен болсын...

Әбден шарасы таусылған Ойбай-тәте басылып қалды.

— Тым құрмаса ағасының қойдан келгенін күтіңдер, өкпелеп жүрер, ризашылығын алыңдар,— деді. Ең соңғы далбаса.

— Ол кісімен құдалық жайын келесі жолы сөйлесемін. Бүгін уақыт жоқ. Онсыз да сенімен тәжікелесіп көп тұрып қалдық,— деді Аңғалақ машинаға от беріп жатып,— Бексейіт шырағым, қайын жұртыңды қимай тұрмысың, кел,

отыр қалыңдығының қасына. Солай, айналайын, қосағыңмен қоса ағар! Жаман Әнуарбек ағаң сенен ештеңесін де аямайды... Айт, шүу, жануарым!..

Кабинасына үш адам мінген, үстінде темір-терсек, әртүрлі саймандардың арасында үш аяқтап байланған қоңыр тоқты жатқан ескі жүк машина, көк түтінін бұрқырата гүжілдеген беті, қалың шалғынды кеудесімен жапыра таптап, қыраттағы қара жолға қарай аға жөнелді.

* * *

Алматыда жаз еді. Шілде. Бірақ теңгедей бұлтсыз бозғыл аспанды жалғыз жайлап, қақ төбеден төнген күн қызуы қалаға дарымайтын сияқты. Бұтақтары салалы, жапырағы қалың қыртыс-қыртыс, жуан емендер мен көкке бойлаған сұңғақ теректер бүркеген тіп-тік көшелер күн ұзаққа қоңыр лебін бойына сақтап тұрады. Жасыл туннель тәрізді, оқтай түзілген ұзын тротуарлар, екі өңірін көгал көмкерген, мөлдір суы сылдырап ағып жатқан, таспен шегенделген кішкене арықтар, бірінің үстіне бірі салынған, қабат-қабат биік үйлер, көк асфальт, көше жуған машиналар, әлем-жәлем киінген құжынаған халық — осының бәрі де Айгүлге таң еді. Жаңа бір дүниеге, ұжмақ ішіне кіргендей көрінді.

Екеуі қаламен жалғас тау жақ беттегі «Горный гигант» аймағынан шағын бір бөлмелік пәтер жалдаған. Бұлар кіргенде үйде пәтер иесі берген тот басқан ескі темір төсек, қолдан жасалған дөкір ағаш стол мен арқалығы сынған, сыры көшкен жалғыз орындық бар еді. Айгүл сол күні-ақ шаруашылыққа кірісіп кетті. Қасына ақылшы ретінде Бексейітті ертіп жүріп бір қабат төсек-орын, бір кастрюль, екі қалайы табақ, екі қырлы стакан, бір пышақ, ожау, екі-үш қасық сатып алды. Үйге бәрін арқалап әкеп, мәз болысты. Мол байлық тәрізді көрінген. Шынында, екеуіне осыдан артық дүниенің қажеті жоқ та еді.

Түні бойы ашық терезеден самал есіп тұрады. Алма исі келеді. Дәл құлақ түбінен теректердің бұтағының сыбдыры естіледі. Құздан құлай, гүрілдеп аққан тау өзенінің тұншығыңқы үні жетеді алыстан. Вокзал жақтан шыңғыра ышқынған паровоз даусы шығады. Әлдекайда абалап иттер үреді. Бірақ екеуі осының ешқайсысын да сезбейді, өздерімен өздері ғана.

Қыздың денесі қоладан құйғандай. Күн өткен сайын мүсінделе түсетіндей. Сұлулығына, тартымдылығы мен қызығына көз де, көңіл де тоймас еді. Етіне еті тигенде жігіт

бар тағатынан айрылып, не боп кеткенін өзі де білмейтін. Түн ортасында терезеден төгілген ай сәулесі мұраты хасыл боп, ләззат аясында тыныстап жатқан сұлу қыз бен ұзаққа созылған жеңісті ұрыстан соң рахат тыныштық әлеміне енген сарбаз тәрізді тұлғалы жігітті — айқаса қауышқан, үстеріндегі жеңіл жамылғының сырғып түсіп қалғанын аңғармай тәтті ұйқы құшағында жатқан екі жасты ақ нұрға бөлер еді. Түннің бір уағында екеуі аймаласа көздерін ашады. Қимнің бұрын оянары белгісіз, әйтеуір бірі оянғанда екіншісі де ояу жатқан боп шығады. Шала-шарпы ұйқылы беттері айқаласа кетеді, ыстық сүйіс басталады, екеуі бар дүниені ұмытып, тағы да ләззат тұңғиығына батады. Осы көрініс күн сайын қайталанар еді, бір түнде әлденеше рет қайталанар еді... О тәңрім, он сегізден аспаған қыз бен жиырма беске жетпеген жігіттің арасындағы махаббаттан әсем не бар екен бұл фәниде!

Екеуі күндіз кино көреді, көше аралайды, немесе аранның ұясындай бықынаған көк базарға барады. Там-тұмдап тамақтық ет-мет, жеміс-жиде сатып алып қайтады. Кейде үлкен магазиндерге кіріп, Айгүлге киім қарайтын. Әдетте іздейтіні арзанқолды нәрселер. Бірақ не кисе де Айгүлдің бойына қона кететін-ді. Оның үстінде жөндем киімдердің өзі әдемі көрінетін.

Көбіне, әлі пісіп жетпеген алма бағын басып, қол ұстаса, мәз бола күлген беттері тастан тасқа секіріп, ақ көбіктене, арқырай ағып жатқан, суы мұздай, бірақ таяз, кішкене өзенді кешіп өтіп, тау етегіне шығып кетеді. Теріскей, қалаға қараған өңірлері құлама, тік, күнгей беттеріне шаршылап шырша шыбығын еккен тоқал төбелер көне замандарда құрып біткен мұнарасы биік, қорғанды қалалардың үстіне үйілген топырақ қорым тәрізді. Машина үні де, адам даусы да естілмейді. Таяу төңіректе ошақ еткен жан жоқ. Саф тыныштық. Екеуі жел лебі тимейтін қалқалы, шөбі жұмсақ, көзден таса жер тауып жайғасады да тор қалтадан өздерімен бірге ала келген асын шығарады. Әдетте, бұлары төрт-бес тілім қара нан, екі-үш жұмыртқа, шөлмекке құйылған салқын шай болатын. Рахаттана отырып, бар тәбеттерімен тамақтанып алған соң шешініп, күнге қыздырына құшақтасқан беттері қимылсыз жататын.

Өстіп манаурап жатқан бір күні Айгүл кенет шошына дыбыстап атып тұрды да, жалма-жан көйлегін кие бастады. Бексейіт жылан шақты ма деп сескеніп қалған еді, Айгүл басын шайқап, иегімен көрші төбені нұсқады.

Бұл — ескі қазақ зираты екен. Үстірт көзге байқалмайды. Шөп басып, шеңгел бүркеген. Қабырлардың біразы

жерге айналған, болар-болмас төмпешік; енді біршамасы түсіп кетіпті, үнірейген қуыстан топырақ жеп, жаңбыр жуып, күнге күйіп әбден шіріген беттақтайлардың жұқаналары көрінеді. Көпшілігінің басына ай орнатылған, олардың дені құлап қапты. Бексейіт күміспен қақталып әсем өрнектелген айы бар, үстін қалың шөп жауып кеткен бір көне қабырдың басында ұзақ тұрды. Құлпытасындағы арабша жазуды оқымақ болған. Бірақ жазу қадымша екен, оның үстіне түгелге жуық өшкен; «Бисмилла ир-рахман, ир-рахим...» дегеннен басқа ештеңесін де ажырата алмады.

— Тамаша зират,— деді анадай жерде состиып тұрған Айгүлдің қасына қайтып келген соң.— Нағыз тарихшыға арналған жер екен. Өлгенде мені осында қойғыз.

— Кетейік,— деді салқын жел лебінен тітіркенген Айгүл.

Бірақ оны құшақтай алған Бексейіт орнынан қозғалмады.

— Тамаша,— деді кеудесін кере дем алып.— Бейітті айтпаймын, ұмытайық оны, мына көріністі айтам.

Шынында, бұл төбеден қала жақ атырап тегіс алақандағыдай көрінеді екен. Дәл табан астында ирек-ирек жіптіктей көкала жолақ Весновка өзені ағып жатыр,— Бексейіт қанша ойланғанмен оның ескі атын жадына түсіре алмады,— екі өңірі алма бағы, сонау етектен басталып, жыпырлаған қойтасқа толы арнаны өрлей келе шатқалды қолатқа еніп кетеді. Бақтың арғы жақ жиегінде шоқ тоғай көгереді, биік теректердің тасасынан әр жерден селдіреп кішкене, жалғыз қабат үйлердің шатыры көзге шалынады,— бір кезде бұл арада қазақтың көне шаһарларының бірі Алмалық боптьі, қазір одан жұқана да қалмаған,— өздері тұрған «Горный гигант». Терістік қиырда бергі беті ойпаң, тұлдырсыз сары жазық сағымданады, ал қазаншұқырдың түбінде төбесін көкшілтім тұман басқан Алматы жатыр. Опера театры, бас почтамт тәрізді бірлі-жарым еңселі ғимараттар ғана ағараңдайды, әйтпесе қала тұрған жер — орта тұсы қатар-қатар сәнмен егілген, ал шет жағы мүлде бітік өскен қалың тоғай тәрізді.

— Қандай әдемі,— деді Айгүл де.

— Ғаламат!—деді Бексейіт Айгүлді алақанымен иығынан оқыс салып қалып.— Сұмдық! Төменде әсем қала, жоғарыда заңғар тау, қақ ортасында, шырышы бұзылмаған табиғат аясында көне зират. Мұндай тамаша жерге көмілу үшін осы қазір жарық дүниемен қоштасуға әзірмін. Шын

айтам... Қара қыз, өлгенде мені қайтсең де осы араға жерле. «Өлгенде мені көміңдер — Қорғанға биік жерімде...»

— Қойшы,— деді денесі түршіккен Айгүл.— Қайдағыны айтасың... Кетейікші... Аруақтардың мазасын алмайық... Жүр, аулақ кетейікші!

Сайларына итмұрын, долана, жабайы алма сынси өскен, бойында тобықтай тас жоқ, піл сауырлы жасыл төбелер бірінен бірі аумайды. Мінгесе-ұшқаса Алатауға қарай созылып жатқаны. Біріне шықсаң, ар жағында еңіске қарай сәл құлдап барып одан гөрі биігірек төбеге көтерілу керек, оның ар жағында алдыңғы екеуінен де еңселі белес бар. Осылай кете береді. Бірде Айгүлдің қарлы алқапқа дейін жеткісі келді. Бексейітті еркіне қоймады. Алайда, қанша жүргенімен, тәкаппар Алатаудың ақ қары бір сүйем де жақындамады. Кейде күнге шағылыса жарқырап, кейде көкшілтім тарта мұнартып, заңғарда тұрып алды. Ақыры, шыршалы белдеуге ілінген кезде Бексейіттің әбден төзімі таусылды. Күйеуінің райын аңғарған Айгүл де енді қарсы болған жоқ. Екеуі кері бұрылды. Алайда біраз төмен құлдаған соң Айгүл әлі құрып, бүкшиіп отырып қалды.

Бексейіт Айгүлдің жүкті болғанын аңдамаған еді.

Қосылғаннан бергі үш айға жуық уақыт ішінде екеуі тұңғыш рет ренжісті. Тілдері ауыздарына сыймай шөлдеп, шаршап-шалдығып қас қарая үйлеріне әрең жетті.

* * *

Ертеңіне тиын-тебендерін есептесті. Бексейіттің шешесінен қалған алты-жеті тұяқ, жалғыз қараны ақшалап әкелген аз-мұз пұлы сарқылып, екі-үш апта талғажау етерлік қана бірдеңе қалған екен. Ақшаның таусылғанын білген соң көк аспаннан қара жерге қайта оралған, әп-сәтте ақылы сабасына түскен Бексейіт бүкіл жазды түк бітірмей бос өткізгенін аңғарып, санын соқты. Қолма-қол киініп, жетекшісі профессор Махмет Әлихановқа барып, тұнжырап келді де, ертеңіне таң атпай тұрып, портфелін құшақтап, архивке тартты.

Айгүл үшін көңілсіз, бірыңғай сұрғылт күндер басталды. Бексейіт азаннан кетіп, қас қарая әрең оралады. Апыл-құпыл тамағын іше салып, тілдей-тілдей жапырақша қағаздарға жазып әкелген бірдеңелерін өзара салыстырып, қайта көшіріп, біріне-бірін желімдеп, немесе кейбіреулерін екіүшке бөліп, жеке-жеке қаттайды да, кішкене қол шабаданға салып тастайды. «Біреу алып кетпесін, онда бар еңбегім зая болғаны, құрығаным»,— дейді Айгүлге. Іліп алар ештеңе

жоқ, қаңырап тұрған аядай бөлмеде, ескі темір төсек астында жатқан, қиқым қағаз толы жаман қол шабадан кімге керек, бірақ Айгүл шынымен-ақ осыны біреу алып кетер деген оймен ерінің аманатын мүлтіксіз орындайтын; еңкейіп, әдейілеп тұрып, күніне әлденеше рет қарар еді.

Бексейіттің аузынан бөтен сөз шықпайды. Төсекке қисайған беті қор ете түседі. Қатты ұйықтайды. Таң елеңаласында атып тұрып, қайтадан архивіне жөнеледі.

Аспиранттардың стипендиясы — алты жүз сексен сом. Одан алты жүз жиырма бір сом жиырма тиын қолға тиеді. Оның екі жүз елу сомы пәтерақыға төленеді. Қалатыны — үш жүз жетпіс бір сом жиырма тиын. Күн сайын Бексейіттің қалтасына алты-жеті сом салып жіберу керек — түскі тамақ. Отын бар, су бар, басқа толып жатқан шығындар бар. Сонда Айгүлдің қолына таза тиетіні алты жүз сексен деген дөңгелек соманың оннан бірі ғана еді. Таң қаларлық нәрсе. Бексейіт жалдамалы пәтерде емес, жатақханада тұрған, бөлмей-жармай тұтас ұстаған шағында бір өзіне тапшылық көрсететін стипендия енді осыншама жаңқаланып, бөлшектенген кезінде бәріне де жетіп жүрді. Әйтеуір ақша бітті деген сөз Айгүлдің аузынан шығып көрген емес. Таңертең өзінен де ерте тұрып, тамақ істеп қояды. Кешке келгенде сорпа-суы тағы әзір. Күн салқындай көмір де түсіріліп қалыпты, тамызықтық құрғақ ағаш та үюлі тұр. Мұның бәрі қалай кеп жатыр, қайдағы ақшаға кеп жатыр деп Бексейіт сұраған емес, тіпті, ойланған да емес. Ал Айгүл күз бойы колхоз бағында жұртпен бірге алма жинасқанын, реті келген басқа да ұсақ-түйек жұмыстарды істегенін айтқан жоқ. Кейде өзі аш қап, тамағынан жырып беретінін сездірмейтін. Екі-үш рет қалаға барып, тігін шеберханалары, тоқыма фабрикасы жақтан жұмыс іздегені, бірақ ештеңенің сәті түспегені жайлы,— бұл кезде іші білініп қалған және сақарада әлі салтқа айналмаған, шаһарда онсыз өмір сүру мүмкін емес паспорт, прописка сияқты нәрселер Айгүлде атымен жоқ-ты,— мүлде аузын ашпады.

Ал Бексейіттің күйкі тірлік қажеттері жөнінде ойлауға шынында да мұршасы жоқ-ты. Шаңытқан, сарғайған ескі қағаздардың арасына бойлай енген. Әр бетте сан мың адамның тағдыры, неше ондаған жылдардың таңбасы жатыр. Ешкім білмейтін, ешкім естімеген, тіпті, сондай жайыт өмірде болыпты-ау деп тірі пенде секемденбеген құпиялар қаншама мұнда!.. Әр кезде әр түрлі сиямен, әрқилы жандардың қолымен жазылған неше түрлі қағазды тынымсыз ақтарасың, кейде айлар, апталар бойы ештеңе ілінбейді, кейде көңілге алданыш етерлік қана бірдеңелер табасың, бірақ

жер астынан ін қазған көртышқанша тынымсыз еңбектенсең ақыры қажетті қазынаның үстінен түсерің хақ; тек қана бар іздегенің бір жерден шықпайды, осындай көмбенің талайы керек. Шеті, шегі жоқ, таусылмас мол, көп қоқырдың ішінен иненің жасуындай асылдар мен алмастарды тірнектеп жинап, топтай, саралай келе жаңа бір әлем, өз тұстастарыңа мүлде бейтаныс, тіпті, сол ескі заманда өмір сүрген адамдардың өзі білмеген, аңғармаған құпия сырлы жаңа бір дүниенің есігін ашасың. Ғылым соңындағы адамға бұдан артық қуаныш, бұдан артық бақыт жоқ.

Бексейіт өзін мүлде жадылап алған осы құмарлық сезімнің жетегіне біржола берілген еді. Американ империалистерінің жаңа озбырлықтары, Корей халық армиясы мен қытай еріктілерінің белсенді ұрыс қимылдары, қуатты жаңа атом бомбаларының сыналуы, Батыс Германия мен Жапонияның қайта қаруландыруға кіріскені, идеология майданындағы күрестер сияқты, әлемде болып жатқан маңызды оқиғалар жайын былай қойғанда, төңірегіндегі жұрттың өзінің көңіл күйінен мүлде бейхабар. Көрмейді, аңғармайды, көре, біле қалғанның өзінде назар аударып ой тоқтатқан емес. Дәл осы кезде дүниеде өзінің диссертациясынан бөтен ештеңе бар деп ойламайтын халге жеткен. Сондықтан қар еріп, көктем лебі ескен күндердің бірінде әдеттегіден гөрі кешірек қайтқан Бексейіт, алдынан шыққан пәтер иесі әйел Айгүлдің сәбиханаға түскенін, шекесі торсықтай ұл тапқанын айтып сүйінші сұрағанда көзі шарасынан шыға абдырап тұрып қалды.

Аядай шағын бөлменің үшінші тұрғыны — қауғабас қызылшақа нәрестені Бексейіт өзінің жұмысына зиян тигізетін көп кеселдің ең бастысы деп қана қабылдады. Расында да, бала түні бойы жылап шығады. Бір уыс бет аузы тыржиып, бейне біреу етінен ет кесіп алып жатқандай безектей, шырылдай жылайды. Жағы бір сембейді. Тынымсыз дауыстан мазасы кетіп, бастығырылып, шым-шытырық түстер көріп ұйықтайтын Бексейіт қай уақытта көзін ашса да, арқалығы сынған ескі орындықта стол үстіне төне — я бесік-арба, я төсек болмаған себепті кішкене ұл сонда жатқызылатын,— қалғып-шұлғып, баласын әлдилеп отырған Айгүлді көретін. Әйелден жазық жоғын, бар пәле мына бақырауық жұдырықтай сұмда екенін аңдаған соң ашуын тежеп, қайта ұйықтауға тырысады.

Архивтерде, кітапханаларда істелетін жұмыс тәмәмдалған-ды. Жинақталған мол материалды қорытып, саралап, салмақтап, жазу ғана қалған. Бұл үшін ең қолайлы орын — университеттің, немесе академияның оқу залдары емес, қа-

ғазды қалай қобыратсаң да еркін отыратын үй еді. Ал үйде заржақ қызылшақа пәлекет бар. Әйткенмен, көп ұзамай, күн жылына бұл мәселе де шешілді. Ертеңгілік тамақтан соң шешесі баласын апыл-құпыл орап ап, үй іргесіндегі баққа кетеді. Содан түске таман бір-ақ оралады. Әуелде есік-терезеден сығалап, төңіректеп жүреді. Бексейіт жазып жатқан болса үйге кірмей, шыдамсыздана жылай бастаған нәрестеге күбірлеп әлденелер айтып, алдап-сулап уатып, аулада жүреді. Бексейіт жазуын тоқтатқан болса, немесе түскі ас уағы өтіп, тым кешкіріп бара жатса ғана үйге бас сұғады. Әбден сілесі қатып ұйықтаған құндақтағы баланы өздері жататын ескі темір төсекке тастай салып, тамақ қамдауға кіріседі.

Кішкене ұл,— Айгүл оның атын Бексейітке ұйқастырып Сейітжан қойған — өте рәуішсіз болып өсті. Басы репетейсіз үлкен, мойны қылдырықтай, шибұт, қамытаяқ. Не әкесі сияқты қойкөз аққұба емес, не шешесі сияқты қараторы емес. Қоңқақ мұрын, мойыл көз жалпақ сары. «Өзі кімге тартқан!» дейтін Бексейіт еңбектей бастаған мазасыз бала қасына жуып кетсе болды тыжырынып. Саусағының ұшымен ғана өзінен ысырып, ары кет деп ымдайтын. Шаранасынан әлі арылмаған тәрізді, қолына алса болды әдепсіздік көрсетіп, өне бойын былғайтындай. Бірақ Сейітжанның өзі құралпас сәбилерден бар айырмасы әлжуаздығы еді, әйтпесе кәдімгі кішкене нәресте. Кімге тартқанын да Бексейіт жақсы білетін. Жұрттың айтуынша, өзінің әкесі Тұрдыбек қоңқақ мұрын, өткір қара көзді кісі екен. Адамның айтқанына көнбейтін шақар, бірбеткей, аса тентек жан болыпты. Колхоздасу кезінде қолына қару алып, біраз жұртқа ұйтқы боп, жаңа құрылысқа қарсы күресіпті. Жеңілген соң да қолға түспей, атыста өлді деген сөз бар. Бексейіт бұл жағын еміс-еміс қана естіген. Бар білері — жетім өскені. Міне, мына кішкене сәби сол үлкен әкесінен аумай қалған сияқты. Бірақ оны Айгүл білмейтін де, Бексейіт айтпайтын. «Кімге тартқан өзі,— дейтін тізесіне өрлеп бара жатқан нәрестені бетінен қағып.— Бар, шешеңе бар, өзім де шаршап отырмын, мазамды алма!.. Мұндай сүйкімсіз бала көрсемші!»— дейтін содан соң.

Ес білмейтін кішкентай сәби жасқаншақ болып өсіп келе жатты. Қыс түскелі бұрынғыдай далаға шығудан қалған. Аядай үй ішінде еркін еңбектей де алмайды. «Әй, кетші ары!.. Бар, бар, шешеңе бар!.. Неткен сүйкімсіз бала!» «Сейітжан, көкеңнің мазасын алма! Сейітжан, қағазға тиме! Төсек астына не ізденіп барасың! Сейітжан, қозғалмай тыныш отыр!..» Он айында әлі бір тіс шыққан жоқ. Өзі құртақан-

дай. Күрк-күрк жөтеледі де жүреді. Мұрнынан маңқасы арылмайды. Қыс ортасында ыстығы көтеріліп, қатты ауырып тұрғаннан бері екі құлағынан бірдей былақ ағатын болды.

Қыс кішкене Сейітжанға ғана емес, Айгүлге де ауыр тиді. Бексейітпен жаңа қосылған бақытты күндерде дүкендерден алынған, онша пұлды болмаса да өзіне қонымды бір қабат киімі — пальто, костюм, іске татитын көйлектер бірінен соң бірі іркес-тіркес тегісімен комиссия магазині арқылы жаңа ие тапты. Әйтеуір амалдап, бір стипендияны екінші стипендияға іліндіріп, көктемді шығарды.

Жер көгеріп, күн жылына Бексейіт те диссертациясын тәмамдады. Бүкіл жаз стилистикалық жағынан қайта қарап өңдеу, жекелеген деректерді анықтай түсу, машинкаға бастыру тәрізді ұсақ-түйек жұмыстарға кетті. Жетекшісі ұнатты, кафедрадағы профессор, доценттердің басым көпшілігі танысып шыққаннан соң жаңа оқу жылының алғашқы күндерінің бірінде талқыға түсуге тиіс.

Бексейіттің көңіл күйі көтеріңкі еді. Екі жыл бойы,— жиырма жылға татырлық азапты екі жыл,—түнерген қабағы жадырап, жаңа бір кейіпке енді. «Қара қызым ағарғанмен үсті-басы тозып жүдеп кетіпті,— деп Айгүлді қайтақайта құшақтайды.— Уақа емес,— дейді содан соң.— Уақа емес. Дүние шіркін әлі-ақ төңкеріліп аяқтың астына келеді. Тек сол кезде қуаныштан басың айналып жүрмесін. Өзіңді жақсы ұстайтын бол. Профессорлардың әйелдері қалай жүріп тұрады екен, қазірден бастап көріп, үйрене бер. Содан соң сәнмен, талғаммен киін. Профессор Бексейіт Тұрдыбекұлы Атахановтың тапқан ақшасы жалғыз әйелін киіндіруге жететін шығар. А? Қалай ойлайсың? Пәлі, мына Дөңмұрын бар екен ғой... Бұған жеткізу қиын. Мұның бір өзіне он адамның шығыны шығар. Аяқ мынау талтиған, бас мынау қауқиған, мұрын мынау...— Бексейіт ұлының кішкентай қоңқақ мұрнын гудок етіп басады.— Бип, би-бип-п...»— Екеуі де мәз болады.— Кел, Секен, арқама мін, машина болайық...» Бірақ әкесінің мұндай мінезіне үйренбеген бала тартыншақтай береді, еркін ойнамайды. «Е-е...— дейді бір кезде Бексейіт.— Сен ұлда шықылдақ рәзеңке үйректен басқа ойыншық та жоқ екен ғой... Тұра тұр, осы күзде қорғап алғаннан кейін ойыншықты түр-түрімен тау қып үйіп тастаймын. Ең алдымен машина әперем. Ішіне өзің отырып, өзің жүргізесің. Үш-ақ жүз сом. Аспирант әкеңнің айлық стипендиясының тең жарымы, алайда қатырма қағаз келген соң бір айдағы еңбекақының оннан бір-ақ бөлігі болады. Қалай, а? Би-би-ип!»

* * *

Диссертация талқыланатын күні бәрі де азаннан тұрды. Бұлтсыз ашық аспан, жарқыраған күн, хош иісті ауа көңілге жел бітіргендей. Айгүл бірден-ақ ас жабдығына кірісті. Бексейіт кішкентай Секенді көтеріп, үй сыртына, баққа қарай беттеді. Бақты кесіп өтіп, төбеге шықпақ. Биікте тұрып, аяғының астындағы шаһарға көз тастамақ.

Алма бағын қоршаған тал шарбақ бірнеше жерден сөгілген. Шөбі тапталып, жол боп қалыпты. Балалардың ісі. Көз жетер маңдағы ағаштар тұлдырсыз екен. Тек кейбіреулерінің ұшар басында ғана шаңыта қызарған бірді-екілі жемістер көрінеді. Бұл да осы төңіректегі балалардың еңбегінің нәтижесі. Алмасынан айрылған күзгі бақ ауыл көшіп, иен қалған қоныс тәрізді. Жел лебімен суылдаған, нәрі қашқан бозғыл жапырақтар, сарғайып, қайта бастаған шөп бұл көріністі күшейте түскендей.

— Тоқта-а, көдә пайдөш!?

Жер астынан шыққандай, мойнынан қосауыз мылтығының ұшы қылтиған, қолына ұзын қамшы ұстаған, орта жастардағы қара мұрт, шоқша сақалды атты қазақ пайда бола қалды.

— Көдә пайдөш?— Даусы ызғарлы.

— Тауға шығып қайтайық деп...

— Нелзә! Алма украт будеш!

— Сіз өзіңіз...— Ыза болған Бексейіттің аузына сөз түспеді.— Сіз өзіңіз қалай сөйлейсіз... Ұрлық жасайтын бізді кім деп тұрсыз?

— Сенің кім екенің маған әдин шорт. Алма піскен кезде бақтың ішінде жүруге болмайды.

— Әкіреңдемей, өстіп адамша ұғындырып айтпаймысыз,— деді Бексейіт кері бұрылуға айналып.

— Ұғынбасаң қой. Бұл — қалқоздың дүниесі, қоғам мүлкі. Мен басыммен жауап берем. Әлдекімдердің таң атпай келіп, гөлэйт етіп, алма ұрлауына жол жоқ!

— Сіз кішкене сыпайырақ...

— Куатит!— Күзетші ақырып жіберді.— Жоғалт көзіңді! Әйтпесе ат баурына сап, қамшының астына алып, ұры деп біргәдірге айдап апарам. Кет тез! Дамой иди! К шорту иди!..

— Тез қайттыңдар ғой,— деді Айгүл манағы шалқыған көңілі басылып қалған Бексейіт кішкентай Сейітжанды мойнына көтерген беті құныса үйге кіргенде.

— Бір ит қазақ кездесіп...

— Атты кісі ме? Күзетші ғой...

— Сұм екен,— деді Бексейіт.— Жібермей қойды.

— Енді, күзетші болған соң... Міндеті емес пе? Сол үшін ақша алады.

— Ақша алғаны жөн,— деді Бексейіт.— Бала-шағасын асырасын. Бірақ бақтың маңына жуып кеткен адамды иә-наттау керек деп ешкім міндеттемеген шығар.

— Қатты айтпаса жұрт тыңдай ма. Мүмкін солай сөйлес деп тапсырып қойған шығар...

— Мейлі... Бағы да, күзетшісі де, басқасы да құрысын... Әкел тамағыңды.

— Асықпа, үлгересің. Сағат он екіде ме еді?

— Иә... Өй, мынауың тағы да макарон ғой!— Бексейіт алдына келген табақтан үріккендей, тіксіне қарады.— Су татыған бұл шіркінді түнде жемеп пе едік?

— Үйде басқа ештеңе жоқ,— деді жасып қалған Айгүл.— Ақша таусылғалы үш күн.

— Солай ма...— Бексейіт амалсыздан қолына шанышқысын алып, шұқылап жей бастады.— Ертең он бірі — стипендия. Ең соңғы стипендия.

Екеуі де үнсіз тамақ ішіп отыр. Тек алдына кішкене дәлеңкеге салып берген өз үлесін шашып-төгіп жеп отырған, бет-аузы сатал-сатал болған Сейітжанның ғана пысылдаған дыбысы шығады. Кенет түшкіріп жіберді.

— Ақпыш шәрәкім алда!— деді Айгүл.— Көкесі қорғайды екен.

Бексейіт мырс ете түсті.

— Бүгін анада өзің көшеден көрген жолдас жігіттердің бір екеуін ертіп кеп мейрамдаймыз ба деп ойлап ем... Диссертацияның қорғауға ұсынылғанын жуып. Қалмайды олар. Үйіңді көрсетпедің деп көптен өкпелі...

Бексейіттің соңынан екі-үш жігітің ере келетініне Айгүл де күманданбаған. Бірақ жалғыз өзі қайтты. Анадайдан көргенде-ақ есік алдында манадан бері күтіп жүрген Айгүлдің жүрегі зырқ ете түсті. Әлдебір жамандықты сезгендей. Бексейіттің көзі бозарып, шүңірейіп кеткен екен. Үрты суалған. Бет-аузы бір-ақ уыс. Қап-қара боп түтіккен, өрт сөндіргендей. Басын төмен салған, иығы қушиған күйі Айгүлге қарамастан ішке кірді де, төсекке құлай кетті. Ештеңе сұрауға батпаған Айгүл,— сұрамаса да түсінікті,— шоқиып қасына кеп отырды. Ала көлеңке бөлмені меңіреу тыныштық кернеді. Бір сұмдықтың келгенін аңғарған кішкентай Сейітжан да көзі бақырайып, шешесіне тығыла түскен беті дымын шығармай бүрсие қалды. Бір сағат өтті, екі сағат өтті. Бөлме іші қап-қараңғы болды. Үшеуі де осы үйдің есігін бақытсыздық аттаған сәттегі кейіптерінде, тыпыр етпей ме-

ңірейіп қалған. Кенет бақ жақтан, үйдің дәл іргесінен тарс етіп мылтық атылды. Қорыққанынан ғана қыбырсыз отырған Сейітжан шар ете түсті. Баланың жылаған даусы ақылесін кіргізгендей болған Айгүл орнынан тұрып, шам жақты. Сейітжан қоя қойды. Бірақ өксігі басылмады. Шешесінің мойнынан құшақтап алған, айрылмайды. Айгүл баланы көтерген беті күйбеңдеп жүріп дастархан жайды. Тамақ жасады.

— Көкесі, ау, көкесі,— деді содан соң төсекке жақындап кеп. Бексейіттің қалың, бұйра шашын саусақтарымен салалай сипады.— Тамағыңды ішсеңші... Таңертеңнен бері нәр сызған жоқсың, ауруға шалдығасың ғой...

Бексейіт шалқасынан аударылып түсіп, көзін ашты.

— Суға піскен макарон ба, жылымшы татыған бидай ботқа ма?..— деді мырс етіп.— Әлде шикі картошка ма?

— Ет...

— Ол қайдан шықты?

— Жолдас жігіттер еріп келеді деген соң... көршіден қарыз алып...

— Қайырымды көрші екен...— Бексейіт аяғын салбыратып төсектен түсірді де, басын көтеріп отырды. Мыж-тыж. Өңі боп-боз.— Қайырымды көрші екен,— деді содан соң алғашқы сөзін мағнасыз қайталап.— Адам адамға дос, жолдас, бауыр.— Көзі қарсы қабырғаға қадалып қалған.— Қайырымды көрші екен... Сол қайырымды апайың қарызға тағы бірер мың сом бермес пе екен?

— Ертең стипендия алмаймыз ба?

— Стипендия жетпейді... Мен Москваға жүрем.— Орнынан сылбыр көтеріліп, қолын жумастан дастарханға кеп отырды.— Менің жетекшім профессор Махмет Әлиханов өзінің гимназияда бірге оқыған ескі досы профессор Андрей Никитинге хат жазып бермек.— Бексейіт стол басында құнысып отырған беті, қолына Айгүл ұстатқан қалайы қасықты қасық па, әлде қасық тектес басқа нәрсе ме, қандай бұйымнан қалай жасалған деп тексергендей, айналдырып қарай берді.— Ол шалдың Мәскеудегі беделі бұл шалдың Алматыдағы беделінен жоғары көрінеді...— Айгүл де қолына қасығын ұстаған күйі аңырып қалған. Тек шешесінің алдында отырған Сейітжан ғана тамақ ішкісі кеп тыпыршиды.— Оның қолынан бәрі де келеді дейді біздің шал.

— Сонда қалай... бүгін...

— Қалайы сол, жұмысымды оқып шығады. Ұнатса болды — өз кафедрасында қорғатады... А-а... Мындағыларды айтамысың... Бүгін қалай болды деймісің?..— Бексейіт тағы да мырс етті.— Көріп тұрсың ғой қалай болғанын...

— Сонда қалай... жарамайды дей ме?

— Жарайды!— деді Бексейіт жұдырығымен столды қойып қап. Ауыр ағаш стол дүңк етті. Ет толы кішкене жайпақ табақ бір жамбастай шоршып барып, қайта түсті. Бөтелке мен стакан соғылысып, шыңғыр етті.— Ау, мынау көкмойын қайдан келген,— деді Бексейіт көзін сығырайтып.— Иә... қайырымды көрші... Әкел бері.— Шөлмектің тығынын ашып, үлкен қырлы стаканға мөлтілдете құйды.— Ішпеймісің?— Айгүл басын шайқады.— Дұрыс. Ішпей-ақ қой. Мен де ішпеймін. Бірақ бүгін ішем. Тойып ішем. Ал, қайырымды адамдардың денсаулығы үшін!..— Су ішкендей, ашырқанбай сіміре салды. Содан соң қолының ұшымен бір кесек ет алып, мұрнына апарып иіскеді де, табаққа қайта тастады.— Жарайды!— деді тағы да столды қойып қап.— Жарайды! Жарамайды деп ешқайсысы да айтпайды. Тіпті, мақтайды. Мықты дейді мені. Нағыз ғалым дейді. Жұмысы да керемет дейді. Тапқан деректері көп, ашқан жаңалығы мол, соны ойларға толы, батыл жазылған, тағысын тағылар, тағы басқалар... толып жатыр. Бірақ... Бірақ жастықтан, тәжірибесіздіктен кеткен жекелеген кемшіліктер ұшырасады... Өстіп қиялап келіп көптеген мін, толып жатқан айып тақты... Шетінен тізіп санасам, сенің өзің шошып, менің маңымнан безіп кетуің мүмкін... Тек есіңде болсын, соның бәрі достық сын ретінде, маған көмек көрсету мақсатында айтылды.

— Сосын...

— Сосын осы кемшіліктерін түзетсе, әлі де біраз еңбектеніп, жақсарта түссе жұмысты қорғауға жіберуге болады десті.

— Дұрыс қой енді. Түзет, жөнде, жақсарт. Төрт жүз бетті жазып шыққанда бұған да шаманың келеді.

— Е-е, сен не білесің, қара қыз... Қазіргі тұрғанына алып-қосар ештеңем де жоқ. Олардікі құр алдаусырату. Диссертациядағы өзекті пікірлерге қарсы адам мұнда көп. Сондықтан бәрібір қорғатпайды. Бұл соңғы сөзді айтқан мен емес, профессор Әлиханов.

— Сонда ол кісі... қалай...

— Ол кісі жақсы... тамаша адам. Мінезі жұмсақ, аса биязы, мейірбан шал. Сондықтан жұрттың бәрі, ит-құсына дейін басынып кеткен. Оның орнында кафедра меңгерушісі болсам көрер едім... Әй, қайдам, бүгінгі шабуылдарына қарағанда...— Маңдайын столға сүйеп, шашы жалбырап үнсіз аз отырды.— Иә...— Басын қалт көтеріп, шашын кейін серпіп тастады.— Ерлердің заманы өткен. Батыр бір оқтық... Көпке топырақ шашу қиын ғой...— Шөлмекті қайта қолына алды.— Қам жеме, қара қыз, біз өлмейміз.— Қыр-

лы стаканға толтыра құйды.— Профессор Махмет Әлихановтың денсаулығы үшін!— деді орнынан тенселе тұрып. Бел ортасына дейін ішті де сәл тыныс алды. Қанша қалғанын анықтап көргісі келгендей, стаканын шамға тосып, сығырайып қарады. Кенет:— Профессор Бексейіт Атахановтың ғылыми карьерасы үшін!— деп оқыс қарқылдап күлді де, стаканды басына төңкере салып, есікке қарай атып жіберді.— Осы үйдегі бар бақытсыздық... осы пәлекетпен кетсін!— Орнынан толқи тұрып, босағаға қарай бір-екі аттады. Стаканның сынбай қалғанына таңырқаған сияқты. Көтеріп алып, қайтадан жерге ұрғысы келгендей. Алайда қолын бір-ақ сілтеді де орта жолдан қайтты. Тәлтіректеп төсегіне жеткен беті сылқ етіп құлай кетті. Қішкентай Сейітжанды құшақтап, стол басында шошайып отырған Айгүлдің құлағына келесі сәтте-ақ қорылдаған дыбыс естілді.

* * *

Алғашқы хатынан соң екі айдай хабарсыз жоғалды. Ақыры, күздің сабалақ жаңбырлы, «Горный гигант» жазғы әсем көркінен айрылып, көк жалқын батпаққа айналған салқын күндердің бірінде қысқа жазылған хаты келді. Жаңа тақырып алғанын айтыпты, ақша сұратыпты. Айгүл жинастырып жүрген болмашы тиын-тебенін сол күні-ақ телеграфпен жіберді. Осыдан бастап Бексейітке ай сайын қаражат салып тұру әдетіне айналды. Жібергенінің аз екенін, жеткіліксіздігін өзі де біледі, бірақ шара қанша. Бексейіт Мәскеуге жүрерде көршіден алған, көп ұзамай қайтарылуға тиіс мол ақша өз алдына, бірге жұмыс істейтін қыз-келіншектердің талайына қарызданды. «Өлімнен ұят күшті!»— молшылық кезде айтылатын мақал екен, Айгүл жерге кіре қысылғанмен, сұрауға мәжбүр болды. Өзі үшін емес, алыста бейнет шегіп, зарығып жүрген Бексейіт үшін; екі күннің бірінде ауырып қалатын, сәбилік әсем кейіптен айрылған кішкентай Сейітжанның болашағы үшін. Айгүлдің өзінің ашыққаны, тарыққаны, шаршап-шалдыққаны есеп емес. Адамның жаны сірі, адам бәріне де шыдайды. Бұл ғажайып төзім, керемет шыдамға қорек беретін нәрсе — үміт сәулесі. Адам осы азапты күндердің аяқталатынына сенсін, жаңа, жарқын күндер туады деген үміттің, алдамшы болса да, азғана болса да жақсы үміттің сәулесі санасында тұрсын. Сонда ол тозаққа да шыдайды. Үміт үзілсін — ең қажырлы деген адамның өзі и болады, сынады, құрып, бітеді. Айгүл қанша шалдықса да қайыспай, жүнжімей, тағдырға налы-

май, бәріне көнді. Үйткені көп ұзамай жақсы күндер туады деген үмітте еді, үмітті ғана емес, сенімді еді.

Сондықтан көктем шыға Бексейіттен халім жақсы, профессор Никитин өзіне ассистент етіп алды, енді ақша жібермей-ақ қой, жеті-сегіз айда жұмысымды да тәмамдап қалармын деген хат келгенде ештеңеге таңырқамай, әуел бастан осылай болуға тиіс нәрсе ретінде қабылдады.

Диссертация Алматыда қорғалуға тиіс еді. Тақырыбы Советтік Қазақстан тарихына байланысты және бұл мәселемен түбегейлі айналысушы мамандардың дені осында. Әйткенмен Бексейіт көп елбектемей, ұсақ-түйек шаруаларды хат арқылы тындырып, өзі қорғауға бірер апта қалғанда ғана келді.

Ойында жалғыз-ақ нәрсе бар екен: қорғау емес, қорғағаннан соңғы банкетті қалай өткізу.

— Андрей Ивановичтің өзі келеді,— деді сол самолёттен түскен күні түнде тыпыршып ұйықтай алмай жатып.— Білмеймін не істерімді. Қарыз сұрау ұят. Той жасамауға тағы болмайды. Елдің бетіне қалай қараймын. Баяғыда диссертация қорғаған күні жұртты жөндеп сыйлауға да шамасы жетпеген деп өмір бойы күліп өтпей ме...

Айгүл жақында ғана ауылдағы ағасынан хат алған. Жер шалғай, адресті білмей, баяғыдан бері хабарласа алмағандары, аман-саулықтары, тұрмыстарының түзелгені жайлы жаза келіп, мойнында қарындасының еншісі барын, қалаған уақытында ақшалап жіберетінін айтқан екен. Айгүл қарсылық білдірмеген. Ендігі келіп қалатын шағы да болған.

— Ақша табылады,— деді Айгүл күліп.— Ауылдан келеді.

— Удивительно... Қай туысымыз жібереді?

— Менің немере ағайым. Өзің білетін Тілеужан деген кісі.

— Иә... енді туыс көбейеді.— Бексейіт кекете мырс етті.— Жапырламасын... Баяғыдан бері қол ұшын созса қайда жүрген?!— Ызаланғаны сондай, жастықтан басын көтеріп, төсек үстіне түрегеп отырды.— Ешкімге де борыштар болғым келмейді. Естимісің!..

— Өз ақшамыз,— деді көңілі басылып қалған Айгүл.— Баяғыда менің әке-шешемнен азғана мал қалса керек. Сонікі...

— А-а...— Орнына қайта жатты. Бірақ көпке дейін дөнбекшіп, тынши алмады.

Диссертация қорғалар қарсаңдағы түнді Айгүл ұйқысыз өткізді. Неше түрлі қорқынышты ойлар бойын құрсайды. Ғылыми Кеңес мүшелерінің бәрі орындарынан өре түрге-

ліп, Бексейітті тарпа бас салатындай. Сөйлетпейді. Дәлел айтуға, қорғануға мұрша бермейді. Итше талайды. Жүндей түтеді. Рас, қабылетсіз жігіт емес дейді. Бірақ ғылымның маңынан жүргізуге болмайды. Ниеті теріс. Бұл төңіректен аластау керек. Ғалым емес, арамшөп. Қой терісін жамылған қасқыр... Тағы басқа толып жатқан сөздер айтылады. Бекен Мәскеуге кетеді. Айтпақшы, онда болды ғой. Енді қайда барады? Ең жоғарғы жер Москва емес пе... Сонда не істемек?... Жоқ. Кеңес мүшелерінің бәрі бірдей қарсы болмайды. Жартысы ғана қарсы. Қалған жартысы жақтайды. Үлкен талас болады. Бірақ Бекен өзінің пікірлерінің дұрыстығын дәлелдеп шығады. Ол күшті. Ол бәрін де біледі. Ол ештеңеден де қорықпайды. Мұндай алмағайып кезеңде — соғыста болсын, бейбіт өмірде болсын,— жүрек шешеді. Бекеннің кеудесінде ештеңеден шайлықпайтын атан басындай арыстан жүрегі бар. Әйтпесе өстіп жүре алар ма едік... Бірінші ұрыста жеңілді, алайда езіліп, иленіп қалған жоқ. Күресті тоқтатпады, бір жарым жылда жаңа еңбек жазып шықты. Талантты ғой Сейітжанның көкесі. Бірақ талантқа қарай ма жұрт. Қарамайды, қорғамасын деп отырып алады. Түгел емес, әрине, тең жарымы. Екінші жартысы мадақтайды. Қорғауға лайық дейді. Ғылыми атақ берілсін дейді. Әйткенмен, екі жақ кешке дейін дауласа бермейтін көрінеді. Дауысқа салады дейді. Жасырын дауысқа. Баяғыда болыс сайлағандай. Біреу ақ тас салады. Жақтайтындары. Ал қарсылары қара тас салады. Жарамайды дегені. Бұл мысал үшін айтылған сөз ғой. Шындығында тас салмайды, бюллетеньге дұрыс, я теріс деп жазып дауыс беретін көрінеді. Сонымен, Ғылыми Кеңес мүшелері дауыс беріп бітті. Комиссиямен қарайды. Санайды. Әрине, Бекен көпшілік дауыс алады. Айтпақшы, диссертант өту үшін Кеңес мүшелерінің кем дегенде үштен екісі қостап шығуы керек. Ал олардың тең жарымы ғана Бексейітті жақтайды. Сонда қалай болды?... Жоқ, кеңес ашылған бетте Бекен өзінің жұмысының мәнмағынасы, маңызы туралы бажайлап сөйлеп шыққан соң, қарсы топтағы адамдардың біразы райынан қайтады. Бексейіт содан соң да ресми және ресми емес оппоненттеріне жауап беріп екі рет сөйлейді екен. Әрбір сөйлеген сайын мана қарсы болып отырған кісілер, диссертанттың ақылдылығын, білімділігін, таланттылығын, жазған еңбегінің құндылығын аңғарып, бір-екіден бері қарай ауа бермей ме. Онда отырғандар да ақылсыз жандар емес. Ғылымға еңбегі сіңген, талайды көрген дегдарлар ғой. Әйтпесе Кеңеске мүше бола ма. Әрине, Бекенге көпшілігі... ай...яғни үштен екісі дауыс береді. Жиырма төрт кісінің он алтысы. Ал егер бір

дауыс, бір ғана адам жетпей қалса ше? Ақ тастың саны он алты емес, он бес болып шықса... Жоқ, жетпей қалмас. Он алты болар он жеті болар, мүмкін, тіпті, он сегіз боп кетуі де... Әй, кім білсін. Қылыштың жүзінде тұрған аумалы-төкпелі дүние. Бір тастың ары түсуі де мүмкін, бері түсуі де мүмкін... Санап жіберсе он бес... Қайта санайды — он бес!.. Тағы санайды...

Таң бозында ғана көзі ілінді. Түс көрді. Бексейіт екеуі қол ұстасып, көк жотаны өрлеп келеді. Бет алды — Алатау. Жаңа ғана танысқан қыз бен жігіт екен. Жаңа ғана танысқан. Жиырма үштегі жігіт, он жетідегі қыз. Әлі ештеңе айтылмаған. Бірақ бәрі де белгілі. Екеуі де біледі. Іштей біледі. Бірін бірі сүйетінін біледі. Бірінсіз бірі өмір сүре алмайтынын біледі. Тек сыртқа шығарып айтпайды. Қажеті қанша. Түсінікті емес пе. Айтпаған жақсы. Іштей ұғысқан жақсы. Көңілде бәрі сайрап тұр. Әйтпесе Айгүл атын ғана білетін бейтаныс жігітпен оңаша жүрер ме еді. Саусағының ұшынан ұстатар ма еді. Жүрмес еді. Саусағынан ұстатпас еді. Тіпті, маңына жуытпас еді. Ал қазір ше? Бәріне де әзір. Не тілесе де орындауға құштар.

«Мен сенікімін,— дейді Айгүл.— Сенікімін. Өзің ұстап келе жатқан сүйрік саусақ та, саусақтың басындағы кішкене тамырды бүлк-бүлк соқтырып тұрған жұдырықтай жүрек те сенікі. Өзіңнен басқа ешкімге тіктеп қарамаған қаракат көз де сенікі, ешкім шырынын татпаған албыраған ерін де сенікі... Бәрі сенікі. Бәрі сен үшін...» Әрине, дауыстап емес, ішінен айтады. Айғайлап ішінен айтады.

Бексейіт бұл дауысты естиді. Көңілімен естиді.

«Мен де сендікпін,— дейді ол.— Сенен басқа ешкімім жоқ. Сенен басқа жанды сүюім мүмкін емес. Сен сұлусың. Сен ақылдысың. Сен пәксің. Осы уақытқа дейін өмірге талай ару келген шығар, талай дегдар келген шығар, бірақ сен соның бәрінен де нұрлысың, соның бәрінен де кемелсің. Сен ең күнәсіз деген періштенің өзінен тазасың. Сондықтан да мен сені сүйемін. Жан-тәніммен сүйем. Тек... қорқам... Рас па осы? Сенің мендік екенің рас па? Екеуміздің ық түйістіріп, қатар келе жатқанымыз рас па? Айрылып қалмаймын ба сенен? Жігіт көп қой дүниеде. Арыстаны қаншама. Арғымағы қаншама Кетпеймісің соның біріне, мені тастап? Мен сені ұстап тұра алам ба? Мен саған лайықпын ба? Айтшы, кетпеймін деші... Сүйем деші...»

«Сенен артық ешкім жоқ,— дейді Айгүл.— Менің сүйгенім сенсің. Менің тәңірім сенсің. Сенің еркіңдемін мен. Бар тірлігім сенде. Сенсіз өмірім тұл. Сен үшін туғам. Сен үшін бәріне көнуге әзірмін. Ұзақ жолда шаршасаң сүйеніш етер

таяғын болайын. Аптап ыстықта шөлдесең бойына әл құяр бір жұтым кәусарың болайын. Табаныңа тас батырмас жұмсақ көк шөп болайын, басыңнан күн өткізбес ұшпа бұлт болайын. Иенге қонсаң түнгі суықтан қорғар, жалаңдаған ит-құстан сақтар маздаған отың болайын. Әйтеуір сенің бір қажетіңе жарасам, сенің бір қажетіңе жарап барып өлсем арманым жоқ...»

Бексейіт риза. Айгүлдің саусағын қысады. Жеңіл ток соғып өткендей. Өне бойы шымырлап, буын-буыны босап барады. Дүние теңселе шайқалып, жүзіп жүре берді. Тағы да, тағы да... Қолы неткен қызулы еді. Өртеп барады, балқытып барады. Өртей бер... Балқыта бер... Жанып өлейін... Осы арада күлге айналайын... Бексейіт тоқтай қалды. Айгүл сонда ғана аңғарды: екеуі Алатаудың басына шығыпты. Ұшар басына. Аяқ асты аппақ қар. Сықыр-сықыр етеді. Жұмсақ. Жып-жылы. Төменде манаурай керіліп Алматы жатыр. Ағаштары, үйлері, көшелері, тіпті зулай аққан автобус, трамвай, қыбырлаған адамдарына дейін анық көрінеді. Аспанда күн. Бір емес екі күн. Қақ төбеде қатар тұр. Сөйтсе, мұның бірі ай екен. Ай өз сәулесін күннен алады деуші еді, рас екен, күн жақ қапталы жарық та, қарсы беті алакөленке. Көк жүзі жыпырлаған жұлдыз. Бексейіт екеуін құттықтағандай. «Қадамдарың қайырлы болсын,— дейді.— Қосақтарыңмен қоса ағарыңдар. Осы қалтқысыз сүйіскен күйлеріңде, осы бақытты күйлеріңде жүз жасаңдар, мың жасаңдар, мәңгі жасаңдар. Өмір өшсе де махаббаттарың өшпесін, ұрпақтан ұрпаққа жыр боп кетсін, аңыз боп кетсін, әумин!» Жымың қағады. Жалт-жұлт етіп, секіріп билейді.

— Біздің не үшін келгенімізді білемісің?— Бексейіттің даусы күмбірлеп шығады. Тау-тас жаңғырығады: «...Не үшін келгенімізді білемісің?»

— Әр адамның өз маңдайына жазылған жұлдызы болады,— дейді Бексейіт сөзін жалғап. «Маңдайына жазылған жұлдызы болады»,— дейді тау-тас та күңіреніп.— Сол жұлдызымызды көруге келдік. Сол жұлдыздарды қосуға келдік. Сенікі қайсысы еді? «...Сенікі қайсысы еді?»— дейді жаңғырық та ызғарлы үнмен.

— Менің жұлдызым — Темірқазық! «...Темірқазық!» дейді жаңғырық.

— Темірқазықты ғылым тілінде поляр жұлдызы деп атайды. Жаман шырағдан. Қақиып бір орнында тұрады да қояды. Басқа өнері жоқ. Аспан толы жанған шам. Тәуірірек біреуін таңдап ал.— Неге екені белгісіз, тау-тас жаңғырықпайды.

— Темірқазық адасқан жолаушыға жол сілтейді. Менің ең жақсы көретін жұлдызым сол.

— Қазір — жиырмасыншы ғасыр. Ғылым мен техниканың заманы. Темірқазықтың түкке керегі жоқ. Жолдан жаңылыстырмайтын құбыланама бар. Басқа жұлдыз таңда... Ойлан!

Айгүл қарсы дәлел айта алмай қалады. Сәл ойланады.

— Темірқазық!— дейді ақыры қайыспастан.—Менің мандайыма жазылған жұлдыз — Темірқазық!

«Темірқазық!— тау-тас күңірене жөнеледі.— Темірқазық! Темірқазық!»

— Мейлің,— дейді Бексейіт. Үнінде зіл бар.— Мейлің. Тек кейін маған өкпелеме. Менің жұлдызым — Алтынқазық!

Айгүл жаңа байқады, Темірқазықтың сол жағында, биігіректе сап-сары, жарқырай толықсыған алып жұлдыз тұр екен. Қіші-гірім күндей бар.

— Алтынқазық!— дейді Бексейіт жаңғырық үні шықпаған соң өзін-өзі қайталап.— Алтынқазық!

Сол сәтте үлкен жұлдыз дірілдеп, сәл шайқалақтайды да, ілулі шегесінен үзіліп кеткендей артына түтінді, қызылды-жасылды жарық із қалдырып, төмен қарай аға жөнеледі. Құлдыраған сайын көлемі кеми береді. Ең ақырында жай жұлдыздай кіп-кішкене болып, жерге жақындай бере мүлде сөнді. Осының бәрі әп-сәтте болған еді. Айгүл жалт қараса, Бексейіт құбылаға бет бере, сұлап түсіпті. Кеудесінен жаны шығып кеткен екен.

— Алла!— деді өне бойы түршіккен Айгүл.— Алла!

— Өй, қара қыз!

Айгүл оянып кетті.

— Алладан жәрдем жоқ.— Бексейіт. Тірі. Аман-есен. Тұрып, киінгелі жатыр.

— Ой, қандай жақсы!..

Манадан бергісінің түс боп шыққанына қуанған Айгүл де атып тұрып, Бексейіттің мойнынан құшақтап, шалқалата, төсекке қайта жықты.

— Әдемі түс көрдім...

— Онда неден қорықтың?

— Сен өліп қапсың.

— Уа, пәлі! Тамаша түс екен...

— Рас тамаша түс. Түсінде өлген адам өмірде ұзақ жасайды дейді үлкендер.

— Онда түсінде тірі көрген адамның бәрі өле беретін болды ғой.

— Қойшы енді, ойынға айналдырмай. Түстің келуі әдетте көрушіге емес, жорушыға байланысты дейді. Мандайына

жазылған жұлдызың ағып түсті. Көрдің бе, бәрі керісінше. Яғни, құлағаны жақсы. Сенің бақ жұлдызың жана түседі, жарқырай түседі. Солай емес пе? Тек түрің ызбарлы. Бұрынғыдан өзгеріп кетіпсің. Бұл шын. Қазір мүлде бөтен, басқа адам сияқтысың. Мен қорқам сенен...

— Тағы не көрдің?

— Көп нәрсе көрдім. Екеуміз қыз бен жігіт екеміз. Арамызда әлі ештеңе болмаған, жаңа танысқан кезіміз екен. Алатауға өрлеп барамыз. Мен сені сондай жақсы көрем, сондай жақсы көрем, тіпті...

— Түсінікті. Қаншалық жақсы көретініңді кешке төсекке кеп жатқан соң дәлелдерсің. Қазір уақыт жоқ...

Бексейіт Айгүлдің өзін құшақтаған қолдарын жазып, орнынан тұрып, киіне бастады. Айгүл де еріксіз көтерілді.

— Қайда барасың, әлі ерте емес пе?

Бексейіт үнсіз. Галстугін байлап жатыр.

— Тамақ ішіп кетпеймісің?

— Асхана бар ғой.

— Не істейім? Бірге барам ба?

— Мен Дон-Қихот емеспін де,— пиджагімнің артын шөткелеп жіберші,— сен Санчо Панса емессің ғой үнемі қосақталып жүретін. Мұңлы бейне серісінің өзі... Осылай... Әйел деген күйеуінің бар дүниесін әзірлеп қою керек қой. Тазалағам деймісің? Мынау — үй емес, үңгір. Көрмеймісің түннен бері шаң қонып қалғанын... Иә, сол Ламанчалық серінің өзі қасына Дульсинеясын ертіп жүрмеген. Бірақ қазір жаңа заман, жаңа низам... Қызық көргің келсе соңыра қорғауға қатыс. Әйтпесе, бос әуреге түспей банкетке бір-ақ барғаның жөн... Жарайды... Рахмет.

— Ал, бар енді, ата-бабаң аруағы жар болсын.

— Айттым ғой, алладан да, аруақтан да ешқандай жәрдем жоқ.

— Қой, көкесі, асылық сөз айтпа.

Бексейіт қарқылдап күлді.

— Қара да тұр. Зырқырап өтпесем не дейсің! Бірауыздан...

— Айтқаның келсін. Тек астам сөйлеме. Баяғыда да...

— Ол кезде жағдай басқаша болатын. Бажайлап айтып, басыңды ауыртпай-ақ қояйын... Оның үстіне қазір мен...— Бексейіт мырс етті,— қазір мен мінезім жақсы болса-ақ жұрттың бәріне жағам, жазғаным жақсы болса-ақ мақсатыма жетем деп ойлайтын, әлі ұядан шықпаған соқыр күшік тәрізді ақымақ аспирант емеспін. Содан соң, профессор Никитин — алпысқа келсе де баланқылықтан арылмаған, көп нәрсені түсінбеген күйінде көз жұмған Әлиханов емес. Біре-

уі қарсы бас көтеріп көрсін... Туфлиімді тағы бір сүртіп жіберші. Шешпеймін, осы тұрған қалпында. Қара да тұр, зырқырап өтпесем не дейсің...— Мынау — қоңыз ба, құмырсқа ма?.. Тауық қора сияқты, еденінде бақа-шаян өрген осындай сасық үйшікте қалай тұрып жүргенсің... Бала емханада жатыр дейсің, ауырмай қайтсін ол, тіпті, үлкен кісінің өзі шыдай алар емес... тіфу, гад...— Біреуі бас көтеріп байқасыншы, мына қоңыз сияқты иманын да айта алмай мүрдем кетсін. Қорғаушыға қарсы болу — жетекшіге қарсы болу деген сөз. Қарсы боп көрсін... Көмусіз қалар! Шауып өтем, бірауыздан өтем...

Шынында, бірауыздан болмағанымен,— жақтаушы — жиырма бір, қарсы — үшеу,— Бексейіт жарып өтті. Үлкен ғылыми проблеманы шешкен жиырма жеті жасар диссертанттың атына, осындай тамаша оқымысты тәрбиелеп шығарған профессор Никитиннің атына көптеген мадақ сөздер айтылды. Басқалардан гөрі көбірек белсенділік көрсеткен — осыдан екі жыл бұрын жас аспирантты додаға салған кафедра мүшелері еді.

* * *

Үйге жетпей, банкеттен қайтар жолда-ақ Бексейіт Айгүлге қатты ренжіді. Алақаның ескі көн тулақтай, қолыңды алып құттықтаған елден ұялдым деді. Колхоздан тері-терсек әкелген арбаның үстінен жаңа түскендейсің, үстіңдегі киімің нашар, әрі олпы-солпы деді. Түндіктің желбауы сияқты, шашты өріп, салбыратып қоя берген — ескіліктің қалдығы, шаһарда қаншама уақыт тұрасың, осыны түсінетін уақыт жетті ғой деді. Пышақты оң қолға, шанышқыны сол қолға ұстау керек еді, балықты алай жеу керек еді, құс етін былай жеу керек еді, сен бәрін былықтырдың деді... Басқа да толып жатқан үлкенді-кішілі міндер тақты.

Күн ұзаққа тоқыма станогінде жұмыс істейді, үйге келсе ағаш жару, көмір тасу, от жағу, су әкелу, тамақ пісіру, кір жуу сияқты толып жатқан жұмыстары бар, таңның атысынан күннің батысына дейін бейнеттен басқа көрері жоқ — алақаның мүйізденіп, сір боп кеткені рас еді. Әуелде қайтсем күн көріске жеткізем деп, кейін қайтсем алыстағы күйеуіме көбірек жіберем деп қолына түскен азғана тиынтебенін бір күнде он санаумен, әйел затының өміріндегі ең қызық, ең балғын кезең — он жетіден жиырма бірге дейінгі төрт жылын арпалыста өткізді — үстіндегі киімінің құбатөбелдігі де, зиялы семьяда өскен, қалада тәрбие алған тұстастарынан мәдениетінің кемдігі, оларша жүріп-тұра

алмайтыны да рас еді. Бексейіттің айтқанының бәрі жөн,— Айгүлдің өзі де үнсіз мойындады,— бірақ мұның бәрі табиғат адамға туа беретін қасиет емес, адамның өзі заманына, өскен ортасына, тұрмыс-жағдайына сай, жүре келе меңгерер әдет-салттар-тын. Бұл жағын ескермеген,— немесе ескергісі келмеген,— Бексейіт Айгүлдің бойынан басқа да толып жатқан олқылықтар таба алар еді. Сондықтан күйеуі университетке орналасысымен Айгүл жұмысынан шығып, кешкі мектепке оқуға әзірленді. Киіну, жүріс-тұрыс, бой күту сияқты, әйел қауымы үшін ең қажетті жайларға ынта қоя бастады. Үстінің олпы-солпылығы тез түзелді; пышақты қалай, шанышқыны қалай ұстау, құс етін қайтіп, балықты қайтіп жеу жайы да үйренуі оңай нәрсе екен. Қиынға түскені — басқасы еді. Әйелдік намысына қатты тиген, көнтері қол жөніндегі сөзден соң Айгүл оңашада өзі өз болғалы тұңғыш рет он екі мүшесіне тегіс бажайлап қараған. Арып-аршып, жүдеп кеткен екен. Көңіл толмайтын басқа да жайлар жеткілікті боп шықты. Көмекке толып жатқан залдар келді: шаш ең соңғы модамен қиылды, қол жұмсарып, тырнақ боялды; жоғары сапалы духилер, опа-далап... Бірақ Айгүл мұның бәрін жеткіліксіз деп тапты. Енді әйелдердің еркектерден құпия, құдіретті қаруы, әлі көпшілік назарына ілініп, жұртшылыққа жария болмаған, бірақ жете дамыған көне ғылым — косметиканы меңгеруге кірісті. Алайда Бексейіт мұның ешқайсысын да аңғармады: көрді — мән берген жоқ, қостады — сүйсінген жоқ. Бұл кезде бұғағы шығып, қозы қарын байланған жас доцент өзінің шәкірті — тарих факультетінде сырттан оқитын студентка, осының алдында ғана мансабы жоғары қызметкер, орта жастан асқан топас, надан күйеуінен айрылысып, жиһаз, мүлік толы үш бөлмелі сәнді үйде жалғыз өзі қалған жиырма төрт жасар айдынды сұлу Гүлжиһанмен танысқан еді.

Лекциясы болса да, болмаса да таңертең ерте тұрып, үлкен сары портфелін сүйрете жөнеледі — докторлық диссертацияға кірісіпті. Үйден тамақ ішуді мүлде қойды — асхана, ресторандар бар. Бірте-бірте тым кеш келуді, барабара далада қонып қалуды әдетке айналдырды — жолдас-жораларымен преферанс ойнайтын көрінеді. Ақыры, Алматы жасыл желекке көмілген, адамдардың мейірі тасып, табиғаттың көңілі жадыраған көктем кештерінің бірінде дүкен аралап, азық-түлік сатып алып жүріп, әдеттегіден гөрі бөгеліңкіреп қалған Айгүл қаланың қақ ортасында, «ТЮЗ» кинотеатрының алдында, бөксесі толық, кеудесі тырсылдаған, шымыр денелі, орта бойлы аққұба келіншекпен қолтықтасып бара жатқан Бексейітті көрді.

Үйде түнемеген күні,-- қазір бұлар бұрынғыдан тәуірлеу екі бөлмелік пәтер жалдаған,— ертеңіне кешке әрең оралатын. Бірақ ол әдетін бұзып, таң ата келді. Айгүл Бексейіттің жазу столына таяна, мелшиіп отыр екен. Өңі боп-боз.

— Ұйықтамағанбысың,— деді өзінен-өзі ыңғайсызданған Бексейіт.— Таң атты, шамды да сөндірмепсің... Несіне күттің.— Айгүл үндемеді. Бексейітке қарамады. Дәуітке қадалып қалған.— Мен де түнімен ұйықтағам жоқ.

Онысы рас еді. Кинодан шыққан соң алакөлеңке, оңаша көшеде көлденең жолыға кеткен әлдекім Бексейіттің қолтығындағы Гүлжиһанды екінші жақ қарынан ұстай алып тоқтатқан-ды. Қимылы тым дөрекі көрінгенмен, Бексейіт сыпайылық танытып, анадай барып тұрды. Әйткенмен, жігіттің әңгімесі бітер болмады. Не айтып жатқанын кім білсін, әйтеуір тым еркін. Гүлжиһанды қолынан ұстады, иегінен ұстады, тіпті, құшақтап, сүйгісі кеп тұр ма, қалай... Күте-күте төзімі таусылған Бексейіт бұл қорлыққа шыдай алмады. Жалма-жан жетіп барған. Он сегіз-он тоғыздардағы уыз жас бала екен.

— Осы ма?— деді Бексейіт қасына келгенде Гүлжиһанға қарап.— Әбден көзін қарауытқан екен. Бұл маубастан гөрі тәуірірек, жөні түзу еркек табылмады ма!

Бексейіт бірдеңе айтуға оқтала беріп еді, бала қолын көтерді.

— Жап аузыңды!

— Эрик, қойсаңшы!— Гүлжиһан шыр ете түсті.

— Саған сөз берілген жоқ,— деді Эрик. Гүлжиһан жым болды.— Ал сен...— Эрик Бексейітке қарады,— ал сен, маубасым, аман-есеңінде табаныңды жалтырат. Гуля қазір менімен кетеді. Осы көрген қызығың бойыңа құт... Бол енді, бар!..

Жәбірлеушісіне қарай ұмтыла берген Бексейіт көзінің оты жарқ ете түскенін ғана біледі. Есін жиса, ағашқа арқасын сүйеп, тротуардың жиегінде, жерде отыр екен. Қасында Гүлжиһан күйбеңдеп жүр.

— Несіне байланыстың сонымен,— дейді. Құшақтап, бет-аузын аймалайды.— Хулиган ол. Көптен соңымнан қалмай жүр. Енді келмейді. Кегім қайтты, хош деп кетті. Сөзінде тұратын жігіт. Мені де жағымнан бір тартты, сабақа!..

Бексейіт бұл сөздердің бірін естіп, бірін естімейді. Иә, әрине, бұзық. Әйтпесе көшеде өз бетімен бара жатқан бейсауат қыз бен жігітке тиісе ме.

Бірақ үйге — Гүлжиһанның үш бөлмелі әсем пәтеріне келіп, душқа түсіп, жуынып, біраз ес жиған соң жаңағы

қақтығыстың мән-мағынасы басқа қырынан көрінді. Қызыл ала түлкідей бұлғаңдап, шай әзірлеп, жік-жапар боп жүрген Гүлжиһанға шұбалана қарады. Алғаш танысқан кезінде ұзынқұлақтан жас келіншектің ерімен айрылысуына көлденең біреулер себеп боптьі, күйеуі, не керек, сырбаз кісі екен, тәйітік әйелдің бар ісіне төзсе де, көзіне шөп салғанына шыдай алмай, өзі кетіпті деп естіген. Бірақ бұл дерексіз лақап сөз күнде көрген көп қызықтың астында қалып, қазір мүлде ұмытылуға айналған-ды. Енді жаңағы оқиғадан соң қайта жаңғырықты. Әйткенмен, мұның бәрі құр долбар ғана еді. Қолма-қол мұздай киініп, өз үйіне кетуді ойлаған Бексейітті құшақтап, креслоға қайта жайғастырған, өліп-өшіп сүйіп, дүниедегі ең ыстық сөздерді айтып, мойнына асылған беті тізесіне отырып алған Гүлжиһан ақыры ашынасының көңіліндегі күманды сейілдірді. Алайда Бексейіт бұрынғы қызуы басылып, Гүлжиһанға көңілі суып қайтқан еді.

— Басым ауырып тұрғаны,— деді Бексейіт сөзін жалғастырып.— Шайың бар ма, әкелші...

Айгүл сүйретіліп орнынан тұрды. Сылбыр қимылмен дастархан жайды.

— Ащы шай болса жарайды, басқа ештеңенің керегі жоқ.

— Портфеліңді қонған үйіңе тастап кетіпсің,— деді Айгүл термосты ашып, шай құйып жатып.— Ал іш... Көзіңнің алдына не болған,— деді сәл бөгеліп барып.— Өстіп жүргенде көшеде біреу өлтіріп кетеді ғой... Кел, шайыңды іш.

— Иә... қоям енді мұны... Карта ойнағанымды айтам... Уһ, қандай жақсы шай.

Айгүл Бексейіттің бетіне тіке қарап, сәл тұрды.

— Кино қалай екен?— Даусы зілсіз. Әрең шықты.

Шайын ұрттай берген Бексейіт сәл аңырып қалды да кенет қолындағы кесесін тарс еткізіп стол үстіне қойды. Қаймақ қатқан қою қызыл күрең шай оңды-солды шайқалып, кесенің екі жақ қапталынан бірдей жерге төгіліп жатыр.

— Мені аңдып жүреді екенсің ғой!

— Аңдығам жоқ. Кездейсоқ көріп қалдым...

Бексейіттің даусы қаншалық қатты шықса, Айгүлдің үні соншалық баяу естілді. Әбден шаршаған, қажыған, өмір сүруден жалыққан жанның әуезі.

— Аңдыдың. Түні бойы баспа қып соңымнан жүрдің!..

Айгүл таласпады. Жазықты адамның қысылып-қымтырылу орнына қарсы шабуылға шығуы соншалық таң еді. Абдырап қалған. Енді Бексейіт әбден ашуға мінді.

— Басқан ізіме дейін аңдып, тексеріп, тергеп отыратын мен сенің қолбалаң емеспін!

— Сен менің күйеуімсің. Бөтен әйелмен...

— Ха-ха-ха-ха!..— Айгүлдің даусын Бексейіттің қарқылдаған күлкісі көміп кетті.— Мен сенің күйеуіңмін... Һім... Прекрасно! Бірақ оған қандай дәлелің бар? А? Айтшы кане? Сені әйел, мені күйеу деп жазған қағаз қайда? «Неке туралы куәлік» деп аталады, естуің бар шығар... Қайда сол куәлік? Көрсетші маған!

Айгүл үндемеді. Сырт айналып, терезенің алдына барып тұрды.

— Әке-шешелеріміздің қолында қандай куәлік болып еді дерсің мүмкін. Біліп қой, олардың некесін молда қиятын... Ал біз ше?

Ұрсыса кетер деп ойлаған. Дауласар деп ойлаған. Сотқа берем дер, алимент даулаймын дер, ар-ұят жайын, адамгершілік жайын ауызға алар деп күткен. Бірақ Айгүл тіл қатпады. Терезеден далаға қараған беті қимылсыз тұра берді. Қарсы айқай шықпаған соң Бексейіт те басылып қалды.

— Қазір сегізде лекциям бар, қайдағыны ойлап тауып, жөндеп шай да ішкізбедің,— деді енді Айгүлді кінәлай сөйлеп.— Бұдан былай төбелеспейтін болсақ қайтеді? Бұған қалай қарайсың? А? Қара қыз?

Айгүл бұл сөздердің ешқайсысын да естіген жоқ. Ол «Неке туралы куәлік» дегеннен соң ештеңе де естімеген еді. Неше жыл іште жүрген бітеу жара ұшыға келе осы арада жарылған. Көкіректегі бар қасірет ащы жасқа айналып, қара көзден тынымсыз сорғалап жатқан.

— Жарайды,— деді Бексейіт кесенің түбінде қалған азғана суық шайды бір-ақ ұрттап ішіп болып.— Лекциядан онсыз да кешіктім. Кетейін енді. Қара көзілдірігімді көрмедің бе?.. Е, қалтамда екен. Таптым..., Жарайды. Соңыра жақсылап сөйлесейік. Сенің қалауыңша бәрін де заңды түрде жасармыз.

Бұл сөздерді Айгүл естіді. Алайда өзінше, басқаша түсінді. Дегенмен, оған енді бәрі бір еді.

Бексейіт лекциядан келсе, үйде Айгүл жоқ екен. Дүкен аралап жүрген болар деген оймен шешініп, төсекке жатты. Әйткенмен, мазасы кетіп, үзік-үзік түс көріп, қайта-қайта оянып, жарытып ұйықтай алмады. Үйде бірдеңе жетпейтін сияқты. Басына күтпеген ой келіп, орнынан атып тұрып, қабырғадағы үстіне ақ перде жабылған кнімілгішті қарады. Өзінің жалғыз плащы ғана тұр екен.

Сылбыр киініп, яслиге барды. Сейітжанды шешесі алып

кетті деді Бексейітті мүлде танымайтын тәрбиеші келіншек. Ауылға, біржола аттанған көрінеді.

«Қазір екеуі вокзалда отырған шығар»,— деп ойлады, ұйқының шалалығынан басы зеңгіп ауырып тұрған Бексейіт.

Арада он бес-жиырма күн өткен соң Бексейіт пен Гүлжиһан жолдас-жора, тамыр-таныстарын түгел шақырып, дүрілдетіп той жасап, бірі ері, бір әйелі аталып заңды түрде некеленіп, қуанышпен қосылды.

* * *

Аса жанның артық көретін құрметті уа ғизатлы жерлесіміз прапесір Атаханов жолдас!

Сіздің хатыңызды алып, туған жерін, ел-жұртын ұмытпаған екен деп қатты қуандық. Біз ортамыздан сіздей ғұлама оқымысты адам шыққанын әрдайым мақтан етеміз. Ауылымыздың барлық оқушы жастары өзіңіздей халқы сүйген азамат болуды армандайды. Сіздің «Қазақ даласында колхоз құрылысының жеңіп шығуы», «Қазақстан алғашқы бесжылдықтар дәуірінде», «Қазақстан тыңы» сияқты кітаптарыңызды жерлестеріңіз жақсы біледі.

Сіз өзіңіздің балаңыз Секен, яғни біздің туған жиеніміз Сейітжан Ниязов жайлы сұраған екенсіз. Сейітжан аманесен, халі жақсы, денсаулықтың арқасында тең құрбымен күліп-ойнап жүріп жатыр. Екі нығына екі кісі мінгендей зор денелі жігіт. Бар арманымыз құлағының аурулығы нәтижесінде екінші кластан соң оқи алмай қалды. Бірақ ешқандай кемшілігі жоқ, ыммен айтқан сөздің бәрін түсінеді. Өзіңіз туып өскен «Жаңа тұрмыс» қалқозы, яғни қазіргі тың көтерген «Новороссийск» сапхозының мандай алды озық трактористері. Осы жақында мақталып, суретімен аудандық газитке де шықты.

Шешесі, яғни біздің қарындасымыз Айгүл қол қысқа боп, кезінде дұрыстап емдете алмадым деп қатты өкінуші еді. Бірақ адамның тағдыры алланың қолында емес пе, мүмкін естіген де шығарсыз, өткен жылы Алматыға апарғанымызда сол дәрігерлер Айгүлдің өзін де жаза алмады. Ырақ мәтке деген аурудан сонда қайтыс болды. Өзінің айтуынша, «Корній гигант» қалқозының желкесінде, таудағы мұсылман зиратына жерледік. Сіз дегенде жанын үзетін еді, мархұм. Қазір біздің үйде тұрған кітаптарыңызды тауып алып жүрген де сол. Қәзит, жорналдарды ақтарып, сіздің атыңызды іздеп отырар еді. Өле-өлгенше қалаша киініп,

қалаша жүріп-тұрды. Сырттан тапсырып, дүние салардан аз бұрын мұғалімдік оқуды да бітіріп алып еді. Қаншама жақсы адамдар сөз айтса да ешқайсысына көңілін берген жоқ. Сонда сізбен қоштаспай кеткеніне өкінетін. Бір көрсем деуші еді. Бірақ әл үстінде жатқанда да сізді шақыртуға батпадық. Сізді сондай жақсы көретін еді. Ашып айтпаса да білетінбіз. Арманда, қыршындай кетті ғой... Топырағы торқа болсын, иенде қалған жалғыз жарығымның!

Ағаңыз Тілеужан.
3 июнь 1970 ж.

Біз ескіше ғана қара танитын, оқымаған надан адамбыз. Үшбу хатымызда білместікпен артық-ауыс айтқан сөздеріміз болса айып етпессіз. Өсе беріңіз. Өрлей беріңіз. Басқа не қалды айтатын. Хош, хош!!

1970
Алматы — Көктөбел.

□